

## Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 маусымдағы N 567 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :  
Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

### Қазақстан Республикасының кодексі

### Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі

Осы Кодекс қазіргі және болашақ ұрпақтың сұранысын қанағаттандыру, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік-экономикалық міндеттерді теңдестіре шешуді, қоршаған ортаны, биологиялық әртүрлілікті және табиғи экологиялық жүйелерді сақтау мен қалпына келтіруді қамтамасыз ететін қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың құқықтық негіздерін белгілейді.

**Ж а л п ы**

**б ө л і м**

**I - б ө л і м .**

**Ж а л п ы**

**е р е ж е л е р**

#### 1-тарау. Негізгі ережелер

##### 1-бап. Осы Кодексте қолданылатын негізгі ұғымдар

1. Осы Кодексте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) ағынды сулар - табиғи немесе жасанды су объектілеріне немесе жергілікті жер бедеріне жіберілетін пайдаланылған немесе ластанған аумақтан келген су;
- 2) биологиялық ресурстар - өсімдік және жануарлар дүниесінің ресурстары, организмдер мен олардың бөліктері, популяциялар немесе өз-өзін жаңғыртуға қабілетті және қоршаған ортаның бөлігі болып табылатын экологиялық жүйелердің кез келген басқа да биотикалық компоненттері;
- 3) генетикалық түрлендірілген организмдер - адам организмін қоспағанда, генетикалық материалдың гендік инженерия әдістерін пайдалану көмегімен алынған жаңа комбинациясы бар кез келген организмдер;
- 4) генетикалық түрлендірілген өнімдер - генетикалық инженерияның пайдаланып табылған өсімдік және (немесе) жануарлар тұрғысынан шыққан өнімдер;
- 5) инерттік қалдықтар - қауіпті қасиеті жоқ қалдықтар;
- 6) коммуналдық қалдықтар - елді мекендерде, оның ішінде адамның өмірі мен қызметі нәтижесінде жиналатын тұтыну қалдықтары, сондай-ақ құрамы жағынан және

жиналу сипаты бойынша осыларға ұқсас өндіріс қалдықтары;

7) қалдықтарды есепке алу - қалдықтардың сандық және сапалық сипаттамалары және олармен жұмыс істеу тәсілдері туралы ақпаратты ұдайы құжаттамалық көрсету ж ү й е с і ;

8) қалдықтарды жою - қалдықтарды көму және жою жөніндегі операциялар;

9) қалдықтарды кәдеге жарату - қалдықтарды қайталама материалдық немесе энергетикалық ресурстар ретінде пайдалану;

10) қалдықтарды көму - қалдықтарды шектеусіз мерзім ішінде қауіпсіз сақтау үшін арнайы белгіленген орындарға орналастыру;

11) қалдықтарды қайта өңдеу - қалдықтардың көлемін немесе қауіпті қасиеттерін азайту үшін олардың сипатын өзгертетін, олармен жұмыс істеуді жеңілдететін немесе оларды кәдеге жаратуды жақсартатын сұрыптауды қоса алғанда, физикалық, жылу, химиялық немесе биологиялық процестер;

12) қалдықтарды залалсыздандыру - механикалық, физикалық-химиялық немесе биологиялық өңдеу жолымен қалдықтардың қауіпті қасиеттерін азайту немесе жою;

13) қалдықтардың қауіптілік паспорты - қалдықтардың шығу көзі бойынша жиналу процестерінің, олардың сандық және сапалық көрсеткіштерінің, мұндай қалдықтармен жұмыс істеу ережелерінің, оларды бақылау әдістері, бұл қалдықтардың қоршаған ортаға, адам денсаулығына және (немесе) тұлғалар мүлкіне зиянды әсер ету түрлерінің стандартталған сипаттамасы, өндірістік қалдықтарды өндірушілер, меншігінде қалдықтар бар өзге де тұлғалар туралы мәліметтер қамтылған құжат;

14) қалдықтар жіктелімі - қалдықтар жіктелімінің нәтижелері бар, қолданбалы сипаттағы ақпараттық-анықтамалық құжат;

15) қалдықтардың түрі - шығу көзіне, қасиеттеріне және жұмыс істеу технологиясына сәйкес жалпы белгілері бар, қалдықтар жіктелімінің негізінде белгіленетін қалдықтар жиынтығы;

16) қалдықтармен жұмыс істеу - қалдықтар жиналуының алдын алу және азайту, есепке алу мен бақылау, сондай-ақ қалдықтарды жинау, кәдеге жарату, залалсыздандыру, тасымалдау, сақтау (қоймада сақтау), көму және жоюды қоса алғанда, қалдықтармен байланысты қызмет түрлері;

17) қауіпті қалдықтар - құрамында қауіпті қасиеттері (уыттылығы, жарылыс қаупі, өрт шығу қаупі, жоғары реакциялық қабілеті) бар зиянды заттар болатын не дербес немесе басқа заттармен байланысқа түскен кезде қоршаған ортаға және адам денсаулығына тікелей немесе әлеуетті қауіп төндіретін қалдықтар;

18) қолайлы қоршаған орта - табиғи объектілерінің жай-күйі экологиялық қауіпсіздікті және халықтың денсаулығын сақтауды, биоәртүрлілікті сақтауды, ластануға жол бермеуді, экологиялық жүйелердің тұрақты жұмыс істеуі, табиғи ресурстарды молықтыруды және тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін орта;

19) қоршаған орта - табиғи объектілердің, өзара қарым-қатынастағы атмосфералық

ауаны, Жердің озон қабатын, жер бетіндегі және жер асты суларды, жерді, жер қойнауын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін, сондай-ақ климатты қоса алғанда  
ж и ы н т ы ғ ы ;

20) қоршаған ортаға келтірілетін залал - қоршаған ортаны ластау немесе табиғи ресурстарды белгіленген нормалардан тыс не экологиялық рұқсатсыз және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен табиғи ресурстарды алуға арналған құқығының берілуінсіз алу;

21) қоршаған ортаға эмиссиялар - ластағыш заттардың шығарындылары мен тастатылуы, қоршаған ортада өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру, зиянды ф и з и к а л ы қ ы қ п а л ;

22) қоршаған ортаға эмиссияларға арналған квота - табиғат пайдаланушыға белгіленген мерзімге берілетін қоршаған ортаға эмиссияларға арналған лимиттің бір б ө л і г і ;

23) қоршаған ортаға эмиссияларға арналған лимиттер - белгіленген мерзімге берілетін қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативтік көлемі;

24) қоршаған орта сапасының нормативтері - қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың қолайлы жай-күйін сипаттайтын көрсеткіштер;

25) қоршаған орта сапасының мақсатты көрсеткіштері - қоршаған ортаның сапасын біртіндеп жақсарту қажеттілігін ескерумен қоршаған ортаның белгіленген уақыт мерзіміне нормаланатын өлшемдердің шекті деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер;

26) қоршаған ортаны қорғау - табиғат пен адамның үйлесімді өзара ықпалдасуына, қоршаған ортаның сапасын жақсартуға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық ш а р а л а р ж ү й е с і ;

27) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган - қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыру мәселелері бойынша басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган, сондай-ақ оның аумақтық бөлімшелері;

28) қоршаған ортаның авариялық ластануы - жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шаруашылық қызметінің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыруы кезінде болған авариядан туындаған және зиянды заттарды атмосфераға шығару және (немесе) суға тастау немесе жер беті учаскесінде, жер қойнауында катты, сұйық немесе газ түріндегі ластаушы заттардың жайылуы немесе иістің, шудың, тербелістің, радиацияның пайда болуы немесе электромагниттік, температуралық әсер, жарықтың әсері немесе рұқсат етілген деңгейден асатын өзге де физикалық, химиялық, биологиялық зиянды әсер ету болып табылатын қоршаған ортаның кенеттен абайсызда ластануы;

29) қоршаған ортаның ластану учаскелері - жер бетінің және су объектілерінің қауіпті химиялық заттармен белгіленген нормативтен артық ластанған шекті учаскелері ;

30) қоршаған ортаны ластау - қоршаған ортаға ластаушы заттардың, радиоактивті

материалдардың, өндіріс және тұтыну қалдықтарының түсуі, сондай-ақ шудың, тербелістердің, магниттік кеңістіктердің және өзге де зиянды физикалық әсерлердің қоршаған ортаға ықпалы;

31) қоршаған ортаның сапасы - қоршаған ортаның құрамы мен қасиеттерінің сипаттамасы;

32) мекен ету орны - жер үлгісі немесе қандай да бір организмнің немесе популяцияның табиғи мекен ету орны;

33) мемлекеттік экологиялық бақылау - экологиялық заңнаманың, қоршаған орта сапасы нормативтерінің және экологиялық талаптардың сақталуын бақылау;

34) өндіріс және тұтыну қалдықтары (қалдықтар) - антропогендік қызмет нәтижесінде жиналған, жиналу орнында одан әрі пайдалануға жатпайтын, иесі құтылатын, құтылғысы келетін немесе құтылуға тиіс кез келген заттар, материалдар және бұйымдар;

35) радиоактивті қалдықтар - шаруашылық қызмет нәтижесінде пайда болған және одан әрі пайдалануға жатпайтын, осы Кодексте регламенттелген мәндерден асатын сандағы және қосындыдағы радиоактивті заттарды қамтитын кез келген агрегаттық жай-күйдегі заттар мен материалдар;

36) сараптама объектісін іске асыру - жоспарлау алдындағы, жобалау алдындағы және жобалық құжаттамада көзделген шешімдерге сәйкес өнеркәсіптік және өзге де объектілерді салу, пайдалану, жою, қызмет көрсету, бұйымдар мен технологиялардың шаруашылық айналымға түсуі жөніндегі жұмыстардың басталуы мен барысы, сондай-ақ заңнамалық актінің күшіне енуі, сараптама объектісінің өзге де нақты пайдаланылуы;

37) су объектілері - құрылық және Жер қойнауы бетіндегі рельефтерде шоғырланған, шекаралары, көлемі мен су режимі бар сулар;

38) сұйық қалдықтар - ағынды суларды қоспағанда, сұйық түрдегі кез келген қалдықтар;

39) табиғат объектілері - шекарасы, көлемі және жасау режимі бар табиғи объектілер;

40) табиғат пайдаланушы - осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен табиғи ресурстарды пайдалануды және (немесе) қоршаған ортаға эмиссияны жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлға;

41) табиғи ресурстар - тұтынушының құндылығы бар табиғи объектілер: су, жер, оның қойнауы, өсімдіктермен жануарлары дүниесін пайдалану;

42) табиғи ресурстарды қорғау - табиғи ресурстардың әрбір түрін тұтынушылық қасиеттерін жоғалтуға әкеп соғатын тиімсіз пайдалану, құрып кету, деградациядан қорғауға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі;

43) табиғи ресурстардың сарқылуы - табиғи ресурстар қорларының сапалық және/немесе сандық сипаттамаларын ішінара немесе толық жоғалту;

44) шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрі - заңды және (немесе) жеке тұлғалардың халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін тікелей немесе жанама шаруашылық және өзге де қызметі, оның нәтижесінде қоршаған орта авариялық ластанады немесе ластануы мүмкін ;

45) шығарылудың, тасталудың үлестік нормативі - өнімнің, қуаттың, көлік немесе өзге де жылжымалы құралдарының бірлігіне шаққанда атмосфераға, су объектілеріне зиянды (ластағыш) заттарды шығарудың, тастаудың барынша массасының нормативі, ол шығарылудың, тасталудың жылжымалы, тұрақты көздері, технологиялық процестер мен жабдықтар экожүйе үшін белгіленеді;

46) экологиялық жүйе - организмдердің және олар мекендейтін жансыз ортаның өзара байланысты біртұтас функционалдық жиынтығы;

47) экологиялық қауіп - антропогендік және табиғи ықпалдар әсерінің, соның ішінде дүлей зілзалаларды қоса алғанда, зілзалалар мен апаттар себептерінен қоршаған ортаның жай-күйі бұзылуының, өзгеруінің болуымен немесе ықтималдығымен сипатталатын және осыған байланысты жеке адам мен қоғамның өмірлік маңызы бар мүдделеріне қауіп төндіретін жағдай;

48) экологиялық қауіпсіздік - жеке адамның, қоғамның өмірлік маңызды мүдделері мен құқықтарын қоршаған ортаға антропогендік және табиғи ықпал ету нәтижесінде туындайтын қатерден қорғалуының жай-күйі;

49) экологиялық қауіпті объект - салынуы мен қызметі адамдардың денсаулығына және қоршаған ортаға зиянды әсерін тигізуі мүмкін немесе зиянды әсерін тигізетін шаруашылық объектісі мен өзге де объект;

50) экологиялық мониторинг - қоршаған ортаның жай-күйі мен оған әсерді жүйелі түрде бақылау мен бағалау;

51) экологиялық нормалау - адамның өмір сүруі мен биологиялық әртүрлілікті сақтау үшін қолайлы ортаны айқындайтын және қамтамасыз ететін ережелердің (нормалардың) және олардағы қоршаған ортаның жай-күйі мен оған ықпал ету дәрежесін бағалаудың сан және сапа көрсеткіштерінің (нормативтерінің) жүйесі;

52) экологиялық рұқсат - экологиялық заңнамада белгіленген шарттарға және талаптарға сәйкес қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыру үшін жеке және заңды тұлғаларға міндетті түрде берілетін құжат;

53) экологиялық сараптама - шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған орта сапасының нормативтері мен экологиялық талаптарға сәйкестігін, осы қызметтің қоршаған ортаға жасауы ықтимал теріс әсерлерінің және оларға байланысты зардаптардың алдын алу мақсатында сараптама объектісінің іске асырылуға қол жеткізілетіндігін белгілеу;

54) экологиялық таза өнім белгісі - таңбаланған өнімнің стандарттарға сәйкестігін растайтын тіркелген белгі;

55) экологиялық талаптар - Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен нормативтік-техникалық құжаттарында қамтылған, қоршаған ортаға және халық денсаулығына теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметтерді шектеу ж ә н е т ы й ы м с а л у ;

56) экологиялық таңбалау - сәйкестігін растаудан өткен өнімге экологиялық таза ө н і м б е л г і с і н б е р у ;

57) экологиялық тәуекел - белгіленген факторлардың әсері салдарынан қоршаған орта және (немесе) қолайсыз табиғи объектілер жай-күйінің өзгеру ықтималдылығы;

58) эмиссиялар нормативтері - қоршаған ортаның сапасы нормативтерінің сақталуы қамтамасыз етілетін рұқсат етілген эмиссиялар көрсеткіштері;

59) эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері - қоршаған ортаға эмиссиясының уақыт бірлігіне немесе шығарылатын өнім бірлігіне немесе еліміздің экономикасына тән шығындар кезінде оларды нақты техникалық құралдармен қамтамасыз ету мүмкіндігі негізінде белгіленетін басқа да көрсеткіштерге қатысты ш а м а л а р .

2. Экологиялық заңнамадағы өзге арнайы түсініктер мен терминдер, осы Кодекстің сәйкес баптарында белгіленетін мәнде қолданылады.

### **2-бап. Осы Кодекс реттейтін қарым-қатынастар**

1. Осы Кодекс Қазақстан Республикасы аумағының шегінде қоршаған ортаны қорғау, қалпына келтіру мен сақтау, табиғи ресурстарды пайдаланумен және қоршаған ортаға ықпал етумен байланысты шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезінде табиғи ресурстарды пайдалану мен молықтыру саласындағы қ а р ы м - қ а т ы н а с т а р д ы р е т т е й д і .

2. Жеке және заңды тұлғалар, мемлекет, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалану саласында реттеуді және басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар осы Кодекс реттейтін қарым-қатынастардың қатысушылары болып табылады.

### **3-бап. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы**

1. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Кодекстен, және осы кодексте ескерілген Қазақстан Республикасының өзге де нормативті құқықтық а к т і л е р д е н т ұ р а д ы .

2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Кодекстің алдында басым болып табылады және халықаралық шартта оны қолдану үшін заң шығару қажет болатын кезден басқа жағдайларда тікелей қолданылады.

3. Осы Кодекс пен қоршаған ортаны қорғау саласындағы қатынастарды реттейтін нормалары бар өзге де заңнамалық акт арасында қайшылық болған жағдайда, осы Кодекстің ережелері қолданылады. Экологиялық құқықтың Қазақстан Республикасының заңнамасында қамтылған және осы Кодекстің нормаларына қайшы келетін нормалары осы Кодекске тиісті өзгерістер енгізілгеннен кейін ғана қолданыла

а л а д ы .

4. Қоршаған орта объектілерін, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау және пайдалану мәселелері осы Кодекспен реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

5. Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қарым-қатынастар осы Кодекспен реттеледі. Көрсетілген қарым-қатынастар осы Кодекспен реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

#### **4-бап. Қазақстан Республикасы тұрақты дамуының экологиялық негіздері**

Қазақстан Республикасының тұрақты дамуының экологиялық негіздері:

1) адамдарға қамқорлық және олардың табиғатпен үйлесімді салауатты өмір сүру құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі мақсаттарға мемлекеттің қол жеткізуі;

2) қоршаған ортаны қорғау және биологиялық әртүрлілікті сақтау;

3) Қазақстан Республикасының өз табиғи ресурстарын өндіруге құқықтарын қамтамасыз ету мен іске асыру және табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету мәселелерінде ұлттық мүдделерін қорғау;

4) қазіргі және болашақ ұрпақтардың сұранысын әділ қанағаттандыру;

5) өндіріс пен тұтынудың тұрақты үлгілерін дамыту;

6) экологиялық нормативтердің өздері қолданатын қоршаған ортаның жай-күйін есепке алғанда, әлеуметтік және экономикалық даму талаптарына сай келуі;

7) әрбір адамның қоршаған ортаға қатысты ақпаратқа қол жеткізу құқығын сақтау және жұртшылықтың қоршаған ортаны қорғау мен тұрақты даму мәселелерін шешуге ж а н - ж а қ т ы қ а т ы с у ы ;

8) қоршаған ортаны қорғау саласында қабылданатын шаралардың ашықтығын қ а м т а м а с ы з е т у ;

9) Жердің экожүйесінің салауатты жай-күйі мен тұтастығын сақтау, қорғау мен қалпына келтіру мақсатындағы жаһандық әріптестік және дамыған елдердің басым ж а у а п т ы л ы ғ ы ;

10) қоршаған ортаға залал келтіргені үшін жауаптылыққа қатысты халықаралық құқықтың дамуына көмектесу ;

11) қоршаған ортаға елеулі залал келтіретін немесе адам денсаулығы үшін зиянды деп есептелетін қызмет пен заттардың кез келген түрлерін басқа мемлекеттерге көшіру мен ауыстыруды тоқтату, алдын алу, сондай-ақ қоршаған ортаға елеулі немесе орны толмайтын залал қатері төнген жағдайларда сақтандыру шараларын қолдану;

12) басқа мемлекеттердің қоршаған ортасы үшін күтілмеген зиянды салдарларға әкеп соқтыруы мүмкін кез келген дүлей зілзала немесе басқа да төтенше жағдайлар туралы осы мемлекеттерді дереу хабардар ету, сондай-ақ одан зардап шеккен мемлекеттерге мүмкіндігінше көмек көрсету болып табылады.

#### **5-бап. Экологиялық заңнаманың принциптері**

## Экологиялық заңнама мынадай:

- 1) Қазақстан Республикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ету;
- 2) экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 3) экологиялық қарым-қатынастарды экожүйелілік көзқарас негізінде реттеу;
- 4) қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеудің міндеттілігі;
- 5) қоршаған ортаны ластаудың және оған кез келген басқа түрде залал келтірудің алдын алу жөнінде ымырасыз іс-шаралардың міндетті түрде болуы;
- 6) экологиялық құқықбұзушылық үшін жауаптылықтың болмай қалмауы;
- 7) қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеу міндеттілігі;
- 8) қоршаған ортаға әсер етудің ақылы болуы мен рұқсат алу тәртібі;
- 9) табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету кезінде неғұрлым экологиялық таза және ресурс үнемдеуші технологияларды қолдану;
- 10) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік органдар қызметінің ықпалдастығы, үйлесімділігі мен ашықтығы;
- 11) табиғат пайдаланушыларды қоршаған ортаны ластаудың алдын алуға және оны азайтуға, қалдықтарды қысқарту мен тарихи ластануды жоюға ынталандыру;
- 12) табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету кезінде ұлттық мүдделерін қамтамасыз ету;
- 13) экологиялық заңнаманың халықаралық құқық принциптерімен және нормаларымен үйлесуі;
- 14) халықтың экологиялық ақпаратқа қол жеткізуін және оның экологиялық проблемаларды шешуге қатысуын қамтамасыз ету;
- 15) жоспарланып отырған шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіптілігі презумпциясы және оны жүзеге асыру туралы шешімдер қабылдаған кезде қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсерін бағалау міндеттілігі;
- 16) халықтың барлық табиғи ресурстарға әділ және тең қолжетімділігі принциптеріне негізделеді.

### **6-бап. Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу мен басқарудың негізгі ережелері**

1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу:
  - 1) экологиялық нормалауды;
  - 2) мемлекеттік экологиялық сараптаманы;
  - 3) экологиялық рұқсаттар беруді;
  - 4) мемлекеттік экологиялық бақылауды;
- 5) қоршаған ортаны қорғауды экономикалық реттеу жүйесін, озық экологиялық таза технологияларды енгізуді ынталандыруды, табиғат қорғау іс-шараларын қаржыландыру жүйесін;



- 6) мемлекеттік экологиялық мониторингіні;
- 7) қоршаған ортаны ластау көздері мен учаскелерін мемлекеттік есепке алуды;
- 8) қоршаған орта мен табиғи ресурстардың бірыңғай мемлекеттік мониторинг жүйесін жүргізуді;

- 9) мемлекеттік экологиялық статистиканы;
- 10) экологиялық білім беру мен тәрбиелеуді қамтиды.

## 2. Табиғат пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару:

- 1) табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік жоспарлауды;
- 2) табиғи ресурстарды қорғауға, пайдалануға және молықтыруға мемлекеттік бақылау жасAUDY;
- 3) табиғи ресурстарды пайдалану құқығын беретін лицензиялар, рұқсаттар беруді және шарттар (келісім-шарттар) жасасуды;
- 4) табиғи ресурстарды қалпына келтіру мен молықтыруды, ресурс үнемдейтін технологияларды енгізуді ұйымдастыруды;
- 5) табиғи ресурстардың кадастрларын жүргізуді;
- 6) табиғи ресурстарды пайдалануға лимиттер белгілеу мен квоталар бөлуді;
- 7) табиғи ресурстарды пайдалануды, қалпына келтіру мен молықтыруды жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдар мен мекемелерді басқаруды;
- 8) табиғи ресурстарды қорғауды ұйымдастыруды қамтиды.

### **7-бап. Қоршаған ортаны қорғау объектілері**

1. Жойылудан, деградациядан, зақымданудан, ластанудан және өзге де зиянды ықпал етуден жер, оның қойнауы, жер бетіндегі және жер асты сулары, атмосфералық ауа, ормандар мен өзге де өсімдіктер, жануарлар дүниесі; тірі организмдердің тектік қоры; табиғи экологиялық жүйелер, климат және Жердің озонды қабаты қорғалуға жатады.

2. Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сондай-ақ табиғи экологиялық жүйелер, табиғи ландшафттар және антропогендік әсерге ұшырамаған табиғи кешендер ерекше қорғалуға жатады.

### **8-бап. Мемлекеттік табиғи-қорық қоры**

1. Мемлекеттік табиғи-қорық қоры - табиғат эталондары, уникалдар және реликттер, генетикалық резерв, ғылыми зерттеулер, ағарту, білім беру, туризм мен рекреация нысанасы ретінде қоршаған ортаны қорғаудың экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше құнды, мемлекеттік қорғауға алынған объектілердің жиынтығы.

2. Мемлекеттік табиғи-қорық қорына Қазақстан Республикасы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жөніндегі заңнамалар арқылы белгіленеді.

3. Мемлекеттік табиғи-қорық қорын қорғау ерекше қорғалатын табиғи аумақтар

құру жолымен, сондай-ақ қоршаған ортаның экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше құнды объектілерін пайдалану ісінде тыйым салу және шектеулер белгілеу арқылы қамтамасыз етіледі.

### **9-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар**

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар - ерекше қорғаудың құқықтық режимі бар не шаруашылық қызметтің мемлекеттік табиғи-қорық қорын сақтау мен қалпына келтіруді қамтамасыз ететін режимімен реттелетін жер, су, орман және жер қойнауы учаскелері.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың түрлері, тәртібі, қорғау және пайдалану режимдері сонымен қатар, олардың қызмет жағдайлары Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңнамасында белгіленеді.

## **2 - т а р а у .**

### **М е н ш і к**

### **қ ұ қ ы ғы .**

### **Табиғи ресурстарды пайдалану құқығы және өзге құқықтар**

#### **10-бап. Табиғи ресурстарды пайдалану құқығы**

1. Табиғи ресурстарға меншік түрі Қазақстан Республикасының Конституциясымен б е л г і л е н е д і .

2. Меншік иесінің өз құқығын жүзеге асыруы басқа тұлғалар мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбауға, қоршаған орта мен азаматтардың денсаулығына нұқсан келтірмеуге тиіс.

3. Меншік иесінің өз құқығын жүзеге асырған кезде қоршаған орта мен азаматтардың денсаулығына нұқсан келтірудің алдын алатын шаралар қабылдауға м і н д е т т і .

4. Табиғи ресурстарға меншік құқығын іске асыру экономикалық дамуды, қолайлы қоршаған орта мен әлеуметтік әл-ауқаттылықты қоса алғанда, қазіргі және болашақ ұрпақтың мүддесі үшін барынша пайданы қамтамасыз етуді мақсат тұтады.

#### **11-бап. Өндіріс пен тұтыну қалдықтарына меншік құқығы**

1. Қызметі нәтижесінде өндіріс пен тұтыну қалдықтары пайда болатын жеке және заңды тұлғалар олардың меншік иелері болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе қалдықтармен жұмыс істеу талаптарын белгілейтін шарттарда өзгеше көзделмесе, қалдықтар пайда болған кезден бастап олармен қауіпсіз жұмыс істеу үшін жауапты болады.

2. Қалдықтарға меншік құқығын басқа тұлға сату-сатып алу, айырбастау, сыйға беру шарты немесе қалдықтарды иеліктен шығару туралы өзге де мәміле негізінде алуы м ү м к і н .

3. Мемлекет мемлекеттік меншік объектілерінде пайда болатын немесе сот шешімі бойынша коммуналдық не мемлекеттік меншікке түскен болып танылса, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген басқа да жағдайларда қалдықтардың меншік иесі болып табылады. Республикалық меншік болып табылатын қалдықтарды басқаруды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге а с ы р а д ы .

4. Қалдықтардың меншік иесі қалдықтарды жинаудың орталықтандырылған жүйесімен немесе қалдықтарды жинау, кәдеге асыру, орналастыру немесе жою жөніндегі операцияларды орындайтын субъектілердің қызметін пайдалануға тиіс не қызметтің осы түрлеріне лицензиясы болуында қалдықтарды орналастыру мен жөніндегі операцияларды дербес жүзеге асыруға міндетті.

### **12-бап. Иесіз қалдықтар**

1. Меншік иесі жоқ немесе меншік иесі белгісіз қалдықтар иесіз қалдықтар болып табылады.

2. Жер учаскелерінде өздеріне тиесілі емес қалдықтар табылған жер учаскелерінің меншік иелері немесе жер пайдаланушылары оларды өз меншігіне алуға құқылы, оларды қолдануға кірісуге не өзге де әрекеттерге, қалдықтарды өз меншігіне айналдыру жөнінде куәландыратын, кірісе алады.

Өзге шаруашылық қалдықтары, егер тұлғаның өтінішімен қаралған соттың үкімімен иесіз қалдық болып танылса, сол жерге ие болған тұлғаның меншігіне енеді.

3. Өзге жағдайларда иесіз қалдықтарды тапқан тұлға, бұл туралы жергілікті атқарушы органға хабарлауға міндетті. Иесіз қалдықтар табылған аймақтардағы жергілікті атқарушы орган (республикалық маңызды қалалар мен астаналар) бір жыл өткен соң бұл қалдықтарды республикалық немесе коммуналды меншік етіп тануы үшін сотқа жүгінуі қажет.

4. Жергілікті атқару органдары иесіз қалдықтармен айналысу жөніндегі және олардың қоршаған ортаға және тұрғындар өміріне кері әсерінің алдын алу іс-шараларын өткізуді ұйымдастырады.

5. Сот шешімі бойынша республикалық меншікке түсті деп танылмаған иесіз қалдықтар оларды қалдырған меншік иесінің иелігіне, пайдалануына және билік етуіне қайта қабылдануы не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес иелік мерзімі бойынша меншікке алуы мүмкін.

6. Заңды тұлғалардың қайта жасау үшін алған иесіз қалдықтары, қалдықтар болып қарастырылмайды.

### **13-бап. Қалдыққа меншік құқығының ауысуы**

1. Қалдықтар орналастырылған жер учаскесінің меншік иесі немесе жер пайдаланушысы өзгерген кезде қалдыққа меншік құқығы туралы мәселе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес шешіледі.

2. Мемлекеттік меншік объектісі жекешелендірілген жағдайда, егер Қазақстан Республикасының жекешелендіру туралы заңнамасына сәйкес осы кәсіпорындарды жекешелендіру шарттарында басқаша көзделмесе, қалдыққа меншік құқығы және адамдардың денсаулығына, жеке немесе заңды тұлғалардың мүлкіне және қоршаған ортаға зиянды өтеу міндеті жана меншік иесіне ауысады.

### **14-бап. Табиғат пайдалану ұғымы мен оның түрлері**

1. Адамның күнделікті өмірде, жеке, заңды тұлғалардың және өзге де ұйымдардың шаруашылық және өзге де қызметінде табиғи ресурстарды пайдалануы және (немесе) қоршаған ортаға әсер етуінің барлық нысаны табиғат пайдалану болып табылады.

2. Табиғат пайдалану жалпы және арнайы болып бөлінеді.

3. Табиғатты жалпы пайдалану тұрақты болып табылады және халықтың өмірлік қажетті сұраныстарын қанағаттандыру үшін шаруашылық пайда көрілмей және табиғи ресурстарды пайдалануға берілмей тегін жүзеге асырылады. Егер ол заңнамалық актілерде тікелей көзделсе, табиғатты жалпы пайдалану шектеулерінің болуы мүмкін.

4. Табиғатты арнайы пайдалану - осы Кодексте және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актісінде белгіленген тәртіпте табиғи ресурстарды ақылы негізде пайдалануды және (немесе) қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын жеке және /немесе заңды тұлғаның қызметі.

5. Табиғат пайдалану түрлеріне:

1) жерді пайдалану;

2) суды пайдалану;

3) орманды пайдалану;

4) жер қойнауын пайдалану;

5) жануарлар дүниесін пайдалану;

6) өсімдіктер дүниесін пайдалану;

7) қоршаған ортаға эмиссиялар;

8) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген өзге де табиғат пайдалану түрлері жатады.

6. Табиғат пайдалану түрлері бойынша табиғатты арнайы пайдалану құқығының пайда болу ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленеді.

7. Табиғатты арнайы пайдалану табиғат пайдаланудың бір түріне олардың бірнеше түрінің жиынтығын қамтуы мүмкін.

### **15-бап. Табиғат пайдаланушылар**

1. Қазақстан Республикасының аумағында уақытша немесе тұрақты тұратын заңды және жеке тұлғалар табиғат пайдаланушылар болуы мүмкін.

2. Табиғат пайдаланушылар:

тұрақты (табиғат пайдалану құқығы мерзімі шектелмейтін сипатта болады) және уақытша (табиғат пайдалану құқығы белгілі бір мерзіммен шектелген);

бастапқы (табиғат пайдалану құқығы мемлекеттен не басқа да бастапқы табиғат пайдаланушылардан сол құқықтан айыру немесе әмбебап құқық мұрагерлігі тәртібімен алынған) және кейінгі (табиғатты уақытша пайдалану құқығы бұл мәртебені өзінде сақтап қалатын бастапқы табиғат пайдаланушыдан шарт негізінде алынған) болуы мүмкін.

3. Табиғат пайдаланушылар осы Кодексте және Қазақстан Республикасының

заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарды сақтауға міндетті.

### **16-бап. Табиғатты арнайы пайдалану құқығының туындау негіздері және оны жүзеге асыру шарттары**

1. Табиғатты арнайы пайдалану құқығы:

1) табиғи ресурстарды пайдалануға және алуға және қоршаған ортаны қорғау саласында жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар мен рұқсаттар;

2) табиғи ресурстарды Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен табиғат пайдалануға беру туралы жергілікті атқарушы органдардың шешімдері немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері;

3) заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен жасалатын табиғат пайдалануға арналған шарт (келісім-шарт) негізінде туындайды.

2. Табиғатты арнайы пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен, осы баптың 1-тармағында көрсетілген бір, екі не барлық актілер негізінде туындауы мүмкін.

3. Табиғатты арнайы пайдалану құқығын жүзеге асыру үшін міндетті түрде экологиялық рұқсат алу қажет.

4. Табиғи ресурстарды пайдалану құқығы жеке, заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген мерзімдерге беріледі.

5. Табиғи ресурстар пайдалануына берілген жеке және (немесе) заңды тұлғалар, жер заңнамасында көзделген ерекше жағдайларды қоспағанда, табиғатты арнайы пайдалану құқығымен билік ете алмайды.

6. Табиғатты арнайы пайдалану құқығы мемлекеттің қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық келісімдерге сәйкес Қазақстан Республикасының заңына сәйкес не Үкіметінің шешімімен шектелуі немесе оған тыйым салынуы мүмкін.

### **II бөлім. Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы субъектілердің өкілеттігі**

#### **3-тарау. Жеке тұлғалардың, қоғамдық бірлестіктердің және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құқықтары мен міндеттері**

##### **17-бап. Жеке тұлғалардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқықтары**

1. Қазақстан Республикасының аумағындағы жеке тұлғалар:

1) мемлекет тарапынан қоршаған ортаның шаруашылық және өзге де қызметтің зиянды әсерінен қорғалуына;

2) қоршаған ортаның қолайсыз жай-күйінен өмірі мен денсаулығына қауіп туралы дәйекті ақпарат алуға;

3) экологиялық құқық бұзушылық салдарынан өз денсаулығы мен мүлкіне келтірілген моральдық және материалдық залалдың Қазақстан Республикасының

заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелуіне;

4) қоршаған ортаны қорғау мен сауықтыру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға;

5) қоршаған ортаны қорғайтын қоғамдық бірлестіктер мен қорлар құруға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіпте, мемлекеттік органдар қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процесіне қ а т ы с у ғ а ;

7) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жиналыстарға, митингілерге, пикеттерге, шерулер мен демонстрацияларға, референдумдарға қатысуға;

8) қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдарға хаттар, шағымдар, арыздар мен ұсыныстар беруге және оларды қарауды т а л а п е т у г е ;

9) мемлекеттік органдар мен ұйымдардан уақтылы, толық және дәйекті экологиялық а қ п а р а т а л у ғ а ;

10) қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер жобаларын талқылауға оларды әзірлеу сатысынан бастап қатысуға және әзірлеушілерге өз е с к е р т у л е р і н ұ с ы н у ғ а ;

11) қоршаған ортаға байланысты жоспарлар мен бағдарламаларды дайындау п р о ц е с і н е қ а т ы с у ғ а ;

12) қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот төрелігіне қол жеткізуге;

13) қоғамдық экологиялық сараптама өткізу туралы ұсыныс жасап, оған қатысуға;

14) кәсіпорындарды, құрылыстар мен экологиялық жағынан зиянды өзге де объектілерді орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру туралы, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардың қоршаған орта мен адам денсаулығына теріс ықпал ететін шаруашылық және өзге де қызметін шектеу және тоқтату туралы шешімдердің әкімшілік немесе сот тәртібімен күшін жоюды талап етуге;

15) заңды және (немесе) жеке тұлғаларды жауапқа тарту туралы мәселелер қоюға, экологиялық заңнаманың бұзылуы салдарынан денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиянның өтелуі туралы сотқа талап беруге;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзге де құқықтарын іске асыруға құқығы бар.

### **18-бап. Қоғамдық бірлестіктердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқықтары**

Қоғамдық бірлестіктердің қоршаған ортаны қорғау саласында өз қызметін жүзеге а с ы р у к е з і н д е :

1) экологиялық бағдарламаларды әзірлеуге және насихаттауға, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, оларды ерікті негізде қоршаған ортаны қорғау саласында белсенді қызметке тартуға;

2) қоршаған ортаны қорғау мен сауықтыру, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен молықтыру жөніндегі жұмыстарды орындауға, экологиялық, ғылыми және мәдени

жағынан ерекше құнды қоршаған орта объектілерін қорғауға, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ұйымдастыру мен олардың қызметіне қатысуға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіпте, мемлекеттік органдар қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процесіне қ а т ы с у ғ а ;

4) экологиялық тәрбие мен білім беру жөніндегі жұмыстарды, қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми зерттеулерді орындауға;

5) қоғамдық экологиялық сараптамаға бастамашылық жасауға және оны ұ й ы м д а с т ы р у ғ а ;

6) қоғамдық экологиялық бақылауды жүзеге асыруға;

7) мемлекеттік органдар мен ұйымдардан уақтылы, толық және дәйекті э к о л о г и я л ы қ а қ п а р а т а л у ғ а ;

8) қоршаған ортаны қорғау және халықтың денсаулығы саласында мемлекеттік органдармен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтасуға және ықпалдасуға, олармен келісімдер жасаса отырып, олар үшін шарттар бойынша заңнамада көзделген белгілі бір жұмыстарды орындауға;

9) қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер жобаларын талқылауға оларды әзірлеу сатысынан бастап қатысуға және әзірлеушілерге ө з е с к е р т у л е р і н ұ с ы н у ғ а ;

10) қоршаған ортаға байланысты жоспарлар мен бағдарламаларды дайындау п р о ц е с і н е қ а т ы с у ғ а ;

11) қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот төрелігіне қол жеткізуге;

12) кәсіпорындарды, құрылыстар мен экологиялық жағынан зиянды өзге де объектілерді орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру туралы, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардың қоршаған орта мен адам денсаулығына теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметін шектеу, тоқтата тұру және тоқтату туралы шешімдердің әкімшілік немесе сот тәртібімен күшін жоюды талап етуге;

13) заңды және (немесе) жеке тұлғаларды жауапқа тарту туралы мәселелер қоюға, экологиялық заңнаманың бұзылуы салдарынан денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиянның өтелуі туралы сотқа талап беруге;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзге де құқықтарын іске асыруға құқығы бар.

### **19-бап. Жеке тұлғалардың және қоғамдық бірлестіктердің міндеттері**

Жеке тұлғалар және қоғамдық бірлестіктер:

1) қоршаған ортаны сақтауға, табиғи ресурстарға ұқыпты қарауға;

2) табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға, қоршаған ортаны қорғауға және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шараларды іске асыруға ы қ п а л е т у ғ е ;

3) экологиялық қауіпсіздікке өздерінің кінәсінен туындауы мүмкін қатерлердің  
а л д ы н а л у ғ а ;

4) өзінің қызметін экологиялық және қоғамдық бірлестіктер туралы заңнамаларға сәйкес жүзеге асыруға міндетті.

**20-бап. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы өкілеттіктері**

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалану саласындағы өкілеттіктеріне:

- 1) елді мекендерді көгалдандыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;
- 2) елді мекендерді санитарлық тазартуды қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру ;
- 3) өндіріс және тұтыну қалдықтарын сақтау мен көму орындарын күтіп ұстау;
- 4) тиісті мемлекеттік органдарға экологиялық, тарихи және ғылыми құндылығы бар табиғи және басқа да объектілерді заңмен қорғалатын тарихи немесе мәдени ескерткіштер деп жариялау туралы ұсыныстар енгізу жатады.

**4-тарау. Мемлекеттік органдардың қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы реттеу мен бақылау саласындағы құзыреті**

**21-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласында :

- 1) қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану, климатты және Жердің озон қабатын қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, оны жүзеге асыру жөніндегі стратегиялық шараларды әзірлейді;
- 2) қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді ;
- 3) мемлекеттік экологиялық бағдарламаларды және табиғат пайдаланудың әртүрлі бағыттары бойынша, сондай-ақ климатты және Жердің озон қабатын қорғау саласындағы бағдарламаларды әзірлейді;
- 4) мемлекеттік меншікті басқарады, оны пайдалану жөнінде шараларды әзірлейді және жүзеге асырады ;
- 5) заңнамалық актілерде белгіленген жағдайларда табиғи ресурстарды пайдалануға беру туралы қаулылар қабылдайды, табиғат пайдалану шарттарын (келісім-шарттарын) жасасады ;
- 6) табиғат пайдаланудың әр алуан түрлері бойынша тұжырымдамаларды бекітеді;
- 7) Су және ауа бассейні сапасының мақсатты көрсеткіштері бағдарламаларын бекітеді ;
- 8) ерекше экологиялық, ғылыми және мәдени маңызы бар, ерекше қорғауға



- жататын объектілердің тізбесін белгілейді;
- 9) қалдықтарды әкелу, әкету және транзиттеу тәртібін белгілейді;
- 10) халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- 11) табиғи ресурстардың әрбір түрінің мемлекеттік есебі мен мемлекеттік кадастрларын және мемлекеттік мониторингін жүргізу тәртібін белгілейді;
- 12) аса маңызды және стратегиялық табиғи ресурстардың, сондай-ақ оларды пайдалану объектілерінің тізбесін бекітеді;
- 13) қорғаныш аймақтары мен белдеулерін белгілеу ережесін бекітеді;
- 14) шетел мемлекеттерінің аумағындағы және Қазақстан Республикасының мүдделерін қозғайтын объектілер мен кешендерге халықаралық мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу қажет болған кезде сол мемлекеттермен экологиялық сараптама саласында ықпалдасу мәселелерін шешеді;
- 15) сот шешімімен республикалық меншікке түсті деп танылған иесіз қалдықтарды басқару тәртібін белгілейді;
- 16) ең үздік қолжетімді технологиялар тізбесін бекітеді;
- 17) кешенді экологиялық рұқсаттар беру тәртібін және қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат орнына кешенді экологиялық рұқсат алу қажет болатын өнеркәсіптік объектілер үлгілерінің тізбесін бекітеді;
- 18) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жобалардың ашық конкурстарын өткізу тәртібін белгілейді;
- 19) лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;
- 20) қоршаған орта сапасының мақсатты көрсеткіштерін белгілеудің тәртібі мен өлшемдерін айқындайды;
- 21) эмиссиялар нормативтері белгіленетін және қоршаған ортаға эмиссия үшін ақы алынатын ластаушы заттар мен қалдық түрлерінің тізбесін бекітеді;
- 22) қоршаған ортаға эмиссияларды қысқартуға арналған квоталар мен міндеттемелер сатудың тәртібін және басқарудың нарықтық тетіктерін бекітеді;
- 23) ластану учаскелерінің мемлекеттік тізілімін жүргізудің тәртібін бекітеді;
- 24) аумақты төтенше экологиялық жағдай аймағы деп жариялайды және төтенше экологиялық жағдай аймағының құқықтық режимінің қолданысын тоқтату туралы шешім қабылдайды;
- 25) парник газдарды және озон қабатын бұзатын заттарды атмосфераға шығаруды шектеудің, тоқтата тұрудың немесе тоқтатудың тәртібін, сондай-ақ озон қабатын бұзатын заттарды өндірудің, импорттаудың және тұтынудың тәртібін белгілейді;
- 26) парник газдарды атмосфераға шығаруды және озон қабатын бұзатын заттарды тұтынуды мемлекеттік есепке алудың тәртібін белгілейді, климаттың өзгеруі мен Жердің озон қабатының жай-күйінің мемлекеттік мониторингін ұйымдастырады;
- 27) өндірілген өнімді экологиялық таңбалау стандарттарын тіркеудің тәртібін бекітеді.

## 22-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органы

:

- 1) бірыңғай мемлекеттік экологиялық саясатты, сондай-ақ климатты және Жердің озон қабатын қорғау саласындағы саясатты жүргізеді және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бағдарламалардың орындалуын ұйымдастырады;
- 2) орталық және жергілікті атқарушы органдардың қоршаған орта объектілерін қорғау функцияларын жүзеге асыруға қатысты қызметін үйлестіреді;
- 3) өз құзыреті шегінде шаруашылық және өзге де қызмет бойынша экологиялық нормативтер мен экологиялық талаптарды бекітеді немесе келіседі;
- 4) экологиялық рұқсаттар береді;
- 5) өз құзыреті шегінде табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы шарттарды (келісім-шарттарды) келісіп алады;
- 6) экологиялық рұқсаттарда ластаушы заттар эмиссиялардың лимиттерін белгілейді;
- 7) экология мәселелері жөніндегі ғылыми зерттеулерді үйлестіреді;
- 8) Су және ауа бассейні сапасының мақсатты көрсеткіштері бағдарламаларын әзірлейді;
- 9) өз құзыреті шегінде мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасында экологиялық сараптаманы жүзеге асыру жөніндегі барлық қызметті үйлестіруді орындайды;
- 10) бағыныстылығына және меншік нысанына қарамастан, экологиялық сараптама жүргізу мәселелері бойынша әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;
- 11) халықты экологиялық сараптаманың қорытындылары туралы дәйекті ақпаратпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жүзеге асырады;
- 12) мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізу тәртібін қоса алғанда, қоршаған ортаға әсер етуге бағалау жүргізу және мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік құжаттарды әзірлейді және бекітеді;
- 13) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы бұзылған жағдайда мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын кері қайтарып алу және оның күшін жою құқығымен жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларының мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қызметін бақылауды жүзеге асырады;
- 14) жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларының экологиялық сараптама саласындағы қызметіне бақылауды жүзеге асыру ережесін бекітеді;
- 15) мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы бланкісінің үлгісін бекітеді;
- 16) белгіленген тәртіппен экологиялық аудиторлық қызметке, табиғат қорғауды жобалауға, нормалауға және экологиялық сараптама саласындағы жұмыстарға

лицензиялар

береді;

17) міндетті экологиялық аудит жүргізу туралы шешім қабылдайды;

18) экологиялық аудиторларды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясын құрады және оның жұмыс тәртібін бекітеді;

19) қоршаған ортаның мемлекеттік мониторингі жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, сондай-ақ қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай жүйесін үйлестіруді жүзеге асырады;

20) қалдықтар жіктелімін бекітеді және өндіріс пен тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрын жүргізуді ұйымдастырады;

21) мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асырады;

22) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру мен жүргізуге қатысты құжаттардың нысандарын әзірлеп, бекітеді;

22) өндіріс пен тұтыну қалдықтарының кадастрын жүргізеді;

23) су объектілерін тиімді пайдалану мен қорғау жоспарларын келісуге, бассейндік келісімдерді дайындауға, су объектілерін пайдалану, молықтыру және қорғау жөніндегі мемлекеттік (өңірлік және бассейндік) бағдарламалар үшін ережелер әзірлеуге, сондай-ақ өз құзыреті шегінде су ресурстарын басқарудың бассейндік принципін іске асыруға қатысады;

24) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жергілікті маңызы бар бағдарламаларды және іс-шаралар жоспарларын келіседі;

25) мемлекеттік экологиялық бақылау органдары жүйесіндегі зертханалық-талдау бақылауы қызметтерінің қызметін жетілдіреді;

26) қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

27) қоршаған ортаны қорғау саласындағы келісімдерді (меморандумдарды, декларацияларды) жасасады;

28) табиғат пайдалану шарттарын қоршаған ортаға эмиссияға берілетін рұқсатқа енгізу жөніндегі ережелерді, экологиялық рұқсаттар беру мәселелері бойынша құжаттардың нысандарын бекітеді;

29) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралардың үлгілік тізбесін бекітеді;

30) қоршаған ортаны қорғау саласындағы экономикалық есеп пен есептіліктің нысандары мен мерзімдерін белгілейді;

31) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламаларын келісу тәртібін бекітеді;

32) қоршаған ортаға эмиссия үшін ақы төлеудің базалық ставкаларын және есептеу әдістемесін бекітеді;

33) климатты және Жердің озон қабатын қорғау мақсатында парник газдар шығаруға және озон қабатын бұзатын заттарды тұтынуға берілетін шекті нормативтерді (квоталарды) әзірлеу мен бекітудің тәртібін белгілейді;

34) климаттың өзгеруі мен Жердің озон қабатының жай-күйінің мемлекеттік

мониторингін жүргізеді және оны жүргізуді қамтамасыз етеді;

35) көздерден антропогендік шығарулар және барлық парник газдарды жұтушылар абсорбциялары, сондай-ақ озон қабатын бұзатын заттарды тұтыну кадастрларын жүргізуді ұйымдастырады;

36) өз құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғалардың климатты және Жердің озон қабатын қорғау саласындағы қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

37) қоршаған ортаны ластау учаскелерін мемлекеттік есепке алуды жүргізеді;

38) зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көмудің және ағынды суларды жер қойнауына тастаудың мемлекеттік кадастрын жүргізуді ұйымдастырады;

39) мемлекеттік меншік болып табылатын қалдықтарды басқаруды жүзеге асырады;

40) Ең үздік қол жетімді технологиялар тізілімін ұйымдастыру.

### **23-бап. Арнаулы уәкілетті органдардың құзыреті**

1. Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы реттеу мен басқаруды жүзеге асыратын арнаулы уәкілетті мемлекеттік органдар:

1) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті орган;

2) жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті орган;

3) орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган;

4) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган;

5) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган;

6) жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган;

7) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;

8) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган;

9) ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;

10) өсімдіктерді қорғау мен олардың карантині саласындағы уәкілетті орган;

11) атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті орган болып табылады.

2. Арнаулы уәкілетті органдардың құзыреті жер, су және орман заңнамаларында, сондай-ақ жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану, мұнай туралы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңнамаларда, азаматтардың денсаулығын сақтау және санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылық, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, ветеринария, өсімдіктерді қорғау мен олардың карантині, атом энергиясын пайдалану және радиациялық қауіпсіздік саласындағы заңнамаларда белгіленеді.

### **24-бап. Жергілікті өкілді органдардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы құзыреті**

Жергілікті өкілді органдар қоршаған ортаны қорғау саласында:

1) тиісті аумақтардағы қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалану жөніндегі бағдарламаларды, сондай-ақ жергілікті бюджеттер құрамындағы қоршаған ортаны қорғау мен сауықтыру жөніндегі шығыстарды іс-шараларды қаржыландырудың қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген көлемде бекітеді;

2) өз құзіреті шегінде қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаларды бекіту;

3) жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдар басшыларының қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдаланудың жай-күйі туралы есептерін тыңдайды;

4) өз құзыреті шегінде қоршаған ортаны сауықтыру, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру және тиімді пайдалану, экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше құнды қоршаған орта объектілерін қорғау мәселелері бойынша оларды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген міндетті табиғат пайдалану ережелерін қ а б ы л д а й д ы ;

5) коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын пайдалануға беру мен а л ы п қ о ю т ә р т і б і н б е л г і л е й д і ;

6) қоршаған ортаға эмиссиялау үшін төлем ставкаларын оларды белгілеу тәртібі осы Кодекстің 93-бабында көзделген базалық ставкалардан кем болмайтындай етіп белгілейді.

### **25-бап. Жергілікті атқарушы органдардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы құзыреті**

Жергілікті атқарушы органдар қоршаған ортаны қорғау саласында:

3) қоғамдық экологиялық сараптама объектісінің аталған тапсырысшысымен немесе әзірлеушісімен еңбек немесе өзге де шарттық қатынаста тұрған адам; қоғамдық экологиялық сараптама объектісінің аталған тапсырысшысымен немесе әзірлеушісімен шарттық қатынаста тұрған заңды тұлғаның өкілі қоғамдық экологиялық сараптаманың сарапшысы бола алмайды.

3. Қоғамдық экологиялық сараптаманың сарапшысы оны жүргізуге Қазақстан Республикасының заңнамасына және қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастырушы берген тапсырмаға сәйкес қатысады.

4. Қоғамдық экологиялық сараптаманың сарапшысы қоғамдық экологиялық сараптама жүргізу кезінде қоғамдық экологиялық сараптама объектісі жөнінде қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысына қоса тігілетін ерекше пікір қалыптастыруға құқығы бар.

5. Қоғамдық экологиялық сараптама сарапшысы:

1) Қазақстан Республикасының экологиялық сараптама туралы заңнамасының талаптарын сақтауға;

2) қоғамдық экологиялық сараптама объектісі жөніндегі өз қорытындысы тұжырымдарының объективтілігі мен негізділігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ қоғамдық экологиялық сараптаманың атына мүдделі жұртшылықтан келіп түсетін ескертпелер мен ұсыныстарды ескеруге;

3) материалдардың сақталуын қамтамасыз етуге және қоғамдық экологиялық сараптамаға ұсынылған мәліметтердің құпиялылығын, сондай-ақ зияткерлік меншіктің қорғалуын қамтамасыз етуге міндетті.

### **69-бап. Қоғамдық экологиялық сараптама объектісіне тапсырыс берушілердің құқықтары мен міндеттері**

1. Жоспарланып отырған басқару, шаруашылық, инвестициялық және өзге де қызметтің жеке немесе заңды тұлғасы қоғамдық экологиялық сараптама объектісіне тапсырыс беруші болып табылады.

2. Қоғамдық экологиялық сараптама объектісіне тапсырыс берушінің:

1) белгіленіп отырған қызмет жөніндегі құжаттамада қамтылған заңмен қорғалатын құпия мәліметтердің қорғалуына;

2) қоғамдық экологиялық сараптама жүргізудің барысы және нәтижелері туралы ақпарат алуға және ақпаратқа қол жеткізуге;

3) қоғамдық экологиялық сараптама шеңберінде өткізілетін қоғамдық тыңдауларға және өзге де шараларға қатысуға;

4) қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысына өзінің түсіндірмесі мен түсініктемелерін мемлекеттік экологиялық сараптама жөніндегі арнаулы уәкілетті органға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына және мемлекеттік қадағалау мен бақылау органдарына беруге құқығы бар.

3. Қоғамдық экологиялық сараптама объектісіне тапсырыс беруші:

1) қоғамдық экологиялық сараптамаға қажетті құжаттар мен материалдарды беруге;

2) қоғамдық экологиялық сараптама қорытындысында баяндалған, тапсырыс берушіге ұсыныстарға жазбаша жауабын мемлекеттік экологиялық сараптама жөніндегі арнаулы уәкілетті органға беруге міндетті.

## **70-бап. Қоғамдық экологиялық сараптаманы қаржыландыру**

Қоғамдық экологиялық сараптаманы қаржыландыру:

- 1) қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастыратын және жүргізетін қоғамдық бірлестіктер қаражаты;
- 2) ерікті қайырымдылықтар, қайырымдылық ұйымдарының гранттары;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған өзге көздер есебінен жүзеге асырылады.

## **71-бап. Қоғамдық экологиялық сараптама жүргізуді тіркеу тәртібі**

1. Сараптама ұйымдастырушысының оны жүргізу туралы арызы мемлекеттік тіркелген жағдайда қоғамдық экологиялық сараптама жүзеге асырылады.

2. Қоғамдық экологиялық сараптаманы тіркеу туралы арызды оның ұйымдастырушысы сараптамалық қызмет жоспарланып отырған аумақтағы жергілікті атқарушы органдарға береді.

3. Қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізу туралы арызда:

- 1) атауы, заңдық мекен жайы;
- 2) жарғысында көзделген қоғамдық экологиялық ұйымды ұйымдастырушы қызметінің сипаты;
- 3) қоғамдық экологиялық сараптаманың сараптама комиссиясының құрамы туралы мәліметтер;

4) қоғамдық экологиялық сараптама объектісі туралы мәліметтер, қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізу мерзімі көрсетілуге тиіс.

4. Жергілікті атқарушы органдар қоғамдық экологиялық сараптама жүргізу туралы арыз берілген күннен бастап он күн мерзімде оны тіркеуге немесе тіркеуден бас тартуға міндетті. Қоғамдық экологиялық сараптама жүргізу туралы арыз, оны тіркеуден көрсетілген мерзімде бас тартылмаса, тіркелді деп есептеледі.

5. Егер:

- 1) бұрын осы объектіге қатысты екі рет қоғамдық экологиялық сараптама жүргізілсе;
  - 2) қоғамдық экологиялық сараптама объектісі мемлекеттік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қамтитын болса;
  - 3) қоғамдық ұйымның, қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастырушының жарғысы осы ұйымның қоғамдық экологиялық сараптама саласындағы қызметін көздемеесе;
  - 4) қоғамдық экологиялық сараптаманың ұйғарылып отырған объектісінің мемлекеттік экологиялық сараптамасы аяқталса, қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастыру туралы арызды мемлекеттік тіркеуден бас тартылуы мүмкін.
6. Жергілікті атқарушы органдар қоғамдық экологиялық сараптама жүргізу туралы арызды мемлекеттік тіркеуден бас тартқан жағдайда, бұл туралы қоғамдық

экологиялық сараптаманың бастамашысы мен ұйымдастырушысына бас тарту себептерін түсіндіре отырып жазбаша түрде хабарлайды.

## **72-бап. Қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысы**

1. Қоғамдық экологиялық сараптаманың нәтижелері ұсынымдық сипатта болатын қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысы түрінде ресімделеді.

2. Қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысы:

- 1) экологиялық сараптаманы ұйымдастырушының атауы мен мекен жайын;
- 2) тапсырыс берушінің атауын, қоғамдық экологиялық сараптама объектісінің атауы мен орналасқан жерін;
- 3) қоғамдық экологиялық сараптама жүргізу туралы өтінішті мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді;
- 4) қоғамдық экологиялық сараптама жүргізу мерзімдерін;
- 5) қоғамдық экологиялық сараптамадан өткен құжаттаманың құрамын, қоғамдық экологиялық сараптама процесінде пайдаланылған басқа да құжаттардың атауын;
- 6) қоғамдық экологиялық сараптаманың сараптама комиссиясы мүшелерінің құрамын;
- 7) сараптама нәтижелері қысқаша баяндауды;
- 8) қоғамдық экологиялық сараптаманың ұйымдастырушысы айқындаған, қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізу жөніндегі тапсырмалардың баяндалуын;
- 9) қоғамдық экологиялық сараптама процесінің, оның ішінде жұртшылықпен, тапсырыс берушімен және басқа да мүдделі тараптармен өзара ықпалдасудың сипатталуын;
- 10) қоғамдық экологиялық сараптама тұжырымдарының баяндалуын қамтуға тиіс.

3. Қоғамдық экологиялық сараптама тұжырымдары:

- 1) сараптама объектісінің қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкестігі туралы қорытындыны;
- 2) қоршаған ортаға әсерге тапсырыс беруші жүргізген бағалаудың толықтығы, сапасы мен дәйектілігі жөніндегі сипаттаманы;
- 3) жұртшылықтың әртүрлі топтарының белгіленіп отырған қызметке көзқарасының сипаттамасын, жұртшылықтың ұсыныстары мен ескертпелеріне жасалған шолуды;
- 4) қоғамдық экологиялық сараптама объектісін іске асыруға экологиялық және әлеуметтік тұрғыдан жол беруге болатыны жөніндегі сарапшылардың пікірлерін;
- 5) мемлекеттік экологиялық сараптама органына, тапсырыс берушіге, мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарына, сараптама объектісін іске асыруға байланысты шешімдер қабылдайтын басқа да ұйымдар мен мекемелерге ұсыныстар мен ұсынымдарды қамтуға тиіс.

4. Қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысына қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастырушының өкілі уәкілетті берген сараптама комиссиясының төрағасы және комиссия мүшелері қол қояды.

## 5. Қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысы:

- 1) қоғамдық экологиялық сараптама жүргізу туралы арызға тіркеу жүргізген жергілікті атқарушы органға;
- 2) осы объектінің мемлекеттік экологиялық сараптамасын жүргізу құзыретіне кіретін мемлекеттік экологиялық сараптама органына;
- 3) белгіленіп отырған қызметтің тапсырыс берушісіне;
- 4) қоғамдық экологиялық сараптама объектісіне байланысты шешімдер қабылдайтын органдарға;
- 5) бұқаралық ақпарат құралдарына жіберіледі.

### **73-бап. Қоғамдық экологиялық сараптаманың нәтижелерін пайдалану**

1. Белгіленіп отырған қызметтің тапсырыс берушісі қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысында қамтылған тұжырымдарға, оның ішінде белгіленіп отырған қызмет жөніндегі ұсынымдарға жауап беруге міндетті. Тапсырыс беруші өз жауабын мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын алған күннен бастап бір ай ішінде мемлекеттік экологиялық сараптама органына және қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастырушыға жібереді.

2. Қоғамдық экологиялық сараптаманың нәтижелері мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезінде қаралуға тиіс. Қарау нәтижелері қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастырушыға және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға жіберілуге тиіс.

3. Қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысын, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар, қаржы ұйымдары мен белгіленіп отырған қызметтің тапсырыс берушісі шешімдер қабылдау кезінде ескерілуі мүмкін.

## **9-тарау. Экологиялық рұқсат**

### **74-бап. Экологиялық рұқсаттың түрлері**

Қазақстан Республикасында табиғат пайдаланушыларға мынадай экологиялық рұқсаттар:

- 1) қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаттар;
- 2) кешенді экологиялық рұқсаттар беріледі.

### **75-бап. Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат**

1. Қоршаған ортаға эмиссияны жүзеге асыратын табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алуға міндетті.

2. Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат табиғат пайдаланушыға оның өтініміне сәйкес осы Кодексте белгіленген тәртіппен беріледі.

3. Табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаға эмиссияға рұқсатта көрсетілген шарттарды орындауға міндетті және оларды сақтамағаны үшін осы Кодекске сәйкес жауапты болады.

4. Меншігінде әр түрлі облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың,

астананың) аумағында орналасқан өндірістік объектілері бар табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алу үшін осы объектілердің орналасқан жері бойынша әрбір объекті бойынша да, олардың тұтас жиынтығы бойынша да өтінім бере алады.

5. Егер бұл эмиссия жалпы табиғат пайдалану процесінде жүретін болса, қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алу талап етілмейді.

#### **76-бап. Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаттың мазмұны**

1. Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат, оларда:

1) табиғат пайдаланушы және жүргізілетін шаруашылық және өзге де қызмет туралы мәліметтер;

2) рұқсаттың қолданылу мерзімі;

3) табиғат пайдалану шарттары, оның ішінде олардың барлық көздері бойынша эмиссиялардың нормативтері;

4) рұқсаттың қолданылуы кезеңіне қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар бағдарламасы;

5) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы қамтылатын белгіленген үлгідегі құжаттар кешені болып табылады.

2. Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат бланкісінің нысанын және оларды толтыру тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

#### **77-бап. Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беретін орган**

Табиғат пайдаланушыға қоршаған ортаға эмиссияға рұқсатты қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган береді.

#### **78-бап. Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаттар алу талап етілетін объектілер санаттары**

1. Өздері үшін табиғат пайдаланушыларға қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат берілетін объектілер I, II, III, IV болып төрт санатқа бөлінеді.

2. Өндірістік объектілерді санитарлық жіктеуге сәйкес қауіптіліктің 1 және 2-сыныптарына жататын объектілер I санатқа жатады.

Өндірістік объектілерді санитарлық жіктеуге сәйкес қауіптіліктің 3-сыныбына жататын объектілер II санатқа жатады.

Өндірістік объектілерді санитарлық жіктеуге сәйкес қауіптіліктің 4-сыныбына жататын объектілер III санатқа жатады.

Өндірістік объектілерді санитарлық жіктеуге сәйкес қауіптіліктің 5-сыныбына жататын объектілер IV санатқа жатады.

3. Табиғат пайдаланушылар I санат объектілеріне - қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органнан, II санат объектілеріне - қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарынан, III санат объектілеріне - оңайлатылған схема бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарынан, IV санат объектілеріне - хабарландыру

декларациясы негізінде осы объектілердің орналасқан жері бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарынан қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алады.

4. Табиғат пайдаланушылар II, III және IV санат объектілеріне рұқсатты осы объектілер орналасқан жер бойынша аумақтық органдардан алады.

### **79-бап. Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алу үшін табыс етілетін материалдар**

1. Табиғат пайдаланушы қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алу үшін рұқсат беруді жүзеге асыратын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға қажетті құжаттар топтамасын табыс етеді.

2. I және II-санаттағы объектілері бар табиғат пайдаланушыларға қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алу үшін құжаттар топтамасы:

1) рұқсат алуға өтінімді;

2) Қоршаған ортаға әсерді бағалау жөніндегі бөлімімен белгіленетін қызмет жобасына мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын;

3) пайдаланылатын технологиялық шешімдердің түйінін;

4) мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысын қоса алғанда, қоршаған орта сапасының экологиялық нормативтері немесе қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері негізінде белгіленген тәртіппен есептелген эмиссиялар нормативтерінің жобаларын;

5) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар бағдарламасының жобасын;

6) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасын;

7) экологиялық сақтандыру міндетті болып табылатын табиғат пайдаланушылар үшін міндетті экологиялық сақтандыру шартының нотариалды куәландырылған көшірмесін қамтиды.

3. III санаттағы объектілері бар табиғат пайдаланушыларға қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алу үшін құжаттар топтамасы:

1) рұқсат алуға өтінімді;

2) мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысын қоса алғанда, қоршаған орта сапасының экологиялық нормативтері немесе қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері негізінде белгіленген тәртіппен есептелген эмиссиялар нормативтерінің жобаларын;

3) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар бағдарламасының жобасын;

4) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасын;

5) экологиялық сақтандыру міндетті болып табылатын табиғат пайдаланушылар үшін міндетті экологиялық сақтандыру шартының нотариалды куәландырылған көшірмесін қамтиды.

4. III санаттағы объектілері бар табиғат пайдаланушыларға қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алу үшін құжаттар топтамасы:

1) рұқсат алуға өтінімді;

2) қолданылатын техникалық шешімдер, кәріздер, желдеткіш, қалдықтарды шығару, автомобиль көлігін пайдалану туралы ақпаратты қамтитын хабарландыру декларациясын қамтиды.

5. Қоршаған ортаны ластаудың жылжымалы көздері бар жеке және заңды тұлғалар экологиялық рұқсатты ресімдеусіз арнаулы табиғат пайдалануды жүзеге асырады.

6. Рұқсат алуға өтінімнің және хабарландыру декларациясының нысандарын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

#### **80-бап. Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсатқа енгізілетін табиғат пайдалану жағдайлары**

1. Табиғат пайдаланушының Қазақстан Республикасында жүзеге асыратын қызмет түрлері үшін арнаулы экологиялық талаптар мен нормалар қабылданған болса, қоршаған ортаға эмиссияға рұқсатқа осы талаптар мен нормалардың орындалуын қамтамасыз ететін табиғат пайдалану жағдайлары енгізілуі мүмкін.

2. Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсатқа табиғат пайдаланудың белгілі бір жағдайларын енгізу туралы шешімді рұқсат беретін органдар қабылдайды.

3. Қазақстан Республикасында белгіленген экологиялық талаптар мен нормаларда көзделмеген табиғат пайдалану жағдайларын қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаттарға енгізуге тыйым салынады.

4. Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсатқа табиғат пайдалану жағдайларын енгізу тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

#### **81-бап. Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсатқа өтінім беру, оны қарау, рұқсат беру мен рұқсатты келісіп алу мерзімдері**

1. Өтінім беру қолданыстағы рұқсат мерзімі біткенге дейінгі не жаңа объектіні пайдалануға бергенге дейінгі төрт айдан кешіктірілмей жүзеге асырылады.

2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган өтінім тіркелген кезден бастап бір айдан аспайтын мерзім ішінде өтінімді табыс етілген материалдардың толықтығы нысанасында қарайды. Осы мерзім ішінде табыс етілген өтінім бойынша қосымша құжаттар сұратылуы мүмкін. Осы мерзім біткеннен кейін өтінім қарауға қабылданады не табыс етілген материалдардың жетіспеуі салдарынан қабылданбайды.

3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган өтінімдер тіркелген күннен бастап төрт айдан аспайтын мерзімде қабылданған өтінімдерді қарайды. Осы мерзім біткеннен кейін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат не өтінімді осы Кодекстің талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты қабылдамау туралы дәлелді қорытынды беріледі.

#### **82-бап. Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру үшін негіздер**



1. Мына шарттар сақталған жағдайда:

- 1) осы Кодекстің 79-бабына сәйкес қажетті құжаттар мен материалдар табыс етілсе;
- 2) қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерінің жобасы осы Кодекстің 5-тарауының талаптарына сәйкес келсе;
- 3) қоршаған ортаға әсерді бағалау материалдары эмиссиялар нормативтерінің және табиғат пайдалану жағдайларының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамада белгіленген экологиялық талаптар мен нормаларға сәйкес келетінін растаса;
- 4) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар бағдарламасы экологиялық заңнамада белгіленген экологиялық талаптар мен нормаларға сәйкес келсе және эмиссиялар нормативтеріне қол жеткізуді қамтамасыз етсе;
- 5) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы осы Кодекстің 15-тарауында белгіленген талаптарға сәйкес келсе, табиғат пайдаланушыларға I және II санаттағы объектіге қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат берілуге тиіс.

2. Егер:

- 1) осы Кодекстің 79-бабына сәйкес қажетті құжаттар мен материалдар табыс етілсе;
- 2) қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерінің жобасы мен табиғи ресурстарды алу нормативтерінің жобасы осы Кодекстің 5-тарауының талаптарына сәйкес келсе;
- 3) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар бағдарламасы экологиялық заңнамада белгіленген экологиялық талаптар мен нормаларға сәйкес келсе және эмиссиялар мен табиғи ресурстарды алу нормативтеріне қол жеткізуді қамтамасыз етсе ;
- 4) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы осы Кодекстің 15-тарауында белгіленген талаптарға сәйкес келсе, табиғат пайдаланушыларға III санаттағы объектіге қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат берілуге тиіс.

3. Егер ол қажетті өтінім мен хабарландыру декларациясын табыс етсе, табиғат пайдаланушыларға IV санаттағы объектіге қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат берілуге тиіс.

### **83-бап. Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаттың қолданылу мерзімдері**

Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат қолданыстағы рұқсатта көрсетілген, қолданылатын технологиялар мен табиғат пайдалану жағдайлары өзгергенге дейін,  
б і р а қ :

- 1) табиғат пайдаланушыларға I санаттағы объектіге 3 жылдан аспайтын мерзімге;
- 2) табиғат пайдаланушыларға II, III және IV санаттағы объектілерге 5 жылдан аспайтын мерзімге беріледі.

### **84-бап. Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беруден бас тарту, оны тоқтата тұру және күшін жою**

1. Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беретін органдар мынадай:

- 1) рұқсат алу үшін табыс етілген материалдар толық емес және дәйексіз болған;

2) сұратып отырған табиғат пайдалану жағдайлары осы Кодекстің 80-бабында баяндалған талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда, рұқсат беруден бас тартуы мүмкін.

2. Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаттың қолданылуын мынадай:

1) табиғат берушілердің дәйексіз деректерді табыс ету фактілері, оның ішінде қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін есептеуге байланысты қателіктер анықталған;

2) табиғат пайдаланушылар рұқсатта көрсетілген табиғат пайдалану жағдайларын, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген экологиялық талаптар мен нормаларды бұзған жағдайларда, оны берген орган үш айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруы мүмкін.

3. Рұқсат берген органдар мынадай:

1) табиғат пайдаланушылар рұқсатта көрсетілген табиғат пайдалану жағдайларын, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген экологиялық талаптар мен нормаларды жүйелі түрде (рұқсаттың қолданылу мерзімі ішінде 3 реттен астам) бұзған;

2) рұқсаттың қолданылуы тоқтата тұрылған бұзушылықтар белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайларда, рұқсаттың күшін жоюы мүмкін.

4. Рұқсатты тоқтата тұру мен рұқсаттың күшін жою бір айлық мерзімде осы баптың 2, 3-тармақтарында көрсетілген жағдайларда табиғат пайдаланушыға қабылданған шешімнің себептері туралы және (немесе) оларды жою мерзімдері туралы жазбаша түрде хабарландыру беру жолымен жүзеге асырылады. Хабарлама алу арнайы табиғат пайдалану құқығын жүзеге асыруды тоқтатуға әкеп соғады.

5. Табиғат пайдаланушы хабарландыруда көрсетілген бұзушылықтарды жойған жағдайда, рұқсаттың қолданылуын тоқтата тұру жөнінде шешім қабылдаған органның жазбаша растауы негізінде рұқсаттың қолданылуы жаңартылады.

### **85-бап. Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсатты қайта ресімдеу тәртібі**

1. Рұқсат:

1) берілген лимиттерді қайта есептеуді талап ететін табиғат пайдалану режимі өзгертілген;

2) табиғат пайдаланушының қызмет бейіні және (немесе) оның ұйымдық-құқықтық нысаны өзгертілген, технологиясы ауыстырылған жағдайларда, қайта ресімделуі мүмкін.

2. Мына құжаттар:

1) заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік;

2) салық төлеушінің куәлігі;

3) статистикалық карточка;

4) инспекциялық тексерудің табиғат пайдалану режимін өзгерту болмағандығын растайтын актісі болған ретте рұқсатты қайта ресімдеу жүзеге асырылады.

#### **86-бап. Кешенді экологиялық рұқсат**

1. Кешенді экологиялық рұқсат табиғат пайдаланушының қоршаған ортаға эмиссияны және табиғи ресурстарды алуды ең озық қолжетімді технологияларды енгізу арқылы Қазақстан Республикасында белгіленген техникалық үлес нормативтерін сақтау шартымен жүзеге асыру құқығын растайтын біртұтас құжат болып табылады.

2. Озық қолжетімді технологиялар шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға теріс әсерінің деңгейін қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне дейін азайтуға бағытталған ұйымдастырушылық және басқарушылық шараларды қамтамасыз ететін пайдаланылып жүрген, сондай-ақ жоспарланып отырған салалық технологияларды, техника мен жабдықтарды қамтиды.

3. Өнеркәсіптің жекелеген процестері мен салалары үшін ең озық қолжетімді технологиялар тізбесін қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық уәкілетті орган өнеркәсіптің орталық атқарушы органдарын және басқа да мүдделі тараптарды қатыстыра отырып әзірлейді. Ең озық қолжетімді технологиялар тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаттың орнына кешенді экологиялық рұқсат алуы қажет өнеркәсіп объектілері үлгісінің тізбесін белгілейді.

5. Кешенді экологиялық рұқсат осы Кодекстің 76-бабында айқындалған ақпараттан бөлек, мыналарды:

1) шикізат пен энергияны үнемдеп пайдалану талаптарын;

2) қалдықтарды басқару жүйесін;

3) қалыпты пайдалану жағдайларынан ерекшеленетін жағдайларда пайдалану жөніндегі іс-әрекеттер мен шараларды;

4) ең озық қолжетімді технологияларға қол жеткізу мерзімдері мен шарттарын қамтуға тиіс.

6. Кешенді экологиялық рұқсат осы рұқсатта көрсетілген қолданылатын технологиялар мен табиғат пайдалану жағдайлары өзгергенге дейін қолданылады.

7. Кешенді экологиялық рұқсаттар беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

**IV бөлім. Қоршаған ортаны қорғауды және табиғат пайдалануды экономикалық реттеу**  
**10-тарау. Қоршаған ортаны қорғауды және табиғат пайдалануды экономикалық реттеу тетіктері**

**87-бап. Қоршаған ортаны қорғауды және табиғат пайдалануды экономикалық реттеу тетіктерінің**

**түрлері**

1. Қоршаған ортаны қорғауды және табиғат пайдалануды экономикалық реттеу тетіктерінің түрлері:

- 1) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау мен қаржыландыру;
- 2) қоршаған ортаға эмиссия үшін ақы төлеу;
- 3) табиғи ресурстардың жекелеген түрлерін пайдаланғаны үшін ақы төлеу;
- 4) қоршаған ортаны қорғауды экономикалық жағынан ынталандыру;
- 5) нарықтық тетіктер және қоршаған ортаға эмиссия үшін квоталармен сауда;
- 6) экологиялық сақтандыру;
- 7) қоршаған ортаға келтірілген зиянды экономикалық бағалау болып табылады.

### **88-бап. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар**

1. Қоршаған ортаны қорғауға және оның сапасын жақсартуға бағытталған технологиялық, техникалық, ұйымдастырушылық, әлеуметтік және экономикалық шаралар кешені қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар болып табылады.

2. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар келесі критерийлерге сәйкес болуы қажет:

- 1) экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталу;
- 2) қоршаған орта компоненттерінің жай-күйін қоршаған ортаның сапалық сипаттамаларын арттыру арқылы жақсарту;
- 3) экологиялық жүйенің жай-күйін тұрақтандыру мен жақсартуға, биологиялық әртүрлілікті сақтауға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен молықтыруға көмектесу;
- 4) қоршаған орта мен халықтың денсаулығына залал келтіруді ескерту және оның алдын алу;
- 5) қоршаған ортаны қорғауға, табиғатты ұтымды пайдалануға және қоршаған ортаны басқарудың халықаралық стандарттарын енгізуге бағытталған әдістер мен технологияларды жетілдіру;
- 6) өндірістік экологиялық бақылауды дамыту;
- 7) қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпараттық жүйелерді қалыптастыру және экологиялық ақпарат беруге ықпал ету;
- 8) экологиялық білімді насихаттауға, экологиялық тәрбиелеуге және тұрақты даму үшін білім беруге ықпал ету өлшемдеріне сай келсе, қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шараға жатады.

3. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға осы баптың 2-тармағында көзделген өлшемдерге жауап беретін инвестициялық экологиялық жобалар жатқызылуы мүмкін.

4. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралардың үлгілік тізбесін қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган бекітеді.

### **89-бап. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру**

1. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру:
  - 1) бюджет қаражаты;
  - 2) табиғат пайдаланушылардың өз қаражаты;
  - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге көздер есебінен жүзеге асырылады.

**90-бап. Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау**

1. Әр түрлі деңгейдегі бюджеттерден қаржыландырылатын қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар мемлекеттік, салалық (секторлық) және өңірлік бағдарламаларда белгіленетін бағыттарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді билік органдарының шешімдеріне сәйкес айқындалады.

2. Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын экологиялық бағдарламаларды (жоспарларды) әзірлеу тәртібі Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасымен белгіленеді.

3. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар Қазақстан Республикасының, әкімшілік-аумақтық бірліктің әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларына (жоспарларына), белгілі бір аумақтың экологиялық бағдарламаларына (жоспарларына) енгізіледі.

4. Өңірлік экологиялық бағдарламалар (жоспарлар) және тиісті аумақтың әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламалары (жоспарлары) олар бекітілгенге дейін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілуге тиіс.

5. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары инвестициялық экологиялық жобаларды (бағдарламаларды) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес әзірлеп, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

6. Экологиялық бағдарламаларды әзірлеу үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы жобалардың ашық конкурсы жүргізілуі мүмкін, оларды өткізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

**91-бап. Табиғат пайдаланушылардың өз қаражаты есебінен қаржыландырылатын қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау**

1. Табиғат пайдаланушының өз қаражаты есебінен қаржыландырылатын қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды табиғат пайдаланушы өзі жоспарлайды.

2. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар табиғат пайдаланушы экологиялық рұқсаттар алу үшін әзірлейтін қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар бағдарламасының жобасына енгізіледі.

**92-бап. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге көздер есебінен қаржыландырылатын қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау**

Өзге де көздер есебінен қаржыландырылатын қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

**93-бап. Қоршаған ортаға эмиссия үшін ақы төлеу**

1. Қоршаған ортаға эмиссия үшін ақы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленеді.

2. Табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаға кешенді экологиялық рұқсатта айқындалған нормативтер шегінде жүзеге асыратын эмиссия үшін ақы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін заттар тізбесіне сәйкес өндіріп алынады.

3. Қоршаған ортаға эмиссия үшін ақыны есептеу әдістемесін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

4. Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем ставкаларын облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен базалық ставкалардан төмен болмайтындай етіп белгілейді.

5. Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін міндетті салықтық төлемақыларды орындау, табиғатты пайдаланушыларды қоршаған ортаға келтірген зиянды өтеуден босатпайды.

**94-бап. Табиғи ресурстардың жекелеген түрлерін пайдаланғаны үшін бюджетке төленетін міндетті**

**төлемдер**

Табиғи ресурстардың жекелеген түрлерін пайдаланғаны үшін бюджетке төленетін міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленеді.

**95-бап. Қоршаған ортаны қорғауды экономикалық ынталандыру шаралары**

Қоршаған ортаны қорғауды экономикалық ынталандыру қоршаған ортаны қорғауды тиімді жүзеге асыратын табиғат пайдаланушыларға салық жеңілдіктерін беру және салық заңнамасында көзделген ынталандыру сипатындағы өзге де шаралар арқылы жүзеге асырылады.

**96-бап. Халықаралық қарыздар бойынша мемлекеттік қамсыздандыру**

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыруға халықаралық қарыздар бойынша мемлекеттік қамсыздандыруы мүмкін.

**97-бап. Табиғи ресурстарды басқарудың нарықтық тетіктері**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі қоршаған ортаға эмиссияларды қысқарту мақсатында қоршаған ортаға эмиссияға лимиттер (квоталар) бекіту жолымен нарықтық тетіктер қолдануы мүмкін.

2. Қоршаған ортаға эмиссияларға лимиттер (квоталар) алу тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган әзірлейді.

3. Табиғат пайдаланушы қоршаған ортаға эмиссиялардың жылдық лимитіне (квотасына) құқық алады. Квотаны үнемдеген кезде табиғат пайдаланушының квотаның бір бөлігін басқа табиғат пайдаланушыға сатуға құқығы бар.

4. Табиғат пайдаланушы бекітілген жылдық квота бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда, белгіленген мерзімде басқа табиғат пайдаланушыдан квоталар сатып алады.

5. Берілетін міндеттемелердің құны тараптардың келісімі негізінде айқындалады.

6. Міндеттемелерді беру туралы шарттың негізінде экологиялық рұқсаттарға осы Кодекстің 85 және 86-баптарында белгіленген тәртіппен өзгерістер енгізіледі.

7. Қоршаған ортаға эмиссияларды қысқартуға арналған квоталармен және міндеттемелермен сауда тәртібін және нарықтық басқару тетіктерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

#### **98-бап. Халықаралық деңгейдегі квоталармен сауда**

1. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық келісімдерде Қазақстанның қоршаған ортадағы эмиссияларды қысқарту жөніндегі квоталармен саудаға қатысу мүмкіндігі көзделсе, табиғат пайдаланушылар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен шетелдік жеке және заңды тұлғалармен тиісті шарттық қатынастарға кірісе алады.

2. Қазақстан Республикасы резидентінің шетелдік жеке және заңды тұлғалармен жасасқан квоталар саудасы туралы шарты Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін уәкілетті органда тіркелуге тиіс.

#### **99-бап. Экологиялық сақтандыру**

1. Үшінші бір тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаның авариялық ластануы нәтижесінде соған келтірілген зиянды өтеу экологиялық сақтандырудың мақсаты болып табылады.

2. Міндетті экологиялық сақтандыру Қазақстан Республикасының міндетті экологиялық сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес жүзеге асырылады. Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

3. Ерікті экологиялық сақтандыруды жеке және заңды тұлғалар өз еркімен жүзеге асырады. Ерікті экологиялық сақтандырудың түрлері, шарттары және тәртібі сақтанушылар мен сақтандырушылар арасындағы келісімдермен айқындалады.

#### **11-тарау. Қоршаған орта саласындағы экономикалық есепке алу мен есептілік**

## **100-бап. Қоршаған орта саласындағы экономикалық есепке алу мен есептілікті тағайындау**

Қазақстан Республикасында:

- 1) қоршаған ортаны қорғау процесінің экономикалық аспектілерін талдау мен бағалау;
- 2) табиғат пайдалану процесінің тиімділігіне ықпал ететін экономикалық факторларды анықтау;
- 3) экономиканың тұрақты даму деңгейін анықтау мақсатында қоршаған ортаны қорғау саласындағы экономикалық есепке алу жүзеге асырылады.

## **101-бап. Табиғат пайдаланушылардың қоршаған орта саласындағы экономикалық есепке алу мен есептілік жүргізу жөніндегі міндеттері**

1. Табиғат пайдаланушылар мынадай экономикалық факторлар:

- 1) өндірістің материалдық балансы;
- 2) тұтынылатын ресурстар мен энергиялардың құны;
- 3) табиғат қорғау іс-шараларын іске асыруға жұмсалатын шығындар;
- 4) өндірістік экологиялық бақылау жүргізуге жұмсалатын шығындар, оның ішінде қоршаған ортаны қорғауға жауапты персоналды ұстауға жұмсалатын шығындар;
- 5) қоршаған ортаны қорғау саласында ғылыми және жобалау жұмыстарын жүргізуге жұмсалатын шығындар шегінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы экономикалық есепке алу мен есептілік жүргізуге міндетті.

2. Табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық факторлары жөніндегі есептілікті Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органы белгілеген нысандарға сәйкес және мерзімдерде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті органға беруге міндетті.

## **12-тарау. Қоршаған ортаға келтірілген залалды экономикалық бағалау**

### **102-бап. Қоршаған ортаға келтірілген залалды экономикалық бағалау тәртібі**

1. Қоршаған ортаға келтірілген залалды экономикалық бағалау қоршаған ортаны және табиғи ресурстардың тұтыну қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың құндық шамасы.

2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды тұлғалары қоршаған ортаға зиян келтіру фактісі белгіленген күннен бастап бір ай мерзімде қажетті материалдарды жинауды және талдауды жүргізеді және қоршаған ортаны ластаудан келтірілген зиянды экономикалық бағалауды белгілейді.

3. Зиянды экономикалық бағалауды белгілеу кезінде мыналар назарға алынады:

- 1) қоршаған ортаны қалпына келтіру және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы бұзудың салдарларын жою жөніндегі шаралардың құны;
- 2) ағымдағы жылға арнап жергілікті өкілетті органдар бекіткен қоршаған ортаны



эмиссия үшін төлем ставкалары;

3) келтірілген зиянның экологиялық қауіптілігінің дәрежесі;

4) экологиялық тәуекел дәрежесі;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орман, жер заңнаманы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңнамасын бұзумен келтірген зиянды өтеу мөлшері.

4. Зиянды экономикалық бағалау мынадай әдістермен белгіленеді:

1) зиянды экономикалық бағалаудың тура әдісі;

2) зиянды экономикалық бағалаудың жанама әдісі.

5. Осы кодекстің 1-Ережесімен қарастырылған, зиянды экономикалық бағалау әдістерін есептеу жүргізіледі.

### **103-бап. Залалды тікелей әдіспен бағалау**

1. Залалды тікелей әдіспен бағалау аса тиімді инженерлік, ұйымдық-техникалық және технологиялық іс-шаралар арқылы қоршаған ортаны қалпына келтіруге, бүлінген табиғи ресурстардың орнын толтыруға, тірі организмдерді сауықтыруға қажетті нақты шығындарды анықтаудан тұрады.

2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды тұлғалары бірінші кезекте зиян келтірген заңды және жеке тұлғалардың қоршаған ортаны қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру мүмкіндігін қарастырады. Бұл ретте, қоршаған ортаны қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды жүргізу жөніндегі тиісті міндеттемелер зиян келтірген заңды және жеке тұлғалардың нақты іс-шаралар мен олардың жүргізілу мерзімі көрсетілген кепіл хатында жазылады.

3. Залалдың салдарларын жою жөніндегі шаралар құны нарықтық құн бойынша айқындалады.

4. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары залалды тікелей әдіспен экономикалық бағалау кезінде тәуелсіз сарапшылар тарта алады. Сарапшылар ретінде экологиялық аудиторлар, жобалау, инженерлік және ғылыми ұйымдардың мамандары қатыса алады.

5. Тәуелсіз сарапшылар жұмысына ақы төлеу жөніндегі міндет қоршаған ортаға залал келтірген кінәлі тұлғаға жүктеледі.

### **104-бап. Залалды жанама әдіспен бағалау**

1. Залалды жанама әдіспен бағалау залалды тікелей әдіспен бағалауды қолдану мүмкін болмайтын жағдайларда қолданылады.

2. Зиянды жанама әдіспен экономикалық бағалау, қоршаған ортаға әсер ету түрлеріне қарай ингредиент арқылы зиянды әрбір ингредиент бойынша жеке жиынтықтау жолымен белгіленеді.

3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы бұзудан туындаған экологиялық қауіптің деңгейін, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды тұлғалары осы Кодекстің 2-қосымшасында келтірілген

критерийлердің негізінде белгілейді.

4. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы бұзудан туындаған экологиялық тәуекелдің деңгейін, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды тұлғалары осы Кодекстің 3-қосымшасында келтірілген критерийлердің негізінде белгілейді.

Уәкілетті органның лауазымды тұлғалары осы Кодекстің 3-қосымшасында келтірілген критерийлердің негізінде белгілейді.

#### **V бөлім. Экологиялық бақылау мен аудит**

### **13-тарау. Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, пайдалану мен молықтыру саласындағы мемлекеттік бақылау**

#### **105-бап. Мемлекеттік бақылаудың мақсаты, міндеттері мен түрлері**

1. Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, пайдалану мен молықтыру саласындағы мемлекеттік бақылаудың мақсаты экологиялық қауіпсіздікті, табиғи және энергетикалық ресурстарды үнемдеуді, биологиялық ресурстарды орнықты пайдалануды, ұлттық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз ету болып т а б ы л а д ы .

2. Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, пайдалану мен молықтыру саласындағы мемлекеттік бақылаудың міндеттері осы Кодексте, Қазақстан Республикасының экологиялық және табиғи ресурстар қатынастарын реттейтін өзге де заңнамалық актілерінде белгіленеді.

3. Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, пайдалану мен молықтыру саласындағы мемлекеттік бақылаудың мынадай:

- 1) экологиялық бақылау;
- 2) жерлердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау;
- 3) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы бақылау;
- 4) жер қойнауын зерттеу мен пайдалану саласындағы бақылау;
- 5) орман заңнамасы саласындағы бақылау;
- б) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы бақылау ;

7) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы бақылау түрлері қолданылады.

4. Табиғи ресурстарды қорғауды, пайдалану мен молықтыруды мемлекеттік бақылауды жүзеге асырудың міндеттері мен тәртібі Қазақстан Республикасының табиғи ресурстары қатынастарын реттейтін заңнамасымен айқындалады.

#### **106-бап. Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, пайдалану мен молықтыру саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар**

Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, пайдалану мен молықтыру саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар:

- 1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган;
- 2) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті орган;
- 3) жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті орган;
- 4) орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган;
- 5) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган;
- 6) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган;
- 7) жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган;
- 8) өнеркәсіптік қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;
- 9) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган;
- 10) ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;
- 11) өсімдіктерді қорғау мен олардың карантині саласындағы уәкілетті орган;
- 12) атом энергиясы саласындағы уәкілетті орган болып табылады;
- 13) көліктік бақылау органы.

#### **107-бап. Мемлекеттік экологиялық бақылаудың міндеттері**

Мемлекеттік экологиялық бақылау мынадай міндеттерге:

- 1) Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;
- 2) табиғат пайдаланушылардың әлеуметтік жауапты және экологиялық тиімді мінез-құлқын қалыптастыруға;
- 3) табиғат пайдаланушылардың заңды орындауын арттыруға және экологиялық кұқық бұзушылықтардың алдын алуға;
- 4) ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттігін арттыруға қол жеткізу үшін қолданылады.

#### **108-бап. Мемлекеттік экологиялық бақылаудың бағыттары**

1. Мемлекеттік экологиялық бақылау мыналарға:

- 1) экологиялық заңнаманың сақталуына;
- 2) қоршаған ортаның ластану салдарларын жою жөніндегі шаралардың жүргізілуіне ;
- 3) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы экологиялық талаптардың сақталуына ;
- 4) табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы экологиялық талаптардың сақталуына;
- 5) жерлерді жақсарту, жерлердің тозуын туындататын процестер салдарларының алдын алу мен жою, топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру және сақтау жөніндегі іс-шаралар кешенінің жүргізілуіне;
- 6) кәсіпорындарды, құрылыстар мен өзге де объектілерді салу және реконструкциялау кезінде жерді қайта құнарландыру жөнінде шаралар қабылдануын қамтамасыз ететін экологиялық талаптардың сақталуына;

7) кәсіпорындарды, құрылыстар мен өзге де объектілерді пайдалануға енгізу мен пайдалану кезінде жерді қайта құнарландыру жөнінде жобаланған жұмыстардың орындалуына қатысты экологиялық талаптардың сақталуына;

8) жерді бүлдірумен байланысты жұмыстар жүргізген кезде топырақтың құнарлы қабатының алынуына, сақталуы мен пайдаланылуына;

9) пайдалы қазбалардың өнеркәсіптік қорларын өндіріп алу шамасына қарай немесе басқа да бүлдіретін процестер мен жұмыстардан босатылған жерлердің мақсатты тағайындалуына сәйкес одан әрі пайдалануға жарамды жағдайға келтірілуіне;

10) жер қойнауын пайдаланудың заңдылығына;

11) жер қойнауын қорғау саласына жататын лицензиялық-келісім-шарттық талаптардың сақталуына;

12) жер қойнауының ластанудан, су басудан және кен орны мен басқа да қоршаған орта объектілерін бүлдіруге әкеп соғатын техногендік процестерден сақталуына;

13) кен орны учаскесін игеру кезінде жер қойнауын қорғау ережелерінің сақталуына ;

14) жер қойнауын пайдалану объектілерінің консервациялануы мен жойылуына;

15) жер қойнауын пайдалану және минералдық шикізатты қайта өңдеу кезінде экологиялық нормалар мен ережелердің сақталуына;

16) минералдық шикізатты өндіру мен қайта өңдеу кезінде қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі жобалық шешімдердің сақталуына;

17) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізген кезде авариялық және өзге де қауіпті жағдайлардың алдын алу жөніндегі іс-шаралардың орындалуына;

18) зиянды заттардың, радиоактивті қалдықтардың көмілуіне және ағынды сулардың жер қойнауына жіберілуіне;

19) Қазақстан Республикасының құрылықтық қайраңында қалдықтар мен басқа да материалдарды көму, консервациялау мен демонтаждау ережелерінің орындалуына;

20) су ресурстарын қорғау саласындағы экологиялық талаптардың және су сапасы нормативтерінің оның ластану бөлігінде сақталуына;

21) атмосфералық ауаны қорғаудың, оның ішінде көлік және басқа да жылжымалы құралдарды пайдалануға шығару және пайдалану кезінде стандарттарын, нормативтерін, ережелері мен өзге де талаптарын сақтауға;

22) кәсіпорындарды пайдалануға енгізгенде, өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды қоймалау және жағу кезінде атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі талаптардың сақталуына ;

23) елді мекендерді, кәсіпорындар мен басқа да объектілерді орналастыру, жобалау және салу, өндірістік процестерді жүзеге асыру және көлік құралдарын пайдалану, химиялық және өзге де заттарды қолдану кезінде жануарлар мен өсімдіктерді қорғау ережелерінің сақталуына ;

24) кәсіпорындарды, құрылыстар мен өзге де объектілерді салу, реконструкциялау,

пайдалануға енгізу мен пайдалану кезінде экологиялық талаптардың сақталуына;

25) радиоактивті және өзге де экологиялық қауіпті заттарды пайдалану, сақтау, тасымалдау, көму, кәдеге жарату немесе олармен өзгеше жұмыс істеу ережелерінің сақталуына;

26) химиялық және биологиялық заттарды қолдану, сақтау, тасымалдау жөнінде белгіленген нормалар мен ережелердің сақталуына;

27) экологиялық рұқсаттарда белгіленген шарттардың орындалуына;

28) өндіріс пен тұтыну қалдықтарын есепке алудың, кәдеге жарату мен залалсыздандырудың белгіленген нормалары мен ережелерінің сақталуына;

29) зиянды (ластағыш) заттарды шығарудың, тастаудың стационарлық көздері бар және өндіріс пен тұтыну қалдықтары пайда болатын объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарына қойылатын экологиялық талаптардың сақталуына;

30) Қазақстан Республикасының аумағындағы радиациялық жағдайға, қоршаған орта объектілерінің радиоактивті заттармен ластануын ескерту жөніндегі жобалық шешімдердің және рұқсаттардың қолданылу талаптарының орындалуына;

31) радионуклидтерді қоршаған ортаға шығару мен тастау алдында тазарту құрылыстары жұмысының технологиялық регламенттерінің сақталуына;

32) өндірістік экологиялық бақылау нормалары мен ережелерінің сақталуына;

33) міндетті экологиялық сақтандыру туралы заңнаманың сақталуына;

34) қоршаған ортаны қорғау саласындағы лицензиялық нормалар мен ережелердің сақталуына;

35) мемлекеттік экологиялық сараптаманы міндетті түрде жүргізу туралы заңнамасының сақталуына және оның талаптарының орындалуына;

36) міндетті экологиялық аудит жүргізу туралы және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша ақпарат беру ережелерінің сақталуына және ақпараттың дәйектілігіне;

37) Қазақстан Республикасының құрылықтық қайраңында теңіздегі ғылыми зерттеулерді жүргізу кезінде экологиялық талаптардың сақталуына;

38) Қазақстан Республикасының құрылықтық қайраңының минералдық және жанды ресурстарын берудің заңдылығына;

39) климатты және Жердің озон қабатын қорғау мәселелері бойынша стандарттардың, нормативтердің, ережелердің және экологиялық заңнаманың өзге талаптарының сақталуына;

40) қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау ережелерінің сақталуына бақылау жүзеге асырылады.

## **109-бап. Мемлекеттік экологиялық бақылауды ұйымдастыру**

### **1. Мемлекеттік экологиялық бақылау:**

1) қоршаған орта мен табиғи ресурстарды мемлекеттік және ведомстволық

статистикалық есепке алудың материалдарын, сондай-ақ кәсіпорындардың, табиғатты пайдаланушылардың табиғат қорғау қызметі туралы деректерін талдау;

2) табиғат пайдаланушылардың экологиялық заңнаманы сақтауы мен пайдалануына тексеру ұйымдастыру мен жүргізу;

3) экологиялық заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету үшін құқықтық құралдарды пайдалануға негізделген құқық қолдану арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік экологиялық бақылау шаралар кешенін, оның ішінде:

1) бақылаудың басымдықтарын айқындауды;

2) бақылаудың қолда бар құралдарын пайдалануды;

3) қызметтің перспективалық жоспарларын, нақты іс-шаралар мен қажетті кадрлық және материалдық ресурстарды, сондай-ақ мақсаттарға қол жеткізудегі прогресті сипаттайтын сапалық және сандық көрсеткіштерді әзірлеу мен енгізуді;

4) тексерілетін объектілер бойынша жұмыстардың жылдық және жедел жоспарларын әзірлеу мен енгізуді;

5) инспекциялық тексерулер жүргізуді;

6) талдама бақылаудың деректерін және бақылау функцияларын орындау үшін қажетті өзге де ақпаратты жинауды, талдау мен пайдалануды;

7) бақылау қызметін нақты және толық есепке алуды, мемлекеттік экологиялық бақылау қызметінің перспективалық, жылдық және жедел жоспарларын іске асыруды қ ұ ж а т т а м а л а у мен т а л д а у д ы ;

8) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган қызметінің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз етуді қамтиды.

### **110-бап. Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар**

1. Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға: лауазымы бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімшесінің басшысы болып табылатын Қазақстан Республикасының бас мемлекеттік экологиялық инспекторы;

лауазымы бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімшесі басшысының орынбасары болып табылатын Қазақстан Республикасының бас мемлекеттік экологиялық инспекторының о р ы н б а с а р ы ;

лауазымы бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімшесінің басқармалары мен бөлімдерінің бастықтары және бастықтардың орынбасарлары болып табылатын Қазақстан Республикасының аға мемлекеттік экологиялық инспекторлары;

лауазымы бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімшесінің бас және жетекші мамандары болып табылатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік экологиялық инспекторлары;

лауазымы бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) қоршаған ортаны қорғау саласындағы аумақтық органдары бастықтарының орынбасарлары болып табылатын облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) бас мемлекеттік экологиялық инспекторлары;

лауазымы бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) қоршаған ортаны қорғау саласындағы аумақтық органдарының мемлекеттік бақылау бөлімдерінің бастықтары болып табылатын облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аға мемлекеттік экологиялық инспекторлары;

лауазымы бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) қоршаған ортаны қорғау саласындағы аумақтық органдарының мемлекеттік бақылау бөлімдерінің бас және жетекші мамандары болып табылатын облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) мемлекеттік экологиялық инспекторлары ;

аудандардың және облыстық бағыныстағы қалалардың мемлекеттік экологиялық инспекторлары жатады .

2. Мемлекеттік экологиялық инспекторлар белгіленген тәртіппен нысанды киім-кешекпен, қызметтік куәліктермен, омырау белгілермен және белгіленген үлгідегі мөрлермен және пломбирлермен қамтамасыз етіледі.

3. Мемлекеттік экологиялық инспекторлар қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттің қорғауында болады. Олардың қызметтік міндеттерін орындауына кедергі келтіретін іс-әрекеттер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады .

4. Мемлекеттік экологиялық бақылауды ұйымдастыру мен жүзеге асыру процесіне қандай да бір лауазымды адамның немесе органның араласуына жол берілмейді.

5. Мемлекеттік экологиялық инспекторлардың өз құзыреттері шегінде шығарылған шешімдері орындалуға міндетті және оларға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен шағым жасауға болады.

### **111-бап. Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың құқықтары**

1. Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар:

1) табиғат пайдаланушылармен және жұртшылықпен өзара іс-қимыл жасасуға және жұртшылықтың экологиялық бақылау жүйесіне қатысуын қамтамасыз етуге;

2) табиғат пайдаланушылардың экологиялық талаптарды ерікті түрде сақтауына жәрдемдесу құралдарын енгізу мен пайдалануға;

3) тексерілетін объектілерге, оның ішінде әскери және қорғаныс объектілеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кедергісіз кіруге ( осы Кодексте және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған шарттарды орындаған кезде );

4) заңды және жеке тұлғалардың аумақтарына сынамалар алуға арналған өлшеу

аспаптары мен жабдықтарды алып кіруге, қажет болғанда аудармашыларды және жұртшылық өкілдерін тартуға;

5) қажетті өлшеу жұмыстарын жүргізуге, сынамалар (оның ішінде тауарлар мен материалдардың үлгілерін) алуға және соларға талдау жасауға;

6) мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыруға қажетті құжаттаманы, талдамалардың нәтижелерін және өзге де материалдарды сұратуға және тегін алуға;

7) заңнамада белгіленген тәртіппен қызметті жүзеге асыруға лицензияларды қайтарып алуға және (немесе) табиғи ресурстарды пайдалануға шартты (келісім-шартты) бұзуға және (немесе) табиғат пайдаланушының экологиялық нормалар мен талаптарды қоршаған ортаға және (немесе) халықтың денсаулығына залал келтірген өрескел бұзуының нәтижесінде табиғат пайдалануға берілген экологиялық және өзге де рұқсаттарды қайтарып алуға бастамашы болуға;

8) көлік құралдарын, оның ішінде жер бетінде жүретін, өзенде және теңізде жүк тасымалдайтын көлік құралдарын тоқтатуға және тексеріп қарауға;

9) заңды және жеке тұлғаларға экологиялық құқық бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар шығаруға;

10) соттарға Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы бұзыла отырып жүзеге асырылатын шаруашылық және өзге де қызметті шектеу және тоқтата тұру туралы арыздар енгізуге;

11) қоршаған ортаны қорғау саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді заңнамада белгіленген тәртіппен қарауға, кінәлілерді әкімшілік немесе қылмыстық жауапқа тарту туралы материалдарды тиісті органдарға жіберуге;

12) экологиялық заңнаманы бұзу нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілген залал мөлшерін анықтауға (анықтауға қатысуға) және соның негізінде кінәлі адамдардан осы залалды ерікті түрде өтеу туралы талап етуге не сотқа талап қоюға;

13) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзушылардың іс-әрекеттерін болғызбау немесе олардың жолын кесу үшін ішкі істер, прокуратура және ұлттық қауіпсіздік органдарына жүгінуге;

14) мердігер барлау, өндіру, бірлескен барлау мен өндіру жүргізуді не барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жер асты құрылыстарын салуды және (немесе) пайдалануды тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға әкеп соққан себептерді жоюдан бас тартқан кезде не осы себептерді жою үшін жеткілікті мерзімде оларды жоймаған кезде; жер қойнауын пайдаланушы экологиялық заңнамада көзделген шараларды қабылдамаған кезде; жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтата тұруға әкеп соғатын себептерді жою мүмкін болмаған кезде; мердігер келісім-шартта белгіленген міндеттерді не бағдарламалық жұмыстарды елеулі түрде бұзған кезде құзыретті органға жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісім-шарттың қолданылуын тоқтату туралы ұсыныс енгізуге құқылы.



2. Шағын кәсіпкерлік субъектісінің экологиялық талаптарды бұза отырып жүзеге асырылатын шаруашылық және өзге де қызметіне тыйым салу немесе оны тоқтата тұру сот шешімі негізінде жүргізіледі.

3. Шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне сот шешімінсіз тыйым салуға немесе оны тоқтата тұруға жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға міндетті түрде жазбаша хабарлай отырып, ерекше жағдайларда талап арызды үш күннен аспайтын мерзімде сотқа табыс ету міндеттеліп, аталған мерзімге рұқсат етіледі. Бұл орайда қызметке тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы акт сот шешімі шыққанға дейін қолданылады.

4. Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын адамдардың заңнамада көзделген жағдайларда арнаулы құралдарды сақтауға, алып жүруге және қолдануға құқығы бар.

### **112-бап. Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың міндеттері**

Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар:

- 1) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыруға;
- 2) өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде заңнама талаптарын сақтауға;
- 3) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзудың қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері бар барлық фактілері туралы құқық қорғау органдарына хабарлауға;
- 4) экологиялық заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету мәселелері бойынша басқа мемлекеттік органдармен, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасасуға;
- 5) инспекторлық ақпарат құпиялылығын сақтауға;
- б) қызметтік әдеп ережелерін сақтауға міндетті.

### **14-тарау. Инспекторлық экологиялық тексерулер**

#### **113-бап. Инспекторлық экологиялық тексеру ұғымы, оның түрлері және оларды ұйымдастыру**

1. Инспекторлық экологиялық тексеру - табиғат пайдаланушылардың экологиялық заңнаманы сақтауы туралы ақпаратты жинау мен талдау жүзеге асырылатын іс-шаралар кешені.

2. Инспекторлық экологиялық тексеру мынадай түрлерге бөлінеді:

1) жоспарлы - қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жоспарлаған және алдыңғы тексерулерге қатысты осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген уақыт аралығы ескеріліп жүргізілетін тексеру;

2) жоспардан тыс - төтенше экологиялық жағдайларға жедел ден қою, экологиялық заңнаманы бұзушылықты тікелей анықтау қажеттігі не бұл туралы ақпарат түскен,

сондай-ақ объектілер пайдалануға берілген және одан шығарылған, өндіріс технологиясына елеулі өзгерістер болған, жоспарлы тексеру нәтижесінде анықталған кемшіліктерді жою туралы нұсқамалардың орындалуын бақылау жағдайларында қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейтін тексеру;

3) қарсы - тексеру жүргізу кезінде үшінші тұлғаларға қатысты қосымша ақпарат алу қажеттігі туындаған жағдайда осы тұлғаларға қатысты жүргізілетін тексеру;

4) рейдтік - қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды қорғау саласындағы жекелеген нормативтік-құқықтық талаптарды сақтау мәселелері бойынша бірнеше шаруашылық жүргізуші субъектіні бір мезгілде тексеру;

5) кешенді - экологиялық бақылау саласындағы уәкілетті орган қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы реттеу, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын басқа мемлекеттік органдармен бірлесе отырып жүргізетін тексеру.

3. Осы Кодексте белгіленгендерден басқа инспекторлық экологиялық тексерулердің өзге түрлерін жүргізуге тыйым салынады.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, инспекторлық экологиялық тексеруді жүргізу табиғат пайдаланушының қызметін тоқтата тұрмауға тиіс.

5. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган осы Кодексте көзделген тәртіппен заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерін бөлек тексеруге құқылы.

6. Инспекторлық экологиялық тексерулерді ұйымдастыру:

1) уәкілетті орган басшысының тексеруді жүзеге асыру жөніндегі міндеттер мен мәселелер тізбесін қамтитын тексерудің жұмыс жоспарын белгіленген тәртіппен жасауы мен бекітуін;

2) қоршаған ортаның авариялық ластануы кезінде дереу инспекциялық ден қою қажеттігі жағдайларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құқықтық статистика мен арнайы есепке алулар саласындағы статистикалық қызметті өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік органда (бұдан әрі - құқықтық статистика жөніндегі орган) тексеруді белгіленген тәртіппен тіркеуді;

3) қоршаған ортадағы зиянды (ластаушы) заттардың сапалық және сандық құрамын, сондай-ақ қоршаған ортаға зиянды физикалық әсер етуді айқындаудың техникалық құралдарын дайындау мен қолдануды қамтиды.

7. Табиғат пайдаланушы өзі уәкілеттік берген өкілдің тексеруге қатысуын қамтамасыз етуге және тексерудің тиімді жүргізілуіне жағдай жасауға міндетті. Табиғат пайдаланушы мемлекеттік экологиялық инспекторларға қауіпсіздік техникасы бойынша қажетті нұсқама беруді жүргізуге және оларды жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етуге міндетті.

## **114-бап. Инспекторлық экологиялық тексерулер жүргізудің кезеңділігі мен мерзімдері**

1. Жоспарлы инспекторлық экологиялық тексерулер жоспардан тыс тексерулер жүргізу жағдайларын қоспағанда, жылына бір реттен жиі болмайтындай етіп жү р г і з і л е д і .

2. Инспекторлық экологиялық тексерулер жүргізудің берілген нұсқамада көрсетілген мерзімі, жеке кәсіпкер субъектілеріне осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, нұсқаманы тапсырған кезден бастап отыз жұмыс күнінен а с п а у ғ а т и і с .

3. Ерекше күрделі мәселелерді тексеру кезінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган инспекторлық экологиялық тексерулер жүргізу мерзімін өз құзыретінің шегінде құқықтық статистика және арнаулы есепке алу саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органмен (бұдан әрі - құқықтық статистика жөніндегі орган) келісе отырып, құрылымдық бөлімшелері жоқ заңды тұлға үшін елу күнтізбелік күніне дейін және құрылымдық бөлімшелері бар заңды тұлға үшін сексен күнтізбелік күніне дейін ұзарта алады. Ерекше күрделі мәселелер қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның табиғат пайдаланушыға тапсырылатын ж а з б а ш а ш е ш і м і м е н р а с т а л а д ы .

4. Инспекторлық экологиялық тексерулер жүргізу мерзімі қоршаған ортаны қорғау органдарының ақпарат беру туралы сұраулар жіберілген жағдайда ол бойынша мәліметтер алған кезге дейін тоқтатыла тұрады.

## **115-бап. Инспекторлық экологиялық тексерулер жүргізудің тәртібі**

1. Тексеру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құқықтық статистика органында міндетті түрде тіркелген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның тексеру тағайындау туралы актісінің (бұдан әрі - тексеру тағайындау туралы акт) негізінде жүргізіледі.

2. Тексеруді тағайындау туралы актіде мынадай мәліметтер:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның атауы, тексеруді тағайындау жөніндегі өкілеттігі бар адамның тегі, аты-жөні және атқаратын лауазымы ж ә н е о н ы ң қ о л ы ;

2) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның журналы бойынша тексеруді тағайындау туралы актінің тіркелген күні мен нөмірі;

3) тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адамдардың тегі мен аты-жөні;

4) шаруашылық субъектісінің толық атауы, орналасқан жері және салық төлеушінің тіркеу нөмірі (бұдан әрі - СТТН);

5) тексерудің түрі;

6) тексеру мәселесі;

7) тексеру жүргізу мерзімі;

8) тексеруді тағайындаудың негізі қамтылуға тиіс.

3. Тексеру қоғамдық тәртіпке, халықтың денсаулығына және Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне төнген қатерді дереу жоюды талап ететін қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайдан туындаған ерекше жағдайларда, тексеру жұмыстан тыс уақытта (түнгі уақытта, демалыс немесе мереке күндері) жүргізілген кезде, сондай-ақ бұзушылықтар солар жасалып жатқан кезде анықталған жағдайларда және дәлелдемелерді бекіту үшін шұғыл әрекеттер жүргізу қажет болғанда тексеруді тағайындау туралы акт құқықтық статистика органына тексеру жүргізу басталғаннан кейінгі келесі жұмыс күні ішінде ұсынылады.

4. Тексерілетін объектіге келген мемлекеттік экологиялық инспектор:

1) қоршаған ортаның авариялық ластануына жедел инспекциялық назар аудару жағдайларын қоспағанда, құқықтық статистика жөніндегі органда тіркеу туралы белгі қойылған тексеруді тағайындау туралы актіні;

2) қызметтік куәлігін;

3) қажет болғанда, режимді объектілерге баруға құзыретті органның рұқсатын;

4) уәкілетті органның басшысы бекіткен тексеру жоспарын көрсетуге міндетті.

5. Тексеруді тағайындау туралы актіні тексерілетін табиғат пайдаланушыға берген сәттен бастап тексеру жүргізу басталды деп есептеледі.

6. Тексеруді тағайындау туралы актіні қабылдаудан бас тартқан немесе тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік экологиялық инспекторлардың тексеру жүргізуге қажетті материалдарға қол жеткізуіне кедергі келтірілген жағдайда хаттама жасалады. Хаттамаға тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік экологиялық инспектор және тексерілетін табиғат пайдаланушының уәкілетті адамы қол қояды.

7. Тексерілетін табиғат пайдаланушының уәкілетті адамы бас тарту себебі туралы жазбаша түсініктеме беріп, хаттамаға қол қоюдан бас тартуға құқылы. Тексеруді тағайындау туралы актіні алудан бас тарту тексеру жүргізбеуге негіз болып табылмайды.

8. Тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетілген лауазымды адам (адамдар) ғана тексеру жүргізеді.

9. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы аумақтық органдар тексеру жүргізген табиғат пайдаланушылар көрсетілген органдардың қызметін тексеру шеңберінде қайта тексерілуі мүмкін.

10. Тексеруді тағайындау туралы бір актінің негізінде бір ғана тексеру жүргізіледі.

11. Тексеруді тағайындау туралы акті тек бір ғана табиғат пайдаланушыға (құрылымдық бөлімшеге) рәсімделеді.

12. Зерттеулер (сынақтар), сараптамалар жүргізу үшін өнімнің (сынамалардың) үлгілерін іріктеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

13. Түпнұсқа құжаттарды алып қою Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

## **116-бап. Мемлекеттік экологиялық инспекторлардың инспекторлық экологиялық тексеру жүргізу үшін аумаққа немесе үй-жайға кіруі**

1. Табиғат пайдаланушы инспекторлық экологиялық бақылау саласындағы уәкілетті органның экологиялық тексеру жүргізетін лауазымды адамдарын шаруашылық және өзге де қызмет процесінде пайдаланылатын аумаққа немесе үй-жайға (тұрғын үй-жайдан басқа) не шаруашылық және өзге де қызмет процесіне байланысты объектілерге тексеру үшін кірзізуге міндетті.

2. Инспекторлық экологиялық тексеру жүргізетін мемлекеттік экологиялық инспекторлардың аталған аумаққа кіруіне кедергі келтірілген жағдайда хаттама ж а с а л а д ы .

3. Хаттамаға инспекторлық экологиялық тексеру жүргізетін мемлекеттік экологиялық инспекторлар және табиғат пайдаланушы қол қояды. Табиғат пайдаланушы аталған хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда, бұл туралы хаттамаға белгі қойылады және табиғат пайдаланушы бас тарту себептері туралы жазбаша түсініктеме беруге міндетті.

4. Егер табиғат пайдаланушының аумағына немесе үй-жайына кіру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес арнайы рұқсаттама қажет болса, мемлекеттік экологиялық инспекторларда арнайы рұқсаттамалар болуға тиіс.

5. Табиғат пайдаланушы :

- 1) нұсқама белгіленген тәртіппен ресімделмеген;
- 2) нұсқамада көрсетілген тексеру мерзімі басталмаған немесе бітіп кеткен;
- 3) нұсқамада бұл тұлғалар көрсетілмеген жағдайда, мемлекеттік экологиялық инспекторларды инспекторлық экологиялық тексеру жүргізу үшін аумаққа немесе үй-жайға кіргізбеуге құқығы бар.

## **117-бап. Инспекторлық экологиялық тексерудің нәтижелері**

1. Мемлекеттік экологиялық инспекторлар тексерулер нәтижесі бойынша мынадай а к т і л е р :

- 1) экологиялық заңнаманы сақтау жөніндегі актіні-нұсқаманы;
- 2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы;
- 3) әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны шығарады.

2. Акт-нұсқамалар қатаң есептегі құжаттар болып табылады және барлық шаруашылық жүргізетін субъектілер үшін орындауға міндетті.

3. А к т - н ұ с қ а м а л а р :

- 1) инспекторлық экологиялық тексеру жүргізу орны, актінің жасалған күні;
- 2) тексерудің түрі;
- 3) экологиялық бақылау саласындағы уәкілетті органның тексеру жүргізген лауазымды адамдарының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты;
- 4) табиғат пайдаланушының тегі, аты, әкесінің аты не толық атауы;

5) табиғат пайдаланушының орналасқан жері, банктік реквизиттері, сондай-ақ оның тіркелу нөмірі ;

6) табиғат пайдаланушының экологиялық заңнаманың сақталуына және қоршаған ортаға эмиссияларды және табиғи ресурстарды есепке алу жөніндегі есептілікті жүргізуге жауапты басшысының және лауазымды адамдарының тегі, аты, әкесінің аты;

7) алдыңғы тексерулер мен бұрын анықталған Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзушылықтарды жою жөнінде қолданылған шаралар туралы мәліметтер ;

8) тиісті құқықтық нормаларға сілтеме жасай отырып, анықталған экологиялық заңнаманы бұзушылықтар ;

9) экологиялық заңнаманы бұзушылықтардың мерзімдері белгілене отырып, оларды жою туралы нұсқамалар көрсетіліп жасалады.

4. Табиғат пайдаланушыға акт-нұсқаманы тапсырған күн инспекторлық экологиялық тексеру мерзімінің аяқталуы деп есептеледі.

5. Экологиялық заңнаманың бұзылғандығы анықталмаған жағдайда, бұл туралы инспекторлық экологиялық тексерудің акт-нұсқамасына тиісті белгі қойылады.

6. Акт-нұсқамаға құжаттардың көшірмелері, талдамалық өлшемдердің деректері және инспекторлық экологиялық тексеру барысында алынған басқа да материалдар қоса тіркеледі .

7. Акт-нұсқама екі данада жасалып, оған инспекторлық экологиялық тексерудің барлық қатысушылары және табиғат пайдаланушының өкілетті өкілі қол қояды. Табиғат пайдаланушының өкілі актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, бұл туралы акт-нұсқамада белгі қойылады .

8. Тексеру нәтижелері бойынша ескертулер және (немесе) наразылықтар болған жағдайда табиғат пайдаланушының басшысы немесе солардың өкілдері оларды жазбаша түрде жазып көрсетеді. Ескертулер және (немесе) наразылықтар акт-нұсқамаға қоса тіркеледі, ол жөнінде тиісті белгі қойылады.

9. Акт-нұсқаманың бір данасы алғаны туралы белгі қойылып, табиғат пайдаланушыға тапсырылады. Табиғат пайдаланушы акт-нұсқаманы алудан бас тартқан жағдайда, оған табыс етілгені туралы хабар беру арқылы акт-нұсқама жіберіледі .

10. Акт-нұсқама арнайы тіркеу журналында тіркеледі, ол нөмірленуге, тігілуге және оған қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мөрі басылуға тиіс.

### **118-бап. Инспекторлық экологиялық тексеру нәтижелерін ресімдеудің тәртібі**

1. Қоршаған ортаны қорғау органы инспекторлық экологиялық тексеру аяқталғаннан кейін тексеру актісінде көрсетілген нәтижелер негізінде анықталған бұзушылықтар, есептелген айыппұлдар және талаптар туралы қаулы шығарып, ол инспекторлық экологиялық тексеру аяқталғаннан кейінгі бір ай мерзімде табиғат

пайдаланушыға жіберіледі.

2. Қоршаған ортаны қорғау органы есептелген айыппұлдар және талаптар туралы қаулыларды бір нөмірмен тіркеуді жүзеге асырады.

3. Есептелген айыппұлдар және талаптар туралы қаулыларда мынадай деректемелер мен мәліметтер:

1) инспекторлық экологиялық тексеру қаулысын және актісін тіркеу күні және нөмірі;

2) табиғат пайдаланушының тегі, аты, әкесінің аты не толық атауы;

3) табиғат пайдаланушының тіркеу нөмірі және табиғат пайдаланушының есепке алу нөмірі;

4) есептелген айыппұлдардың мөлшері;

5) төлеу туралы талап және төлеу мерзімдері;

6) шағым жасау мерзімдері мен орны қамтылуға тиіс.

4. Есептелген айыппұлдар және талаптар туралы қаулыны алған табиғат пайдаланушы, егер ол инспекторлық экологиялық тексерудің нәтижелеріне шағым жасамаса, оны қаулыда белгіленген мерзімдерде орындауға міндетті.

5. Егер инспекторлық экологиялық тексерудің аяғына дейін экологиялық заңнаманы бұзушылық анықталмаса, мұндай тексерудің нәтижелері бойынша қаулы шығарылмайды.

6. Шаруашылық жүргізуші субъектінің басшысы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға заңнаманы бұзушылықтарды жою жөніндегі нұсқаманың орындалуы туралы ақпаратты нұсқаманы орындау мерзімі аяқталған соң жеті күннен кешіктірмей беруге тиіс.

### **119-бап. Инспекторлық экологиялық тексерудің қосалқы құралдары**

1. Талдамалық және камералық бақылау инспекторлық экологиялық тексерудің қосалқы құралдары болып табылады.

2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның құрамына кіретін зертхананың инспекторлық экологиялық тексерудің толық болуы мен шынайылығын қамтамасыз ету мақсатында табиғи объектілерде және ластау көздерінде тікелей талдамалық бақылау жүзеге асырылады.

3. Талдамалық бақылау нәтижелері қоршаған орта сапасының нормативтерін сақтауын айқындап, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын сақтамауды негіздеу үшін пайдаланылады.

4. Талдамалық бақылауды табиғат пайдалану объектісінің санитариялық-қорғаныш аймағынан тыс жерлерде жүзеге асыру үшін сынамалар іріктеу кез келген уақытта инспекторлық экологиялық тексеру ретінде тіркеусіз жүзеге асырылуы мүмкін және ол қоршаған орта сапасының нормативтерін асыру фактілері бойынша тексеру тағайындау туралы актіні ресімдеуге негіз болып табылады.

5. Камералық бақылау қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган тікелей орналасқан жер бойынша табиғат пайдаланушы табыс еткен есептілік пен басқа да құжаттарды зерттеу және талдау негізінде жүзеге асырылады.

6. Табиғат пайдаланушының есептілігінде және басқа да құжаттарында қамтылған мәліметтер арасында қателіктер мен қайшылықтардың анықталуы тексеру тағайындау туралы актіні ресімдеуге негіз болып табылады.

### **120-бап. Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасау тәртібі**

1. Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

2. Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен шағым жасалады.

### **121-бап. Инспекторлық ақпарат құпиялығы**

1. Табиғат пайдаланушыға қатысты құпия ақпарат табиғат пайдаланушының жазбаша рұқсатынсыз басқа тұлғаға берілмейді. Ақпараттың құпиялығы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық келісімдермен айқындалады.

2. Мемлекеттік экологиялық инспекторлар өз құжаттамасының және ақпараттың құпиялығын қамтамасыз етеді. Оларға өзі болмаған кезде табиғат пайдаланушының үй-жайларында құпия құжаттарды қалдыруға, табиғат пайдаланушының қызметкерлері болғанда немесе телефон арқылы құпия мәселелерді талқылауға тыйым салынады.

3. Мемлекеттік экологиялық инспекторлардың тексерілетін объектіде экологиялық заңнаманың сақталуы туралы ақпаратты бұзушылықтардың болуы туралы соңғы әкімшілік немесе сот шешімі қабылданғанға дейін жария етуге құқығы жоқ.

4. Инспекторлық құпияны құрайтын мәліметтерді қамтитын құжаттарды жоғалту не мұндай мәліметтерді жария ету Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

## **15-тарау. Өндірістік экологиялық бақылау**

### **122-бап. Өндірістік экологиялық бақылауды тағайындау және оның мақсаттары**

1. Арнайы табиғат пайдалануды жүзеге асыратын барлық заңды және жеке тұлғалар өндірістік экологиялық бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

2. Өндірістік экологиялық бақылау мына мақсаттарға:

1) қоршаған ортаға нақты әсер ететін өндірістік процестерді реттеу саясатына, нысаналы көрсеткіштеріне және құралдарына қатысты шешімдер қабылдау үшін ақпарат алуға ;



- 2) экологиялық заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;
- 3) өндірістік процестердің қоршаған ортаға және адам денсаулығына әсерін табиғат пайдаланушылардың ең төменгі мөлшерге жеткізуіне;
- 4) табиғи және энергетикалық ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға;
- 5) штаттан тыс жағдайларға неғұрлым жедел алдын орап назар аударуға;
- 6) компаниялар басшылығы мен персоналдарының неғұрлым жоғары экологиялық ақпараттану және жауаптылық деңгейін қалыптастыруға;
- 7) жұртшылықты кәсіпорындардың экологиялық қызметі нәтижелері және халықтың денсаулығы үшін тәуекелдер туралы хабардар етуге;
- 8) экологиялық талаптарға сәйкестік деңгейін арттыруға;
- 9) қоршаған ортаны басқару жүйесінің өндірістік және экологиялық тиімділігін арттыруға ;
- 10) инвестициялау және кредит беру кезінде экологиялық тәуекелдерді есепке алуға қол жеткізуге қызмет етеді.

### **123-бап. Өндірістік экологиялық бақылауды жүргізу тәртібі**

1. Өндірістік экологиялық бақылауды табиғат пайдаланушылар әзірлеген және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген өндірістік экологиялық бағдарламалар негізінде табиғат пайдаланушы жүзеге асырады.
2. Өндірістік экологиялық бақылауды міндетті түрде жүргізу туралы талап экологиялық рұқсаттың шарттарына енгізіледі.
3. Өндірістік экологиялық бағдарламада өнеркәсіптік экологиялық бақылау процесінде көрінетін міндетті параметрлер тізбесі, оның мерзімділігін, ұзақтығы мен өлшем жиілігін анықтау өлшемдері, пайдаланылатын аспаптық немесе есептік әдістер белгіленеді .
4. Өндірістік экологиялық бақылау шеңберінде қалдықтардың және басқа да зиянды өндірістік факторлардың шығарылу, тасталу, пайда болу деңгейіне ұдайы бақылау жүргізу, сондай-ақ табиғи, энергетикалық және басқа да ресурстарды тұтыну деңгейін бақылау жолымен өндірістік процестің тиімділігін эксперименттік (өлшеулер негізінде) және/немесе жанама (есептеулер негізінде) экологиялық бағалау жүзеге асырылады.
5. Қоршаған ортаның өндірістік мониторингі Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен аттестатталған және/немесе аккредиттелген өндірістік немесе тәуелсіз зертханаларда жүзеге асырылады.

### **124-бап. Табиғат пайдаланушының өндірістік экологиялық бақылау жүргізу кезіндегі құқықтары мен міндеттері**

1. Өндірістік бақылау жүргізу кезінде табиғат пайдаланушының:
  - 1) өндірістік экологиялық бақылауды қоршаған ортаны қорғау жөнінде белгіленген

нормативтік талаптарды бақылау үшін ең аз қажет көлемде жүзеге асыруға;

2) өндірістік экологиялық бағдарламаны техникалық және қаржылық мүмкіндіктерді ескере отырып әзірлеуге;

3) өндірістік экологиялық бақылау жүргізуге персоналдың ішкі жауаптылығының ұйымдық және функционалдық құрылымын дербес анықтауға;

4) ерікті негізде өндірістік экологиялық бақылаудың кеңейтілген бағдарламасын жүргізуге қ ұ қ ы ғ ы б а р .

2. Өндірістік бақылау жүргізу кезінде табиғат пайдаланушылар:

1) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасын әзірлеуге және оны қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісуге;

2) өндірістік экологиялық бағдарлама талаптарын іске асыруға және нәтижелерді қ ұ ж а т қ а т ү с і р у г е ;

3) рәсімдік талаптарды ұстануға және алынған деректердің сапасын қамтамасыз е т у г е ;

4) өндірістік экологиялық бақылаудың нәтижелерін жүйелі түрде бағалауға және анықталған экологиялық заңнама талаптарына сәйкессіздіктерді жою жөнінде қажетті ш а р а л а р қ а б ы л д а у ғ а ;

5) өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері жөніндегі есептілікті белгіленген т ә р т і п п е н т а б ы с е т у г е ;

6) өндірістік экологиялық бақылау процесінде анықталған рұқсат талаптарын бұзу фактілері туралы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті органға дереу хабарлауға ;

7) техника қауіпсіздігін сақтауға;

8) жүзеге асырылған өндірістік экологиялық бақылаудың сапасы мен объективтілігін растау үшін мемлекеттік инспекторлардың бастапқы ақпараты қол жеткізуін және объектіге кіруін қамтамасыз етуге;

9) жұртшылықтың өндірістік экологиялық бағдарламаларға жаңа өндірістік экологиялық бақылау жөніндегі есептік деректерге қол жеткізуі қамтамасыз етуге міндетті.

### **125-бап. Өндірістік экологиялық бағдарламасын әзірлеуге қойылатын талаптар**

1. Өндірістік экологиялық бағдарламаны табиғат пайдаланушы дербес табиғатты қорғауды жобалау, нормалау жөніндегі қызметке және экологиялық сараптама саласындағы жұмыстарға лицензиясы бар заңды және жеке тұлғаларды тарта отырып ә з і р л е й д і .

2. Өндірістік экологиялық бағдарламасында мынадай ақпарат:

1) өндірістік мониторинг процесінде байқалатын міндетті параметрлер тізбесі;

2) өндірістік мониторинг пен өлшеулерді жүзеге асыру кезеңі, ұзақтылығы мен ж и і л і г і ;

- 3) өндірістік мониторингті жүргізудің пайдаланылатын әдістері (эксперименттік және/немесе жанама) туралы мәліметтер;
- 4) сынамаларды іріктеу нүктесі және өлшеулер жүргізу орны;
- 5) деректерді есепке алуды жүргізудің, талдаудың және хабарлаудың әдістері мен жиілігі;
- 6) ішкі тексерулердің жоспар-кестесі және экологиялық заңнаманы бұзушылықтарды жою рәсімі (олардың сақталмауына ден қоюдың ішкі инструменттерін қоса алғанда);
- 7) аккредиттеу мен сертификаттау туралы түбегейлі мәліметтерді қоса алғанда, сапаны қамтамасыз ету мен бақылау тетіктері;
- 8) штаттан тыс жағдайлардағы іс-әрекет хаттамасы;
- 9) өндірістік экологиялық бақылауды жүргізу үшін персоналдың ішкі жауапкершілігінің ұйымдастырушылық және функционалдық құрылымы;
- 10) өндірістік экологиялық бақылауды ұйымдастыру мен жүргізу мәселелері көрініс табатын өзге де мәліметтер қамтылуға тиіс.

### **126-бап. Өндірістік мониторингтің түрлері мен оны жүргізуді ұйымдастыру**

1. Мониторинг өндірістік экологиялық бақылаудың объективті деректерді белгіленген кезеңділікпен алу үшін және ресми түрде қабылданған рәсімдерге сәйкес орындалатын элементі.
2. Өндірістік экологиялық бақылау шеңберінде операциялық мониторингті, эмиссиялар мониторингін, өндіріс қалдықтарының мониторингін және әсер ету мониторингін қамтитын өндірістік мониторинг орындалады.
3. Операциялық мониторинг (өндірістік процесс мониторингі) кәсіпорынның қызмет көрсеткіштері оны тиісті жобалық пайдалану және кешенді рұқсаттар талаптарын сақтау үшін орынды деп есептелетін диапазонда тұрғанын растау үшін технологиялық процестің параметрлерін қадағалауды қамтиды. Операциялық мониторингтің мазмұнын табиғат пайдаланушы айқындайды.
4. Эмиссиялар мониторингі өндірістік жоғалтуларды, эмиссиялардың саны мен сапасын және олардың өзгеруін қадағалау үшін эмиссиялардың шығу көзінде бақылаудан тұрады.
5. Әсер ету мониторингін жүргізуді өндірістік экологиялық бағдарламаға ол қажет болғанда және бұл экологиялық заңнаманың және қоршаған ортаны қорғау нормативтерінің сақталуын қадағалау үшін мақсатқа сай болған жағдайларда енгізіледі.

#### **6. Әсер ету мониторингі мынадай жағдайларда:**

- 1) табиғат пайдаланушының қызметі сезімтал экожүйеге және халық денсаулығына әсер ететін болса;
- 2) технологиялық объектілерді пайдалануға беру кезеңінде;

3) қоршаған ортаға авариялық эмиссиялардан кейін міндетті болып табылады.

7. Әсер ету мониторингін табиғат пайдаланушы дербес, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша көршілес табиғат пайдаланушылармен теңдес негізде жүзеге асыруы мүмкін.

8. Әсер ету мониторингі шеңберінде өлшеулер жүргізу мен нәтижелерін талдауды табиғат пайдаланушы өзі не заңды және жеке тұлғалармен шарт бойынша жүзеге асырады.

9. Өндірістік мониторингтің деректері Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін жүргізу аясында қоршаған ортаның жай-күйін бағалау үшін пайдаланылады.

### **127-бап. Климат пен Жердің озон қабатын қорғауға өндірістік бақылау жасау**

1. Парник газдары мен атмосфераға шығаруы реттелетін заттардың көздері бар заңды тұлғалар климат пен Жердің озон қабатын қорғауға өндірістік бақылауды жүзеге асырады.

2. Экологиялық қызметті ұйымдастыру туралы және климат пен Жердің озон қабатына өндірістік бақылау жасауға жауапты адамдар туралы мәліметтерді, сондай-ақ климат пен Жердің озон қабатына өндірістік бақылау нәтижелері қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға табыс етіледі.

### **128-бап. Өндірістік экологиялық бақылау бойынша есеп пен есептілік**

1. Табиғат пайдаланушы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес ішкі есепті жүргізеді, өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша кезеңдік есептерді қалыптастырып, ұсынады.

2. Мемлекеттік экологиялық инспекторлардың талабы бойынша табиғат пайдаланушы мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыруға қажетті құжаттаманы, талдау нәтижелерін және өзге материалдарды ұсынуға міндетті.

### **129-бап. Табиғат пайдаланушының ішкі тексерулерді ұйымдастыруы**

1. Табиғат пайдаланушы экологиялық заңнаманың сақталуын тұрақты ішкі тексеру және өндірістік бақылау нәтижелерін экологиялық және өзге де рұқсаттардың шарттарымен салыстыру жөніндегі шараларды жүзеге асырады.

2. Ішкі тексерулерді еңбек міндеттеріне табиғатты пайдаланушы қоршаған ортаны қорғау мәселелері және өндірістік экологиялық бақылау жөніндегі функцияларды енгізген тұлға (тұлғалар тобы) жүргізеді.

3. Ішкі тексерулер барысында:

1) өндірістік экологиялық бағдарламада көзделген іс-шаралардың орындалуы;

2) қоршаған ортаны қорғауға жататын өндірістік нұсқаулықтар мен ережелерді

ұстану ;

3) экологиялық және өзге де рұқсаттар талаптарын орындау;  
4) өндірістік экологиялық бақылаудың нәтижелері бойынша есеп пен есептілікті жүргізудің дұрыстығы;

5) өндірістік экологиялық бақылауды ұйымдастыру мен жүргізу мәселелері көрініс табатын өзге де мәліметтер бақыланады.

4. Ішкі тексеруді жүзеге асыратын тұлға (тұлғалар тобы):

- 1) алдыңғы ішкі тексеру туралы есепті қарауға;
- 2) қоршаған ортаға эмиссия жүзеге асырылатын әрбір учаскені қарап тексеруге;
- 3) өз басшысының атына тексеру барысында анықталған сәйкессіздіктерді түзету жөніндегі түзеу шараларын жүргізу туралы талаптарды, оларды жою мерзімдері мен тәртібін қамтитын жазбаша есеп жасауға міндетті.

### **130-бап. Өндірістік экологиялық бақылауды ұйымдастыру мен жүргізуді ынталандыру жөніндегі шаралар**

Инспекторлық экологиялық тексерулер нәтижесінде экологиялық заңнаманың сақталуын, өндірістік экологиялық бағдарламалардың орындалуын, есептік деректердің сапасы мен толықтығын үш жыл бойы сақталғанын растаған табиғат пайдаланушыларға қатысты инспекторлық экологиялық тексерулер авариялық және төтенше экологиялық жағдайларды қоспағанда, үш жылда бір рет жүзеге асырылады.

### **16-тарау. Қоғамдық экологиялық бақылау**

#### **131-бап. Қоғамдық экологиялық бақылаудың мақсаттары**

Қоғамдық экологиялық бақылау қалың жұртшылықты елдің экологиялық проблемаларына тарту мақсатында жүргізіледі.

#### **132-бап. Қоғамдық экологиялық бақылау жүргізу тәртібі**

Қоғамдық бақылау жүргізу тәртібін қоғамдық бірлестіктер өз жарғыларына сәйкес айқындайды.

#### **133-бап. Ақпараттық және өзге де ықпалдасу**

1. Жеке және заңды тұлғалар қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органдардың жұмысы мен нәтижелілігі туралы ақпаратқа қол жеткізуге тиіс.

2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ынтымақтасу мен ықпалдасуды жүзеге асыру үшін жарғыларында қоғамдық экологиялық бақылау функциясы көзделген қоғамдық бірлестіктерді зерттеп, олардың тізбесін жасайды.

3. Уәкілетті мемлекеттік органдар жеке және заңды тұлғаларды насихаттау және экологиялық және табиғи ресурстары қатынастарын реттеуге бағытталған заңнама бұзушылықтарды анықтау жөніндегі жұмысқа тартуы мүмкін.

4. Жеке және заңды тұлғалар табиғат пайдаланушылардың экологиялық заңнаманы сақтамауына және мемлекеттік органдардың қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өздеріне жүктелген міндеттерді орындау алмауына

байланысты сотқа талап-арыздар беруі мүмкін.

5. Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органдар, сондай-ақ табиғат пайдаланушылар жекелеген тексерулер нәтижелерінің және жылдық есептіліктің жариялануын қамтамасыз етеді.

## **17-тарау. Экологиялық аудит**

### **134-бап. Экологиялық аудит ұғымы**

1. Экологиялық аудит аудиттелетін субъектілердің экологиялық тәуекелдерді анықтауға, бағалауға және солардың қызметінің экологиялық қауіпсіздігі деңгейін арттыру жөніндегі ұсынымдар әзірлеуге бағытталған қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша есептілігін, сондай-ақ аудиттің басқа да өлшемдеріне сәйкес келуін тексеруді білдіреді.

2. Экологиялық аудитормен немесе экологиялық аудиторлық ұйыммен экологиялық аудит жүргізуге шарт жасасқан жеке немесе заңды тұлға аудиттелетін субъект болып табылады.

3. Экологиялық аудит аудиттелетін субъектілердің қоршаған ортаға әсер ету туралы есептілігіне талдау жасау жолымен жүргізіледі.

4. Экологиялық аудитті жүргізу кезінде:

1) қоршаған ортаға әсер ету туралы ұсынылған есептіліктің шынайы болуын тексеру;

2) өндірістік-технологиялық процестің экологиялық талаптарға сәйкес келуін бағалау;

3) өндірістік мониторинг және бақылау жүйесінің экологиялық талаптарға сәйкес келуін бағалау;

4) персоналдың біліктілік деңгейін бағалау мақсатында арнайы зерттеулер мен өлшеулер жасалуы мүмкін.

5. Экологиялық аудиторлар, экологиялық аудиторлық ұйымдар және аудиттелетін субъектілер арасындағы қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес экологиялық аудит жүргізуге арналған шарттың негізінде туындайды.

### **135-бап. Экологиялық аудит түрлері және оны жүргізу үшін негіздер**

1. Экологиялық аудит міндетті және бастамашыл аудит болып бөлінеді.

2. Жеке және заңды тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге қатысты міндетті экологиялық аудитті жүргізуге:

1) жеке және заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің шаруашылық және өзге де қызметімен келтірілген, құжаттама бойынша расталған қоршаған ортаны залалдануы;

2) заңды тұлғаны - табиғат пайдаланушыны қайта ұйымдастыру;

3) шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге

асыратын заңды тұлғалардың банкрот деп жариялануы негіз болып табылады.

3. Бастамашыл экологиялық аудит бастамашының және экологиялық аудитордың немесе экологиялық аудиторлық ұйымның арасындағы экологиялық аудитті жүргізуге арналған шартта көзделген экологиялық-аудит міндеттері, мерзімдері мен көлемі ескеріле отырып, аудиттелетін субъектінің не оған қатысушының бастамасы бойынша жүргізіледі.

4. Экологиялық аудитке тапсырыс берушілер ретінде мүдделі жеке және/немесе заңды тұлғалар, сақтандыру ұйымдары, инвесторлар, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдар болуы мүмкін.

### **136-бап. Экологиялық аудитті жүргізу**

1. Экологиялық аудит экологиялық аудитті жүргізу жоспарына сәйкес жүргізіледі, оны экологиялық аудитор осы баптың 2-тармағының талаптарын ескере отырып жасайды және ол тапсырыс берушімен және аудиттелетін субъектімен келісіледі. Экологиялық аудит жүргізуді жоспарлау кезінде тараптар экологиялық аудиторлар палатасы бекіткен, нұсқамалық сипатта болатын экологиялық аудитті жүргізу жоспарының үлгілік нысанын басшылыққа алады.

2. Экологиялық аудитті жүргізудің сатылары мыналар:

1) аудиттелетін субъектімен алдын ала танысу;

2) аудитті жүргізу жоспарын әзірлеу;

3) қажетті ақпаратты жинақтау мен бір жүйеге келтіру;

4) аудиттелетін субъектіні қарап тексеру және оның қызметкерлеріне сауал жүргізу;

5) арнайы зерттеулер көлемін айқындау;

6) арнайы зерттеулер жүргізу;

7) экологиялық тәуекелдерді айқындау;

8) экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

9) экологиялық аудиторлық есеп жасау болып табылады.

3. Экологиялық аудит жүргізудің жоспарын әзірлеу үшін экологиялық аудитор аудиттелетін субъектінің ерекшеліктерімен алдын ала танысады.

4. Қажетті ақпаратты жинақтау мен бір жүйеге келтіру аудиттелетін субъектіде және өзге де ұйымдарда жүргізіледі. Ақпарат құрамына:

1) қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша аудиттелетін субъектінің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердің талаптары;

2) аудиттелетін субъекті орналасқан ауданның картасы және карта-схемасы;

3) егер бар болса, аэрофотосуреттердің нәтижелері;

4) аудиттелетін субъектіні басқарудың әкімшілік құрылымы;

5) егер бар болса, аудиттелетін субъектідегі қоршаған ортаны қорғау қызметі

т у р а л ы

е р е ж е ;

6) э к о л о г и я л ы қ р ұ қ с а т ;

7) аудиттелетін субъектінің қоршаған ортаны қорғау бойынша соңғы бес жылдағы е с е б і ;

8) өндірістік экологиялық бақылауды жүргізу жөніндегі есебі;

9) қоршаған ортаны қорғау саласындағы бақылаушы органдардың соңғы үш жылда тексерулер жүргізуі туралы хаттамалардың көшірмелері;

10) егер бар болса, аудиттелетін субъектінің қоршаған ортаны қорғау саласындағы б а ғ д а р л а м а с ы ;

11) апатты жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жою жөніндегі і с - ш а р а л а р ж о с п а р ы ;

12) қабылданған қосымшаларымен қоса, аудиттелетін субъектінің қоршаған ортаға ә с е р е т у і н б а ғ а л а у ;

13) шығаруларды, тастауларды түгендеу жөніндегі ағымдағы кезеңдегі есеп;

14) Жол берілуге болатын шекті шығарылудың, жол берілуге болатын шекті тасталудың, қалдықтарды орналастырудың ағымдағы кезеңде қолданыста болатын н о р м а т и в т е р і н і ң ж о б а л а р ы ;

15) субъект қызметінің экологиялық-экономикалық аспектілері туралы деректер;

16) бұған дейінгі экологиялық аудиторлық есептердің көшірмелері;

17) аудиттелетін субъекті орналасқан аудандағы қоршаған ортаның мемлекеттік м о н и т о р и н г і н і ң д е р е к т е р і ;

18) аудиттелетін субъектінің қызметіне байланысты халықтың және қоғамдық бірлестіктердің өтініштері туралы мәліметтер кіреді.

5. Аудиттелетін субъектіні қарап тексеру және оның қызметкерлеріне сауал жүргізу құжаттаманың аудиттелетін субъектінің нақты жай-күйіне сәйкес келуін бағалау, аудиттелетін субъекті мамандарының біліктілігін айқындау, аудиттелетін субъекті қызметінің тиімділігін жақсарту үшін ұсыныстар әзірлеу мақсатында жүргізіледі.

#### 6. Қарап тексеру барысында:

1) аудиттелетін субъектінің жоспар-схемаға және жалпы технологиялық с и п а т т а м а ғ а с ә й к е с к е л у і ;

2) аудиттелетін субъектінің құжаттамасында қоршаған ортаға әсер ететін көздердің т о л ы қ к ө р с е т і л у і ;

3) аудиттелетін субъектінің ықтимал әсер ету аумағының жай-күйі;

4) қоршаған ортаға ықтимал құжаттамалық емес әсер етулер туралы мән-жайлардың б о л у ы ;

5) өндірістік объектілерде есепке алу және өзге де қажетті құжаттаманың болуы мен т о л ы қ к ө р с е т і л у і ;

6) объектіні пайдалану процесінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі техникалық т а л а п т а р д ы ң с а қ т а л у ы ;

7) өндірістік экологиялық бақылауды жүргізуге қойылатын талаптардың сақталуы а н ы қ т а л у ғ а т и і с .



7. Аудиттелетін субъектінің қызметкерлеріне сауал қою барысында:

1) қоршаған ортаны қорғау үшін мәні бар мәселелер бойынша персоналдың біліктілік деңгейі;

2) есеп құжаттамасын жүргізудің объективтілігін растау үшін қажетті ақпарат;

3) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілер талаптарының бұзылу жағдайлары және оларды болдырмау жөніндегі шаралар туралы мәліметтер;

4) аудиттелетін субъектінің болашақта шаруашылық және өзге де қызметті одан әрі жүзеге асыруы кезінде экологиялық талаптардың бұзылу ықтималдығы;

5) қоршаған ортаны қорғауды жетілдіру жөніндегі инженерлік бастамалардың болуы анықталуға тиіс.

8. Арнайы зерттеулерді экологиялық аудиторлар және экологиялық аудиторлық ұйымдар мынадай жағдайда:

1) өндірістік экологиялық бақылауды жүргізу жөніндегі есепті растау қажет болғанда;

2) қоршаған ортаға әсер етудің құжаттамалық емес көздері анықталғанда;

3) аудиттелетін субъекті қызметінің қоршаған ортаға және халықтың денсаулық жағдайына теріс әсер ету салдарлары туралы мән-жайлар болғанда жүргізеді.

9. Қажет болғанда, зерттеулер мыналарды:

1) шығарулардың (тастаулардың) көздеріндегі өлшеулерді, қалдықтардың үлгілерін зерттеуді;

2) аудиттелетін субъектінің әлеуетті әсер ету аймағында қоршаған ортаның ластануын (ауаның, судың, топырақтың, радиация мен электромагниттік кеңістікті және т.б.) өлшеулерді;

3) өсімдіктердің, жануарлар әлемінің, экологиялық жүйелердің және адам денсаулығының жай-күйін зерделеуді қамтиды.

10. Арнайы зерттеулерді жүргізу үшін қоршаған ортаның жай-күйін айқындауға арналған аккредиттелген зертханалар тартылуға тиіс.

11. Аудиттелетін субъектінің экологиялық тәуекелдерін айқындау:

1) құжаттама мен есептердің байқалатын ағымдағы жай-күйге сәйкес келуін талдау;

2) аудиттелетін субъекті қызметінің өсімдіктерге, жануарлар әлеміне, табиғи экологиялық жүйелерге және адам денсаулығының жай-күйіне ықтимал әсер ету салдарларын бағалау, соның ішінде қоршаған орта сапасының бұзылуынан туындаған аурулар мен өлім жағдайларын талдау;

3) қоршаған ортаға теріс әсер ету салдарларына әкеп соғуы мүмкін аудиттелетін субъектідегі ықтимал апатты жағдайларды немесе технологиялық регламенттен өзге де ауытқуларды айқындау арқылы жүргізіледі.

12. Аудиттелетін субъектінің экологиялық қауіпсіздігі деңгейін арттыру жөніндегі ұсынғыстарды әзірлеу:

1) осы сияқты объектілер үшін пайдаланылатын ең үздік қолжетімді технологияларды ;

2) қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесін жақсарту жөніндегі ықтимал шараларды ;

3) өндірістік экологиялық бақылауды жетілдіру тәсілдерін;

4) экологиялық нормативтер мен талаптарды өзгерту жөніндегі ұсыныстарды зерделеу негізінде жүргізіледі.

### **137-бап. Міндетті экологиялық аудитті жүргізу туралы мәселені шешу**

1. Міндетті экологиялық аудитті жүргізу туралы шешімді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 135-бабының 2-тармағында көзделген мән-жайларды белгілеу сәтінен бастап бір ай мерзімде қабылдайды.

2. Аудит жүргізу туралы шешім міндетті экологиялық аудит туралы қорытынды түрінде ресімделеді.

3. Міндетті экологиялық аудит туралы қорытындының нысанын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

4. Қорытындыда :

1) аудиттелетін субъектінің атауы;

2) аудиттелетін субъектінің орналасқан жері;

3) аудиттелетін субъектінің шаруашылық және өзге де қызметімен байланысты қоршаған орта үшін ықтимал тәуекелдердің сипаты;

4) міндетті экологиялық аудитті жүргізуге негіз;

5) міндетті экологиялық аудиттің қорытындысын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсыну мерзімі көрсетілуге тиіс.

5. Міндетті экологиялық аудит туралы қорытынды аудиттелетін субъектінің басшысына жолданады.

### **138-бап. Міндетті экологиялық аудитті жүргізудің ерекшеліктері**

1. Міндетті экологиялық аудит аудиттелетін субъект міндетті экологиялық аудит туралы қорытындыны алған кезден бастап 6 айдан аспайтын мерзімде жүргізіледі.

2. Экологиялық аудитор немесе экологиялық аудиторлық ұйым аудит жүргізудің жоспарын әзірлеу үшін міндетті экологиялық аудит туралы қорытындымен, аудитті жүргізуге негізбен, аудиттелетін субъектіге тән экологиялық проблемалармен және өзге де аспектілермен танысады.

### **139-бап. Экологиялық аудиторлық есептерге қойылатын талаптар**

1. Экологиялық аудиторлық есеп міндетті экологиялық аудиттің нәтижелері бойынша :

1) экологиялық аудитордың және экологиялық аудиторлық ұйымның

құқықтылығын растайтын мәліметтерді;

- 2) аудиттелетін субъекті туралы жалпы ақпаратты;
- 3) экологиялық аудитті жүргізуге негізді;
- 4) экологиялық аудитті жүргізудің жоспарын;
- 5) жинақталған ақпараттар тізбесін және оны шолуды;

6) аудиттелетін субъектіні қарап тексерудің және оның қызметкерлеріне сауал қ о ю д ы ң н ә т и ж е л е р і н ;

- 7) арнайы зерттеулердің нәтижелерін;
- 8) экологиялық тәуекелдерді бағалауды (сандық және сапалық тұрғыдан);
- 9) экологиялық қауіпсіздікті арттыру жөніндегі ұсынымдардың тізбесін;
- 10) аудиттелетін субъектінің қоршаған орта үшін қауіпсіздік дәрежесі, анықталған бұзушылықтар, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі құжаттама мен есепті жүргізудің шынайылығы туралы қорытындыларды қамтуға тиіс.

2. Экологиялық аудиторлық есеп жергілікті өкілді және атқарушы органдарға, сақтандыру ұйымдарына ұсынылуы мүмкін. Бұл ретте экологиялық аудиторлық есептегі мәліметтерді жария етуге аудиттелетін субъектінің келісімімен жол беріледі.

3. Бастамашыл экологиялық аудит есебінің нысаны экологиялық аудитті жүргізуге арналған шартта белгіленеді.

4. Бастамашыл экологиялық аудиттің есебі құпия болып табылады. Бастамашыл экологиялық аудиттің есебіндегі мәліметтерді жария ету құқығына аудиттелетін субъекті ғана ие болады.

#### **140-бап. Міндетті экологиялық аудиттің есебін қарау тәртібі**

1. Міндетті экологиялық аудиттің есебін экологиялық аудиторлық ұйым қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға және аудиттелетін субъектінің б а с ш ы с ы н а ж і б е р е д і .

2. Аудиттелетін субъектінің өкілдерін міндетті экологиялық аудиттің есебімен алдын ала таныстыруға жол берілмейді.

3. Міндетті экологиялық аудиттің есебін ұсыну фактісі бойынша аудиторлық ұйым аудиттелетін субъектіге сөзсіз төленуге тиіс қызмет көрсетулерге ақы төлеу үшін е с е п - ш о т ұ с ы н а д ы .

4. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган міндетті экологиялық аудиттің есебін оны алған күннен бастап бір ай мерзімде қарауға міндетті.

5. Міндетті экологиялық аудиттің есебін қараудың нәтижелері бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мына шешімдердің бірін:

- 1) аудиттелетін субъектінің қызметін тоқтата тұру туралы талап-арызбен сотқа ж ү г і н у д і ;

- 2) табиғат пайдалануға рұқсаттың шарттарына, ықтимал шығарулардың, тастаулардың, қалдықтарды орналастырудың нормативтеріне өзгеріс енгізуді;

3) өндірістік экологиялық бақылаудың бағдарламасына өзгеріс енгізуді ұсынуды қ а б ы л д а й а л а д ы .

6. Міндетті экологиялық аудиттің есебі бойынша туындайтын даулар заңнамада белгіленген тәртіппен шешіледі.

#### **141-бап. Экологиялық аудиторлық қызмет**

Экологиялық аудиторлық қызмет - экологиялық аудиторлардың және экологиялық аудиторлық ұйымдардың лицензиялар негізінде жүзеге асырылатын экологиялық аудитті жүргізу жөніндегі кәсіпкерлік қызметі.

#### **142-бап. Экологиялық аудиторлық қызметтің лицензиялануы**

1. Экологиялық аудиторлық қызметпен айналысуға лицензиялар беруді қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

2. Лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

#### **143-бап. Экологиялық аудитор**

1. Аттестаттаудан өткен және экологиялық аудиторлық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияны алған жеке тұлға экологиялық аудитор болып табылады.

2. Экологиялық аудитор дара кәсіпкер ретінде экологиялық аудиторлық қызметті жүзеге асыруға не экологиялық аудиторлық ұйымның қызметкері болуға құқылы.

#### **144-бап. Экологиялық аудиторлық ұйым**

1. Экологиялық аудиторлық ұйым - шаруашылық серіктестік немесе акционерлік қоғам нысанында құрылған және экологиялық аудиторлық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияны алған коммерциялық ұйым.

2. Шетелдік экологиялық аудиторлық ұйымдар Қазақстан Республикасындағы экологиялық аудиторлық қызметті тиісті экологиялық аудиторлық ұйымдарды - Қазақстан Республикасының резиденттерін құрған кезде ғана жүзеге асыра алады.

3. Экологиялық аудиторлық ұйымның құрамындағы экологиялық аудиторлардың саны кемінде екі адам болуға тиіс.

#### **145-бап. Экологиялық аудиторлар палатасы**

1. Экологиялық аудиторлар палатасы экологиялық аудиторлардың және экологиялық аудиторлық ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау үшін құрылатын, коммерциялық емес, тәуелсіз, кәсіби және өзін-өзі басқаратын ұ й ы м б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Экологиялық аудиторлар палатасы заңды тұлға болып табылады және өз мүшелерінің жалпы жиналысында қабылданатын жарғының негізінде іс-әрекет етеді.

3. Экологиялық аудиторлар палатасы ерікті негізде экологиялық аудиторларды және экологиялық аудиторлық ұйымдарды біріктіреді және мүшелік жарналар мен Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қ а р ж ы л а н д ы р ы л а д ы .

4. Экологиялық аудиторлар палатасының құрылымы мен жұмыс органы оның  
ж а р ғ ы с ы н д а а й қ ы н д а л а д ы .

5. Экологиялық аудиторлар палатасы:

- 1) жалпы басшылықты жүзеге асырады және өз мүшелерінің қызметін үйлестіреді;
- 2) халықаралық практика негізінде экологиялық аудиттің стандарттарын әзірлейді және экологиялық аудиторлардың және экологиялық аудиторлық ұйымдардың экологиялық аудит стандарттарының талаптарын сақтауын қамтамасыз етеді;
- 3) экологиялық аудитті жүргізу жоспарының үлгілік нысанын бекітеді;
- 4) мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіреді және қорғайды, экологиялық аудиторлық қызметті дамытуда оларға көмек көрсетіп, жәрдемдеседі;
- 5) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға экологиялық аудиторлардың және экологиялық аудиторлық ұйымдардың өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасудан жалтару жағдайлары және заңнама талаптарын өзге де бұзушылықтары туралы хабарлайды;
- 6) экологиялық аудиторларды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясын құруға және экологиялық аудиторларды аттестаттауды жүргізуге қатысады;
- 7) экологиялық аудиторлардың тағылымдамадан өтуін және оқуын ұйымдастырады, экологиялық аудиторларға арналған оқу бағдарламаларын айқындауға қатысады;
- 8) жеке және заңды тұлғалардың экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық ұйымдардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдарын және а р ы з д а р ы н қ а р а й д ы ;
- 9) экологиялық аудиторларды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясына лицензияны қайтарып алу туралы ұсынымдар жасайды.

6. Экологиялық аудиторлар палатасы өз қызметін Қазақстан Республикасының коммерциялық емес ұйымдар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

#### **146-бап. Экологиялық аудиторлардың және экологиялық аудиторлық ұйымдардың құқықтары**

Экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық ұйымдар:

- 1) экологиялық аудитті жүргізудің әдістерін дербес айқындауға;
- 2) экологиялық аудитті жүргізуге арналған шарттың талаптарын орындау үшін қажетті құжаттаманы алуға және тексеруге;
- 3) экологиялық аудитті жүргізуге қатысуға осы Кодекстің 150-бабында көрсетілген адамдардан басқа әртүрлі кәсіп мамандарын шартты негізде тартуға;
- 4) аудиттелетін субъекті экологиялық аудитті жүргізуге арналған шарттың талаптарын бұзған жағдайда экологиялық аудитті жүргізуден не экологиялық аудиторлық есепті беруден бас тартуға құқылы.

#### **147-бап. Экологиялық аудиторлардың және экологиялық аудиторлық ұйымдардың міндеттері**

Экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық ұйымдар:

- 1) осы Кодекстің 150-бабында көрсетілген мән-жайлардың салдарынан экологиялық аудитті жүргізудің мүмкін еместігі туралы хабарлауға;
- 2) аудиттелетін субъектіден алынған, сондай-ақ экологиялық аудитті жүргізу процесінде жасалған құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге;
- 3) аудиттелетін субъектіге құжаттардың экологиялық аудит нәтижесінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес еместігінің анықталғаны туралы хабарлауға;
- 4) экологиялық аудиторлық есептердің, сондай-ақ экологиялық аудитті жүргізу кезінде алынған және коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын мәліметтердің құпиялылығын сақтауға;
- 5) уәкілетті мемлекеттік органдарға міндетті экологиялық аудит нәтижесінде анықталған экологиялық заңнаманың бұзылуы туралы хабарлауға;
- 6) экологиялық аудитті жүргізуге арналған шарт бойынша міндеттемелерден туындайтын өзге де талаптарды орындауға міндетті.

#### **148-бап. Экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру**

1. Экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық ұйымдар аудиторлардың және аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын жасасуға міндетті.
2. Сақтандыру Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

#### **149-бап. Экологиялық аудиторларды аттестаттау**

1. Экологиялық аудиторларды аттестаттау экологиялық аудитті жүргізуге қажетті біліктілікті растау бойынша кезең-кезеңмен жүргізілетін рәсім болып табылады.
2. Экологиялық аудиторларды аттестаттауды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган құратын біліктілік комиссиясы жүргізеді. Біліктілік комиссиясы қызметінің тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.
3. Экологиялық аудиторларды аттестаттаудың қолданылу мерзімі 3 жылды құрайды.

#### **150-бап. Экологиялық аудит жүргізу құқығын шектеу**

1. Экологиялық аудиторлық ұйымға өзінің құрылтайшылары, қатысушылары, кредиторлары не осы экологиялық аудиторлық ұйым құрылтайшысы, қатысушысы, кредиторы болып табылатын тапсырыс берушілердің экологиялық аудитін жүргізуге тыйым салынады.
2. Экологиялық аудиторларға мынадай жағдайларда:
  - 1) егер олар аудиттелетін субъекті басшысының, сондай-ақ құрылтайшысының немесе аудиттелетін субъектінің жарғылық капиталының он проценттен астамына ие

болып отырған қатысушысының жақын туысы немесе ағайыны (ата-анасы, жұбайы, ағасы, апасы, баласы, сондай-ақ жұбайының ағасы, апасы, ата-анасы және баласы) б о л с а ;

2) егер олар аудиттелетін субъектінің қызметкерлері, қатысушылары, лауазымды адамдары болса немесе олардың жеке мүліктік мүдделері бар болса, экологиялық аудит жүргізуге т ы й ы м с а л ы н а д ы .

3. Экологиялық аудиторларға - дара кәсіпкерлерге мынадай жағдайларда:

1) егер аудиттелетін субъекті баланс активтерінің сомасы жылына орташа есеппен алғанда тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштен 40000 есе асатын заңды тұлға болса;

2) егер аудиттелетін субъектінің қызметіне міндетті экологиялық аудит жүргізілуге тиіс болса, экологиялық аудит жүргізуге тыйым салынады.

### **151-бап. Аудиттелетін субъектінің құқықтары мен міндеттері**

#### **1. Аудиттелетін субъект:**

1) экологиялық аудиторды не экологиялық аудиторлық ұйымды таңдау туралы ш е ш і м д і д е р б е с қ а б ы л д а у ғ а ;

2) экологиялық аудитордан немесе экологиялық аудиторлық ұйымнан экологиялық аудитті жүргізуге қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары туралы т о л ы қ қ а н д ы а қ п а р а т а л у ғ а ;

3) экологиялық аудитордың немесе экологиялық аудиторлық ұйымның ескертулері мен қорытындылары негізделген нормативтік құқықтық актілермен танысуға;

4) экологиялық аудитордан немесе экологиялық аудиторлық ұйымнан ұсынымдар, экологиялық есептің және өзге де құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмеуі туралы ақпарат алуға;

5) экологиялық аудитор немесе экологиялық аудиторлық ұйым экологиялық аудитті жүргізу шартының талаптарын бұзған жағдайда олардың қызмет көрсетуінен бас т а р т у ғ а қ ұ қ ы л ы .

#### **2. Аудиттелетін субъект:**

1) міндетті экологиялық аудиттің жүргізілуін ұйымдастыруға;

2) экологиялық аудиторға және экологиялық аудиторлық ұйымға экологиялық аудитті уақтылы әрі сапалы жүргізу үшін жағдай жасауға;

3) экологиялық аудитті жүргізу үшін экологиялық аудитор мен экологиялық аудиторлық ұйымға қажетті толық әрі шынайы құжаттаманы және өзге де ақпаратты ұсынуға, ауызша немесе жазбаша түрде түсініктемелер беруге;

4) қоршаған ортаға әсер ету туралы шынайы есепті және экологиялық аудитті жүргізу үшін қажетті өзге де құжаттарды ұсынуға;

5) егер экологиялық аудитті жүргізу шартында өзгеше көзделмеген болса, экологиялық аудитордың немесе экологиялық аудиторлық ұйымның қызметін

ш е к т е м е у г е ;

6) экологиялық аудитордың немесе экологиялық аудиторлық ұйымның талабы бойынша қажетті ақпарат алу үшін өз атынан үшінші бір тұлғаларға жазбаша сауал ж і б е р у г е ;

7) экологиялық аудиторлардың немесе экологиялық аудиторлық ұйымның қызмет көрсетулеріне ақы төленуін қамтамасыз етуге;

8) экологиялық аудитті жүргізу шарты бойынша міндеттемелерден туындайтын өзге де талаптарды орындауға міндетті.

### **152-бап. Экологиялық аудиттің стандарттары**

1. Экологиялық аудиттің стандарттары деп экологиялық аудитке қойылатын бірыңғай талаптар белгіленетін және экологиялық аудитті жүргізудің принциптерін, тәртібін айқындайтын нормативтік құжаттар түсініледі.

2. Экологиялық аудиттің стандарттары республикалық экологиялық аудиторлар палатасының конференциясында (жиналысында) қабылданып, оларды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

### **153-бап. Экологиялық менеджмент жүйелерінің аудиті**

1. Экологиялық менеджмент жүйелерінің аудиті бастамашыл болып табылады.

2. Аудиттелетін кәсіпорындар техникалық реттеу туралы заңнамаға сәйкес қоршаған ортаны басқарудың қабылданған жүйесінің экологиялық аудит стандарттарына сәйкестігі сертификатын алуы мүмкін.

3. Аудиттелетін объектілердің экологиялық қызметі бойынша деректер бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс.

## **VI-бөлім. Экологиялық мониторинг пен кадастрлар**

### **18-тарау. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингі**

#### **154-бап. Экологиялық мониторинг**

1. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингі (экологиялық мониторинг) қоршаған ортаның, табиғи ресурстардың жай-күйін қадағалаудың, сондай-ақ табиғи және антропогендік факторлардың ықпалымен олардың жай-күйінің өзгеруін бағалау мен болжаудың кешенді жүйесін білдіреді.

2. Атмосфералық ауа, жер, жер беті мен жер асты сулары, жер қойнауы, жануарлар және өсімдіктер дүниесі, сондай-ақ климат пен озон қабаты, экологиялық жүйелер, мекендейтін ортаның халықтың денсаулығына әсер ететін факторлар экологиялық мониторингтің зерделеу объектісі болып табылады.

#### **155-бап. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің біртұтас мемлекеттік жүйесі және оның міндеттері**

1. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің біртұтас мемлекеттік жүйесі - экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, табиғи ресурстарды сақтауға, молайтуға және ұтымды пайдалануға, Қазақстан Республикасы халқының



санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз етуге арналған басқару және шаруашылық шешімдердің қабылдануын қамтамасыз ету үшін қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйін байқауды, сондай-ақ қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың нақты жай-күйінің деректеріне талдау жасауды қамтитын көп мақсатты жүйе.

2. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің біртұтас мемлекеттік жүйесі қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласында реттеу мен басқару функцияларын жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ұйымдастырады.

3. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің біртұтас мемлекеттік жүйесінің принциптері:

1) біртұтас ұйымдық, әдістемелік, метрологиялық және ақпараттық көзқарас негізінде жұмыс істеу;

2) жұмыс істейтін мемлекеттік және өзге де мониторингтердің мүмкіндіктерін барынша пайдалану болып табылады.

4. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің біртұтас мемлекеттік жүйесінің міндеттері:

1) қоршаған ортаның, биологиялық және экологиялық жүйелердің жай-күйі, антропогендік әсер ету көздері, халықтың денсаулығына әсер ететін мекендейтін орта факторлары туралы шынайы және салыстырмалы ақпарат алу;

2) қоршаған ортаның жай-күйін, антропогендік әсер ету деңгейлерін, биосфера ахуалы көрсеткіштерін, экологиялық жүйелердің функционалдық тұтастығын бағалау мен болжау;

3) экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету жөнінде қабылданатын басқару шешімдері мен өткізілетін іс-шаралардың тиімді болуына талдау жасау үшін деректермен қамтамасыз ету болып табылады.

5. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің біртұтас мемлекеттік жүйесі халықтың мекен ететін ортасы мен денсаулығын қоса алғанда, қоршаған ортаны қорғау мәселесін тікелей және жанамай қамтитын, Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін мониторинг жүйелері мен кіші мониторинг жүйелері базасында қалыптасады.

6. Әрбір уәкілетті орган қоршаған орта объектілерін зерделеуге және өздерінің құзыретіне кіретін мониторинг түрлерін (кіші жүйелерді) ұйымдастыруға міндетті. Қоршаған ортаның мониторинг жүйелері мен кіші жүйелері өз қызметін белгіленген тәртіппен бекітілген ережелер мен нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес жүргізеді.

**156-бап. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің біртұтас мемлекеттік жүйесінің біртұтас ақпараттық жүйесі**

1. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің біртұтас мемлекеттік жүйесі ақпараттық қамтамасыз ету қызметі қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалану саласындағы реттеу мен басқару функцияларын жүзеге асырушы уәкілетті мемлекеттік органдар орындайтын қоршаған орта мен табиғи ресурстардың мемлекеттік мониторингі, өндірістік экологиялық бақылау аясында табиғат пайдаланушылар жүзеге асыратын өндірістік мониторинг қорытындыларының жинақталған банкке берілген деректеріне негізделеді.

2. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің біртұтас мемлекеттік жүйесі үйлестіруді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

3. Бағдарламалық қаражат жүйесі ақпараттың Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің біртұтас мемлекеттік жүйесі әртүрлі деңгейлері және жүйелері мен кіші жүйелерінің деректер банктері арасында ақпарат алмасуды қамтамасыз ете отырып, ақпараттардың біртұтас әдістемелік негізде жинақталуын, өңделуі мен сақталуын жүзеге асыруға мүмкіндік беруі тиіс.

4. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің біртұтас мемлекеттік жүйесі аясында ақпараттар беру қайтарымсыз негізде, қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган бекіткен, келісілген тізбелерге, нысандар мен мерзімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

### **157-бап. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің біртұтас мемлекеттік жүйесі**

#### **мазмұны**

1. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің біртұтас мемлекеттік жүйесінің мазмұны мониторингтің мынадай түрлерін:

- 1) қоршаған орта жай-күйінің мониторингін;
- 2) табиғи ресурстар мониторингін;
- 3) мониторингтің арнайы түрлерін қамтиды.

2. Жұмыс істеу процесінде Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің біртұтас мемлекеттік жүйесінің кіші жүйелеріне мониторингтің басқа да түрлері енуі мүмкін.

### **158-бап. Қоршаған орта жай-күйінің мониторингі**

1. Қоршаған орта жай-күйінің мониторингі:

- 1) атмосфералық ауа жай-күйінің мониторингін;
- 2) атмосфералық жауын-шашындар жай-күйінің мониторингін;
- 3) су ресурстары жай-күйінің мониторингін;
- 4) топырақ жай-күйінің мониторингін;
- 5) метеорологиялық мониторингті;
- 6) радиациялық мониторингті;
- 7) трансшекаралық ластаулардың мониторингін;

8) фондық мониторингі қамтиды.

2. Қоршаған орта жай-күйінің мониторингін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ұйымдастырады.

3. Атмосфералық ауа жай-күйінің мониторингі Қазақстан Республикасының елді мекендерінде атмосфералық ауаның ластануының жай-күйіне бақылау жасау жүйесі. Мемлекеттік бақылау бекеттерінің саны мен оларды әрбір нақты елді мекенге орналастыру халық саны, жер рельефі, ластанудың нормативтік талаптар негізіндегі нақты деңгейі ескеріле отырып айқындалады.

4. Атмосфералық ылғал жай-күйінің мониторингі - атмосфераның ластануының көрсеткіші болып табылатын атмосфералық ылғалдың химиялық құрамына бақылау жасау, сондай-ақ қысқы маусымда атмосфераның өңірлік ластануын бағалау және елді мекендер мен өнеркәсіп объектілерінен болатын ластаушы заттардың таралуын анықтау үшін қар қабатындағы заттардың сақталуына бақылау жасау жүйесі.

5. Су ресурстарының сапалық жай-күйінің мониторингі - жер бетіндегі сулардың сапалық жай-күйіне бақылау жасау жүйесі.

6. Топырақтың жай-күйінің мониторингі - шоғырлану аумақтарында топырақтың ауыр металдармен суармалы аумақтар мен ауыл шаруашылығы алаптарында берік қонған органикалық заттармен ластануының жай-күйіне бақылау жасау жүйесі.

7. Метеорологиялық мониторинг - мемлекеттік органдарды, шаруашылық кешендер мен халықты ауа райы туралы ақпараттармен қамтамасыз ету, қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді метеорологиялық, агрометеорологиялық болжамдар жасау, кездейсоқ метеорологиялық құбылыстардың туындау ықтималдығы туралы ескерту мақсатында атмосфера мен жердің үстіңгі бетінің физикалық параметрлеріне метеорологиялық, оның ішінде актинометрикалық, жылу балансы, озонметрикалық, аэрологиялық бақылау жасаудың кешенді жүйесі. Метеорологиялық мониторинг деректері негізінде климат пен Жердің озон қабатының мониторингі жүргізіледі.

8. Радиация мониторингі - қоршаған орта объектілері мен аумақтардың техногендік және табиғи ластануына бақылау жасау жүйесі.

9. Траншекаралық ластану мониторингі - трансшекаралық сулармен ауаның трансшекаралық ластануының жай-күйіне, сондай-ақ трансшекаралық әсерді болдырмау, шектеу және қысқарту үшін қабылданатын шаралар тиімділігіне шекаралық мемлекеттермен халықаралық ынтымақтастық аясында жүзеге асырылатын бақылаулар жүйесі.

10. Фондық мониторинг - қоршаған ортаның кешенді фон мониторингі станциясының арнаулы желілеріндегі атмосфера мен басқа да ортаның биосферамен өзара байланысының жай-күйіне бақылау жасау жүйесі.

### **159-бап. Табиғи ресурстар мониторингі**

1. Табиғи ресурстар мониторингі:

1) жер мониторингін;

2) су ресурстары (жер бетіндегі, жерасты сулар) және оларды пайдалану мониторингін;

3) жер қойнауы мониторингін;

4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мониторингін;

5) таулы экологиялық жүйелер мен шөлейттену мониторингін;

6) орман мониторингін;

7) жануарлар дүниесі мен өсімдіктер дүниесі мониторингін қамтиды.

2. Табиғи ресурстар мониторингін, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес, қоршаған отаны қорғау мен табиғат пайдалану саласындағы реттеу мен басқару функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

3. Жер мониторингі болып жатқан өзгерістерді уақтылы анықтау, теріс процестердің алдын алу мен олардың одан әрі қанат жаюын бағалап, болжам жасау салдарын жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында жүргізілетін, жер қорының сандық және сапалық жай-күйіне жедел, мерзімді бақылау жасаудың базалық (бастапқы) жүйесін білдіреді. Жер мониторингі деректері Мемлекеттік жер кадастрында қорытылады.

4. Су ресурстары мониторингі олардың гидрологиялық, гидрогеологиялық, гидрогеохимиялық, санитарлық-химиялық, микробиологиялық, паразитологиялық, радиологиялық және уыттылық жай-күйінің көрсеткіштеріне тұрақты бақылау жасау, олардың болып жатқан өзгерістерді уақтылы анықтау, теріс процестердің алдын алу мен олардың одан әрі қанат жаюын бағалап, оған болжам жасау, салдарын жою және жүзеге асырылатын су шаруашылығы іс-шараларының тиімділік деңгейін анықтау жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында алынған ақпараттарды жинау, өңдеу, беру жүйесін білдіреді. Су ресурстары мониторингі деректері Мемлекеттік су кадастрында қорытылады.

5. Жер қойнауы мониторингі мемлекеттік жер қойнауы қорының ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету және олардың өзгерістерін уақтылы анықтау, бағалау, теріс процестердің алдын алу мен олардың салдарларын жою үшін жер қойнауының жай-күйіне бақылау жасау жүйесін білдіреді. Су ресурстары мониторингі деректері Мемлекеттік су кадастрында қорытылады.

6. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мониторингі - табиғи процестердің кәдуілгі ағысы мен қоршаған ортаның жай-күйіндегі өзгерістердің ерекше қорғалатын экологиялық жүйеге әсерін зерделеу үшін бақылау жасау жүйесі. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мониторингі деректері Мемлекеттік ерекше қорғалатын табиғи аумақтар кадастрында қорытылады.

7. Таулы экологиялық жүйелердің және шөлейттенудің мониторингі - таулы экологиялық жүйелер мен шөлейттенуден зардап шеккен аудандардың жай-күйіне және олардың салдарларын қадағалау.

8. Орман мониторингі орман қорын күзету, қорғау және молайту, орман қорын пайдалану, биологиялық әралуандықты және ормандардың экологиялық функцияларын сақтау саласындағы мемлекеттік басқару мақсатында орман қорының жай-күйі мен серпінін бақылау, бағалау және болжау жүйесін білдіреді. Ормандар мониторингі деректері Мемлекеттік орман кадастрында қорытылады.

9. Жануарлар дүниесінің мониторингі жануарлар дүниесін қорғау, пайдалану мен оның өсімін молайту және биологиялық әралуандықты сақтау саласындағы мемлекеттік басқару мақсатында жануарлар дүниесі объектілерінің жай-күйі мен серпінін бақылау, бағалау және болжау жүйесін білдіреді. Мониторинг деректері Мемлекеттік жануарлар дүниесі кадастрында қорытылады.

10. Өсімдіктер дүниесінің мониторингі өсімдіктер дүниесін зерделеу, қорғау, молайту және тұрақты пайдалану мақсатында олардың объектілерінің жай-күйінің бағалануын бақылау жүйесін білдіреді.

### **160-бап. Мониторингің арнайы түрлері**

1. Мониторингің арнайы түрлеріне:

1) әскери-сынақ полигондарының мониторингі;

2) "Байқоңыр" зымыран-ғарыш кешенінің мониторингі;

3) парник газдарының және озон қабатын бұзатын заттарды тұтынудың мониторингі;

4) санитарлық-эпидемиологиялық мониторингі;

5) климаттың және Жердің озон қабатының мониторингі;

6) төтенше жағдайлар мониторингі;

7) ғарыштық мониторингі жатады.

2. Әскери-сынақ полигондарының мониторингі әскери, оның ішінде зымырандық, техниканы сынақтан өткізумен, жабық және жұмыс істеп тұрған полигондарда (Капустин Яр, Тайсойған, Ембі, Азғыр, Сарышаған және басқалары) бейбіт мақсаттарда ядролық жарылыстар жасаумен негізделетін, қоршаған ортаның ластануына бақылау жасау жүйесі. Мониторингі жүргізуді ұйымдастыруды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

3. "Байқоңыр" зымыран-ғарыш кешенінің мониторингі - "Байқоңыр" кешенінде және оның әсер ету аймағында зымыран-ғарыш қызметіне тартылған аумақтарда қоршаған ортаның жай-күйіне бақылау жасау жүйесі. Мониторингі жүргізуді ұйымдастыруды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

4. Парник газдарының және озон қабатын бұзатын заттарды тұтынудың мониторингі - парник газдарының және атмосфераға шығарылатын реттелетін заттардың шығарындыларына және олардың көздеріне бақылау жасау жүйесі. Мониторингің осы түрін жүргізуді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

5. Санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг - халықтың денсаулығы мен мекендейтін орнының жай-күйіне бақылау жасау, оларды талдау, бағалау мен болжау, сондай-ақ халықтың денсаулығы мен мекендейтін орнының жай-күйі мен мекендейтін ортаға әсер ету факторлары арасындағы себеп-салдар байланыстарын анықтау жүйесі. Мониторингті халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы орган жүзеге асырады.

6. Климат және Жердің озон қабатының мониторингі - климаттағы өзгерістер мен Жердің озон қабатының серпінін, олардың жай-күйін кешенді бағалау мен болжау жүйесі. Оның жүзеге асырылуын метеорологиялық мониторингтің мемлекеттік бақылау желісінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

7. Төтенше экологиялық апат аймағының мониторингі - төтенше экологиялық жағдай және экологиялық апат аймақтарында қоршаған ортаның жай-күйін бақылау жүйесі.

8. Ғарыштық мониторинг - аэроғарыштық қадағалау құралдарын пайдалана отырып, қоршаған ортаның жай-күйіне бақылау жасау жүйесі, оның жұмысын ұйымдастыруды білім мен ғылым саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

9. Осы кодекстің 2-4, 6-7 тармақтарында көрсетілген қоршаған ортаны қорғау саласында уәкілетті орган мониторинг түрлерін жүргізуді ұйымдастыруын жүзеге асырады.

### **161-бап. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің біртұтас мемлекеттік жүйесі деңгейлері мен бақылау желілері**

1. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің біртұтас мемлекеттік жүйесінің мониторингін жүргізу үш деңгейде жүзеге асырылады:

1) жергілікті (өндірістік және нақты елді мекендер учаскелерінде, су айдындары мен өзендерде, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда);

2) өңірлік (өңірлердің физикалық-географиялық және экономикалық ерекшеліктерін, аймақтың экологиялық ауыртпалығының бар-жоғы мен қоршаған ортаның жай-күйіне және табиғи ресурстардың пайдаланылуына әсер ететін табиғи және техногендік факторларды ескере отырып, әкімшілік бірліктер шегінде);

3) республикалық (қажет кезінде жалпымемлекеттік мәні бар ірі өңірлер мен жекелеген объектілерді бөле отырып, тұтас алғанда Қазақстанның бүкіл аумағын қамтитын).

2. Қоршаған ортаның жай-күйін бақылау, сондай-ақ қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің біртұтас мемлекеттік жүйесінің аясында талдау үшін сынама іріктеу арнайы құрылған мемлекеттік, аумақтық және үйреншікті (жеке) бақылау желісі пункттерінде (станцияларында, бекеттерінде, айырым жерлерде және т.б.) жүзеге асырылады. Іріктеліп алынған сынамаларда ластаушы заттардың құрамын талдау

аттестатталған (аккредиттелген) зертханаларда жүргізіледі.

3. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің біртұтас мемлекеттік жүйесінің аясында бақылау желісін құру қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісіледі.

**162-бап. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар  
мониторингінің біртұтас мемлекеттік жүйесінің  
жұмыс істеу негіздері**

Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің біртұтас мемлекеттік жүйесінің :

1) ғылыми зерттеулер ұйымдастыру мен жүргізу, қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің біртұтас мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуі үшін қажетті және жеткілікті әдістемелік база;

2) қоршаған ортаның жай-күйін айқындайтын нормативтерді, оған антропогендік әсер ететін нормаларды, қоршаған ортаның жай-күйін бағалау мен болжау, табиғат қорғау қызметінде басқару шешімдерін шығару мен қабылдау жөніндегі жұмыстарды орындау үшін негіз болып табылатын экологиялық қауіпсіздік нормаларын әзірлеу мен белгілеу ;

3) Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің біртұтас мемлекеттік жүйесінің, оның қызмет істейтін блоктарын, құрылымдық бөлімшелері мен элементтерін құру және жұмысын ұйымдастыру кезінде қабылданған талаптарды, ережелер мен рәсімдерді регламенттейтін нормативтік құжаттар мен стандарттар топтамасын жасау мен енгізу ;

4) бақылаудың салыстырмалы қорытындыларын алуға мүмкіндік беретін әдістемелік құжаттарды әзірлеу мен енгізуді ұйымдастыру;

5) ақпараттық жүйелердің құрылымдарын, дерекқор жүйелерін, сыныптамалар, деректер сөздіктерін және құжаттардың біріздендірілген нысандарын әзірлеу;

6) аппараттық-техникалық қамтамасыз ету;

7) талдамалық зертханаларды және мониторинг жүргізуді қамтамасыз ететін басқа да бөлімшелерді аттестаттау мен аккредиттеу негізінде жұмыс істейді.

**163-бап. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар  
мониторингінің біртұтас мемлекеттік жүйесін  
қаржыландыру**

1. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің біртұтас мемлекеттік жүйесінің бюджет қаражаты, табиғат пайдаланушылардың жеке қаражаты, гранттар, Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қаржыландырылады .

2. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің біртұтас мемлекеттік жүйесін қаржыландыру :

1) мониторингтің республикалық деңгейін құру және оның жұмыс істеуіне қолдау

к ө р с е т у ;

2) мониторингтің және оның кіші жүйелерінің жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз ету, республикалық (мемлекеттік және салалық) нысаналы ғылыми-техникалық бағдарламалар арқылы мониторингтің нысаналы бағдарламаларын орындау үшін ғылыми-техникалық өнімді құру;

3) мониторингтің аумақтық деңгейін құру және оның жұмыс істеуіне қолдау көрсету, оны дамыту мүддесінде ғылыми-техникалық өнімді құру мақсаттарында жүзеге асырылады.

## **19-тарау. Қоршаған ортаның ластану учаскелерін мемлекеттік есепке алу**

### **164-бап. Қоршаған ортаның ластану учаскелерін есепке алудың міндеттері мен принциптері**

1. Ластану учаскелері мен объектілерін мемлекеттік есепке алу Қазақстан Республикасының аумағында болатын белгіленген нормативтерден жоғары деңгейде зиянды, оның ішінде шығу тегі табиғи заттармен ластанған қоршаған орта учаскелері мен объектілерін сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштерді жүйелі түрде айқындау мен бекітуді білдіреді.

2. Қоршаған ортаның ластану учаскелерін мемлекеттік есепке алудың деректері олардың адам өмірі мен денсаулығы үшін өндірістік және экологиялық қауіпсіздігі, зерделенуі, пайдалануы және құнарлылығын қалпына келтіру деңгейін сипаттайды.

3. Қоршаған ортаның ластану учаскелерін мемлекеттік есепке алуды уәкілетті мемлекеттік органдардың тапсырысы бойынша табиғат пайдаланушылар және қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингін жүзеге асыратын ұйымдар ұсынатын деректердің негізінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

### **165-бап. Қоршаған ортаның ластану учаскелерін есепке алуды жүргізудің тәртібі және олардың тізілімі**

1. Қоршаған ортаның ластану учаскелерінің мемлекеттік тізілімі ластану учаскелерінің түрлері мен шығу көзі, олардағы ластаушы заттардың көлемі мен шоғырлану мөлшері, ластану учаскелерінің тиесілігі және оларды жою жөніндегі шаралар туралы деректер жинақталатын деректер банкі болып табылады.

2. Қоршаған ортаның ластану учаскелерінің мемлекеттік тізілімі орталық және аумақтық тізілімдерден тұрады. Тізілім жүргізуді ұйымдастыруды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

3. Ластану учаскелерінің мемлекеттік тізілімі Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

## **20-тарау. Табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрлары**

### **166-бап. Табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрларының біртұтас жүйесі**



1. Қазақстан Республикасының табиғи ресурстары мемлекеттік кадастрларының біртұтас жүйесі (бұдан әрі - Біртұтас кадастрлар жүйесі) Қазақстан Республикасының табиғи және экономикалық әлеуетінің біртұтас жалпымемлекеттік кешенді есебін жүргізу мен бағалауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының табиғи ресурстары мемлекеттік кадастрларының барлық түрлерін біріктіретін салааралық ақпараттық компьютерлік жүйе ретінде құрылады және жүргізіледі.

2. Табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрлары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен табиғи ресурстардың сандық және сапалық көрсеткіштерін жүйелі түрде айқындау мен бекітуді білдіреді.

3. Қоршаған ортаның құрамдас бөліктері: жер, су, орман, топырақ, жер қойнауы, өзара байланыста болатын жануарлар мен өсімдіктер дүниесі Біртұтас кадастрлар жүйесінің объектілері болып табылады.

4. Біртұтас кадастрлар жүйесін:

1) қоршаған ортаның өндірістік мониторингін жүзеге асырушы табиғат пайдаланушылар ұсынатын қоршаған орта эмиссиясының есебі;

2) табиғат пайдаланушылардың деректері негізінде уәкілетті мемлекеттік органдар беретін табиғи ресурстардың жай-күйі мен оларды пайдалану есебі деректерінің негізінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

5. Табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрлары жүйесінде географиялық байланысы мен шаруашылық мәртебесі көрсетіле отырып, әрбір есепке алынған кадастрлық объектіге оның жай-күйі, пайдаланылуы, өсімін молайту және қорғалуы туралы цифрлы түрдегі құжаттамалық мәліметтер қамтылады.

6. Біртұтас кадастрлар жүйесін жүргізудің негізгі принциптері:

1) орталықтандырылған басшылық ету;

2) кадастрлық ақпаратты өңдеу мен беру технологиясының біртұтастығы;

3) автоматтандырылған ақпараттық технологияларды қолдану;

4) ақпаратты толықтыру мен жаңартудың объективтілігі.

7. Біртұтас кадастрлар жүйесінің ақпараттық негізін объектілердің кеңістіктегі жағдайы (географиялық координаттары, объектінің әкімшілік бөлініске сәйкес жағдайы, экономикалық ауданға тиесілігі және басқа да мәліметтер) және олардың шаруашылық мәртебесі туралы деректер, топографиялық-геодезиялық материалдар, статистикалық есеп деректері құрайды. Біртұтас кадастрлар жүйесіне аумақтарды кешенді бағалау үшін қажетті басқа да деректер енгізіледі.

### **167-бап. Біртұтас кадастрлар жүйесінің құрылымы мен мазмұны**

Біртұтас кадастрлар жүйесінің құрылымы мониторингін мынадай орталық атқарушы органдар жүзеге асыратын мынадай есепке алу объектілері құрайды:

1) мемлекеттік жер кадастры бойынша - жер ресурстарын басқару саласындағы уәкілетті орган - жалпы Республика бойынша, ал оның аумақтық органдары -

әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде;

2) мемлекеттік су кадастры бойынша (жер бетіндегі су көздері, су ресурстарын пайдалану) - қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану мен қорғау, жер қойнауын пайдалану мен зерделеу саласындағы уәкілетті орган - жалпы Республика бойынша, ал оның аумақтық органдары - әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде;

3) мемлекеттік орман кадастры бойынша - орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган - жалпы Республика бойынша, ал оның аумақтық органдары - әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде;

4) кен орындарының және пайдалы қазбалардың анықталуының, техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастры бойынша - геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы уәкілетті орган - жалпы Республика бойынша, ал оның аумақтық органдары - әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде;

5) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастры бойынша - ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган - жалпы Республика бойынша, ал оның аумақтық органдары - әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде;

6) жануарлар дүниесінің мемлекеттік кадастры бойынша - жануарлар дүниесін қорғау, молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган - жалпы Республика бойынша, ал оның аумақтық органдары - әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде.

### **168-бап. Ақпарат беру**

1. Объектілерді есепке алу мен тіркеудің салалық кадастрлар аясында алынған нәтижелерін мемлекеттік органдар Біртұтас кадастрлар жүйесіне, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органына ақысыз б е р е д і .

2. Біртұтас кадастрлар жүйесіне енгізілген объект туралы деректер:

1) уәкілетті органдар бекіткен статистикалық нысандар мәліметтерін;

2) уәкілетті органдар бекіткен есептік материалдарды;

3) уәкілетті органдар бекіткен объекттер паспортын;

4) объектілердің кеңістіктегі жағдайы туралы картографиялық материал (географиялық координаттары, объектінің әкімшілік бөлініске сәйкес жағдайы, экономикалық ауданға тиесілігі және басқа да мәліметтер), топографиялық-геодезиялық материалдар және аумақтарды кешенді бағалау үшін қажетті басқа да деректерді қамтуға тиіс.

### **21-тарау. Өндіріс пен тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастры**

#### **169-бап. Өндіріс пен тұтыну қалдықтарының мемлекеттік есебі**

1. Өндіріс пен тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастры (Қалдықтардың мемлекеттік кадастры) қалдықтарды орналастырудың әрбір объектісі (олардың кеңістіктегі орналасуын көрсете отырып), сондай-ақ қалдықтардың түрлері, олардың

шығу көздері мен физикалық-химиялық қасиеттері (адамдарға және қоршаған ортаға қауіптілігі ескеріле отырып), компоненттік құрамы, сандық және сапалық көрсеткіштері, оларды сақтаудың, көму мен тастаудың техникалық, гидрогеологиялық және экологиялық шарттары, оларды пайдалану мен залалсыздандыру технологиялары бойынша геоақпараттық жүйелер негізінде жүйелендірілген, кезеңділікпен толықтырылатын және нақтыланатын бірегей мәліметтер жиынтығын білдіреді.

2. Барлық қалдық түрлері мен қалдықтарды орналастыру объектілері Қалдықтардың мемлекеттік кадастры шеңберінде есепке алынуға тиіс.

### **170-бап. Қалдықтардың мемлекеттік кадастрының мақсаты мен міндеттері**

1. Қалдықтардың мемлекеттік кадастры мемлекеттік органдарды, мүдделі жеке және заңды тұлғаларды қоршаған ортаны қорғауға қатысты технологиялық, экономикалық, заңдық және басқа да шешімдерді бағалау, болжау, әзірлеу үшін ақпаратпен қамтамасыз ету, сондай-ақ қалдықтардың жалпы мемлекеттік кешенді есебін жүргізу мақсатында жүргізіледі.

2. Қалдықтардың мемлекеттік кадастрын жүргізудің негізгі міндеті қалдықтар, оларды қайта өңдеудің қасиеттері мен технологиялары бойынша ақпараттардың жалпы мемлекеттік, өңірлік және салалық ақпараттық-сараптамалық жүйелері мен деректер банкін қамтамасыз ету болып табылады.

### **171-бап. Қалдықтардың мемлекеттік кадастрын жүргізу**

1. Табиғат пайдаланушылар есепті жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан 1 наурызына дейінгі жай-күй бойынша жыл сайын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға электрондық және қағаз жеткізгіштермен мына құжаттаманы:

1) қалдықтардың паспортын;

2) қалдықтармен жұмыс істеу нормативтері жобасына сәйкес әрбір табиғат пайдаланушы бойынша мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы бар қалдықтарды түгендеу деректерін;

3) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін "уытты қалдықтар" бойынша есептерді;

4) қалдықтарды орналастыру объектілері бойынша кадастр ісін қамтиды, оған қоса: облыстың жергілікті атқарушы органдарының (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдіктерінің қалдықтарды жинақтауға, және жоюға жер учаскесін бөлу туралы шешімін;

жер учаскесі орналасқан жер бойынша республикалық маңызы бар қаланың, астананың және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары растаған, жер учаскесінің шекараларын белгілеу туралы және жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттардың берілгені туралы анықтаманы;

қалдықтарды орналастыру объектілерін құрудың техникалық-экономикалық негіздемесін;

қалдықтарды орналастыру объектілерін құруға мемлекеттік экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманың оң қорытындысын табыс етеді.

2. Қалдықтардың мемлекеттік кадастрын ұйымдастыруды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

### **172-бап. Қалдықтардың мемлекеттік кадастрын жүргізу нәтижелері туралы ақпарат**

1. Қалдықтардың мемлекеттік кадастрын жүргізу нәтижелері бойынша жыл сайынғы ақпараттық шолу жасалады.

2. Қалдықтардың мемлекеттік кадастры мемлекеттік және орыс тілдеріндегі жеке безендірілген кітап түрінде қағаз жеткізгіште бес жылда бір рет кезеңділікпен басылып шығады.

### **22-тарау. Зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көму мен ақаба суларды жер қойнауына ағызудың мемлекеттік кадастры**

#### **173-бап. Зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көмудің және ақаба суларды жер қойнауына ағызудың мемлекеттік кадастры**

1. Зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көмудің және ақаба суларды жер қойнауына ағызудың мемлекеттік кадастрын (Көмудің мемлекеттік кадастрын) жүргізу Қазақстан Республикасының аумағында барлық жер қойнауын пайдаланушылар үшін міндетті болып табылады.

2. Көмудің мемлекеттік кадастрын жедел ақпарат алу, қоршаған орта саласында шешімдер қабылдау, зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтар көмілетін және ақаба сулар ағызылатын орындардың жай-күйіне жоспарлы бақылау жасау мақсаттарында қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ұйымдастырады.

3. Көмудің мемлекеттік кадастрының деректері жер қойнауы туралы біртұтас цифрлы ақпараттар жүйесіне (деректер банкі) енгізіледі және жер қойнауының мемлекеттік мониторингінің құрамдас бөлігі болып табылады.

4. Көмудің мемлекеттік кадастрының есебі зиянды заттар, радиоактивті заттар көмілетін объектілер мен жер қойнауына ақаба су төгілетін жерлерге жүргізілуі тиіс.

#### **174-бап. Көмудің мемлекеттік кадастрының мазмұны**

1. Көмудің мемлекеттік кадастрында көмілген заттардың және төгілген сулардың үлгілері мен түрлерін сипаттайтын мәліметтер қамтылады, онда олардың сандық және сапалық көрсеткіштері, көму мен төгудің тау-кен-техникалық, арнаулы инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық және экологиялық жағдайлары көрсетіледі және :

1) зиянды заттар, радиоактивті қалдықтар көмілетін объектілер мен ақаба су төгілетін жерлердің жалпы сипаттамасын: орналасқан жерін пайдалану кезеңін, ұстауға жұмсалатын шығынды, қоршаған орта мен жер қойнауының жай-күйінің мониторингі бақылау желісінің орналасуын;

2) зиянды заттар, радиоактивті қалдықтар көмілетін объектілер мен ақаба су төгілетін жерлердің нақты сипаттамасын: оқшаулану сипаттамасын, тау-кені үлгілерін, қабатты-коллектор жатқан жердің тереңдігі мен тиімді қуатын, оның көлемін, уақ тесіктілік коэффициентін, су қысымына төсеніштік және бөгесіндік сипаттамасын, жер асты суларының табиғи ағысының жылдамдығын, ақаба сулардың сақталуы және басқа сандық және сапалық көрсеткіштерді;

3) зиянды заттар, радиоактивті қалдықтар көмілетін объектілер мен ақаба су төгілетін жерлердің сипаттамасын: өнімнің атауын, нәтижесінде өнім жасалатын технологиялық өндірістер мен процестерді, нақты сипаттамасын (толық химиялық құрамын, уытты компоненттері болуын, өрт шығу қауіптілігі, ерігіштігі, сақтау кезінде басқа заттармен қосылғыштығы, негізгі ластаушы радионуклидтер, оларды белсенділігі мен басқа да сипаттамаларын), тасымалдау жүйесінің сипаттамасын қамтиды.

2. Көмудің мемлекеттік кадастры Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органы бекіткен нұсқамалық әдістемелерге сәйкес, зиянды заттар, радиоактивті қалдықтар көмілетін объектілер мен ақаба сулар үшін жеке жүргізіледі.

### **175-бап. Көмудің мемлекеттік кадастрын жүргізу**

1. Қызметінің процесінде зиянды заттар, радиоактивті қалдықтар көмілетін объектілер мен ақаба сулар құралатын және зиянды заттар, радиоактивті қалдықтар көмілетін және ақаба су объектілері бар жер қойнауын пайдаланушылар қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға 1 қаңтарға дейінгі жағдай бойынша жыл сайын (келесі есепті жылдың бірінші тоқсанының ішінде) екі данада осы Кодекстің 174-бабының 1-тармағында көрсетілген мәліметтерді табыс етеді.

2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жер қойнауын пайдаланушылардан түскен деректер негізінде Көмудің мемлекеттік кадастрын ж а с а й д ы .

3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган:

1) жер қойнауын пайдаланушылардан мәліметтердің уақытылы түсуін бақылауды;

2) Көмудің мемлекеттік кадастры материалдарын жинауды, олардың есебін, ж ү й е л е н у і м е н с а қ т а л у ы н ;

3) есептеу техникасын пайдалана отырып және жер қойнауын пайдаланушыларға анықтамалық-ақпараттық қызмет көрсету негізінде Көмудің мемлекеттік кадастрын жасау және оның деректерін өңдеудің автоматтандырылған жүйесінің жұмыс істеуін;

4) Көмудің мемлекеттік кадастрының дұрыс ресімделуін қамтамасыз етеді.

## **23-тарау. Экологиялық ақпарат**

### **176-бап. Экологиялық ақпарат**

1. Э к о л о г и я л ы қ а қ п а р а т :

1) қоршаған ортаның және оған кіретін табиғат объектілерінің жай-күйі;

2) қоршаған ортаға әсер ету факторлары, оның ішінде оның ластануы туралы;

3) қоршаған ортаға әсер ететін немесе әсер ете алатын бағдарламалық, заңнамалық, әкімшілік және өзге де шаралар;

4) экологиялық нормативтер және шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптар;

5) қоршаған ортаны қорғау бойынша жоспарланатын және іске асырылатын іс-шаралар және оларды қаржыландыру;

6) қоршаған ортаға әсер ететін немесе әсер ете алатын қызмет, ол бойынша шешім қабылдау процесі және бақылау-инспекторлық қызмет нәтижелері, оның ішінде бұл ретте қаралған қоршаған ортаға қатысты есептер, рұқсат етілген мөлшерлер, талдаулар мен өзге де мәліметтер;

7) қоршаған орта жай-күйінің халықтың денсаулығына, қауіпсіздігіне және тұрмыс жағдайларына, мәдениет объектілеріне, ғимараттар мен құрылыстарға әсер етуі туралы мәліметтер мен деректерді қамтиды.

2. Экологиялық ақпарат жазбаша, электрондық, аудиовизуальды немесе объективтелген нысанда көрсетілуі мүмкін.

### **177-бап. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың экологиялық ақпаратты қалыптастыру және тарату жөніндегі қызметі**

1. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың экологиялық ақпаратты жинауы, есепке алуы, сақтауы және таратуы мемлекеттік органдардың қызметін, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау мен орындауды және азаматтардың өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаға құқығын іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік органдар мен ұйымдар жинауға, есепке алуға және сақтауға тиіс экологиялық ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасында және халықаралық шарттарында айқындалады.

3. Уәкілетті мемлекеттік органда қоршаған ортаға айтарлықтай әсер тигізуі мүмкін жоспарланып отырған және жүзеге асырылатын қызметті, сондай-ақ қоршаған ортаға және азаматтардың өмірі мен денсаулығына елеулі қатер төндіретін табиғи және техногендік сипаттағы кез келген жағдайды міндетті түрде тексеруге және есепке қоюға тиіс.

4. Мемлекеттік органдар мен ұйымдар экологиялық ақпаратты жүйеге келтіру және оған қол жеткізуді жақсарту мақсатында экологиялық ақпараттың электрондық тіркелімін және кадастрын қалыптастырады және ұстайды.

5. Мемлекеттік органдар өз құзыретіне сәйкес Интернеттегі электрондық өкілдіктерге орналастыру және өзге де жалпыға ортақ қолжетімді ақпараттық-коммуникациялық құралдарды қолдану арқылы экологиялық ақпараттың мына түрлерін:

1) қоршаған ортаның жай-күйі туралы баяндамаларды;

2) қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің және келісімдердің жобалары мен мәтіндерін;

3) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатқа, бағдарламалар мен жоспарларға қатысты құжаттардың жобалары мен мәтіндерін;

4) қоршаған ортаны қорғау саласындағы бақылау-инспекциялық және құқық қолдану қызметінің нәтижелері бойынша есептерді;

5) электрондық үкіметтің қоршаған ортаны қорғау саласындағы базалық қызметтерінің тізбесін таратады.

6. Экологиялық ақпаратты тарату үшін мемлекеттік органдар мемлекеттік сатып алулар және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы заңнамада көзделген тәртіппен мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарды тартуы мүмкін.

### **178-бап. Мемлекеттік экологиялық ақпарат қоры**

1. Экологиялық ақпаратты орталықтандырылған жинау, есепке алу және сақтау үшін Мемлекеттік экологиялық ақпарат қоры құрылады, ол туралы ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

2. Мемлекеттік экологиялық ақпарат қоры қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қарамағында болатын мемлекеттік мекеме болып табылады.

3. Мемлекеттік экологиялық ақпарат қорының ақпараттық ресурстары:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы функцияларды мемлекет бюджеті және қаржыландырудың өзге де көздері есебінен жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен ұйымдар міндетті түрде беретін;

2) заңды және жеке тұлғалар ерікті түрде беретін материалдар мен құжаттарды қ а м т и д ы .

4. Мемлекеттік экологиялық ақпарат қорының құрамына экологиялық ақпараттың м ы н а д а й түрлері кіреді:

1) табиғи ресурстардың кадастрлары;

2) шығарындылар мен ластаушылардың тіркелімі және экологиялық ақпараттың өзге де тіркелімдері;

3) экологиялық қауіпті өндірістер тізбесі;

4) экологиялық мониторинг деректері;

5) тапсырыс берушінің келісімімен қоршаған ортаға әсерін бағалау материалдары;

6) қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы нормативтік құқықтық актілер және нормативтік-техникалық құжаттар;

7) қоршаған ортаны қорғауға байланысты ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындау туралы есептер;

8) экологиялық статистика деректері;

9) экология және экологиялық таза технологиялар саласындағы ғылыми-техникалық әдебиет;

10) экологиялық ақпаратты қамтитын өзге де материалдар мен құжаттар.

## **179-бап. Экологиялық ақпаратқа қол жеткізу**

1. Мемлекеттік органдар мен ұйымдар бюджет қаражаты есебінен қалыптастыратын және сүйемелдейтін экологиялық ақпарат мынадай:

- 1) қызмет бабында пайдаланылатын ақпараттар санатына жатқызылған;
- 2) жедел-іздігі қызметінің, анықтаудың және алдын ала тергеудің құпиясын қ ұ р а й т ы н ;
- 3) коммерциялық құпия санатына жатқызылған;
- 4) зияткерлік меншік объектілері болып табылатын;
- 5) ақпаратты ерікті түрде және жариялау құқығынсыз берген жеке және заңды тұлғалар туралы құпия мәліметтерді құрайтын мәліметтер мен деректерді қоспағанда жалпыға бірдей қолжетімді болып табылады.

2. Жалпыға бірдей қолжетімді экологиялық ақпаратты құрайтын жекелеген мәліметтер мен деректерге қол жеткізу оларды жеке және заңды тұлғалардың сұрау салулары бойынша беру, бұқаралық ақпарат құралдарында, арнайы басылымдарда тарату, Интернетте орналастыру жолымен, сондай-ақ өзге де жалпыға бірдей қолжетімді ақпараттық-коммуникациялық құралдар қолданыла отырып жүзеге а с ы р ы л а д ы .

3. Экологиялық ақпараттың мемлекеттік ақпараттық ресурстарына (ақпараттық деректер базасына) қол жеткізу жалпыға бірдей қолжетімді тіркелімдерді және экологиялық ақпарат кадастрларын қалыптастыру мен сүйемелдеу арқылы жүзеге а с ы р ы л а д ы .

4. Қол жеткізу шектелген мәліметтер мен деректерді құрайтын құжаттарға және ақпараттық ресурстарға қол жеткізуге рұқсат беру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, сондай-ақ жалпыға бірдей қолжетімді жағдайда солардың ішінен құпиясын ашуға болмайтын экологиялық ақпаратты бөліп алу арқылы жүзеге асырылады.

## **180-бап. Субъектілердің экологиялық ақпаратқа қол жеткізуге қатысты құқықтары мен міндеттері**

1. Жеке және заңды тұлғалар экологиялық ақпаратты алуға өз мүдделілігін сұрауды көрсету қажеттігінсіз экологиялық ақпараттың жалпыға бірдей қолжетімді мемлекеттік ақпараттық ресурстарына еркін қол жеткізуге құқылы.

2. Мемлекеттік функцияларды атқаратын немесе жария шарттың негізінде халыққа қоршаған ортаға қатысы бар қызметтер көрсететін мемлекеттік органдар, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар жалпыға бірдей қолжетімді экологиялық ақпаратқа, соның ішінде жеке және заңды тұлғалардың сұрау салулары бойынша ашық түрде қол жеткізуді ұ с ы н у ға м і н д е т т і .

3. Қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын өзге де заңды және жеке тұлғалар ақпаратты сұратып отырған адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей әсер етуге қатысты экологиялық ақпаратты жеке және заңды тұлғалардың сұрау



салулары бойынша беруге міндетті.

4. Жеке және заңды тұлғалар осы баптың 2-тармағында көрсетілген тұлғалардан, егер сұрау салынып отырған тұлғаның оны басқа нысанда беруіне негіз болмаса не ақпарат басқа нысанда беріліп қойған болса, сұрау салу арқылы экологиялық ақпарат алуға құқылы.

### **181-бап. Экологиялық ақпаратты сұрау салу бойынша берудің мерзімдері мен тәртібі**

1. Мемлекеттік органдардың экологиялық ақпарат беру мерзімдері мен тәртібі Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы және азаматтардың өтініштерін қараудың тәртібі туралы заңнамасында белгіленеді.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілгендерді қоспағанда, заңды және жеке тұлғалар сұрау салынған экологиялық ақпаратты мейлінше тез арада, бірақ сұрау салу алынған күннен бастап бір айдан кешіктірмей береді.

3. Қоршаған ортаға әсер етуді бағалау рәсіміне және жоспарланып отырған шаруашылық және өзге де қызмет бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысты экологиялық ақпаратқа қол жеткізу қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген мерзімдер мен тәртіпке сәйкес қамтамасыз етіледі.

4. Сұрау салынған экологиялық ақпарат мемлекеттік органда болмаған жағдайларда алынған сұрау салу заңнамада белгіленген мерзім ішінде құзыретті мемлекеттік органға жіберіледі.

### **182-бап. Экологиялық ақпаратты бергені үшін ақы төлеу**

1. Мемлекеттік орган экологиялық ақпарат бергені үшін ақпаратты көшіруге, іздестіруге және дайындауға жұмсалған нақты шығыннан аспайтындай ақы алуға құқылы.

2. Экологиялық ақпарат бергені үшін алған ақыны мемлекеттік орган мемлекеттік органның тиісті бюджетінің кодына аударады.

3. Мемлекеттік органның экологиялық ақпаратты және жалпыға бірдей қолжетімді мемлекеттік электронды тіркелімдерге және экологиялық ақпарат кадастрларына қол жеткізуге рұқсат беруі тегін жүзеге асырылады.

### **183-бап. Экологиялық ақпарат беруден бас тарту**

1. Жеке және заңды тұлғаларға экологиялық ақпарат беруден мынадай негіздер бойынша:

1) сауал жалпылама түрде тұжырымдалған және өтініш беруші сұраған мәліметтер мен деректерді анықтауға мүмкіндік бермейтін болса;

2) сұратып отырған ақпарат жоқ болса;

3) сауал осы Кодекстің 172-бабының 1-тармағында көрсетілген пайдаланылуы шектелген мәліметтерге жататын болса, бас тартылуы мүмкін.

2. Экологиялық ақпарат беруден бас тартылғаны туралы жауап өтініш берушіге барынша қысқа мерзімде, бірақ оны алған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей

ж і б е р і л е д і .

3. Бас тарту жазбаша нысанда, бас тартудың себептері мен негіздері, өтініш берушінің шағым жасау мүмкіндіктері көрсетіле отырып, сондай-ақ осы Кодекстің 181-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларда беріледі, оған алынған сауалды құзыретті мемлекеттік органға жібергені туралы хабарлама кіреді.

4. Экологиялық ақпарат беруден бас тарту, оны бермеу, толық емес немесе дұрыс емес экологиялық ақпарат беру, сондай-ақ көпшілік пайдаланатын экологиялық ақпаратты пайдаланылуы шектеулі ақпаратқа жатқызу жағдайларына Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

**24-тарау. Табиғат пайдаланушыларды және қоршаған ортаны ластау көздерін есепке алу және тіркеу**

**184-бап. Табиғат пайдаланушылардың және қоршаған ортаны ластау көздерінің мемлекеттік тізілімі**

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын табиғат пайдаланушылар мен қоршаған ортаны ластау көздерінің мемлекеттік тізілімі табиғат пайдаланушыларды және қоршаған ортаны ластау көздерін есепке алудың мемлекеттік деректер қорының жүйесі болып табылады, оны қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүргізеді.

**185-бап. Табиғат пайдаланушыларды және қоршаған ортаны ластау көздерінің мемлекеттік есебі**

1. Табиғат пайдаланушылардың мемлекеттік есебі Табиғат пайдаланушылардың және қоршаған ортаны ластау көздерінің мемлекеттік тізіліміне табиғат пайдаланушы туралы мәліметтерді, оның ішінде:

1) табиғат пайдаланушының орналасқан жерін;

2) қоршаған ортаны ластау көздерінің орналасқан жерін;

3) есептен шығаруды енгізу (және жаңарту) жолымен жүзеге асырылады.

2. Табиғат пайдаланушылар ретінде балансында қоршаған ортаны ластау көздері бар мына заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер:

1) заңды тұлғалар, олардың құрылымдық бөлімшелері, соның ішінде тұрақты мекеме құру арқылы Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын резидент еместер - орналасқан жері бойынша;

2) тұрақты мекеме құрмай заңды тұлғалар Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын резидент еместер - қызметін жүзеге асыратын жері бойынша;

3) жеке кәсіпкерлер - қызметін жүзеге асыратын жері бойынша мемлекеттік т і р к е у г е ж а т а д ы .

3. Табиғат пайдаланушыларды және қоршаған ортаны ластау көздерін мемлекеттік тіркеудің тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган белгілейді.

**186-бап. Табиғат пайдаланушыларды және қоршаған ортаны  
ластау көздерін мемлекеттік есепке алудың  
мерзімдері мен өткізілу орны**

1. Табиғат пайдаланушыны мемлекеттік есепке алуды уәкілетті мемлекеттік орган табиғат пайдаланушы экологиялық рұқсатты ресімдеген кезде жүзеге асырады.

2. Табиғат пайдаланушының есеп нөмірі табиғат пайдаланушы ұсынатын есептілік құжаттарында, сондай-ақ оның міндеттемелерін орындауына байланысты өзге де құжаттарда көрсетілуге тиіс.

3. Табиғат пайдаланушының тіркеу нөмірін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган табиғат пайдаланушыға өзі жіберетін, соның міндеттемелеріне қатысы бар барлық құжаттарда көрсетуге тиіс.

**187-бап. Табиғат пайдаланушылардың және қоршаған ортаны  
ластау көздерінің мемлекеттік тізілімінен  
шығару**

Табиғат пайдаланушыны Қазақстан Республикасының Табиғат пайдаланушылардың және қоршаған ортаны ластау көздерінің мемлекеттік тізілімінен шығару қоршаған ортаға әсер ететін қызметтің тоқтатылуына байланысты жүзеге асырылады.

**188-бап. Мемлекеттік органдардың табиғат  
пайдаланушыларды және қоршаған ортаны ластау  
көздерін есепке алуды жүзеге асыру кезінде  
өзара іс-қимыл жасасуы**

Қоршаған ортаны қорғау органдары табиғат пайдаланушыларды мемлекеттік есепке алуды жүзеге асыру кезінде:

1) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді, қайта тіркеуді және таратуды жүзеге асыратын;

2) статистика;

3) салық салынатын объектілерді және салық салуға байланысты объектілерді есепке алуды және (немесе) мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын;

4) лицензиялар, куәліктер немесе рұқсат ету және тіркеу сипатындағы өзге де құжаттар беретін мемлекеттік органдармен;

5) басқа да уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл жасайды.

**189-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті  
органның табиғат пайдаланушыларды және  
қоршаған ортаны ластау көздерін мемлекеттік  
есепке алуды жүзеге асыру кезіндегі міндеттері**

Салық қызметі органдарының талабы бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жылына кемінде бір рет қоршаған ортаны ластау көздері бар табиғат пайдаланушылардың орналасқан жері туралы мәліметтерді беруге міндетті.

## **VII бөлім. Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастық**

### **25-тарау. Қазақстан Республикасының Экологиялық мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастығының негіздері**

#### **190-бап. Халықаралық ынтымақтастықтың басымдықтары**

Қазақстан Республикасы экологиялық мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықта келесі басымдықтарды негіздейді:

1) халықаралық шарттар жасасу негізінде Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мүдделерін қорғауды жүзеге асырады;

2) бір мемлекеттің экологиялық салауаттығы басқа мемлекеттер есебінен немесе олардың мүдделерін ескерусіз қамтамасыз етілмейді;

3) мемлекет аумағында жүзеге асырылатын шаруашылық қызметі өз аумағы шегінде де, оның заңдық құқығынан тысқары жерлерде де қоршаған ортаға зиян келтірмеуге тиіс;

4) трансшекаралық ластауларды мейлінше азайту шараларын қабылдайды;

5) мемлекеттер төтенше экологиялық жағдайларда бір-біріне көмек көрсетуге тиіс;

6) экологиялық шығындардың интернационалды болуына, ластаушының оларды халықаралық сауда мен инвестициялау ережелерін өтеуіне жәрдемдесуге;

7) басқа мемлекеттерге осы мемлекеттердің қоршаған ортасына күтпеген зиянды салдарларға әкеп соғуы мүмкін кез келген дүлей зілзала немесе басқа да төтенше жағдайлар туралы дереу хабарлауға, сондай-ақ осыдан зардап шеккен мемлекеттерге мүмкіндігінше көмек көрсетуге;

8) әлемнің, қоршаған ортаны дамыту мен қорғаудың өзара байланыстығы және біртұтастығын өзара түсінісуге;

9) барлық экологиялық дауларды бейбіт жолмен шешуге тиіс.

#### **191-бап. Халықаралық ынтымақтастықтың принциптері**

Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастық мынадай принциптерге:

1) мемлекеттің егемендігі мен ұлттық табиғи ресурстардың және оларды пайдаланудың біртұтастығына;

2) қоршаған ортаны қорғау мен экономикалық дамудың бірлігіне;

3) қоршаған ортаға трансшекаралық зиян келтіруді болдырмауға;

4) табиғи ортаға әсер етудің әскери немесе кез келген өзге де зиянды құралдарына тыйым салуға;

5) экологиялық проблемалар мен алдыңғы қатарлы табиғат сақтау технологиялары бойынша алдын ала хабарлауға, өзара консультациялар жүргізуге және ақпарат алмасуға;

6) қисынды сақтандырушылыққа және алдын алу іс-шараларына;

7) жаһандық және өңірлік табиғат қорғау жөніндегі халықаралық бастамаларға қ а т ы с у д ы к е ң е й т у г е ;

8) экологиялық қауіпсіздіктің өңірлік және жергілікті міндеттерінің экологиялық қатердің жаһандық және ұлттық мақсаттарына бағынышты болуына;

9) халықаралық шарттардың міндеттемелерін сақтауға;

10) қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі қызметтегі ұлттық мүдделер мен басымдықтарды қамтамасыз ету үшін халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының жағдайын пайдалану мүмкіндігіне негізделеді.

### **192-бап. Халықаралық ынтымақтастықтың негізгі бағыттары мен деңгейлері**

1. Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастық мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) қоршаған ортаны ластайтын заттардың трансшекаралық ағынын азайту;

2) атмосфералық ауаны қорғау және климаттың өзгеруін болдырмау;

3) суды ұтымды пайдалану және қорғау;

4) шөлейттенуді болдырмау;

5) биологиялық әралуандықты сақтау;

б) қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды, бақыланбайтын биологиялық объектілер сауда-саттығын болдырмау;

7) қоршаған ортаны қорғаудың және ұтымды табиғат пайдаланудың экономикалық а с п е к т і л е р і н з е р д е л е у ;

8) қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы ұзақ мерзімді ұлттық және халықаралық бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыру;

9) халықаралық стандарттарды әзірлеуге, қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы басқару әдістерін, нормативтер мен стандарттарды жақындастыруға және бірегейлендіруге қатысу.

2. Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастық жаһандық, өңірлік және ұлттық деңгейлерде жүзеге асырылады.

### **193-бап. Халықаралық ынтымақтастықтың экономикалық негізі**

Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың экономикалық негізі мыналарды:

1) барлық, бірнеше не екі мемлекеттің пайдалануында болатын табиғи ресурстарды тиімді және ұтымды пайдалануды;

2) трансшекаралық әсер ету нәтижесінде кінәлі тарап келтірген зиян үшін жауапкершілікті;

3) пайдаланылатын табиғи ресурстарға үлестік қатысу принципі бойынша басқа мемлекеттер пайдаланатын трансшекаралық объектілерді басқару, реттеу және қорғау жөніндегі құрылыстарды бір жақты пайдалануды жүзеге асыратын мемлекетке

4) бір мемлекеттің басқа мемлекетке Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың негізінде белгіленген табиғи ресурстарға өз үлесін (үлесінің бір бөлігін) өтемақылық негізде беруін көздейді.

#### **194-бап. Халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық**

1. Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген нысандарда, сондай-ақ халықаралық-құқықтық практикада танылған және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да нысандарда жүзеге асырылады.

2. Жеке, заңды тұлғалар мен мемлекет халықаралық және мемлекеттік ұйымдармен, шетелдік үкіметтік емес қоғамдық ұйымдармен және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін ұйымдардың-грант берушілердің тізіміне енгізілген гранттар беретін қорлармен ынтымақтастықты жүзеге асыруға құқылы.

#### **195-бап. Экологиялық құқық бұзушылықтары үшін халықаралық жауапкершілік**

Экологиялық құқық бұзушылықтар, шекаралас мемлекеттердің қоршаған ортасы мен табиғи ресурстарына келтірілген зиян, халықаралық шарттардың міндеттемелерін сақтамағаны үшін халықаралық жауапкершілік шаралары Қазақстан Республикасының халықаралық шарттардың ережелеріне, сондай-ақ нақты жағдайларда қолданылатын халықаралық құқық ережелеріне сәйкес қолданылады.

#### **26-тарау. Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастық**

##### **196-бап. Мемлекетаралық ынтымақтастықтың негіздері**

Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану мақсатында нормаларды, стандарттарды және ұсынымдарды белгілеу кезінде тікелей немесе халықаралық ұйымдар арқылы жаһандық, өңірлік және екі жақты негізде басқа мемлекеттермен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы жаһандық және өңірлік экологиялық проблемаларды шешуге халықаралық шарттар жасасу жолымен қатысады.

##### **197-бап. Мемлекетаралық ынтымақтастықтың тетігі**

1. Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың тетігі мынадай негізгі іс-шараларды:

1) трансшекаралық әсерін тигізетін немесе әсер етуі мүмкін қызметті жүзеге асыру кезінде табиғи ресурстардың трансшекаралық сипаты ескеріле отырып, олардың қисынды әрі әділ пайдаланылуын;

2) теріс трансшекаралық немесе жаһандық әсер етуге әкеп соғуы ықтимал қоршаған орта объектілерін ластаудың жолын кесу, оларды болдырмау, шектеу және азайту жөніндегі шараларды;

- 3) трансшекаралық әсер етуден бүлінген экологиялық жүйелерді сақтауды және қажет болғанда қалпына келтіруді;
- 4) қазіргі заманғы техникалық жетістіктерге және табиғат пайдаланудың экономикалық ықтимал жағдайларына сәйкес келетін қоршаған ортаға нормаланған әсер етудің белгіленуін;
- 5) трансшекаралық объектілерді басқаруға, реттеуге және қорғауға бірлескен қаржылық және техникалық қатысуды;
- 6) ақпарат алмасуды, экологиялық апаттардың, зілзаландың, авариялардың алдын алуға қажетті күш-құралдарды құру мен қолдауды және солардың зардаптарын жоюды;

7) қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалану мәселелері бойынша қабылданатын нормативтік құқықтық актілерді, экологиялық нормативтер мен стандарттарды жақындастыруды және үйлестіруді;

8) мониторингтің біртұтас жүйесін енгізуді, трансшекаралық объектілерді және солармен байланысты экологиялық жүйелерді қорғау мен қалпына келтірудің бірлескен бағдарламаларын әзірлеуді және іске асыруды;

9) трансшекаралық объектілерді қорғау мен пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы ратификациялаған мемлекетаралық шарттарға сәйкес трансшекаралық объектілерді басқару жөніндегі мемлекетаралық органды құруды;

10) трансшекаралық объектілерді пайдалану мен қорғау жөніндегі өңірлік және ұлттық деректер қорын құруды;

11) экологиялық проблемаларды шешу жөніндегі бірлескен ғылыми-техникалық зерттеулер жүргізуді;

12) халықаралық экологиялық сараптамалар жүргізуді көздейді.

### **198-бап. Халықаралық шарттар**

1. Халықаралық шарттар қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың құқықтық нысаны болып табылады.

2. Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы халықаралық шарттар Қазақстан Республикасының Конституциясына, халықаралық құқықтың жалпы таныған принциптері мен нормаларына, халықаралық шарттың өзінің ережелеріне, осы Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес жасалады, орындалады, өзгертіледі және тоқтатылады.

3. Халықаралық шарттарды іске асыру мыналарды:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе өзге уәкілетті мемлекеттік орган деңгейінде қажетті іс-қимылдар жоспарын әзірлеу мен бекітуді;

2) халықаралық шартты іске асыру жөніндегі жауапты органды және ұлттық үйлестірушіні тағайындауды;

3) Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы халықаралық шарттарға қатысу тиімділігінің тұрақты талдауын жүргізуді қамтуы мүмкін.

## **VIII бөлім. Экологиялық тәрбие, білім және ғылыми зерттеулер**

### **27-тарау. Экологиялық тәрбие мен білім**

#### **199-бап. Экологиялық тәрбиенің және білімнің мақсаты мен принциптері**

1. Қоғамда экологиялық мәдениетті, адамдар, елдер мен ұрпақтар арасындағы біртұтас ынтымақтастық пен өзара құрмет құндылықтарына негізделген азаматтардың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру экологиялық тәрбие мен білімнің мақсаты б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Педагогтарды, мамандарды және басшыларды қоса алғанда, мектепке дейінгі тәрбие мен білімді, жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта, кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді қамтитын тұрақты даму мүддесіндегі экологиялық тәрбие мен білімнің үздіксіз жүйесі енгізіліп жатыр және даму үстінде.

3. Тұрақты даму мәселелеріне кедейшілік, имандылық, бейбітшілік, демократия, қауіпсіздік, адам құқықтары, әлеуметтік-экономикалық даму, денсаулық сақтау, мәдени саналуандық, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды басқару, қалалар мен ауылдық аумақтарды дамыту, өндіріс пен тұтыну құрылымдары жатады.

4. Тұрақты даму мәселелері кешенді көзқарас негізінде жаһандық, өңірлік және ұлттық жағдайлар ескеріле отырып, үздіксіз экологиялық тәрбие мен білімнің білім беру және оқыту процесіне кіреді.

Экологиялық тәрбие мен білім беру жөніндегі оқу бағдарламасына тұрақты даму мүддесінде тұрақты дамуға қатысты көп жақты келісімдер мен халықаралық шарттар мәселелері е н г і з і л у і т и і с .

5. Экологиялық тәрбие мен білім беру жөніндегі оқу бағдарламасына тұрақты даму мүддесінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның келісімімен білім және ғылым саласындағы уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

6. Тұрақты даму мүддесінде экологиялық тәрбие мен білім жөніндегі қызмет м ы н а л а р д ы :

1) көпшіліктің хабардар болуын арттыруды, барлық деңгейдегі бағдарламаларға тұрақты даму мәселелерін шектеулі түрде енгізуді, экология және тұрақты даму жөніндегі баламалы материалдарға қол жеткізуді қамтамасыз етуді;

2) оқытудың әдістері мен жаңа технологияларын дамытуды;

3) жүйелі, сындарлы, шығармашылық ойлау мен өмірге деген көзқарасты дамытуды , жеке бағдарлай оқытуды, педагогтардың құзыретін және кәсіптік даярлығын арттыруды, жаһандық және жергілікті мүдделер мен басымдықтар арасындағы тепетеңдікті және көп жақты ынтымақтастық пен әріптестікті;

4) оқу әдістемелік қамтамасыз етуді қамтиды.



7. Тұрақты даму мүддесінде экологиялық тәрбие мен білім тиімділігі:

1) тұрақты даму мәселелерін барлық тиісті оқыту пәндерімен, бағдарламаларымен және курстарымен кіріктіру арқылы;

2) нақты тақырыптық бағдарламалар мен курстар бойынша оқулар ұйымдастыру жолымен қамтамасыз етіледі.

8. Тұрақты даму мүддесінде экологиялық тәрбие мен білім бағыттары:

1) орнықты тәрбиені, атап айтқанда білім беру мекемелерінде, жұмыс орындарында, отбасында және қоғамда, қалыптастыруға жәрдемдесетін оң білім беру тәжірибесі;

2) педагогикалық қоғам мен басқа да мүдделі тараптар арасындағы ынтымақтастық пен әріптестік;

3) бүкіл өмірлік жолды қамтитын көзқарас негізінде жаһандық, өңірлік, ұлттық және жергілікті проблемаларды түсіндіру жолымен жәрдемдесу;

4) білім берудің кең ауқымын, оның ішінде оқушылардың тұтынуына бейімделген нақты процестерге және шешімдер табуға бағдарланған әдістерді қолдану болып табылады.

9. Тұрақты даму мүддесінде экологиялық тәрбие мен білім мәселелері жөніндегі қызметті білім мен ғылым саласындағы уәкілетті органдар мен жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырады және үйлестіреді.

10. Тұрақты даму мүддесінде экологиялық тәрбие мен білім жөніндегі қызметті орталық және жергілікті атқарушы органдар, білім беру ұйымдары, қоғамдық бірлестіктер және басқа да үкіметтік емес ұйымдар, мәдениет және ғылым мекемелері, туристік және халықаралық ұйымдар, өзге де заңды тұлғалар ұйымдастырады.

## **28-тарау. Экологиялық ғылыми зерттеулер**

### **200-бап. Экологиялық ғылыми зерттеулердің мақсаттары мен міндеттері**

1. Экологиялық ғылыми зерттеулер қоршаған ортаны қорғаудың ғылыми негіздерін құру, табиғи экологиялық жүйелерді жақсарту, қалпына келтіру, тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі ғылыми негізделген іс-шараларды әзірлеу, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен молайту, экологиялық қауіпсіздікті және Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық және экологиялық теңгерімді дамуын қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

2. Мыналар:

1) қоршаған ортаның жай-күйін бағалау мен болжау;

2) экологиялық нормативтер мен талаптардың ғылыми негізделген регламенттерін әзірлеу;

3) табиғи ресурстарды кешенді әрі ұтымды пайдаланудың негіздемесі;

4) қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалану саласында мемлекеттік реттеу мен басқаруды қамтамасыз ету үшін ғылыми ұсынымдар әзірлеу;

5) экологиялық тұрғыдан тиімді ресурстарды сақтау технологияларының ғылыми

негіздемесі, оларды әзірлеу мен енгізу қоршаған ортаны қорғаудың ғылыми қамтамасыз етілуінің міндеттері болып табылады.

## **201-бап. Экологиялық ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттары**

1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми қамтамасыз ету міндеттерін шешу үшін ғылыми зерттеулердің мынадай түрлері:

1) аумақтардың әлеуметтік-экономикалық тұрақты дамуының кешенді мемлекеттік, өңірлік, жергілікті ғылыми негіздемелерін (бағдарламаларын) әзірлеу;

2) экологиялық жүйелердің антропогендік әсер етуге тұрақтылығын зерттеу және экологиялық тәуекелдерді айқындаудың ғылыми негіздерін әзірлеу;

3) табиғи ортаға антропогендік жүктемелер деңгейін және экологиялық жүйелер мен ландшафттардың бүліну дәрежесін бағалау;

4) қоршаған ортаны қорғау саласында ғылыми негізделген нормативтік құжаттар әзірлеу ;

5) экологиялық жүйелер мен ландшафттарға антропогендік әсер ету шегінің аймақтық деңгейлерін айқындау ;

6) қоршаған орта факторларының халық денсаулығына әсер етуін анықтау;

7) республика аумағын экологиялық шиеленісу дәрежесі бойынша аудандарға бөлу және саралау ;

8) қоршаған ортаның нысаналы сапалық көрсеткіштері бағдарламаларын әзірлеумен байланысты зерттеулер ;

9) қоршаған орта эмиссияларды тазарту жөніндегі әдістерді және технологияларды әзірлеумен байланысты зерттеулер ;

10) шикізатты кешенді пайдалану, қалдықтарды қайта өңдеу мен кәдеге жарату жөніндегі зерттеулер ;

11) жаңа ресурс үнемдеуші және экологиялық тиімді технологияларды іздестіру, ғылыми-техникалық негіздеу және енгізу жөніндегі зерттеулер;

12) қоршаған ортаның жай-күйін бағалауды әзірлеу мен ғылыми сүйемелдеу және олардың антропогендік және табиғи факторлар әсерінен өзгеруін болжамдау;

13) қоршаған ортаға антропогендік немесе табиғи факторлардың әсер етуінің теріс салдарларын болдырмау немесе жеңілдету әдістерін ғылыми негіздеу;

14) көп жылғы қадағалаулар мен жедел бақылау негізінде экологиялық жүйелер мен объектілер жай-күйінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне экологиялық мониторинг нәтижелерін жүйелі зерделеу мен қорыту;

15) қоршаған ортаның жай-күйінің мониторингін ғылыми қамтамасыз ету;

16) қоршаған ортаға эмиссияларға, табиғи ресурстарды пайдалануға лимиттерді (квоталарды) әзірлеу мен ғылыми негіздеу;

17) климаттың өзгеруін кешенді зерттеу және оның Қазақстанның экономикасы мен табиғи ресурстарына әсерін бағалау;

18) озон қабатының, оның бүлінуі мен қалпына келу процестерінің жай-күйін зерттеу, адам қызметінің озон қабатына әсерін болдырмау жөніндегі шараларды әзірлеу ;

19) табиғат пайдалануды экономикалық реттеу тетіктерінің проблемаларын зерттеу, экономикалық тиімділікті және табиғат қорғау іс-шараларына жұмсалатын шығындарды бағалау әдістерін әзірлеу және осы іс-шараларды ғылыми сүйемелдеу;

20) елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының экологиялық индикаторларын әзірлеуге және ғылыми негіздеуге қатысу;

21) Қазақстан Республикасының табиғат қорғау саласындағы халықаралық шарттар бойынша міндеттемелерін орындауына байланысты ғылыми зерттеулерді жүргізу;

22) қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы халықаралық ғылыми ынтымақтастық жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Іргелі және қолданбалы ғылыми экологиялық зерттеулер бюджет қаражатының және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған басқа да қаржыландыру көздері есебінен жүзеге асырылады.

### **202-бап. Экологиялық ғылыми зерттеулерді жүргізуге қойылатын талаптар**

1. Экологиялық ғылыми зерттеулерді осы Кодекске және Қазақстан Республикасының ғылым туралы заңнамасына сәйкес ғылыми ұйымдар жүргізеді.

2. Қазақстан Республикасының аумағында қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми зерттеулерді қазақстандық та, шетелдік те заңды және жеке тұлғалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын міндетті түрде орындайтын болса, халықаралық ұйымдар жүзеге асыруы мүмкін.

## **IX бөлім. Заңды жауапкершілік және дауларды шешу**

### **29-тарау. Экологиялық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік және экологиялық дауларды шешу**

#### **203-бап. Экологиялық құқық бұзушылықтардың түрлері**

Экологиялық құқық бұзушылықтардың түрлеріне:

1) экологиялық заңнаманы материалдық жауапкершілікке әкеп соғатындай б ұ з у ш ы л ы қ ;

2) экологиялық заңнаманы моральдық зиян келтіргені үшін жауапкершілікке әкеп соғатындай б ұ з у ш ы л ы қ ;

3) қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы әкімшілік құқық б ұ з у ш ы л ы қ т а р ;

4) экологиялық қылмыстар жатады.

#### **204-бап. Экологиялық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапкершілік**

Экологиялық құқық бұзушылықтар жасаған жеке және заңды тұлғалар материалдық , әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылады, сондай-ақ осы Кодекске

және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өздері келтірген моральдық зиянды өтейді.

### **205-бап. Экологиялық заңнаманы бұзу арқылы келтірілген зиянды өтеудің міндеттілігі**

1. Экологиялық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалар өздері келтірген залалды осы Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өтеуге міндетті.

2. Мыналардың:

- 1) табиғи ресурстарды жою мен бүлдіруді;
- 2) табиғи ресурстарды өз бетімен және ұтымсыз пайдаланудың;
- 3) қоршаған ортаны өз бетімен ластаудың, оның ішінде авариялық, келісілмеген жаппай шығарулар мен ағызулардың, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырудың;
- 4) қоршаған ортаны нормативтен тыс ластаудың салдарынан қоршаған ортаға, азаматтардың денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің мүлкіне келтірілген залал өтелуге тиіс.

3. Жеке тұлғалардың денсаулығына келтірілген зиянды, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің мүлкіне келтірілген залалды өтеу ерікті түрде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот шешімі бойынша жүргізіледі. Зиян зардап шеккен адамның еңбекке қабілетін жоғалту дәрежесі, оның емделуіне және денсаулығын қалпына келтіруге жұмсалған шығындар, ауруды бағып-күту жөніндегі шығындар, өзге де шығыстар мен шығындар ескеріле отырып, толық көлемде өтелуге тиіс.

4. Экологиялық заңнаманы бұзу салдарынан қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеу ерікті түрде немесе осы Кодексте айқындалатын залалды экономикалық бағалауға сәйкес сот шешімі бойынша жүргізіледі.

5. Қызметі қоршаған ортаға қауіп төндіретін заңды және жеке тұлғалар, егер зиянның дәулей күш немесе зардап шеккен адамның теріс пиғылы салдарынан туындағанын дәлелдей алмаса, қауіп төндіретін көздер келтірген зиянды өтеуге міндетті. Зиянды өтеу міндеті меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында не кез келген басқа заңды негізде қауіп төндіретін көзге иелік ететін тұлғаға жүктеледі.

6. Экологиялық заңнаманы бұзу нәтижесінде келтірілген моральдық зиян Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелуге тиіс.

### **206-бап. Экологиялық заңнаманы бұзу арқылы келтірілген зиянды өтеудің тәртібі**

1. Қоршаған ортаға зиян келтірген тұлға келтірілген залалды ерікті түрде өз күшімен жоюға не оны өзге де тәсілмен өтеуге құқылы. Тұлғаның залалды жою не өтеу туралы міндеттемесі кепілхатта жазылуға тиіс.

2. Зиянды өтеу қоршаған ортаға зиян келтірген тұлғаның өз қаражаты немесе сақтандыру төлемдері есебінен құндық нысанда жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Зиянды өтеудің құндық нысандарына қоршаған ортаның зиян келтірілгенге дейінгі жай-күйін қалпына келтіруге, табиғи ресурстарды молайту жөніндегі іс-шараларды орындауға, алынбай қалған пайданы қоса алғанда, талап қоюшыға өзге шығындарды өтеуге арналған ақшалай қаражат жатады.

4. Тараптардың келісімімен сот шешімі бойынша зиян жауапты тұлғаға қоршаған ортаны өз күш-құралдарымен қалпына келтіру жөніндегі міндеттерді жүктеу жолымен заттай нысанда өтелуі мүмкін.

5. Өтеудің жаратынды нысандарына қоршаған ортаның зиян келтірілгенге дейінгі жай-күйін қалпына келтіру, жойылған не бүлінген табиғи ресурстың орнына соған теңдесін беру жөніндегі шаралар жатады. Зиянды заттай нысанда өтеу келтірілген зиянды өтеудің тәртібін, талаптарын, мерзімдері мен көлемін регламенттейтін шартты және/немесе келісімді жасасу жолымен жүргізіледі.

6. Қоршаған ортаға бірнеше тұлға зиян келтірген кезде олар өздері келтірген залалды әрқайсысының үлестік жауапкершілігіне сәйкес өтеуге міндетті.

7. Талап қоюшы экологиялық құқық бұзушылықтың қосымша зардаптары анықталған кезде зиянды, залалды және өзге де шығындарды өтеу туралы талаппен сотқа қайта жүгінуге құқылы. Талап қою мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес айқындалады.

8. Зияннан өндіріліп алынған сома мемлекеттік бюджетке, ал заңнамада белгіленген жағдайларда жәбірленген адамға аударылады.

9. Залалды өтеу қоршаған ортаға зиян келтірген тұлғаны әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктен босатпайды.

### **207-бап. Экологиялық дауларды шешудің тәртібі**

1. Экологиялық дауларды соттар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен шешеді.

2. Тараптар экологиялық дауларды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен реттеуге құқылы.

3. Экологиялық құқық қатынастары субъектілері арасындағы экологиялық даулар келіссөздер жолымен, оның ішінде сарапшыларды тарта отырып не тараптардың бұған дейін келісілген дауларды шешу рәсіміне сәйкес шешілуі мүмкін.

## **X бөлім. Шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

### **30-тарау. Экологиялық талаптар туралы жалпы ережелер**

#### **208-бап. Шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптар және олардың түрлері**

1. Экологиялық талаптар меншік нысанына қарамастан, Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын шаруашылық және өзге де қызметке

б е л г і л е н е д і .

2. Экологиялық талаптар мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын жалпы экологиялық талаптар;
- 2) табиғи ресурстарды пайдалану кезінде қойылатын экологиялық талаптар;
- 3) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы экологиялық талаптар;
- 4) Каспий теңізінің қазақстандық секторының солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағындағы шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптар ;
- 5) радиоактивті материалдарды, атом энергиясын пайдалануға және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын экологиялық талаптар;
- 6) аса қауіпті химиялық және биологиялық заттарды, генетикасы өзгертілген өнімдер мен ағзаларды өндіру мен пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар;
- 7) өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу кезіндегі экологиялық талаптар ;
- 8) әскери және қорғаныс объектілеріне, әскери қызметке қойылатын экологиялық талаптар ;
- 9) экологиялық ахуалы қолайсыз аумақтарды пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар .

3. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында экологиялық талаптардың басқа да түрлері белгіленуі мүмкін.

### **209-бап. Экологиялық талаптарды әзірлеу мен бекітудің тәртібі**

1. Экологиялық талаптар осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілері мен нормативтік-техникалық құжаттарында белгіленіп, жекелеген құжаттар немесе шаруашылық және өзге де қызметтің тиісті түрлерін жүзеге асыру ережелерінің жекелеген бөлімдері түрінде енгізілуі мүмкін.

2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган экологиялық талаптарды әзірлеу кезінде мамандандырылған ғылыми-зерттеу, жобалау институттары мен басқа да ұйымдарды, сондай-ақ табиғат пайдаланушыларды тартуы мүмкін.

3. Жер ресурстарын, жер қойнауы мен минералдық ресурстарды, жер асты және жер үсті суларын, орман және жануарлар дүниесі мен өсімдіктер дүниесін пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар тиісінше жер ресурстарын басқару, жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі, су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы, жануарлар дүниесін қорғау, молайту және пайдалану саласындағы органдардың келісімімен белгіленеді.

4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға қойылатын экологиялық талаптар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның келісімімен белгіленеді.

5. Кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді салу мен реконструкциялау, пайдалануға беру мен пайдалану, қалалар мен басқа да елді

мекендер салу, радиоактивті материалдарды пайдалану, аса қауіпті химиялық және биологиялық заттарды өндіру мен пайдалану, өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу кезінде оларды жобалауға және орналастыруға қойылатын, әскери және қорғаныс объектілеріне, әскери қызметке қойылатын экологиялық талаптар осы Кодекске және Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленеді.

### **210-бап. Мемлекеттік мүлікті жекешелендіру кезіндегі экологиялық талаптар мен міндеттемелерді**

#### **есепке алу**

1. Мемлекеттік мүлікті жекешелендіру кезінде жекешелендіруді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік орган экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз е т е д і .

2. Кәсіпорындарды және өзге де объектілерді жекешелендіру экологиялық жай-күйді тексерудің (экологиялық аудиттің) нәтижелері ескеріле отырып жүзеге асырылады. Кәсіпорынның және өзге де объектінің экологиялық жай-күйін тексеру кәсіпорынды жекешелендіру жоспарында көзделеді және мемлекеттік экологиялық бақылау органының қатысуымен жүзеге асырылады.

### **211-бап. Заңды тұлға банкрот болған, таратылған және қайта ұйымдастырылған кездегі экологиялық талаптар мен міндеттемелерді есепке алу**

1. Табиғат пайдаланушы заңды тұлғаның банкроттығы туралы іс қозғалған кезде экологиялық аудит жүргізіледі.

2. Табиғат пайдаланушы заңды тұлғаның экологиялық аудитін ұйымдастыру міндеті сауықтыруды жүзеге асыратын органға не сырттай басқарушыға жүктеледі.

3. Табиғат пайдаланушы заңды тұлғаның экологиялық талаптарды сақтауы тексерудің объектісі болады.

4. Табиғат пайдаланушы заңды тұлғаның банкроттығы туралы істі жүргізу кезінде кредиторлар экологиялық міндеттемелер бойынша мүдделерін есепке алу қамтамасыз е т і л е д і .

5. Табиғат пайдаланушы заңды тұлғаны тарату және қайта ұйымдастыру олардың нәтижелерін заңды тұлғаны қайта ұйымдастырудың балансында міндетті түрде көрсете отырып, экологиялық аудит деректері немесе мемлекеттік экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық сараптамалар қорытындылары негізінде экологиялық талаптар ескеріліп жүзеге асырылады.

6. Табиғат пайдаланушы заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру кезінде экологиялық міндеттемелер оның құқықтық мұрагеріне өтеді.

### **31-тарау. Шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын жалпы экологиялық талаптар**

## **212-бап. Шаруашылық және өзге де объектілерді жобалауға қойылатын экологиялық талаптар**

1. Кәсіпорындарды, ғимараттар мен құрылыстарды, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы объектілерін, сумен жабдықтау жүйелерін, кәріздерді, гидротехникалық құрылыстарды, көлік және байланыс құралдарын, технологиялық процестерді, бұйымдар мен жабдықтарды, басқа да объектілерді жобалау кезінде:

- 1) қоршаған ортаның сапа нормативтері сақталуы;
- 2) қауіпті қалдықтар залалсыздандырылуы және кәдеге жаратылуы;
- 3) қалдығы аз және қалдықсыз технологиялар мен өндірістер пайдаланылуы;
- 4) қоршаған ортаны ластанудың алдын алудың тиімді шаралары қолданылуы;
- 5) табиғи ресурстарды молықтыру және ұтымды пайдалану қамтамасыз етілуі тиіс.

2. Мемлекеттік экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманың оң қорытындысы жоқ жобаларды қаржыландыруға және іске асыруға тыйым салынады.

## **213-бап. Жалпы экологиялық талаптар және табиғат пайдаланушылардың шаруашылық және өзге де объектілерді пайдалануға беру мен пайдалану кезіндегі жауапкершілігі**

1. Кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді пайдалануға беру жобада көзделген барлық экологиялық талаптар толық көлемде орындалған жағдайда қоршаған ортаны қорғау саласындағы арнайы уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың қатысуымен құрылатын қабылдау комиссияларының актілері бойынша жүргізіледі.

2. Жобада көзделген шектеулі жол берілген нормативтерден асып түсетін (қоршаған ортаға әсер ету бағасының нәтижелері бойынша), зиянды қалдықтарды, шығарындыларды, тастауларды тазарту, залалсыздандыру және кәдеге жарату жөніндегі жабдықтар орнатылмаған, жердің құнарлығын қалпына келтіру, табиғи ресурстарды молайту мен ұтымды пайдалану жөніндегі жұмыстарды аяқтамаған кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді пайдалануға беруге тыйым салынады.

3. Шаруашылық және өзге де объектілерді пайдалануды жүзеге асыратын әрбір табиғат пайдаланушы:

- 1) өзіне берілген аумақта және басқа да аудандарда өз күшімен немесе субмердігерлерді тарта отырып, жұмыстардың қауіпсіз түрде жүргізілуі;
- 2) қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі белгіленген құжаттаманы жүргізу және барлық жұмыстар бойынша мемлекеттік органдарға белгіленген есепті беру;
- 3) мемлекеттік бақылаушы органдар инспекцияларының жұмысына жәрдемдесу және заңды нұсқамаларды белгіленген мерзімде орындау үшін жауапты болады.

4. Табиғат пайдаланушы әрбір объектіде:



1) жұмыстарды жүргізу кезінде экологиялық нормативтер мен талаптардың сақталуы және бақылаушы органдармен өзара іс-қимыл үшін жауапты болатын арнайы бөлімше құруға не өз өкілін тағайындауға;

2) персоналдың денсаулығы мен өмірін, қоршаған ортаны және мүлікті қорғау мақсатында барлық операцияларды мейлінше қауіпсіз әрі білікті тәсілмен жүргізуге және жабдықтарды қауіпсіз жай-күйде ұстауға;

3) барлық қызмет түрлері бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы аумақтық органдармен келісілген, кемінде бес жылда бір рет қайта қаралатын қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттар әзірленіп, бекітіледі. Нормативтік-техникалық құжаттар жаңа үлгілік ережелермен нормаларды, жаңа технологиялық процестерді, қондырғыларды, машиналар мен аппаратураларды енгізу кезінде де қайта қаралуға тиіс;

4) жұмыс учаскелерінде (объектілерінде) ұйымдардың жауапты лауазымды адамдары учаскелерде (объектілерде) анықталған кемшіліктерді жоюдың мерзімдерін көрсетіп жазатын техникалық және экологиялық қауіпсіздіктің жай-күйін тексеру журналдарын жүргізуге тиіс. Қоршаған орта үшін аса қауіпті жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізудің тәртібі осы шаруашылық және басқа объектілерді пайдалануды жүзеге асыратын табиғат пайдаланушы әзірлеген арнайы ережеде белгіленуге тиіс.

6. Табиғат пайдаланушы экологиялық заңнаманың бұзылуы, кездейсоқ апаттар мен табиғи катаклизмдердің нәтижесінде туындаған авариялық жағдайларды жою немесе оқшаулау жөніндегі іс-қимылдар жоспарын жасауы тиіс.

7. Қолданыстағы нормалар, ережелер мен нұсқаулықтар талаптарының бұзылуын немесе адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін қауіпті, сондай-ақ қоршаған ортаның ластану мүмкіндігін байқап қалған қызметкер туындаған жағдайды жою немесе оқшаулау жөніндегі шамасы жететін барлық шараларды қабылдауға және ол жөнінде басшылыққа немесе диспетчерге хабарлауға тиіс.

8. Анықталған кемшіліктердің белгіленген мерзімдерде жойылуын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган, сондай-ақ шаруашылық және өзге объектілерді пайдалануды жүзеге асыратын табиғат пайдаланушы бақылауға тиіс.

9. Өндірістегі жазатайым оқиғаларға және экологиялық зардаптарға әкеп соқпаған авариялар жазатайым оқиғаларға және экологиялық зардаптарға әкеп соқпаған аварияларды техникалық тексеру және есепке алу жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес тексеріледі. Ерекше жағдайларда ірі техникалық аварияларды және экологиялық зардаптарды, сондай-ақ нәтижесінде бірнеше жұмысшылар зардап шеккен топтық жазатайым оқиғаларды тексеру үшін үкіметтік комиссия тағайындалады.

10. Табиғат пайдаланушылар ластаушы заттар шығарыла отырып орын алған авариялар туралы ол анықталған кезден бастап екі сағат ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

## **32-тарау. Шаруашылық және өзге де қызмет түрлері бойынша экологиялық талаптар**

### **214-бап. Елді мекендерді жобалауға және салуға қойылатын экологиялық талаптар**

1. Қалаларды және басқа да елді мекендерді жобалау, салу, реконструкциялау экологиялық талаптар мен экологиялық қауіпсіздік ескеріле отырып, халықтың өміріне, еңбегі мен демалуына мейлінше қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге тиіс.

2. Қалалар мен басқа да елді мекендерді жоспарлау және салу кезінде өндіріс пен тұтыну қалдықтарын санитарлық тазарту, залалсыздандыру, кәдеге жарату, жинақтау, қауіпсіз жолмен аластату, қайта өңдеу және көму көзделуге және жүзеге асырылуға тиіс. Ірі қалалар мен өндіріс орталықтары жанында шектеулі табиғат пайдалану режимі қолданылатын орманды-саябақты, жасыл және қорғау аймақтары құрылуға тиіс.

3. Ғимараттар, құрылыстар, автомобиль жолдары және өзге де өндірістік объектілер қолайлы қоршаған ортаны, халықтың денсаулығын қамтамасыз ететін санитариялық-эпидемиологиялық ережелердің, нормалардың талаптары мен қала құрылысы және өзге де талаптар ескеріле отырып орналастырылуға тиіс.

### **215-бап. Кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді орналастыруға қойылатын экологиялық талаптар**

1. Кәсіпорындар, құрылыстар және өзге де объектілер орналастырылатын жерлерді айқындау қоршаған ортаны қорғаудың талаптары мен ережелері сақтала отырып, аталған объектілер қызметінің экологиялық салдарлары ескеріліп жүргізіледі.

2. Кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді орналастыру кезінде күзет, санитарлық-қорғау және өзге де қорғау аймақтары белгіленеді.

### **216-бап. Кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді салуға және реконструкциялауға қойылатын экологиялық талаптар**

1. Кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді салу және реконструкциялау мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптамалардың оң қорытындылары болғанда және қоршаған орта сапасының нормативтеріне сәйкес жүзеге асырылады. Қоршаған ортаны қорғауға залал келтіретін болса, бекітілген жобаны немесе жұмыс құнын өзгертуге жол берілмейді.

2. Құрылыс жұмыстарын орындау кезінде жердің құнарлылығын қалпына келтіру, табиғи ресурстарды молайту мен ұтымды пайдалану, аумақтарды көріктендіру және қоршаған ортаны сауықтыру жөніндегі шаралар қабылдануға тиіс.

3. Жоба бекітілгенге дейін және жер учаскесі нақты бөлінгенге дейін объектілерді салуға, реконструкциялауға тыйым салынады.

### **217-бап. Өнеркәсіп, энергетика, көлік және байланыс объектілерін, ауыл шаруашылығы мақсатындағы**

## **және мелиорациялау объектілерін пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Өнеркәсіп, энергетика, көлік және байланыс объектілерін, ауыл шаруашылығы мақсатындағы және мелиорациялау объектілерін пайдалану белгіленген экологиялық талаптар ескеріліп және экологиялық тұрғыдан негізделген технологиялар, қоршаған ортаның ластануын болдырмайтын қажетті тазарту құрылыстары мен санитарлық-қорғау аймақтары пайдаланыла отырып жүзеге асырылуға тиіс. Аталған объектілерді пайдалану кезінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін аз қалдықты және қалдықсыз технологиялар мен өндірістер енгізілуіне тиіс.

2. Заңды және жеке тұлғалар топырақты, су тоғандарын, ормандарды және өзге де өсімдіктерді, жануарлар дүниесін ауыл шаруашылығының зиянды әсерінен қорғау жөніндегі шаралар кешенін орындауға міндетті.

### **218-бап. Автомобиль және өзге де көлік құралдарын шығару мен пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

Қоршаған ортаға теріс әсерін тигізетін автомобиль және өзге де көлік құралдарын пайдалануды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар шекті шығарындылар нормативтерін сақтауға, шу деңгейін азайту жөніндегі шараларды және қоршаған ортаға теріс әсер етудің өзге де шараларын қабылдауға міндетті.

### **219-бап. Атом және су электр станцияларын орналастыруға қойылатын экологиялық талаптар**

1. Атом электр станцияларын орналастыру мен салу жоба және мемлекеттік экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық сараптамалардың оң қорытындысы болғанда жүзеге асырылады. Атом станцияларының жобаларында оларды пайдаланудан қауіпсіз түрде шығарылуын қамтамасыз ететін шешімдер қ а м т ы л у ғ а т и і с .

2. Атом электр станцияларын орналастыру, жобалау мен салу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толық радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ж ө н і н д е г і ш а р а л а р қ а б ы л д а н а д ы .

3. Су электр станцияларын орналастыру, жобалау мен салу кезінде тиісті өңірлердің электр энергиясына нақты мұқтаждығы, аумақтың сейсмикалығы мен объектіні орналастыру үшін жер рельефі, жалпы алғанда қоршаған ортадағы айтарлықтай келеңсіз өзгерістерді болдырмауды қамтамасыз ететін ормандар мен жерлерді сақтау, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі ресурстарын тиімді қорғау жөніндегі шаралар толық ескерілуіне тиіс.

### **220-бап. Әскери және қорғаныс объектілеріне, әскери қызметке қойылатын экологиялық талаптар**

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ерекше жағдайларды қоспағанда, осы Кодексте белгіленген экологиялық талаптар әскери және қорғаныс объектілері мен әскери қызметке қолданылады.

**221-бап. Табиғи ресурстарды пайдалану кезіндегі жалпы экологиялық талаптар**

1. Жерді, жер қойнауын, суды, атмосфералық ауаны, орманды және өзге де өсімдіктер, жануарлар дүниесін пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар осы Кодексте және Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

2. Табиғи экологиялық жүйелердің бүлінуіне, халықтың өмірі мен денсаулығына қауіпті өзгерістеріне әкеп соғатын шаруашылық және өзге қызметке тыйым салынады.

**33-тарау. Жерді пайдалану кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

**222-бап. Жердің мақсатты пайдаланылу өзгерген және оны бір санаттан екіншісіне ауыстырған кездегі экологиялық талаптар**

1. Жердің нысаналы мақсатын өзгерту және бір санаттан екіншісіне ауыстыру үшін қажетті жерге орналастыру жобасы және басқа құжаттар мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізілуі тиіс.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерінің нысаналы мақсатын өзгертуге оларды өзге мұқтаждар үшін алып қоюға рұқсат етілмейді. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды шектеулі шаруашылық мақсаттарында пайдалануға тапсырыс режимімен арнайы бөлініп берілген және шаруашылық қызметі режимімен реттелетін учаскелерде ғана жол берілуі мүмкін.

**223-бап. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді аймақтарға бөлу және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді аймақтарға бөлу және пайдалану кезінде экологиялық қауіпсіздік пен ауыл шаруашылығы алқаптарының сапалы жай-күйі қамтамасыз етілуі тиіс.

2. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді аймақтарға бөлу өлшемі нақты тозу мен химиялық ластану болып табылатын экологиялық қолайсыздық дәрежесінің көрсеткіштеріне негізделеді.

3. Жердің химиялық ластану деңгейін айқындау осы Кодекске 4 қосымшада көзделген топырақта химиялық заттардың жол берілген шекті шоғырланудың пайдалана отырып жүзеге асырылады.

4. Топырақтың экологиялық уыттылығын бағалау үшін қауіптілігі әртүрлі сыныптағы заттар үшін, оның ішінде пестицидтер үшін сыныпталған түрде нақты ластаушы заттардың жол берілген шекті шоғырланудың асып түсу (5 қосымша) есесі

п а й д а л а н ы л а д ы .

5. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысына сәйкес 5 деңгейден жоғары ластанған жерлер міндетті түрде (5 қосымша), ал 4 деңгейден жоғарылар жекелеген жағдайларда консервациялануға жатады.

6. Жер учаскесі экологиялық апат немесе төтенше экологиялық жағдай санатына жатқызылғанда (7-қосымша) ол жердің құнарлылығы қалпына келтірілгеннен кейін пайдаланылуы шектеле отырып, өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерлер, сондай-ақ елді мекендердің жерлері (өндірістік құрылыс, арнайы мақсаттағы, крематорийлерді, мал қорымын, тұрмыстық қалдықтар полигонын және өзге де объектілерді орналастыру үшін бөлінетін жерлер) санаттарына ауыстырылуы мүмкін.

7. Аумақты бағалаудың биохимиялық өлшемдері ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді аса бағалы жерден бағасы төмендеу жерге ауыстырудың қосымша экологиялық көрсеткіші болып табылады (8-қосымша).

### **224-бап. Елді мекендердің жерлерін аймақтарға бөлу мен пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Елді мекендердің жерлерін аймақтарға бөлу жердің химиялық заттармен ластану деңгейіне қатысты экологиялық жай-күйі өлшемінің есебін талап етеді. Жерді химиялық заттармен ластанудың 5-деңгейіне жатқызу кезінде (5-қосымша) жерлерді елді мекендердің санатына жатқызуға болмайды. Елді мекендердің санатына жатқызылған, ластанудың 4-деңгейіндегі жерді арнайы мақсаттағы жер ретінде пайдаланылуы мүмкін (5-қосымша).

2. Елді мекендердің жерін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру кезінде елді мекендердің жерін бағалаудың экологиялық өлшемдерін ескеру керек, олар ластаушы заттарды осы аумақтардағы ауа мен суға шығару мүмкіндігімен және жекелеген көрсеткіштердің халық денсаулығына тікелей әсер етуімен айқындалады.

3. Елді мекендер жерлерінің жай-күйін экологиялық бағалау және тексерілетін аумақтардың жерлерін экологиялық апат аймақтарына және төтенше экологиялық жағдай аймақтарына жатқызуға мүмкіндік беретін көрсеткіштерді параметрикалық бағалау Осы Кодекстің 9-қосымшасында көзделген негізгі және қосымша өлшемдер бойынша жүргізіледі. Мұндай жерлер құнарлылығы қалпына келтірілмейінше олар басқа санаттарға ауыстырылмайды.

4. Төтенше экологиялық жағдайдағы аймақтар үшін экологиялық ахуалдың одан әрі нашарлауына әкеп соқпайтын ерекше пайдалану режимі белгіленеді.

5. Селитебтік аумақтар жерлерінің экологиялық жай-күйі өлшемдерінің ерекшеліктері мыналар болып табылады:

1) селитебтік аумақтар жерлерінің радиоактивті ластануын экологиялық бағалау негізгі көрсеткіштер: топырақ бетінен 1 м деңгейдегі экспозициялық мөлшердің қуаттылығы (мкР/сағ) және жекелеген радиоизотоптар бойынша радиоактивті ластану

дәрежесі (кюри/шаршы км) бойынша жүргізіледі;  
2) топырақтың химиялық ластануы химиялық ластанудың жиынтық көрсеткіші бойынша бағаланады (10-қосымша).

6. Химиялық ластанудың жиынтық көрсеткіші қауіптілік сыныбы әртүрлі топырақтың химиялық ластану дәрежесін сипаттайды. Бұл көрсеткіш ластанудың жекелеген компоненттері шоғырлануының коэффициенттер жиынтығы ретінде айқындалады.

7. Шығу көзі табиғи емес ластаушы заттар үшін шоғырлану коэффициенті ластаушы заттың және оның жол берілген шекті шоғырланудың массалық үлесін бөлуден шығатын жеке коэффициент ретінде айқындалады.

### **225-бап. Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерлерді аймақтарға бөлу және пайдалану кезінде**

#### **қойылатын экологиялық талаптар**

1. Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерлерді аймақтарға бөлу кезінде экологиялық қауіпсіздік және жер мен жер қойнауын ұтымды, кешенді әрі қауіпсіз пайдалану қамтамасыз етіледі.

2. Халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өнеркәсіп, көлік, желілік және өзге де объектілер маңындағы жерлерді пайдалану үшін қажетті жағдайлар жасау мақсатында, қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға жәрдемдесетін, аталған жердің ерекше жағдайлары ескеріле отырып, аймақтар белгіленеді.

3. Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерлерді басқа санаттағы жерлерге ауыстыру кезінде аймақтарды белгілеу мақсаттарына сәйкес келмейтін қызмет түрлері солардың шегінде шектелетін немесе тыйым салынатын аймақтарды; экологиялық жүйелердің құрылымы мен жұмыс істеуіндегі теріс өзгерістерді айқындайтын және бұзылу дәрежесін, сондай-ақ тозу процестері динамикасын ескеретін аймақтарды (10, 11-қосымшалар) есепке алу керек. Экологиялық апат аймақтары және төтенше экологиялық жағдай аймақтар ретінде айқындалған жер учаскелері жердің құнарлылығын қалпына келтіру және табиғат қорғау іс-шараларын жүргізу арқылы олардың сапасын жақсарту мақсатында запастағы жерлер санатына ауыстырылуы мүмкін.

4. Жерлердің химиялық элементтермен ластануы осы санаттағы жерлерді басқа санаттағы жерлерге ауыстыру кезіндегі қосымша экологиялық өлшем болып табылады (5-қосымша). Ластанудың 5-деңгейіне жатқызылған осы санаттағы жерлер консервациялануға тиіс және запастағы жерлер құрамына ауыстырылады.

### **226-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлерін және сауықтыру мақсатындағы жерлерді пайдалану**

#### **кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерін пайдалану режимі ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңнамамен реттеледі.

2. Сауықтыру мақсатындағы жерлерде қолайлы экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық жағдайларды сақтау мақсатында оларды аймақтарға бөлу кезінде санитариялық-қорғану аймақтары белгіленеді.

### **227-бап. Орман қорының жерлерін аймақтарға бөлу және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Орман қорының жерлерін аймақтарға бөлу кезінде экологиялық қауіпсіздік және орман ресурстар қорғау, молайту және ұтымды пайдалану қамтамасыз етілуі тиіс.

2. Жерлерді орман қоры санатына жатқызу кезінде өсімдіктердің аумақтағы экологиялық жай-күйі экологиялық өлшем болып есептелуі керек.

3. Төтенше экологиялық ахуал жағдайындағы аумақтарды айқындау кезінде (12-қосымша) мұны осы санатқа жатқызу жердің құнарлылығын қалпына келтіруді және экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған табиғат қорғау іс-шараларын жүргізу арқылы ықтимал болады.

4. Орман шаруашылығының мұқтаждықтары үшін пайдаланылмайтын орман қоры жерлеріндегі ауыл шаруашылығы алқаптары Қазақстан Республикасының орман заңнамасына сәйкес ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер санатына ауыстырылуы мүмкін.

5. Орман қорының жерлерін басқа жер санатына ауыстыруға орман орналастыру және жер орналастыру материалдарының негізінде орман заңнамасының талаптарына сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде:

бұрын белгіленген нысаналы мақсатына сай пайдалану мүмкін болмаған;

қоныстар шекарасы өзгерген;

елді мекендердің шекаралары (шектері) өзгерген;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен объектілердің жерлері санатының құрамына қосылған жағдайда рұқсат етіледі.

6. Орман қорының жерлерін басқа санаттарға ауыстыру кезінде жер жай-күйінің шөпті және сүректі өсімдіктерге әсер етуін көрсететін экологиялық көрсеткіштерді ескеру керек (7-қосымша).

### **228-бап. Су қорының жерлерін аймақтарға бөлу және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Су қорының жерлерін аймақтарға бөлу кезінде су объектілерін күзету және суды ұтымды пайдалану қамтамасыз етіледі.

2. Аймақтарға бөлу кезінде су қоры жерлеріне су қорғау аймақтары мен алаптарына бөлінген жер учаскелерді міндетті түрде жатқызу керек, олар өзендердің, көлдердің, су қоймаларының, арналардың, ішкі сулардың, мұздықтардың, батпақты жерлердің, гидротехникалық және басқа да су шаруашылығы құрылыстарының жағалаулары бойынша белгіленуге тиіс.

3. Су қорының жерлері құрамындағы жер учаскелерін жергілікті атқарушы органдар су ресурстарын басқарудың уәкілетті органдарының келісімі бойынша жеке және заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығының, орман, балық, аңшылық шаруашылығының мұқтаждары үшін және жер учаскесінің негізгі нысаналы мақсатына қайшы келмейтін, жерлердің ластануы мен тозуына және тиісінше экологиялық ахуалдың нашарлауына әкеп соқпайтын басқа да мақсаттар үшін уақытша жер пайдалануға беруі мүмкін.

4. Су қорының жерлерін басқа жер санатына ауыстыруға су заңнамасының талаптары ескеріле отырып, мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде:

1) су объектісі жойылған не оның экологиялық және гигиеналық көрсеткіштері едәуір өзгерген;

2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен объектілер жерлерінің санатына жатқызылған;

3) экологиялық ахуалдың өзгеруіне әкеп соғатын елді мекендер шекаралары (шектері) өзгерген жағдайда жол беріледі.

5. Су қорғау алаптарының жерлері - ені кемінде жиырма метр болатын, су қорғау аймақтары шегіндегі аумақтар, олар елді мекендер және өнеркәсіп жерлері санатына ауыстырылмайды; мұнда сулардың ластануын, қоқырсуын және сарқылуын болдырмау үшін шаруашылық қызметтің арнайы режимі белгіленеді.

### **229-бап. Запастағы жерлерді аймақтарға бөлу және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Запастағы жерлерді аймақтарға бөлу кезінде келеңсіз өзгерістер байқалған алаңдарды да, зерттелетін аумақтағы тозу дәрежесі әртүрлі учаскелерді бөлудің кеңістіктегі әркелкілігі ескеріледі.

2. Экологиялық жүйелердің тозу жылдамдығы байқаулардың бес-он жылдық қатары бойынша есептеледі. Экологиялық жүйелердің тозуын бағалау экологиялық жүйелердің құрылымындағы және жұмыс істеуіндегі келеңсіз өзгерістер айқындалатын өлшемдер бойынша жүргізіледі (10-қосымша).

3. Запастағы жерлер басқа жер санатына одан әрі пайдалану мақсаттарына қарай сол жерлерде санаты ауыстырылатын жерлердің шекаралары белгіленгеннен кейін ғана ауыстырылуы мүмкін. Запастағы жерлерді басқа жер санатына ауыстыру кезінде жер учаскесін осындай жер санатына қойылатын экологиялық талаптарға сәйкес таңдау алдын ала жүзеге асырылады.

4. Қопсыту жүргізіліп, жердің сапасын және экологиялық жағдайларды жақсарту жөніндегі бірқатар іс-шаралар қолданылғаннан кейін бұзылған жерлер осы санаттан шығарылуы мүмкін.

5. Ядролық қаруды сынау жүргізілген запастағы жер құрамынан жер учаскелері ядролық қарулардың сынау зардаптарды жою және кешенді экологиялық тексеру



жөніндегі барлық іс-шаралар аяқталған соң және мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде ғана меншікке немесе жер пайдалануға берілуі мүмкін.

### **230-бап. Жер учаскесі алып қойылуы мүмкін экологиялық ахуалдың нашарлауы**

1. Жердің ластануы, тозуы және бүлінуі жер учаскесін алып қою ықтимал болатын экологиялық ахуалдың нашарлауының көрсеткіші болып табылады. Жерлердің ластануы радиоактивті, химиялық, биологиялық, шаруашылық-тұрмыстық түрді қ а м т и д ы .

2. Жерлердің экологиялық жай-күйін бағалауда физикалық тозу, химиялық және биологиялық ластану өлшемдері экологиялық салауатсыздық дәрежесінің негізгі көрсеткіштері болып табылады (7-қосымша).

3. Жерлердің экологиялық жай-күйінің өлшемі ретінде топырақтың тозуы нәтижесінде жер пайдаланудан шығарылған алқаптар үлесін пайдалану ұсынылады.

4. Ценоздардың әлеуетті құнарлықты сипаттайтын биологиялық өнімділігі жерлердің экологиялық жай-күйі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Өнімділік ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер үшін осындай көрсеткіш болады. Осындай жерлер және дақылдар үшін агротехникалық және агрохимиялық іс-шаралардың барлық кешенінің сәйкестігі кезінде экологиялық апат аумақтары үшін өнімділікті 75%-тен аса төмендетуді, төтенше экологиялық жағдай аумақтары үшін - 50-75%-тен аса төмендетуді қабылдау сараптамалық түрде ұсынылады.

5. Нормативтен тыс радиоактивті ластануға ұшыраған немесе халықтың өмірі мен денсаулығына өзгедей қатер төндіретін жерлер меншікке, ұдайы немесе уақытша жер п а й д а л а н у ғ а б е р і л м е й д і .

6. Радиоактивті ластануға ұшыраған, заңнамада белгіленген санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға, гигиеналық нормативтерге сәйкес келетін өнімдерді алу қамтамасыз етілмейтін жер учаскелері ауыл шаруашылығы айналымынан шығарылып, консервациялануға тиіс. Мұндай жерлерде ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге және оны өткізуге тыйым салынады.

7. Радиоактивті ластануға ұшыраған жерлер олардың жай-күйінің кешенді бағалануынсыз, қалпына келтіру жұмыстарының жүргізілуінсіз және мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болмағанда шаруашылық және өзге де м а қ с а т т а р д а п а й д а л а н ы л м а й д ы .

8. Жерлерді ауыл шаруашылығы айналымынан шығару жерлердің аграрлық тозуы кезінде жүргізілуі мүмкін. Аграрлық тозу (13-қосымша), әдетте, ауыл шаруашылығы өндірісінде дақылдарды өңдеу кезінде егіншілік жүйесі технологияларының бұзылуынан туындайды және топырақтың физикалық тозуына ұласады. Физикалық тозу егіншілік мәдениетінің төмендігінен; мелиорациялық жүйелерді пайдаланудағы бұзушылықтардан немесе олқылықтардан және т.б. туындайды. Физикалық тозудың

салдарлары топырақ құнарлығының төмендеуі, топырақ биотасының азуы, дегумификация, жер бетіндегі сулардың қолайсыз қайта бөлінуі, жергілікті суда тұншығу және физикалық құрғақшылық түрінде байқалады. Физикалық тозу көптеген жағдайларда эрозиялық процестердің күшеюінің бастапқы салдары болып табылады.

9. Тозған ауыл шаруашылығы алқаптары топырақтарының, жол берілген шекті шоғырланудың белгіленген нормативтерінен және өндіріс пен тұтыну қалдықтарының, ағынды сулардың радиациялық әсерінің жол берілген шекті деңгейінен тыс химиялық, биологиялық, радиоактивті және басқа да зиянды заттармен ластанған жерлердің, сондай-ақ карантиндік зиянкестермен және өсімдіктер ауруларымен зақымданған жерлердің құнарлығын қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайларда мұндай жерлерді консервациялау жүргізіледі.

10. Мыналар:

1) көптеген жағдайларда шөлейттенуге ұласатын қатты эрозияланған, қатты тұзданған, қатты батпақтанған топырақтары бар тозудың 3 және 4-деңгейіндегі ауыл шаруашылығы алқаптары (11-қосымша);

2) пайдалы қазбаларды өндіру салдарынан беткі қабатында төмен түскен алқаптар;

3) топырақ-өсімдік жамылғысы қатты бүлінген жайылымдар;

4) нысаналы мақсаты бойынша пайдалану кері процестердің одан әрі дамуына, топырақ жай-күйінің және экологиялық ахуалдың нашарлауына әкеп соғатын болса, тозудың аталған белгілері бар жерлер;

5) 5-деңгейден жоғары ластанған жерлер (5-қосымша) міндетті түрде, ал мамандардың қорытындысы бойынша жекелеген жағдайларда 4-деңгейден жоғары ластанған жерлер консервациялануға тиіс.

11. Жерлердің тозуын болдырмау, топырақтың және ластанған аумақтардың құнарлылығын қалпына келтіру мақсатында жерлерді айналымнан шығара отырып, консервациялауға жол беріледі.

12. Консервациялануға тиіс жер учаскелері азаматтық заңнамаға сәйкес консервациялау кезеңінде айналымнан шығарылып, запастағы жерлер құрамына ауыстырылады.

13. Консервациялануға тиіс жер учаскелері азаматтық заңнамаға сәйкес консервациялау кезеңінде жер учаскелерінің меншік иелерінен немесе жер пайдаланушылардан алынып, запастағы жерлер құрамына ауыстырылады.

### **231-бап. Оңтайлы жер пайдалану жөніндегі экологиялық талаптар**

1. Оңтайлы жер пайдаланудың негізгі экологиялық талаптары мыналар:

1) ұсынылатын жер өзгерістерінің және жерлерді қайта бөлудің салдарларын ғылыми негіздеу мен болжау;

2) жерге меншік нысанына қарамастан, барлық санаттағы жерлерді ұтымды пайдалануды және қорғауды жоспарлау мен ұйымдастыруда бірыңғай мемлекеттік

саясатты негіздеу және іске асыру;

3) жерлердің нысаналы пайдаланылуын қамтамасыз ету және ауыл шаруашылығы өндірісіндегі құнарлы жерлерді сақтау;

4) экологиялық тұрғыдан жинақы және көлемі жағынан оңтайлы жер пайдалануларды қалыптастыру мен орналастыру;

5) ауыл шаруашылығы алқаптарын жақсарту, топырақтың құнарлығын арттыру, тұрақты ландшафттарды қолдау және жерлерді қорғау жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу;

6) жерлерді ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу;

7) жерлерді түгендеуді жүргізу және пайдаланылмайтын, ұтымды пайдаланылмайтын, нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмайтын жерлерді анықтау;

8) адам денсаулығын сақтау үшін ормандардың орта құру, су қорғау, қорғау, санитарлық-гигиеналық, сауықтыру және өзге де пайдалы табиғи қасиеттерін сақтау жөнінде күйшіту;

9) ормандардың өсімін молайту, тұқымдық құрамы мен сапасын жақсарту, олардың өнімділігін арттыру, ормандарды сақтау мен қорғау;

10) биологиялық саналуандықты сақтау болып табылады.

2. Кәсіпорындар, құрылыстар және өзге де объектілер орналастырылатын жерлерді айқындау аталған объектілер қызметінің экологиялық салдарлары ескеріле отырып, қоршаған ортаны қорғаудың, табиғи ресурстарды молайтудың және ұтымды пайдаланудың шарттары мен ережелері сақталып жүргізіледі.

3. Ауыл шаруашылығы өндірісімен байланысты емес объектілерді салу мен тұрғызу үшін ауыл шаруашылығы мақсаттары үшін жарамсыз, бонитеті барынша аз жерлер бөлінуге тиіс.

### **232-бап. Жерлерді пайдалануы кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Жер учаскелерін пайдалану кезінде табиғат пайдаланушылар мынадай экологиялық талаптарды:

1) аграрлық орман мелиорациясын қоса алғанда, санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптарға сәйкес келетін өндіріс технологияларын қолдану, халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға зиян келтірмеу, қол жеткізілетін озық технологияларды енгізу;

2) топырақтың ластануына, қоқыстануына, тозуына және құнарлылығының төмендеуіне, сондай-ақ құнарлы қабаттың мүлдем жоғалуын болдырмау үшін оны алу қажет болған жағдайларды қоспағанда, басқа тұлғаларға сату немесе беру мақсатында топырақтың құнарлы қабатын алуға жол бермеу;

3) қалдықтарды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органының және өзге де

уәкілетті органдардың келісімі бойынша жергілікті атқарушы органдар шешімімен айқындалатын жерлерде жинақтау және жою талаптарын сақтауы тиіс.

2. Табиғат пайдаланушылар пайдалы қазбаларды өндіру, геологиялық-барлау, құрылыс және басқа да жұмыстарды жүргізу кезінде:

1) иеленіп отырған жер учаскелерін оларды одан әрі мақсатына сай пайдалануға жарамды күйде ұстауға;

2) өндірістік құрылыстар, карьерлер, үйінділер, қалдық сақтау орындары, шахта үстіндегі бүлінген учаскелер, көлік коммуникациялары алып жатқан жер алаңдарынан топырақ-өсімдік қабатын алып, сақтау және кейіннен пайдалану үшін оларды жердің құнарлығын қалпына келтіру, жерді өңдеу объектілеріне немесе уақытша үйінділерге (қоймаларға) тасуға;

3) бөлініп берілген жерлердің құнарлығын қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге міндетті.

3. Бүлінген жерлердің құнарлығын қалпына келтіру бағытын таңдау кезінде:

1) жер учаскесінің беткі жағының бүліну сипаты;

2) объект орналасқан ауданның табиғи және физикалық-географиялық жағдайлары;

3) ауданның даму перспективалары және қоршаған ортаны қорғау талаптары ескеріле отырып, объектіні орналастырудың әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері ескерілуге тиіс;

4) қара топырақты жерлердің таралу аймағында және үдемелі ауыл шаруашылығы аймағында бүлінген жерлердің негізгі көлемін жыртылатын жер алқаптары ретінде қалпына келтіру керек;

5) бүлінген жерлер елді мекендерге тым жақын орналасқан кезде құнарлығы сарқылған алқаптарда су тоғандарын және ашылған жыныстар мен байытылған қалдықтар үйінділерінде сәндік бақша-парк кешендерін құруды қоса алғанда, оларды бақтар, қосалқы шаруашылықтар және демалу аймақтары ретінде қалпына келтіруді көздеу қажет;

6) өндірістік объект аумағында жоспарлау жұмыстары орындалуға, қажетсіз шұңқырлар мен үйінділер жойылуға, құрылыс қоқыстары жиналуға және жер учаскесін абаттандыру жүргізілуге тиіс;

7) пайдаланылатын жер учаскесіндегі жыралар мен су шайған жерлер толтырылуға немесе тегістелуге тиіс;

8) міндетті түрде аумақты көгалдандыру жүргізілуге тиіс.

4. Жер учаскелері өндірістік қалдықтарды орналастыру, көму, жинақтау үшін пайдаланылған жағдайда олар мынадай талаптарға жауап беруге:

1) кәдеге жаратылмаған өндірістік қалдықтарды көмуге арналған полигондарды жобалаудың, салудың және пайдаланудың санитарлық-эпидемиологиялық ережелеріне сәйкес келуге;

2) су тоғаны, ауыл шаруашылық алқаптары, ормандар, өндірістік кәсіпорындар

жағына 1,5%-ке ауытқуы бар жерлерде сыйымдылық түбінен 2 метрден аспайтын жер асты сулар тұрғанда әлсіз сүзгіш топырағы болуға;

3) елді мекенге қатысты жел жақтан және жерасты сулар ағынының бағыты бойынша төмен орналасуға;

4) тасқын сулар мен нөсер сулар астында қалу қаупі жоқ жерлерде орналасуға;

5) инженерлік қарсы сүзу қорғанысы, периметрі бойынша қоршауы мен көгалдандырылуы, қатты жамылғысы бар кірме жолдары болуға;

6) жер учаскесінен шығатын жер бетіндегі және жерасты ағыны ашық су объектілеріне қосылмауға тиіс.

Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланылғаннан кейін залалсыздандыруға немесе кәдеге жаратуға арналған технологиялары жоқ өнімдерді импорттауға тыйым салынады.

6. Жаңа технологияларды енгізу, жерлерді мелиорациялау және топырақтың құнарлығын арттыру бағдарламаларын жүзеге асыру олар заңнамада көзделген экологиялық, санитарлық-гигиеналық және өзге де талаптарға сәйкес келмеген жағдайда тыйым салынады.

7. Радиоактивті және химиялық ластануға ұшыраған жерлерді пайдаланудың, күзет аймақтарын белгілеудің, осы жерлерде тұрғын үйлерді, өндірістік, коммерциялық және әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілерді сақтаудың, оларда мелиоративтік және техникалық жұмыстар жүргізудің тәртібі радиациялық және химиялық әсер етудің жол берілетін шекті деңгейлерінің нормативтері ескеріліп айқындалады.

8. Жерлерді қорғау мақсатында жер учаскелерінің меншік иелері, жер пайдаланушылар:

1) жерлерді су және жел эрозиясынан, селдерден, су басудан, батпақтанудан, қайта тұзданудан, құрғап қалудан, тығыздалудан, радиоактивті және химиялық заттармен ластанудан, өндіріс және тұтыну қалдықтарымен қоқыстанудан, ластанудан, оның ішінде биогендік ластанудан, сондай-ақ басқа да теріс әсерлерден сақтау;

2) ауыл шаруашылығы алқаптарын және басқа да жерлерді бактериялық-паразиттік және карантиндік зиянкестермен және өсімдіктер ауруларымен зақымданудан, арамшөптердің, бұталардың және аласа ағаштардың өсуінен, жерлердің жай-күйі нашарлауының өзге түрлерінен қорғау;

3) ластанудың, оның ішінде биогендік ластанудың және жерлердің қоқыстануының салдарларын жою;

4) мелиорациялаудың қол жеткізілген деңгейін сақтау;

5) бүлінген жерлердің құнарлылығын қалпына келтіру, топырақ құнарлығын қалпына келтіру, жерлерді айналымға уақтылы енгізу;

6) топырақтың құнарлы қабатын кейіннен жердің құнарлығын қалпына келтіруді жүргізу кезінде немесе жер өңдеуде пайдалану үшін алу мен сақтау жөніндегі іс-шараларды жүргізуге міндетті.

9. Елді мекендер жерлерінде тротуарлар мен көшелердегі көктайғаққа қарсы ас тұзын пайдалануға тыйым салынады.

### **34-тарау. Жер қойнауын пайдалану кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

#### **233-бап. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін экологиялық негіздеме**

1. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарға, жобалау құжаттамалары мен кешенді экологиялық рұқсатқа мемлекеттік экологиялық және санитариялық-экологиялық сараптаманың оң қорытындысы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің қажетті экологиялық негізі болып табылады.

2. Жер қойнауын пайдаланушы мемлекеттік экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық сараптамаға жоспарланатын қызметтің қоршаған ортаға әсерін білдіретін және барлау мен өндіру, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтату немесе кен орындарын әзірлеуді консервациялау кезеңдеріне арналған іс-шаралармен қоса "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімін қамтитын бүкіл жобалау алдындағы және жобалау құжаттамаларының табыс етілуін қамтамасыз етуге міндетті.

#### **234-бап. Жер қойнауын пайдалану кезінде қойылатын жалпы экологиялық талаптар**

1. Жер қойнауын пайдалану кезінде:

1) жер қойнауын Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес пайдалану;

2) жердің жоғарғы қабатын кен орындарын әзірлеудің арнаулы әдістерін қолдану арқылы сақтау;

3) жердің техногендік шөлейттенуін болдырмау;

4) барлау, өндіру, сондай-ақ барлаумен және өндірумен байланысты емес жер асты құрылыстарын салу мен пайдалануға беру кезінде қауіпті техногендік процестердің болуынан сақтандыратын шараларды қолдану;

5) жер қойнауын су басып кетуден, өрттерден және кен орындарын пайдалану мен әзірлеуді қиындататын басқа да стихиялық факторлардан қорғау;

6) жер қойнауының, әсіресе мұнайды, газды немесе өзге де заттар мен материалдарды жер астында сақтаған, зиянды заттар мен қалдықтарды көмген кезде, л а с т а н у ы н б о л д ы р м а у ;

7) жер қойнауына нормативтік көрсеткішке дейін тазартылмаған ақаба суларды тастауға; пайдалы қазбалармен бірге өндірілген, ағынды суға ағызылған суды кері с о р ы п а л у ғ а т ы й ы м с а л ы н а д ы ;

8) жер қойнауын пайдалану, кен орындарын әзірлеу объектілерін консервациялау мен жою жөніндегі операцияларды тоқтата тұрудың, тоқтатудың белгіленген тәртібін с а қ т а у ;

9) қалдықтарды жинаған және орналастырған кезде экологиялық талаптарды қ а м т а м а с ы з е т у ;

10) автомобиль жолдарын салу жұмыстары басталғанға дейін қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті органмен келісілген ұтымды схема бойынша, сондай-ақ бұрғылау құрылысының қарапайым әдісін енгізу, ішкі үйінді жасау технологиясын қолдану, минералдық шикізатты өндіру мен қайта өңдеу қалдықтарын пайдалану арқылы тозған аумақтар мен иеліктен айырылған жерлердің көлемін қысқарту;

11) топырақтың жел эрозиясына ұшырауына, топырақтың аршылатын жыныстарының құлауына және өндіріс қалдықтарына, олардың тұздануына және өздігінен қызып жануына жол бермеу;

12) сіңімді және тұщы су қабаттарын олардың ластануын болдырмау үшін о қ ш а у л а у ;

13) жер асты суларының азаюы мен ластануын болдырмау;

14) шаюшы сұйықтарды әзірлеген кезде уытты емес реагенттерді қолдану;

15) бұрғылау ерітіндісін тазарту және қайтара пайдалану;

16) бұрғылық және жанар-жағар май материалдарының қалдықтарын қоршаған ортада экологиялық жағынан қауіпсіз тәсілмен жою;

17) мұнай кәсіпшілігі науаларын мұнай кен орындарының ішкі қабаттарындағы қысыммен қолдау жүйесінде тазарту және қайтара пайдалану негізгі экологиялық талаптар болып табылады.

## 2. Әрбір жер қойнауын пайдаланушы:

1) жұмыс жүргізудің халықаралық практикада қабылданған стандарттарына негізделген неғұрлым тиімді әдістер мен технологияларды таңдауға;

2) жер қойнауының ұтымды пайдаланылуын, қызметкердің, халықтың және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жұмыстарды жүргізу үшін белгіленген тәртіппен келісілген технологиялық схемалар мен жобаларды сақтауға міндетті.

### **235-бап. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

1. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар шаруашылық қызметінің экологиялық жағынан қауіпті түрлері болып табылады және мынадай талаптар сақталған кезде орындалуға тиіс:

1) ұңғымалар мен кен өндіру конструкцияларының беріктігі, технологиялылығы мен қауіпсіздігі бөлігінде жер қойнауы мен қоршаған ортаны қорғау талаптарын қ а м т а м а с ы з е т у ;

2) бұрғылау және жер қойнауын пайдалану жөніндегі басқа да операциялар дизельді-генератор және дизельмен қозғалатын қондырғыларды қолдану арқылы жүргізілген кезде осындай қондырғылардан тазартылмаған газдардың ауаға шығуы м е й л і н ш е а з а й т ы л а д ы ;

3) жер қойнауын пайдалану жөніндегі құрылыстар құнарлы жерлерге және ауыл шаруашылығы мақсатына кең пайдаланылатын жерлерге салынған кезде, жабдықтарды монтаждауға арналған дайындық жұмыстарын жүргізу кезінде, ол жердің құнарлы қабаты алынып, кейін аумақты рекультивациялау үшін жеке сақталады;

4) жер қойнауын пайдалану жөніндегі құрылыстарды жүргізу кезінде құрылысқа бөлінген учаскеден тыс жерлерде өсімдіктерді және топырақ қабатын зақымдауға т ы й ы м с а л ы н а д ы ;

5) уытты заттардың табиғи объектілерге көшуін болдырмау үшін жер қойнауын пайдалануда технологиялық алаңдарды гидрологиялық оқшаулау арқылы қалдықтарды ұйымдасқан түрде жинау мен сақтаудың инженерлік жүйесі көзделеді;

6) ұңғыма құрылысы ерекше қорғалатын аумақтарда жүргізілген жағдайларда, бұрғылаудың тек амбарсыз тәсілін қолдану қажет;

7) жер қойнауын пайдаланудың және кәріздік ағынды сулардың қалдықтарын су айдындарына және жер астындағы су жүруші қабаттарға ағызуға тыйым салынады; пайдалы қазбалармен бірге өндірілген суды кері сорып алу қалдықтарды тастау болып е с е п т е л м е й д і ;

8) жер қойнауын пайдалану операциялары кезінде пайдаланылған бұрғылау ерітіндісін бұрғылау процесінде қайтадан пайдалану, қолданыстағы талаптарға сәйкес және құрылыс материалы ретінде пайдалану мүмкіндігін ескере отырып, қоршаған ортаға қайтару үшін бұрғылаудағы, карьерлердегі және шахталардағы ағынды суларды кәдеге жарату және пайдаланудан шығару жөніндегі жұмыстар жүргізілуі тиіс;

9) шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау көздері ретінде пайдаланылуы мүмкін сулы қабаттарды қайтадан бұрғылау кезінде бұрғылау және цемент ерітіндісін әзірлеу үшін қолданылатын химиялық реагенттердің денсаулық сақтау және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті органдармен келісілген уыттылық сипаттамасы болуы тиіс. Сулы қабаттардың аралық жатуы берік оқшауланады;

10) ұңғыманы сіңіру жағдайында бұрғылаған кезде ерітінділер мен материалдардың шаруашылық-ауыз су қабаттарына қосылып кетуіне тыйым салынады;

11) бұрғылау ерітінділері көмірсутегі (эк-битум, инверт-эмульсия және басқалары) негізінде қолданылған кезде ауаның газдануынан ескерту шаралары қолданылуы тиіс;

12) пиррофорлық қабаттардың, қалдық ұнтақтар мен керннің жану немесе адамдардың улануы ықтималдығын болдырмау мақсатында олар жобаға сәйкес және жергілікті санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарының келісімімен к ө м і л е д і ;

13) жер қойнауын пайдалану жөніндегі құрылыстарды пайдалануға беру жобада көзделген барлық экологиялық талаптар толық көлемінде орындалған жағдайда ж ү р г і з і л е д і ;

14) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар мен жабдықтарды



демонтаждау аяқталғаннан кейін жер учаскесін жобалық шешімдерге сәйкес қалпына келтіру (қопсыту) жөніндегі жұмыстар жүргізіледі.

### **236-бап. Жер асты суларын өндірген кезде қойылатын экологиялық талаптар**

1. Жер асты суларын өндіруге келісім-шарт оған қол қойылғанға дейін, міндетті түрде қоршаған ортаны қорғау және санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылық саласындағы уәкілетті органдармен келісіледі.

2. Жоба (технологиялық схема) мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізілуі тиіс, соған сәйкес және соның негізінде жер асты суларын кен орындарын әзірлеу жүзеге асырылады.

3. Жер қойнауын пайдаланушылар өз есебінен жер асты кен орындарының жаңа тәсілдерін іздестіру мен жұмыс істеп тұрғандарын жетілдіру жөніндегі ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық жұмыстарын, жер асты кен орындарын әзірлеудің технологиялық схемаларын жүргізуге, технологиялық жабдықты, үздіксіз және мерзімді бақылау құралдарын жетілдіруге, жер асты суларының ұтымды пайдаланылуын және оның тартылу мен ластанудан сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

4. Олар келісім-шарт талаптарында көзделмеген мақсаттар үшін пайдаланылған немесе осы талаптар бұзылып пайдаланылған жағдайларда, Жер асты суларын кен орындарын әзірлеуге, тыйым салынады.

5. Жер асты суларын кен орындарын барлау мен әзірлеу келісім-шарт талаптарына толық сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нормалар мен талаптар толық сақталған кезде жүзеге асырылуы тиіс.

6. Геологиялық барлау және пайдалану жұмыстарын жүргізетін жер қойнауын пайдаланушылар жер асты суларын өндірген кезде:

1) жер асты суларын кен орындарын ұтымды барлау мен әзірлеуге, сөйтіп судың толық кешенді зерделенуіне және қайыра шығын болмауына және ұңғымалардың пайдалануға жеткіліксіз берілуінен олардың сапалық қасиетінің жойылмауына қол жеткізілуін;

2) сулы қабаттардың ластану ықтималдығын болдырмауды;

3) егер бұл жобада көзделмеген болса, әртүрлі қабаттағы сулардың араласып кету, бір қабатынан екінші қабатына (неғұрлым төмен қысыммен) асыра құйылу ықтималдығын болдырмауды;

4) жер асты суларының бақылаусыз реттелмей шығарылуына жол берілмеуін, ал авариялық жағдайларда судың шығын болуын жою жөнінде жедел шаралар қабылдануын;

5) пайдалы компоненттері бар жер асты суларының кешенді пайдаланылуын;

6) атмосфералық ауаның, жердің беткі қабатының, ормандардың, сулардың, және басқа да табиғи объектілердің, сондай-ақ ғимараттар мен құрылыстардың жер

қойнауын пайдаланумен байланысты жұмыстардың зиянды әсерінен қорғалуын;

7) барлау және пайдалану жұмыстары процесінде жарамсыз күйге келтірілген жер учаскелерін кешенді қалпына келтіру жұмыстарының жүргізілуін қамтамасыз етуі тиіс.

7. Қызметі жер асты сулары объектілерінің жай-күйіне зиянды әсер ететін немесе зиянды әсер етуі мүмкін жеке және заңды тұлғалар су объектілерінің ластануын және тартылуын болдырмау шараларын қабылдауға міндетті.

8. Ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын жер асты су объектілерін, сондай-ақ емдік қасиеті бар табиғи ресурстарды қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес санитариялық күзет аймақтары белгіленеді.

9. Ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау мақсатында пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін жер асты сулары объектілерінің су жинау алаңдарында қалдықтарды көмуге, молалар, мал көметін орындар және жер асты суларының жай-күйіне әсер ететін басқа да объектілер салуға жол берілмейді.

10. Жерді ағын сулармен суландыруға, егер ол жер асты сулары объектілерінің жай-күйіне әсер ететін болса, тыйым салынады.

11. Бұрғылау ұңғымалары, оның ішінде өзінен өзі ағызылатын және барлаушы ұңғымалар, сондай-ақ пайдалануға жарамсыз немесе енді пайдаланылмайтын ұңғымалар реттеуші құрылғылармен жабдықталуға, консервациялануға немесе белгіленген тәртіппен жойылуға жатады.

12. Егер жер қойнауы барлау және басқа да пайдалы қазбаларды өндіру үшін пайдаланылған кезде сулы қабаттар ашылса жер қойнауын пайдаланушы белгіленген тәртіппен жер асты сулары объектілерін қорғау жөнінде шаралар қабылдауы және бұл жөнінде қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы жөніндегі уәкілетті органдарға және су ресурстарын басқару жөніндегі мемлекеттік органға хабарлауы қажет.

13. Жер асты сулы қабаттарын ашу олардың ластануын болдырмайтындай етіп сенімді қаптамамен қамтамасыз етілуі тиіс.

14. Өнеркәсіптік, емдік минералдық және жылу-энергетикалық ақаба суларды ағызуға арналған сіңірме ұңғымаларды бұрғылауға, бұл ұңғымалар ауыз суға және тұрмыстық сумен жабдықтауға немесе емдік мақсаттарға жарамды немесе сол үшін пайдаланылатын сулы қабаттарды ластайтын көздер табылуы мүмкін болса, тыйым салынады.

15. Сіңірме ұңғымаларды бұрғылауға осы ұңғымалар бұрғыланатын ауданда арнайы тексеру жүргізілгеннен кейін жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік органдар, су ресурстары, және санитариялық қадағалау басқармалары берген оң қорытындылар болған кезде жол беріледі.

16. Жер асты суларын, ауыз сумен және тұрмыстық сумен жабдықтаумен

байланысты емес қажеттілік үшін, ауыз су ретінде пайдалануға жол берілмейді.

17. Жер асты суларының бас тоғандарын оларда суды реттейтін құрылғылар, суды есептейтін аспаптар болмай, сондай-ақ санитариялық қорғау аймақтары белгіленбей және жер асты су объектілерінің жай-күйі көрсеткіштерін қадағалайтын пункттер құрылмай пайдалануға беруге тыйым салынады.

18. Жер асты суларын экологиялық талаптарға сәйкес келетін жағдайда ұстау үшін жер қойнауын пайдаланушылар үкімет жер асты су объектілеріне әсер етуге рұқсат етілетін шекте белгілейтін нормативтерді сақтауға міндетті.

19. Жер асты су объектілерін пайдаланумен байланысты су бас тоғандарын орналастырған, жобалаған, салған, пайдалануға берген және пайдаланған кезде жоғарғы қабаттағы су объектілері мен қоршаған ортаға олардың зиянды әсерін (аумақты су басуын, шөлейттенуін, жердің батпақтануын, селдің, топырақтың шөгуін) болдырмайтын шаралар көзделуі тиіс.

20. Өнеркәсіптік, емдік минералдық және жылу-энергетикалық сулар пайдаланылғаннан кейін оны шығарып тастау уәкілетті органдар бекіткен Жоғарғы қабаттағы суларды ақаба сулардан қорғау ережелеріне, Теңіздердің жағалауларындағы суларды қорғау ережелеріне және Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес жүргізілуі тиіс.

21. Сумен жабдықтау көздерін санитариялық күзету аймақтарында су сіңіргіш ұңғымалар мен құдықтар салуға тыйым салынады.

22. Құрамында радиоактивті заттар бар пайдаланудан шығарылған суларды су сіңіргіш ұңғымалар мен құдықтарға тастауға тыйым салынады.

23. Пайдаланудан шығарылған су су сіңіргіш ұңғымаларға айдалатын ауданда су пайдаланушылардың күшімен жақын жерлердегі ұңғымалардың, бұлақтардың, құдықтардың суларының сапасына қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы органдармен келісілген жоспар бойынша жүйелі зертханалық қадағалаулар ұйымдастырылуы тиіс.

24. Ұңғымаларды консервациялау мен жою оларды жойған немесе консервациялау кезінде тірекші, параметрлік, іздеу, барлау, пайдалану, қадағалау ұңғымаларының және арнаулы ұңғымалардың ауыздары мен біліктерін жабдықтау жөніндегі қолданылып жүрген нұсқаулықтардың талаптарына сәйкес, жер қойнауын пайдаланушылардың есебінен орындалады.

25. Жер қойнауын пайдаланушылар, өздерінің ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан, жер асты суларының мемлекеттік есебін, олардың пайдаланылуын бақылау мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында:

1) Су қорын қорғау және қолдану саласындағы уәкілетті орган келісімімен, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімде жер асты сулары объектілерінен алынған және сонда тасталған сулардың бастапқы

е с е б і н

ж ү р г і з е д і ;

2) су қоймалары мен су шығарушы құрылыстарды су шығындарын өлшейтін құралдармен жабдықтайды, сондай-ақ өздігінен оқшауланатын ұңғымаларға реттеуші құрылыстар қондырады ;

3) жер асты сулары кен орындарының ағымдағы әзірлігіне бақылау, ұңғымалардың жұмысын жедел бақылау және бекітілген кен орындарын әзірлеу жобасы мен технологиялық схемаға сәйкес, технологиялық режимнің орындалуына бақылау жасайды. Бақылаудың мерзімділігін әзірлеу жобасымен (технологиялық схемамен) белгіленеді ;

4) тасталатын сулардың химиялық құрамын анықтауды өздерінің зертханаларында немесе мемлекеттік аттестаттаудан өткен басқа да кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің зертханаларында қамтамасыз етіледі;

5) Статистика жөніндегі уәкілетті бекітетін нұсқаулыққа сәйкес нысан бойынша жер асты суларын пайдалану туралы есептілікті табыс етеді;

6) қоршаған ортаны қорғау және су ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті органдарға заттарды ластаудың авариялық тастандылары туралы, сондай-ақ жер асты су қоймаларының және су тасталған (айдалған) объектілерінің белгіленген режимінің бұзылуы туралы жедел ақпараттар береді.

**237-бап. Жасанды аралдар жасаған және су асты кабелдері мен құбырлар тартқан кезде қойылатын экологиялық талаптар**

1. Трассалар, конструкциялар, жабдықтар, әрбір нақты объект салу мен пайдалануға арналған технологиялар мен техникалық құралдар орналастырылатын жерлерді таңдау қоршаған табиғи ортаға теріс әсерді мейлінше азайту мақсатында баламалық-нұсқалық негізде жүргізілуі тиіс .

2. Құбыр трассасынан немесе су асты кабельдерінен кемінде бес жүз метр қашықтықта бұрғылау-жару және пневматикалық және басқа қуатты толқындар тудырудың серпінді (сейсмикалық дабыл) көздерімен сейсмикалық барлау жүргізуге тыйым салынады .

3. Құбырлар мен су асты кабельдерін кесіп өтетін трассалармен сейсмикалық косты сүйреуге және балық аулаушы кемелерде тралмен балық аулауға тыйым салынады.

4. Салынуға тиіс құбырлар мен соған ілеспе инженерлік құрылыстарды жобалау олардың беріктігінің, қауіпсіздігінің, техникалық жай-күйін қорғау мен бақылаудың жоғары деңгейін; кездейсоқ жағдайларды жедел байқау мүмкіндігін; жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының жеделдігі мен сапасын; қоршаған ортаға неғұрлым аз теріс әсер етуін қамтамасыз етуі тиіс .

5. Жобада міндетті түрде санитарлық нормалар мен ережелер мен қоршаған ортаны қорғау нұсқамалық құжаттарына сәйкес қамтылатын жеке - Қоршаған ортаны қорғау бөлімі болуы тиіс .

6. Жобалау-сметалық құжаттамалардың толықтығы мен дұрыстығына тапсырыс беруші мен жобаны әзірлеуші жауап береді.

7. Бекітілген жобаны өзгерту мен одан ауытқу объектігінің беріктігі мен жұмыстың қауіпсіздігін төмендетпеуі, қоршаған ортаға теріс әсерді ұлғайтпауы тиіс, олай болмаған жағдайда жоба мен ОВОС-ты міндетті түрде қайтадан мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізу талабы қойылады.

8. Құбыр тарту жобасында құрылыстар салған және оны кейін пайдаланған кезде оларды қорғау жөніндегі шаралар көзделуі тиіс. Құрылыстың әрбір кезеңінде және көмірсутегі шикізаты мен оны ұқсатушы өнімдер тасымалданатын құбырды пайдаланған кезде қоршаған ортаны, сондай-ақ қауіптілігі жоғары объектілерге жататын құбырларды күзету жөнінде тиісті шаралар қабылдануы тиіс.

9. Кеме жүзетін өзендер мен арналарды құбырлар кесіп өтетін жерлер жағалауларына дабыл белгілері қойылады. Дабыл белгілерін су шаруашылығы бассейні басқармаларының келісімімен құбыр көлігі ұйымдары белгілейді және су шаруашылығы бассейні басқармасы кеме жүзу жағдайының тізбесі мен лоцмандық картаға енгізеді; теңіз құбырларының трассалары теңізде жүзу хабарламаларында көрсетіледі және теңіз картасына енгізіледі.

10. Құбырлардың зақымдану ықтималдығын болдырмау үшін оларды тартудың кез келген түрінде күзет аймағы:

1) су асты жолдарының бойымен - су кеңістігінің өтетін жолдардың қақ ортасынан ең шетіне дейін әрбір жағынан 100 м өзара қаз-қатар қалыңдықта жасалған судың жоғары қабатынан түбіне дейінгі учаскесі түрінде;

2) өнімдерді көлікке, басты және аралық, суды қайта айдайтын және құятын насос станцияларына, резервуар парктерге, компрессорлық және газ бөлетін станцияларға, өнімдерді өлшейтін желілерге, суды құятын және ағызатын эстакадаларға, мұнай мен мұнай өнімдерін қыздыратын пункттерге өнімдер дайындайтын технологиялық қондырғылар маңында - көрсетілген объектілер аумақтарының шекараларынан жан-жағына жүз метр тұратын шектеулі тұйықталған желілік жер учаскесі түрінде белгіленеді.

11. Құбырлардың (жасалған түсірімдердің) нақты жағдайы туралы материалдар күзетілетін жердің құрамына кіретін бекітілген коммуникацияларымен және объектілерімен бірге оларды жер пайдаланудың аудандық картасына түсіру үшін тиісті жергілікті мемлекеттік басқару органдарына берілуі тиіс. Жергілікті мемлекеттік басқару органдары мүдделі ұйымдарға олардың өтініштері бойынша құбырлардың орналасқан жері туралы мәліметтер береді.

12. Құбырлардың күзетілетін аймағында олардың қалыпты пайдаланылуына айтарлықтай залал келтіретін не зақымдандыратын әрекеттің кез келген түрін жасауға, а т а п а й т қ а н д а :

1) назар аударатын дабыл белгілерін, бақылау-өлшеу пункттерінің орнын

ауыстыруға, көму мен сындыруға;

2) кабель байланысының қызмет көрсетілмейтін пункттердің люктерін, калиткалары мен есіктерін, линиялық арматуралар желілерінің қоршауларын, катодтық және дренаждық қорғаныс қондырғыларын, линиялық және қарап көруге арналған құдықтар мен басқа да линиялық қондырғыларды ашуға, крандар мен жылжытушыларды ашып, жабуға, байланыс, энергиямен жабдықтау және құбырлар телемеханикасы құралдарын қосуға немесе ажыратуға;

3) қоқыстардың қайсыбір түріне айналдыруға, қышқыл ерітінділерін, тұздар мен с і л т і л е р т ө г у г е ;

4) жағалауларды бекітетін құрылыстарды, су өткізетін қондырғыларды, құбырларды бұзылудан, ал шектес аумақтар мен айналадағы жерді тасылатын өнімдердің авариялық қосылуынан сақтайтын топырақтан жасалған немесе өзге құрылыстарды (қондырғыларды) бұзуға;

5) зәкір тастауға, түсірілген шығырлармен, зәкірлермен, лоталармен, ысырғыштармен және тралдармен өтуге, түбін тереңдететін және топырағын аршитын жұмыстар жүргізуге;

6) от жағуға және от тұтануы мүмкін қайсыбір көздерді ашуға немесе жабуға т ы й ы м с а л ы н а д ы .

13. Құбырлардың күзетілетін аймақтарында құбыр көлігі ұйымдарының жазбаша рұқсаты болмаса кез келген жұмысты атқаруға, оның ішінде ұңғымалар, шурфтар қондырғыларымен және топырақ сынамасын алумен, сондай-ақ әртүрлі жару жұмыстарымен байланысты геологиялық-түсіру, іздеу, геодезиялық және басқа іздестіру жұмыстарына тыйым салынады. Құбырлардың күзетілетін аймақтарында жару жұмыстарын жүргізуге жазбаша рұқсат осы жұмыстарды жүргізетін ұйымдар Жару жұмыстары кезіндегі қауіпсіздіктің бірегей ережелерінде көзделген тиісті материалдарды табыс еткеннен кейін ғана беріледі.

14. Мұнай мен құрамында күкіртті сутегі бар су апатты жағдайда төгілген кезде оларды дереу жинау және жергілікті жерде залалсыздандыру немесе көмуге әкету к е р е к .

15. Газ-, мұнай тасымалы, конденсатор сымдары қиылысатын темір жолдарға, су немесе автомобиль жолдарына, жыралар мен сол сияқтыларға, айналма бұрыштарға, адамдар көп жиналып қалуы мүмкін пункттерге, газ-, мұнай-, конденсатор сымдары технологиялық желілеріне тиісті қауіпсіздік белгілері мен жазбалар қойылады. Аталған осындай жерлер үшін жобада шығарындылардың қауіптілігін болдырмайтын немесе азайтатын қосымша іс-шаралар көзделуі тиіс.

**238-бап. Сақтық аймағы шегінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізген кезде қойылатын талаптар**

1. Сақтық аймағы шегінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы оны су деңгейі көтерілген жағдайда теңіздің ластануын болдырмайтындай не барынша азайтатындай етіп жүргізуге м і н д е т т і .

2. Сақтық аймағы шегінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы, оның келісімшарт жасасқан аумағында қоршаған ортаға не жеке немесе заңды тұлғаларға келтірілген зиян мен шығынға, осы жер қойнауын пайдаланушының тікелей кінәсі бар-жоғына қарамастан, жауап береді.

### **35-тарау. Суды пайдалану кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

#### **239-бап. Ортақ пайдаланылатын су объектілерін пайдалану кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

1. Су объектілерінде суды ортақ пайдалану Қазақстан Республикасының су заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Заңды және жеке тұлғалар облыстардың жергілікті атқарушы органдары белгілеген суды ортақ пайдалану ережелерін сақтауға міндетті.

#### **240-бап. Су объектілерін және су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

1. Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды орналастыру қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын қорғау, санитариялық-эпидемиологиялық, өнеркәсіп қауіпсіздігі, су ресурстарын молайту мен ұтымды пайдалану жағдайлары мен ережелерін сақтап, сондай-ақ көрсетілген объектілер қызметінің экологиялық салдарын ескере отырып жүргізіледі.

2. Су шаруашылығы құрылыстарын салу, реконструкциялау, пайдалану, консервациялау, жою, қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану және сақтау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органдардың оң қорытындылары болған кезде жүзеге асырылады.

#### **241-бап. Ақаба суды ағызып жіберу кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

1. Табиғи су объектілерін ақаба суды ағызып жіберу үшін пайдалануға, осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тыйым салынады.

2. Ақаба судың табиғи су объектілеріне ағызуға санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органымен және су қорын пайдалану және сақтау саласындағы уәкілетті органмен келіскен кезде оларды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген шектерге дейін тазартқан жағдайда уәкілетті органның р ұ қ с а т ы м е н ж о л б е р і л е д і .

3. Ақаба суды жинақтаушысы бар табиғат пайдаланушылар осындай суларды

тазалау, залалсыздандыру және ластаушы заттарды кәдеге жарату үшін олардың қоршаған ортаға әсерін болдырмайтын қажетті шаралар қабылдауға, сондай-ақ оларды пайдалану тоқтатылғаннан кейін осы жинақтаушылар бар жерлердің қопсытылуын жүзеге асыруға міндетті.

4. Табиғат пайдаланушы зиянды заттардың, ақаба суларда ластаушы заттардың белгіленген жиналу нормативтерін көтермеуі немесе ақаба судың құрамына экологиялық сараптаманың рұқсаты көзделмеген жаңа заттарды қоспауы тиіс. Аталған талаптар бұзылған кезде ақаба суды ағызу тоқтатылуы керек. Ашық тоғанға ағызылатын су мөлдір, бояу қосылмаған, иістенбеген, ауру жұқтыратын бактериялар мен адамның денсаулығы мен жануарларға зиянды заттар, санитариялық-гигиеналық нормативтерден жоғары қоспалар болмауы тиіс. Ағызылатын судың температурасы Цельсия бойынша 30 градустан аспауы тиіс.

5. Ағызылатын суда бетон мен металға айтарлықтай әсер ететін заттар болмауы керек.

6. Ақаба суды, олардың тазалық деңгейіне қарамастан, орталықтандырылған ауыз сумен жабдықтау көздерінің санитариялық қорғалу аймақтарында, курорттарда, суға түсуге арналған жерлерде жоғары қабаттағы су айдындарына ағызуға жол берілмейді.

7. Су айдындарына кәдеге жаратуға болатын өнеркәсіптік қоспалардың бағалы компоненттері бар ақаба суларды ағызуға тыйым салынады.

**36-тарау. Орманды және өзге де өсімдіктерді пайдалану кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

**242-бап. Басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуді, ормандарға күтім жасауды және санитариялық мақсатта кесуді жүзеге асырған кезде қойылатын экологиялық талаптар**

Құндылығы төмен және қорғаныштық, су сақтау және басқа экологиялық функцияларын жоғалта бастаған екпелерді реконструкциялаумен байланысты ағаш кесу мемлекеттік орман қоры санатындағы ормандарда тек мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның рұқсатымен жүргізіледі.

**243-бап. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды жүзеге асыру кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

1. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды жүзеге асырған кезде орман пайдаланушылар:

1) топырақты эрозияға ұшыратпайтын, ормандардың жай-күйі мен молаюына, сондай-ақ су және басқа табиғи объектілер мен жануарлар дүниесінің жай-күйіне теріс әсерді болдырмайтын немесе шектейтін, олардың тіршілік ететін ортасының сақталуын қамтамасыз ететін тәсілдермен жұмыс жүргізуге;



2) сүрек дайындаған кезде мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен техника мен технологияны пайдалана отырып, орманның табиғи молаюы үшін оңтайлы жағдайлардың сақталуы жөніндегі талаптарды сақтауға;

3) дайындау мен тасып әкетудің белгіленген мерзімі өткеннен кейін ағаш кесетін орындарда жартылай кесілген және дайындалған сүрек қалдырмауға;

4) кеспе ағашты кесілген қалдықтардан тазартуды сүрек дайындаумен бір мезгілде жүргізуге;

5) мемлекеттік орман қорының орман пайдалануға бөлінген учаскелерінде ағаштың заңсыз кесілуіне және экологиялық заңнаманың өзгелей бұзылуына жол бермеуге;

6) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу кезінде орман орналастыру жобасына сәйкес кесілген ағаш алаңының екі еселенген мөлшерінен асатындай алаңға ағаш отырғызуды жүзеге асыруға;

7) ағаш кесілген жерлер мен өздерінің қызметі нәтижесінде шыбықтары жойылған, сүректер мен бұталы өсімдіктері қураған алаңдарға өз есептерінен орманның молайтылуын жүзеге асыруға;

8) ормандардың санитариялық (бұдан әрі - ормандардағы санитариялық ережелер) жай-күйін қамтамасыз ету мен жақсарту жөніндегі ережелерді сақтауға;

9) мемлекеттік орман қоры учаскелерін ұзақ мерзімге арналған орман пайдалану кезінде зиянкестер мен орман ауруларынан қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға;

10) мемлекеттік орман иеленушілерді мемлекеттік орман қоры учаскелеріне орман пайдалану үшін өздеріне бөлініп берілген учаскелерде зиянкестер мен орман ауруларының пайда болғаны туралы хабардар етуге;

11) орман қорының мемлекеттік есебін, мемлекеттік орман кадастрын, мемлекеттік орман мониторингін жүргізу, орманды пайдаланғаны үшін төленетін ақы мөлшерін айқындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органға және оның аумақтық органдарына, облыстық атқарушы органдарға және мемлекеттік статистика органдарына қажетті ақпаратты ұсынуға міндетті.

2. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығы:

1) орман пайдалану жүзеге асырылатын мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарының қоры азайған, нәтижесінде олардың жай-күйінің нашарлауына әкеп соқтырған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған;

2) орман пайдаланушы өсімдіктер мен жануарлар дүниесін және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау, молайту және пайдалану жөніндегі экологиялық талаптарды бұзған жағдайларда;

3) орман зиянкестерімен және ауруларымен күрес жөніндегі авиахимиялық, авиабиологиялық және аэрозолдық іс-шаралар жүргізу кезінде шектелуі немесе тоқтатыла тұруы мүмкін.

3. Жер пайдалану құқығын шектеу немесе тоқтата тұру орман пайдаланушыларды

Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік және өзге де жауаптылықтан босатпайды.

**244-бап. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман шаруашылығын ұйымдастырған кезде қойылатын экологиялық талаптар**

1. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман шаруашылығын жүргізу ормандардың ресурстық және экологиялық әлеуетінің көтерілуін қамтамасыз етуі тиіс.

2. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандардың ресурстық және экологиялық әлеуетін көтеру ғылыми негізделген ағаш кесу жүйесін іске асыру, ормандарды молайту, олардың тұқымдық құрамын жақсарту, тұрақты орман тұқым базасын селекциялық-гендік негізде құру мен тиімді пайдалану, гидроорманмелиорациясы, ормандарға күтім жасау, күтім жасау мақсатында ағаш кесу мен санитариялық ағаш кесуді қоса алғанда, орман шаруашылығы мақсатында жол салу, басқа да орман шаруашылығы іс-шараларын жүргізу нәтижесінде жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандардың ресурстық және экологиялық әлеуетін көтеру жөніндегі іс-шараларды орман құрылысы жобаларына сәйкес орман мекемелері мен орман пайдаланушылар жүргізеді.

**245-бап. Ормандарды молайту мен орман өсіру кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

1. Ормандарды молайту мақсаты ағашы кесілген, өртең жерлерді және мемлекеттік орман қорының бұрын орман өскен аумақтарын уақтылы қалпына келтіру, ормандардың тұқымдық құрамын жақсарту, олардың өнімділігін көтеру, мемлекеттік орман қоры жерін ұтымды пайдалану болып табылады.

2. Орман өсірудің мақсаты бұрын орман өспеген аумақтарда екпелер жасау болып табылады.

3. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды молайту жөніндегі іс-шаралар орманның өсу жағдайлары мен экономикалық тиімділігі ескеріле отырып, неғұрлым қысқа мерзімде өнімділігі жоғары және шыдамды екпелер жасалуын қамтамасыз ететін тәсілдермен, экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық талаптар сақтала отырып жүргізілуі тиіс.

4. Мемлекеттік орман қорындағы ормандарды молайту мен орман өсіру жұмыстарының көлемі осы салаға мамандандырылған, мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен орман орналастыру және басқа жобалау-іздістіру ұйымдары әзірлеген жобалармен айқындалады.

**246-бап. Ормандарды молайту мен орман өсіру үшін орман тұқымдары мен екпе материалдарды дайындаған,**

**өңдеген, сақтаған, орын ауыстырған, сатқан  
және пайдаланған кезде қойылатын экологиялық  
талаптар**

1. Сатуға және егу үшін пайдалануға жататын орман тұқымдарының егілу сапасын, олардың мемлекеттік стандарттарға, техникалық жағдайларға және орман шаруашылығы жөніндегі басқа да нормативтік құжаттарға сәйкестігін айқындауды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның келісімімен орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның мамандандырылған ұйымдары жүзеге асырады.

2. Осы баптың 1-тармағының талаптарына сәйкестігі тексеруден өтпеген орман тұқымдарын сату мен егуге тыйым салынады.

3. Селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді қалыптастыру, оларды мемлекеттік орман қоры учаскелерінде пайдаланудың режимін белгілеу орналастырушы және осы салада маманданған басқа да жобалау-ізвестіру және ғылыми ұйымдар әзірлеген, мемлекеттік-экологиялық сараптамадан өткен жобалармен айқындалады.

**247-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда  
мемлекеттік орман қоры учаскелерін  
пайдаланған, ормандарды молайтқан және орман  
өсірген кезде қойылатын экологиялық талаптар**

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда мемлекеттік орман қорының учаскелерін пайдалану, ормандарды молайту және орман өсіру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**248-бап. Қалалық ормандар мен орман сая бақтарында  
орманды пайдаланған кезде қойылатын  
экологиялық талаптар**

1. Қалалық елді мекендердің шекаралары шектерінде орналасқан ормандар (таудағы ормандар мен саябақтар) халықтың демалуына, мәдени-сауықтыру және спорттық іс-шаралар жүргізуіне, сондай-ақ қоршаған ортаға қолайлы жағдай жасауға арналған.

2. Қалалық ормандарда осы ормандардың мақсатымен үйлеспейтін басты мақсатта ағаш кесуді орман пайдаланудың өзге де түрлерін жүзеге асыруға тыйым салынады.

**249-бап. Жер учаскелерінің меншік иелеріне немесе жер  
пайдаланушыларға пайдалануға берілген  
мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш және  
бұта өсімдіктерін күзету, қорғау, молықтыру  
және пайдалану кезінде қойылатын экологиялық**

**талаптар**

1. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жер учаскелерінің меншік иелеріне немесе жер пайдаланушыларға ауыл және орман

шаруашылықтарын кешенді жүргізу үшін берілген мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш және бұта өсімдіктерін күзету, қорғау, молықтыру және пайдалану осы Кодекстің талаптарына сәйкес жүргізіледі.

2. Пайдалануына мемлекеттік орман қоры учаскелері берілген жер учаскелерінің меншік иелері немесе жер пайдаланушылар осы Кодексте белгіленген тәртіппен оларда орман орналастыру жұмыстарын жүргізуге және орман қорының мемлекеттік есебін жүргізуге қатысуға міндетті.

3. Осы баптың 1-тармағында аталған ағаш және бұта өсімдіктерінің жай-күйін, күзетілуін, қорғалуын, пайдаланылуы мен молықтырылуын бақылауды уәкілетті орган мен оның аумақтық органдары жүзеге асырады.

**250-бап. Басқа меншік иелерінің немесе жер пайдаланушылардың жер учаскелері арасында орналасқан мемлекеттік орман қоры учаскелерін күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру кезінде қойылатын экологиялық**

**талаптар**

1. Басқа меншік иелерінің немесе жер пайдаланушылардың жер учаскелері арасында орналасқан мемлекеттік орман қоры учаскелерін күзетуді, қорғауды, пайдалануды, ормандарды молықтыруды жүзеге асыру үшін мемлекеттік орман иеленушілердің Қазақстан Республикасының жер туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен бөтен жер учаскесін шектеулі мақсатта пайдалану (сервитут) қ ұ қ ы ғ ы б а р .

2. Қазақстан Республикасының заңнамалық актісіне сәйкес, табиғи өсіп шығатын ормандарды сыртқы қолайсыз әсерлерден қорғау үшін басқа меншік иелерінің немесе жер пайдаланушылардың жер учаскелері арасында орналасқан мемлекеттік орман қоры учаскелерінің шекарасын бойлай ені жиырма метр болатын күзет аймақтары белгіленеді.

3. Күзет аймағы шегінде мемлекеттік орман қоры учаскесінің жай-күйіне кері әсер ететін кез келген қызметке тыйым салынады.

**251-бап. Темір жолдарға, автомобиль жолдарына, каналдарға, магистралдық құбырларға және басқа да желілік құрылыстарға бөліп берілген белдеулердегі қорғаныштық екпелерді күзету, қорғау және пайдалану кезінде қойылатын**

**экологиялық талаптар**

1. Темір жолдарға, автомобиль жолдарына, каналдарға, магистральдық құбырларға және басқа да желілік құрылыстарға бөліп берілген белдеулерде орналасқан қорғаныштық екпелер осы объектілерді қолайсыз табиғи құбылыстардан қорғауға, қоршаған ортаның ластануын болдырмауға, шудың әсерін азайтуға арналған.

2. Темір жолдарға, автомобиль жолдарына, каналдарға, магистральдық құбырларға және басқа да желілік құрылыстарға бөліп берілген белдеулердегі қорғаныштық екпелерді, оларды өсіру жобаларына сәйкес орманды күтіп-баптау мақсатында кесуге, санитарлық мақсатта кесуге, бағалылығы төмен екпелерді, сондай-ақ қорғаныштық, су сақтау және басқа да функцияларын жоғалта бастаған екпелерді қайта жаңғыртумен байланысты кесуге және өзге де мақсаттарда кесуге жол беріледі.

3. Осы баптың 1-тармағында аталған қорғаныштық екпелерді күзетуді, қорғауды және пайдалануды, осы Кодекске сәйкес, жер пайдаланушылар өздері орналасқан жерлерде жүзеге асырады.

### **37-тарау. Жануарлар дүниесін пайдалану кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

#### **252-бап. Жануарлар дүниесі объектілерін ортақ пайдаланған кезде қойылатын экологиялық талаптар**

1. Жануарлар дүниесі объектілерін ортақ пайдалану жануарлар дүниесі объектілерін табиғи ортадан алмай (ортақ пайдаланылатын су объектілерінде заңнамада белгіленген тегін аулау көлемі шегінде құмарлық және спорттық мақсатта балық аулауды қоспағанда) жүзеге асырылады.

2. Жануарлардың - табиғи орта санитарларының пайдалы тіршілік ету қасиеттерін, дәрілік өсімдіктерді және сол сияқтыларды пайдалану, сондай-ақ жануарлар дүниесі объектілерін Қазақстан Республикасы заңнамасымен тыйым салынбаған ғылыми, мәдени-білім беру, тәрбиелік, эстетикалық және басқа мақсаттарда пайдалану жануарлар дүниесін ортақ пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.

3. Жануарлар дүниесі объектілерін ортақ пайдалану жүзеге асырылған кезде жануарларды құртуға, олардың тұратын жерлерін және басқа құрылыстарды (індерін, ұяларын, құмырсқа илеулерін, ондатра ұяшығын және сол сияқтыларды) қиратуға, жануарлардың мекендейтін ортасын бұзуға және олардың көбею жағдайын нашарлатуға тыйым салынады.

#### **253-бап. Елді мекендерді, кәсіпорындарды, темір жолдарды, тас жолдарды, құбырлар мен басқа да көлік магистральдарын, электр қуатын беру мен байланыс желілерін, каналдарды, тоғандарды, өзге де құрылыстар мен объектілерді орналастыру, жобалау мен салу кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

1. Кәсіпорындар, құрылыстар мен басқа да объектілер орналастырылатын орын, сондай-ақ жануарлар дүниесінің жай-күйіне әсер ететін және әсер етуі мүмкін жаңа техникаларды, технологияларды, материалдар мен заттарды енгізу жануарлар дүниесін қорғау саласы мен қоршаған ортаны қорғау саласының арнаулы уәкілетті

о р г а н д а р ы м е н

к е л і с і л е д і .

2. Жануарларды және олардың тіршілік ететін ортасын қорғау құралдарымен қамтамасыз етпей объектілерді пайдалануға беруге және технологияларды қолдануға т ы й ы м с а л ы н а д ы .

3. Елді мекендерді, кәсіпорындарды, құрылыстар мен басқа да объектілерді орналастыру, жобалау және салу, жұмыс істеп тұрған технологиялық процестерді жетілдіру мен жаңаларын енгізу, тың, батпақтанған жерлерді, жағалаулардағы және бұталар өскен аумақтарды шаруашылық айналымына қосу, жерді мелиорациялау, орман пайдалану мен орман шаруашылығы іс-шараларын жүзеге асыру, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу, пайдалы қазбалар өндіру, үй жануарларын жаю мен қыдырту, туристік маршруттар әзірлеу мен халықтың демалатын орындарын ұйымдастыру кезінде жануарлардың тіршілік ету және өсіп-өну жағдайын сақтау, жануарлар дүниесін сақтау үшін ерекше құндылықтар құрайтын учаскелерге қол сұғылмауын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар көзделіп жүзеге асырылуы тиіс.

4. Кәсіпорындар, құрылыстар мен басқа да объектілер салу мен реконструкциялау жобаларын экологиялық сараптамадан өткізу, жаңа техника, технологиялар, материалдар мен заттар енгізу кезінде олардың жануарлар дүниесінің жай-күйіне, мекендейтін ортасына, жануарлардың өріс аударуы мен өсіп-өну жағдайына әсері м і н д е т т і тү р д е е с к е р і л е д і .

5. Кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар мен жеке тұлғалар жануарлар дүниесінің жай-күйіне әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін кез келген қызметті жүзеге асырған кезде жануарлардың мекендейтін ортасының қорғалуын, өсіп-өну мен өріс аудару жағдайын қамтамасыз етуге, сондай-ақ өндірістік процестерді, оның ішінде жануарларға қауіпті препараттарды, химиялық заттар мен құрамаларды қолдану, қалдықтарды қоймаға қою, жою, көму, орман шаруашылығы, ағаш дайындау және басқа жұмыстар жүргізген, сондай-ақ электр желілері мен көлік құралдарын пайдалану кезінде жануарлардың өлуін болдырмауға арналған іс-шараларды жүзеге асыруға м і н д е т т і .

6. Темір жолдар, тас жолдар, құбырлар мен басқа да көлік магистральдарын, электр желілері мен байланыс желілерін, сондай-ақ каналдар, су өткізгіш және басқа гидротехникалық құрылыстар орналастыру, жобалау мен салу кезінде жануарлардың өріс аудару жолдарының сақталуын қамтамасыз ететін іс-шаралар әзірленіп, жүзеге а с ы р ы л у ы т и і с .

7. Жануарлар өсіп-өнетін жерлерде шудың жоғары көздері болып табылатын жару мен басқа да жұмыстар заңнамамен шектеледі.

8. Су объектілерінде гидротехникалық және басқа құрылыстарды пайдалану, гидрологиялық режим мен су тұтыну режимін және жабайы жануарлардың тіршілік ету ортасының жай-күйіне әсер ететін және әсер етуі мүмкін басқа да қызметтерді белгілеу

жануарлар дүниесін қорғау талаптары, балық және аң шаруашылығы мүдделері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

**254-бап. Қамыстарды шабу мен құрғақ өсімдіктерді өртеу кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

Қамыстарды шабу мен құрғақ өсімдіктерді немесе оның қалдықтарын өртеуге жабайы фаунаның сақталуы жөніндегі іс-шаралар әзірлене отырып, қоршаған ортаны қорғау аумақтық органдарының және өртке қарсы күрес қызметі органдарының тиісті рұқсаты бойынша шаруашылыққа қажетті жағдайда ғана жол беріледі.

**255-бап. Өсімдіктерді қорғау құралдарын, минералдық тыңайтқыштар мен шаруашылық қызметінде пайдаланылатын басқа да препараттарды тасымалдау, сақтау мен қолдану, жаңа препараттар жасау кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

1. Өсімдіктерді қорғау құралдарын, минералдық тыңайтқыштар мен шаруашылық қызметінде пайдаланылатын басқа да препараттарды тасымалдау, сақтау мен қолдану, жаңа препараттар жасау кезінде кәсіпорындар, мекемелер, басқа да ұйымдар мен азаматтар аталған препараттардағы тасымалдау, сақтау мен қолдану ережелерін сақтауға, жануарлардың ауыруы мен өлмеуін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға міндетті.

2. Жаңа препараттар жасаған кезде оларды қоршаған ортада қолданудың нормативтері әзірленуі тиіс.

3. Жануарлардың өлуі мен олардың мекендейтін ортасының нашарлауын болдырмау мақсатында қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган пестицидтер мен агрохимикаттарды қолдану шектелетін немесе оған тыйым салынатын жекелеген аумақтарды белгілей алады.

4. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдардың келісімімен өсімдік қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен пестицидтердің (улы химикаттардың) тізіміне енгізілген пестицидтерді (улы химикаттарды) ғана қолдануға рұқсат етіледі.

5. Пестицидтерді (улы химикаттарды) аталған тізімге енгізуге уытты-гигиеналық және экологиялық-уыттылық зерттеулер, оларды қолданғанда гигиеналық регламенттеу жүргізілгеннен, гигиеналық және экологиялық нормативтер белгіленгеннен және осы пестицидтерді (улы химикаттарды) мемлекеттік тіркеу жүзеге асырылғаннан кейін жол беріледі.

6. Пестицидтерді (улы химикаттарды) мемлекеттік тіркеу халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау органдарының келісімімен өсімдік қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

7. Минералдық тыңайтқыштар мен басқа да препараттарда ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттар болған кезде, жануарлар дүниесін күзету, молайту мен пайдалану саласындағы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдардың ұсынысымен уәкілетті орган осы минералдық тыңайтқыштар мен басқа да препараттар бойынша белгіленетін экологиялық нормативтер негізінде қажетті экологиялық-уыттылық зерттеулер жүргізеді.

#### 8 . М ы н а л а р ғ а :

1) жануарлар дүниесі объектілерін улы химикаттар қолдана отырып аулауға ( жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті органның келісімімен дала кеміргіштерін құрту кезінде улы химикаттар қолдануды, сондай-ақ жануарлардың жаппай құтыру індеті және басқа аурулары болған жағдайларды қоспағанда );

2) пестицидтерді (улы химикаттарды), минералдық тыңайтқыштар мен басқа да препараттарды :

жануарлар дүниесі мен табиғи кешендерді табиғи жай-күйінде сақтауға арналған әр түрлі ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы қорық режимі аймақтарында;

өріс аудару және өсіп-өну кезеңінде жануарлар жаппай топтасқан жерлердегі тыныштық белгісі қойылған аймақтарда, сондай-ақ жабайы жануарлардың мекендейтін ортасы ретінде ерекше құнды учаскелерде;

жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің белгі қойылған мекендейтін және қолдан өсіп-өнетін орындарына қолдануға;

3) ауыл шаруашылығы және басқа алаптарда жер бетінде уланған, топыраққа сіңірілмеген және жабайы жануарлардың қоректенуіне болатын тұқымдарды қалдыруға тыйым салынады .

9. Балықтардың және басқа су жануарларының мекендейтін орталарын пестицидтермен ластанудан қорғау мақсатында тасқын су барынша аз жайылған жағдайда су басу шекарасынан 500 м қашықтықтағы балық шаруашылығы су айдынының маңында санитариялық аймақ жасалады. Санитариялық аймақтар қоршаған ортаны қорғау, жануарлар дүниесін қорғау, молайта өсіру мен пайдалану, өсімдіктерді қорғау салаларындағы уәкілетті органдардың келісілген ұсыныстары бойынша аудандық өкілді органдардың шешімдерімен белгіленеді.

10. Санитариялық, пайдаланылатын су шаруашылығы су айдындары жағалауларынан 2 шақырым кем болмайтын аймақтарда:

1) зиянкестермен, өсімдік ауруларымен және арам шөптермен күресте авиация арқылы тозаңдау тәсілін қолдануға;

2) пестицидтер (улы химикаттар), минералдық тыңайтқыштар мен басқа да препараттар сақтау үшін қоймалар, авиациялық жұмыстар үшін ұшу-қону құрылыстарын, қой шомылдыруға арналған тоғыттар мен жер асты аппаратураларын пестицидтермен (улы химикаттармен) толтыру алаңдарын салуға тыйым салынады.



**256-бап. Жануарларды мекендейтін жаңа орындарға көшіру, фауна үшін жаңа жануарлар түрлерін жерсіндіру, жануарларды қайта жерсіндіру мен будандастыру, оларды Қазақстан Республикасынан тыс әкелу мен әкету кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

1. Жануарлар дүниесі объектілерін жаңа мекендеу орнына ауыстыруға, Қазақстан фаунасы үшін жаңа жабайы жануарлар түрлерін жерсіндіруге, сондай-ақ жабайы жануарларды будандастыру жөніндегі іс-шараларға ғылыми негізделген сараптамалық тұжырымдарды ескере отырып, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті органның рұқсатымен, мемлекеттік экологиялық сараптаманың осындай қызметінің жобаларымен келіскеннен кейін ғылыми-зерттеу және шаруашылық мақсаттарында жол беріледі.

2. Жабайы жануарларды өздігінен ауыстыруға, жерсіндіруге және будандастыруға т ы й ы м с а л ы н а д ы .

3. Жартылай ерікті немесе еріксіз жағдайларда ұстайтын жабайы жануарлар, сондай-ақ жабайы жануарлармен будандасуы немесе оларға зиян келтірілуі мүмкін үй жануарларын өсіретін немесе ұстайтын кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар мен жеке тұлғалар осы жануарлардың табиғи ортаға шығуын болдырмайтын іс-шаралар жү р г і з у г е м і н д е т т і .

4. Жануарлардың тіршілігіне қауіп төндіретін кездейсоқ бақытсыздық және төтенше экологиялық жағдайлар туындаған жағдайда, жануарлар дүниесі объектілерін пайдаланушылар жабайы жануарларға көмек көрсетуге және бұл туралы жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті органға және қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органға хабарлауға міндетті.

5. Жануарлар дүниесі объектілерін Қазақстан Республикасына әкелу және одан тыс әкету жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган белгілеген ережелер бойынша жүзеге асырылады.

**257-бап. Аң аулау, аңшылық алқаптарын бекіту, аңшылықты ұйымдастыру кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

Аң аулау, аңшылық алқаптарының резервтік қорын бекітіп беру, сондай-ақ аңшылықты ұйымдастыруды жүргізу кезінде қойылатын экологиялық талаптар Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалады.

**258-бап. Су жануарларын аулауды қоса алғанда, балық аулау кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

1. Балық аулау ережесі, балық аулау объектілері, балық шаруашылығы мен балық аулауды жүргізуге арналған балық шаруашылығы су айдындарын бекітіп беру тәртібі, балық ресурстары мен басқа су жануарларын пайдалануға беру тәртібі Қазақстан

Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалады.

2. Заңнамада көзделген жағдайларда жеке тұлғаларға жануарлар дүниесі объектілерін жалпы пайдалану тәртібінде балық аулауға бір шығуда бес килограмға дейін балық шаруашылығы су айдындары учаскелерінің резервтік қорында тегін құмарлықпен (спорттық) балық аулауға рұқсат беріледі. Бұл ретте балық шаруашылығы саласында белгіленген ережелер, нормативтер мен шектеулер сақталады.

3. Сулы-батпақты алқаптар мен су жануарлары мекендеген жерлерде гидромелиорациялық мұндай қызметтің жобалары мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткеннен кейін балық ресурстарын және басқа су жануарларын сақтау, өсіру және пайдалану, балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

4. Интродукция жүргізу және жерсіндіру, сондай-ақ мелиоративтік және бақылау аулау үшін өсіру мақсатындағы балық аулау, өндірістік, құмарлық және спорттық балық аулау Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

#### **259-бап. Жануарлардың тіршілік етуінің пайдалы қасиеттері мен өнімдерін пайдалану кезінде**

##### **қойылатын экологиялық талаптар**

1. Жануарлардың - табиғи ортаның санитарларының пайдалы қасиеттерін, дәрілік өсімдіктер мен сол сияқтыларды пайдалануға олардың тіршілік ету ортасын алып қоймаған және жоймаған, нашарлатпаған кезде және жануарларға басқалай зиян келтірмеген жағдайда жол беріледі.

2. Жабайы жануарларды олардың тіршілік ету өнімдерін алу мақсатында пайдалануға оларды алып қоймаған және жоймаған және олардың өмір сүру ортасын нашарлатпаған жағдайда жол беріледі.

3. Жабайы жануарларды олардың өнімдерін тіршілік ету өнімдерін алу мақсатында пайдалану жануарлар дүниесін қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген ережелер бойынша жүзеге асырылады.

#### **260-бап. Зоологиялық коллекцияларды жасау, сақтау, мемлекеттік есепке алу мен пайдалану кезінде**

##### **қойылатын экологиялық талаптар**

1. Жануарларды табиғи ортадан алу арқылы зоологиялық коллекцияларды (зоологиялық саябақтардың, зоологиялық бау-бақшалардың, океанариумдардың және сол сияқтылардың жанды коллекциялары) жасау мен толықтыруға жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі атқарушы биліктің уәкілетті органы берген рұқсаттар негізінде кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар мен азаматтар жүзеге асырады.

2. Ғылыми, мәдени-ағарту, оқу-тәрбиелік немесе эстетикалық құндылықтарды

құрайтын және жалпы мемлекеттік маңызы бар зоологиялық коллекциялар мемлекеттің есебіне алынуға тиіс.

3. Зоологиялық коллекцияларды жасау, толықтыру, сақтау, пайдалану, иеліктен айыру мен мемлекеттік есепке алу, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасына әкелу, одан тыс жерге жөнелту мен әкету жануарлар дүниесін қорғау саласындағы арнаулы уәкілетті орган белгілейтін ережелер бойынша жүзеге асырылады.

#### **261-бап. Жануарлардың санын реттеу кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

1. Халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігін, ауыл шаруашылығы және басқа үй жануарларының ауруын болдырмауға, қоршаған ортаға зиян келуін болдырмауға, шаруашылық және басқа қызмет мүддесінде жабайы жануарлардың жекелеген түрлерінің санын реттеуге бағытталған іс-шаралар жүзеге асырылады. Бұл шаралар жануарлардың басқа түрлеріне зиян келуін болдырмайтын және жабайы жануарлардың тіршілік ету ортасының сақталуын қамтамасыз ететін тәсілдермен жүзеге асырылуы тиіс.

2. Реттелуге жататын жабайы жануарлардың түрлерін, олардың санын реттеу жөнінде тиісті шаралар жүргізу тәртібін осы қызметке мемлекеттік экологиялық сараптаманың келісімінен кейін жануарлар дүниесін қорғау саласындағы арнаулы уәкілетті органдар айқындайды.

#### **262-бап. Аң аулауды және балық шаруашылығын жүргізу кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

Аңшылық және балық шаруашылығын жүргізу кезінде мынадай талаптар қойылады :

1) жануарлар дүниесі объектілерін ұтымды пайдалануға, өздерінің қызметі нәтижесінде жануарлардың тіршілік ету ортасының экологиялық жай-күйінің нашарлауына жол бермеуге, өндірістік процестерді жүзеге асырған кезде табиғат қорғау технологияларын қолдану;

2) жабайы жануарлардың бастапқы саны мен пайдаланылу есебін жүргізуге, олардың жай-күйі мен жануарлар дүниесінің объектісі болатын алаптардың сипаттамасын зерделеуге, осы ақпараттарды жануарлардың мемлекеттік есебін және олардың пайдаланылу есебін, жануарлар дүниесінің мемлекеттік кадастры мен мониторингінің жүргізілуін жүзеге асыратын органдарға беру;

3) аңшылық жануарларды аулаудың белгіленген ережелерін, нормаларын, лимиттері мен мерзімдерін сақтау;

4) жануарлар дүниесі объектілерін, соның ішінде бекітіп берілген аумақта сирек және жойылып бара жатқан түрлерін қорғауды жүзеге асыру;

5) жабайы жануарларды жаңадан өсіруге, оның ішінде жасанды өсіруге, олардың тіршілік ету ортасын сақтап, жақсартуға бағытталған кешенді іс-шараларды жүргізу;

6) жануарлардың өздігінен орын ауыстыруына немесе жерсінуіне жол бермеу;

7) жануарлар дүниесін қорғау, пайдалану және жаңадан өсіру мәселелері бойынша жалпы мемлекеттік, өңірлік, республикалық және басқа аумақтық экологиялық бағдарламаларды орындау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

8) жануарлардың ауруларының байқалғаны, олардың тіршілік ету ортасының жай-күйінің нашарлағаны, жануарлардың құрып кету қаупі мен өлу жағдайының туындауы туралы табиғат қорғау органдарына, ветеринариялық, санитариялық-эпидемиологиялық қызметтерге дереу хабарлауға, аурулардың алдын алу мен оған қарсы күрестің кешенді іс-шараларын жүзеге асыруға;

9) жануарлардың жай-күйі және олардың тіршілік ету жағдайы нашарлаған, олардың өсіп-өну қабілеті төмендеген, жануарлардың құрып кету қаупі туындаған жағдайда жануарлар дүниесі объектілерін пайдалануды өз бетімен тоқтатуға, жануарларға және олардың тіршілік ету ортасына жасалған теріс ықпалды жоюдың іс-шараларын қолдану.

**263-бап. Жануарлар дүниесін пайдалануға лимиттер мен квоталарды белгілеу кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

Жануарларды сақтау және жаңадан өсіру мақсатында Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, олардың өсімін молықтыру және пайдалану саласындағы заңнамасында көзделген тәртіппен жануарлар дүниесін пайдалануға лимиттер мен квоталар белгіленеді.

**264-бап. Жануарлар дүниесін биотехнологиялық өнімдердің зиянды әсерінен қорғау**

Микроорганизмдердің жаңа штаммдарын, биологиялық күшті заттарды жасау, гендік жағынан өзгерген организмдерді жасап шығару, биотехнологиялық басқа да өнімдерді өндіру белгіленген тәртіппен және мемлекеттік экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде ғана жүзеге асырылады. Мұндай қорытындылар болмаған кезде көрсетілген организмдер мен заттарды пайдалануға тыйым салынады.

**38-тарау. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін қорғау, өсімін молайту, еріксіз және жартылай ерікті жағдайда өсіру, шектеулі шаруашылық тұрғыда пайдалану жөнінде қойылатын экологиялық талаптар**

**265-бап. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесі және Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы**

1. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Оған Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының континентальды шельфінде және ерекше экономикалық аймағында табиғи еркін жағдайда тұрақты немесе уақытша

құрғақ жерде, суда, атмосферада және топырақта мекендейтін жануарлар (омыртқалы және омыртқасыз) мен өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері (шағын түрлері, популяциялары) жатқызылады.

2. Жануарлардың сирек кездесетін, құрып кету қаупі төнген түрлерінің қатарына жатқызылған жануарлар мемлекеттік меншік болып табылады, ал еріксіз немесе жартылай ерікті жағдайда ұсталатындары мемлекеттік меншікте де, жеке меншікте де б о л у ы м ү м к і н .

3. Жеке және заңды тұлғалар жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін заңнамада белгіленген шекте және тәртіппен пайдалануға құқылы.

**266-бап. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген, табиғи еркін жағдайда мекендейтін түрлерін қорғау және олардың өсімін молайту**

1. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің өлуіне, санының азаюына немесе мекендейтін ортасының бұзылуына әкеп соқтыруы мүмкін і с - э р е к е т т е р г е ж о л б е р і л м е й д і .

2. Жеке және заңды тұлғалар уәкілетті аумақтық органдарға сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлеріне жатқызылған жануарлардың өлімі белгілі болған немесе анықталған жағдайлар туралы хабарлауға міндетті. Мұндай әрбір жағдайды тексеру тәртібі жануарлар дүниесін қорғау, олардың өсімін молықтыру және пайдалану саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

3. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлеріне табиғи апаттар кезінде және басқа себептерден қырылу қаупі төнген жағдайларда Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, олардың өсімін молықтыру және пайдалану саласындағы заңнамасына сәйкес көмек көрсетіледі.

4. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлеріне жатқызылған жануарлардың өлімін болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша ерекше жағдайларды қоспағанда, алып қоюға тыйым с а л ы н д ы .

5. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген, табиғи жағдайда мекендейтін түрлерінің өсімін молайту мақсатында:

1) табиғи өсімін молайту жағдайы жақсартылуы;

2) өрісі ауыстырылуы, жерсіндірілуі, кері жерсіндірілуі;

3) жасанды өсірілген жануарлар мекендейтін ортасына жіберілуі мүмкін.

6. Аталған іс-шаралар мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдар бекіткен биологиялық негіздемелер негізінде жүзеге асырылады.

7. Табиғи жағдайда өмір сүретін жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету

қаупі төнген түрлерін қорғау және өсіру үшін республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрылады, сондай-ақ олардың айналасында күзет, санитариялық-қорғаныш, және басқа да қорғаныш аймақтары орнатылуы мүмкін, осы аймақтардың шегінде жануарлар дүниесінің жағдайына теріс әсер ететін кез келген әрекеттерге тыйым салынады.

8. Шаруашылық және өзге де қызметті жоспарлау мен жүзеге асыру кезінде жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің мекен ететін ортасы мен өсіп-өну жағдайын, өріс аудару жолдары мен шоғырланған орындарын сақтау іс-шаралары әзірленуі тиіс, сондай-ақ осы жануарлардың мекендейтін ортасы ретінде ерекше құндылығы болатын бөлініп берілетін учаскелерге қол сұғылмаушылық қамтамасыз етілуі керек.

**267-бап. Табиғи еркіндік жағдайында мекендейтін, жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін пайдалану**

1. Егер жануарлардың табиғи еркіндік жағдайында мекендейтін, сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері ғылыми, мәдени-ағарту, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарда пайдалану жануарларды мекендейтін ортасынан алып қоймай жүзеге асырылса, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы аумақтық уәкілетті органдар жеке тұлғалардың жануарлардың тыныштығын бұзбас үшін белгілі бір орынға баруға және белгілі бір мерзімге шектеу енгізуге құқылы. Көрсетілген шектеулер туралы мәліметтерді жалпы жұрттың назарына салу үшін аудандық және облыстық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, ал тиісті жерлерде ескерту белгілері қойылады.

2. Мүдделі заңды және жеке тұлғалар белгіленген мерзімде жасанды түрде өсіру жолымен алынған толыққанды жануарлардың алып қойылғандарының орнына, жануарларды сатып алу, ұстау мен шығару шығындарын өздерінің есебінен толтыра отырып, белгіленген мерзімде мекендейтін ортасына жіберуге міндетті. Жануарларды жіберу 1/2 қатынасымен жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту мен пайдалану саласындағы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау органдарының лауазымды адамдарының қатысуымен жүзеге асырылады.

**268-бап. Жануарлар дүниесінің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін еріксіз және жартылай ерікті жағдайда ұстау мен өсіру**

1. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін еріксіз (қоршауда және бос ұстау) және жартылай ерікті (саябақтарда және басқа табиғи мекендейтін ортаға таяу сақталатын учаскелерде) жағдайларда жасанды өсірілуі мүмкін.

2. Жануарлар дүниесінің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін еріксіз және жартылай ерікті жағдайда арнаулы питомниктерде және азаматтар жеке

тәртіппен мынадай талаптарды сақтаған:

1) жануарларды ұстау үшін, белгіленген тәртіппен бос, еркін жүру үшін жабдықталған, қоршауы және басқа құрылыстары бар учаскелер мен үй-жайларын қоса алғанда, жағдай болған;

2) қажетті көлемде зоотехникалық, ветеринариялық және санитариялық-эпидемиологиялық іс-шаралар орындалған;

3) зоологиялық, зоотехникалық, ветеринариялық бейіндегі мамандар, ал азаматтарда жануарларды еріксіз және жартылай ерікті жағдайда ұстау дағдысы болған ;

4) жануарлар дүниесін қорғау, олардың өсімін молықтыру және пайдалану саласындағы уәкілетті органның рұқсаты бар болған кезде ұстауға рұқсат етіледі.

3. Жануарлар дүниесінің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін еріксіз және жартылай ерікті жағдайда ұстауға және өсіруге берілген рұқсатта орындалуы міндетті талаптар, сондай-ақ жануарлар түрлері бойынша дарактардың барынша көп саны көрсетіледі. Егер жеке және заңды тұлғалар рұқсат талаптарын орындамаса, қатарынан алты ай ішінде үш ескертуден кейін рұқсат кері қайтарылып алынып, күші жойылуы мүмкін.

4. Жануарлар дүниесінің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін еріксіз және жартылай ерікті жағдайда арнаулы экологиялық питомниктерде ұстау мен өсіру осы питомниктер туралы ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

5. Сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлеріне жатқызылған және еріксіз және жартылай ерікті жағдайда ұсталатын жануарлардың иелері осы жануарларға қоршау жасауға немесе оларды таңбалауға міндетті.

6. Сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар қатарына жатқызылған, оларды еріксіз немесе жартылай ерікті жағдайларда ұстайтын жеке және заңды тұлғалар осы жануарларды Қазақстан Республикасының шегінде, бұған арнаулы рұқсатсыз иеленуге, сатуға және алмастыруға құқылы, бірақ осы операциялар уәкілетті органда тіркелуі тиіс.

7. Сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген, ерікті және жартылай ерікті жағдайларда ұстауға жатқызылған жануарларды меншіктенуге заңдық негіздемесі бар жеке және заңды тұлғалар оларды халықаралық сауда-саттық мақсатында белгіленген тәртіппен пайдалана алады.

8. Егер сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген, еріксіз және жартылай ерікті жағдайларда өсірілетін жануарлармен жүргізілген халықаралық сауда-саттық мемлекетке экологиялық және экономикалық залал әкелсе, Қазақстан Республикасының Үкіметі бұл сауда-саттыққа шектеу енгізуге құқылы.

**39-тарау. Ерекше экологиялық, ғылыми және мәдени құндылығы бар қоршаған ортаны қорғау объектілерін, сондай-ақ ерекше**

**қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

**269-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы жерлерді, суларды ормандар мен жер қойнауларын пайдалану кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген және құнды түрлерінің тіршілік ететін ортасы ретінде ерекше құндылығы бар, белгілі бір заң тәртібімен белгіленген аумақтардың экологиялық жай-күйін сақтау мен жақсарту мақсатында қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган Қазақстан Республикасының барлық аумағы үшін белгіленгеннен осы аумақтар үшін белгіленген айтарлықтай қатаң экологиялық нормативтер әзірлеп, енгізе алады.

**270-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда елді мекендер, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы мен мелиорация, энергетика, көлік пен байланыс объектілерін, әскери объектілер мен қорғаныс объектілерін және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мақсаттарымен және жұмыс істеуімен байланысты емес құрылыстар орналастыру мен салу кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

Экологиялық жай-күйді жақсарту, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға залалды болдырмау мақсаттарында елді мекендер, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы мен мелиорация, энергетика, көлік пен байланыс объектілерін, әскери объектілер мен қорғаныс объектілерін және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мақсаттарымен және жұмыс істеуімен байланысты емес құрылыстар орналастыру мен салу қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарға, нормалар мен стандарттарға, сондай-ақ осы аумақтар үшін қойылатын экологиялық талаптарға сәйкес жүргізіледі.

**40-тарау. Каспий теңізінің қазақстандық секторының солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

**271-бап. Каспий теңізінің қазақстандық секторының солтүстік бөлігіндегі қорық аймағының шекаралары**

Каспий теңізінің қазақстандық секторының солтүстік бөлігіндегі қорық аймағының шекаралары ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен белгіленеді.

**272-бап. Пайдалану режимін шектеу**



1. Каспий теңізінің қазақстандық секторының солтүстік бөлігіндегі қорық аймақтары шегінде функционалдық аймақтарға бөлу негізінде шаруашылық қызметке толық тыйым салынған және жекелеген жұмыс түрлерін жүргізуге Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңнамасына сәйкес қосымша уақытша шектеулер енгізілген қорық учаскелері белгіленеді.

## 2. Қ о р ы қ а й м а ғ ы н д а :

1) балықтар мен жас скаттардың уылдырық шашпай қалыпты жүзуін қамтамасыз ету үшін Еділ өзенінің жер беті атырауы қазақстандық бөлігінің теңізге қарай сұғына енген нүктесінен және Жайық өзенінің жер беті атырауы теңізге қарай сұғына енген нүктесіне қарай Орал мен Жайық өзендері сағаларының маңдарында радиусы 50 шақырымнан астам, сондай-ақ жоғарыда аталған атыраумаңы шекараларының аралығында 1994 жылғы 1 қаңтардағы жағалау сызығынан ені 15 шақырым және одан әрі шығысқа қарай Жем өзеніне дейін құрылыс және геофизикалық жұмыстар жүргізуге, ұңғымаларды сынауға тыйым салынады;

2) осы баптың 1) тармақшасында көрсетілген кезеңде мұнай өндіру жабдықтармен, химиялық реагенттермен, жанар-жағармай және басқа да материалдармен, азық-түлікпен автономды қамтамасыз етілуге көшірілуі тиіс. Мұнай өндіру процесінде оларды кейіннен тыйым салу кезеңі аяқталғаннан кейін шығару үшін қалдықтарды жинақтау мен сақтауды қамтамасыз етудің барлық шаралары қабылдануға тиіс;

3) ұя салатын (қамыс өскен, құмды шығанақтар мен аралдарда) жерлерде құстарды сақтау мақсатында 1 сәуір мен 15 шілде аралығында құрылыс жұмыстарын жүргізуге, сондай-ақ ұңғымаларды сынауға тыйым салынады;

4) құрылық - теңіз шекарасында қамыс өскен шектерде басқа мерзімдерде жұмыс жүргізу жыл маусымы ескеріле отырып, уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімімен р е т т е л е д і ;

5) каспий итбалығы популяциясын сақтау мақсатында шоғырланған жерден қазан айынан мамыр айына дейін мұнай операцияларын жүргізу 1852 метр қашықтықта (1 теңіз милі) жүзеге асырылуы тиіс. Жатақ ауыстыруы ескеріліп, итбалықтардың шоғырланған жерлерін анықтау үшін барлық ықтимал шаралар қабылдануы тиіс;

6) құстар мен каспий итбалығының тыныштығы бұзылуын болдырмау үшін олардың белгіленген мекен ететін және өсіп-өнетін жерлерінің үстімен әуе көлігінің 1 шақырымнан төмен ұшуына, уәкілетті мемлекеттік органдарды алдын ала хабарлай отырып, ғылыми-зерттеу және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жағдайларын қоспағанда, тыйым салынады.

### **273-бап. Су қорғау аймағында шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезінде қойылатын**

#### **экологиялық талаптар**

1. Каспий теңізінің жағалауы бойынша су қорғау аймағының еніне соңғы он жыл ішіндегі теңіздің орташа-көпжылдық 2000 метрге тең деңгейінен 27,0 метрді алып

тастаған деңгейге тең ең қабылданады.

Елді мекендер шегінде су қорғау аймақтары су объектілерінің қоқыстануы мен ластануын болдырмайтын жағалау аймақтарын міндетті түрде инженерлік немесе орманмелиорациялық абаттандыру жұмыстары (жақтаулар, құламалар, орман бұталары жолақтары және т.б.) жүргізілген кезде оларды жобалау мен салудың нақты жағдайларына орай белгіленеді.

## 2. Су қорғау аймағы шегінде:

1) су объектілері мен олардың су қорғау аймақтары мен жолақтарының ластануы мен қоқыстануын болдырмайтын құрылыстармен және қондырғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа немесе реконструкцияланатын объектілерді жобалауға, салу мен пайдалануға беруге;

2) елді мекендер шегінен тыс мұнай өнімдерін сақтайтын, арнаулы техникаларға техникалық қызмет көрсететін пункттер, механикалық шеберханалар, жуу орындарын, қалдықтар орналастырылатын орындар орналастыру мен салуға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілер орналастыруға;

3) құрылыс, су түбін тереңдететін және жару жұмыстарын жүргізуге, пайдалы кен қазбаларын өндіруге, кабельдер, құбырлар және басқа коммуникациялар мен бұрғылау, ауылшаруашылығы және өзге де жұмыстар жүргізуге тыйым салынады, ерекше жағдайларда оларға қоршаған ортаны қорғау мен пайдалану және су қорын қорғау саласындағы уәкілетті органдардың келісімімен белгіленген тәртіппен рұқсат етілуі мүмкін.

## **274-бап. Сақтандыру аймағында шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезінде қойылатын**

### **экологиялық талаптар**

1. Сақтандыру аймағы теңіздің жағалай сызығынан Қазақстан Республикасының аумағында құрылыққа қарай 5 шақырымға созылып жатыр. Сақтандыру аймағының жер беті шекарасының ережесі айқындалады және сақтандыру аймағы аумағында мұнай операциялары мұнай туралы заңнамаға сәйкес жүргізіледі.

2. Сақтандыру аймағы шегінде қалдықтарды көму полигондары құрылысына тыйым салынады.

## **275-бап. Халықтың теңіз суын пайдаланатын аудандарын қорғау**

1. Халықтың теңіз суын пайдаланатын аудандары (рекреациялық, емдеу-сауықтыру, шаруашылық-ауыз су) халықтың теңіз суын пайдаланатын аудандарын, олардың санитариялық қорғалатын аймақтарын (жолақтарын) және құрылықтың жағалау жолақтарын қамтиды.

2. Халықтың теңіз суын пайдаланатын аудандарын, теңіз суының нақты және перспективалық пайдаланылуын ескере отырып, өз құзыреті шегінде жергілікті атқарушы органдар белгілейді. Осы ауданның ені теңізге қарай теңіздің соңғы он

жылдағы орташа көпжылдық деңгейінен 27,0 метр кем 3,9 шақырым (2 миль) болуы  
т и і с .

3. Халықтың теңіз суын пайдаланатын аудандарының құрамына берілетін жағалау бойындағы құрылық шекараны айқындау бөлігінде де, қорғау режимі бөлігінде де Каспий теңізінің су қорғау аймағына сәйкес келеді.

**276-бап. Теңіз деңгейінің толқынды тербелісінің әсері аймағы шегінде шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

1. Теңіз деңгейінің толқынды тербелісінің әсер ету аймағының анық тіркелген шекарасы болмайды және акваторияда 29 метр төмен шексіз белгіден құрылықта 26 метр төмен белгіге дейін шамада таратылады.

2. Теңіздің толқынды тербеліс деңгейі кезеңсіз қайталанатын құбылыстар санына жатады және қызметтің кез келген түрін жүзеге асыруға әсер етуі, сондай-ақ оның тербеліс аймағының шегінде болатын объектілерге қиратушы әсері болуы мүмкін, ол Каспий теңізінің ластануына қауіп тудырады.

3. Теңіз деңгейінің толқынды тербелісінің әсер ету аймағы шегінде:

1) су объектілері мен олардың су қорғау аймақтары мен жолақтарының ластануы мен қоқыстануын болдырмайтын құрылыстармен және қондырғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа немесе реконструкцияланатын объектілерді жобалауға, салу мен п а й д а л а н у ғ а б е р у г е ;

2) елді мекендер шегінен тыс мұнай өнімдерін сақтайтын, арнаулы техникаларға техникалық қызмет көрсететін пункттер, механикалық шеберханалар, жуу орындарын орналастыру мен салуға, қалдықтар орналастырылатын, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді ұйымдастырып, абаттандыруға;

3) уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен келісілген құрылыс, су түбін тереңдететін және жару жұмыстарын жүргізуге, пайдалы кен қазбаларын өндіруге, кабельдер, құбырлар және басқа коммуникациялар мен бұрғылау, ауыл шаруашылығы және өзге де жұмыстар жүргізуге тыйым салынады.

**277-бап. Жалпы экологиялық талаптар**

1. Топырақ қабатын қазып алумен және ауыстырумен байланысты жұмыстарға уәкілетті мемлекеттік орган берген арнаулы рұқсат болған кезде жол беріледі.

2. Құрылыстарды салу, монтаждау және демонтаждау ластаушы заттардың барлық түрін жинауды қамтамасыз ететін технологияларды пайдаланған кезде ғана жүзеге а с ы р ы л у ы м ү м к і н .

3. Келісім-шарт аумағының шегінде бұрын бұрғыланған ұңғымалар табылған кезде жер қойнауын пайдаланушы табылған ұңғымалардың дәл координатын анықтап, уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен уәкілетті мемлекеттік органдарға х а б а р л а у ы т и і с .

4. Әуе бассейндеріне шығарылатын ластаушы заттар мұнай операцияларының барлық кезеңінде ластаушы заттардың жинақталуының шекті - рұқсат етілген белгіленген нормативінен аспауы керек. Ластаушы заттардың қабаттануы мониторинг қорытындысымен айқындалады және бақылаудың мынадай сипаттамаларын:

1) судың ластану деңгейін, сондай-ақ Каспий теңізі учаскелерінің мәртебесі (режимі ) бойынша әртүрлі физикалық, химиялық, гидробиологиялық түпкі қабаттану көрсеткіштерінің деректерін;

2) Каспий теңізінің белгілі бір учаскелерінде (ашық теңізде сынамалар іріктеудің бақылау нүктелері, шығанақтар, саға маңы учаскелері, теңізге құйылатын өзендер, мұнай операцияларын жүргізетін аудандар және т.б.) атмосфера - судан бөлінетін шекарадағы ластаушы заттардың балансы мен трансформациясын және олардың түпкі қабаттарына (шөгінділерге) жинақталуын;

3) табиғи айналу процестерін, гидрометеорологиялық көрсеткіштерді (судың температурасын, ағысын, желдің жылдамдығы мен бағытын, атмосфераның қонуын, атмосфераның қысымын, ауаның ылғалдылығын және т.б.) қамтиды.

5. Ластаушы заттардың биологиялық организмдерге (шекті рұқсат етілетін шоғырлану, шекті рұқсат етілетін деңгей) әсер ету мөлшерін әзірлегенге дейін әсер ету деңгейі мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысымен бағаланатын қоршаған ортаның жай-күйі мониторингінің нәтижесі бойынша айқындалуға тиіс.

6. Ұңғымаларды пайдалану кезінде, авариялық оқиғалардың қауіп төндірген жағдайларын қоспағанда, факелдерде флюидтерді жағуға тыйым салынады.

7. Ұңғымаларды сынау кезінде факелде көмірсутегін жағу барынша азайтылуы тиіс. Осы тармақта көрсетілген, экологиялық сараптама әдісінің қорытындысымен танылған жағдайда, қоршаған ортаға айтарлықтай қауіпсіз әсер ретінде оны тек түтінді шлейфінің сейілуіне ықпал ететін тәуліктің ашық уақытында табиғи қолайлы жағдайларда қолдану қажет. Ұңғымалар құстардың өріс аудару жолдарына орналастырылған жағдайда, орнитологиялық фауналарға залал келу қаупін болдырмау үшін ұйымдастыру-техникалық шаралар қолданылуы тиіс.

8. Атмосфераға шығарындылар шектеулі болуы тиіс және мұнай операцияларын жүргізген кезде қоршаған ортаны қорғау саласында халықаралық практикада қабылданған, тексеруден өткен принциптермен және әдістермен Қазақстан Республикасы заңнамасының және нормативтік-әдістемелік құжаттарының талаптарына сәйкес бақылануы тиіс.

9. Каспий теңізі қорық аймағы шегінде, ластанбаған немесе тазартылған ақаба суларды, оның ішінде салқындату және өрт сөндіру жүйесіндегі сулар мен қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және орман қорын пайдалану мен сақтау саласындағы уәкілетті органдардың рұқсатымен тасталатын балластық суларды қоспағанда, ақаба су мен қалдықтарды тастауға тыйым салынады. Бақылау жақтауы шегінен тыс судың тастау салдарынан температурасы

соңғы 10 жылдағы тастау кезеңіндегі орташа айлық су температурасымен салыстырғанда 5 градустан астам жоғарыламауға тиіс.

10. Жер қойнауын бұрғылауда (оның ішінде құрамында тұз бар бұрғылау шламдары) қалдықтарды айдау экологиялық рұқсат етілген жобаға сәйкес жүзеге асырылады.

11. Айналымға салынбайтын және жер қойнауынан айдалып алынбайтын бұрғылау қалдықтарын залалсыздандыру мен сақтаудың барлық операциясы Каспий теңізінің қорық аймағынан тыс, арнаулы полигонда жүзеге асырылуы тиіс. Аталған операциялар уәкілетті мемлекеттік органдардың келісімі бойынша жүзеге асырылуы және полигонның құрылысы бұрғылау жұмысы басталар кезге аяқталуы керек.

12. Өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтар полигондарын, уытты заттар мен материалдар сақталатын орындарды теңіз деңгейінің күшті толқынды тербеліс ықпалындағы аймақтар шегінде орналастыруға тыйым салынады.

13. Бұрғылау платформасы (баржа) және оған қызмет ететін кеме ақаба суларды тазарту мен залалсыздандыруға немесе ақаба суларды жинау, сақтау және кейін арнаулы кемелерде немесе жағалаудағы қабылдау қондырғыларына беруге арналған қондырғылармен жабдықталуы керек. Қоқырды жинау немесе өңдеу (ұнтақтау немесе қысып буу) үшін құрылғы не қоқырды жататын қондырғы көзделуі керек.

14. Құрылыстың және өзге де жұмыстардың кез келген түрін жүргізген кезде судың терең қабаты мен теңіз түбінде жару әдістерін пайдалануға тыйым салынады. Теңіз түбінде жару жұмыстары уәкілетті мемлекеттік органдардың рұқсатымен жүзеге асырылады.

15. Суда жүзетін және су маңдарындағы құстардың ұя салатын орындарын бұзуға, сондай-ақ бекіре балықтардың уылдырық шашуына кедергілер жасауға тыйым салынады.

16. Суды теңізден жинауға су жинағыш құрылыстарды балық қорғайтын құрылғыларымен жарактандырған жағдайда ғана жол беріледі. Судың қатты ағын желісінде балық қорғау құрылғылары жұмысының тиімділігін үздіксіз бақылауға арналған техникалық құрылғылар орнатылуға тиіс.

17. Мұнай өндіру жөніндегі жұмыстарды бастар алдында жер қойнауын пайдаланушылардың есебінен бағалы кәсіпшілік балықтарын молайту және Каспий теңізінің қорық аймағында уылдырықтың шашылуын қорғау жөнінде іс-шаралар көзделуі тиіс.

18. Көліктің барлық түрлеріне бірдей бағыттар олардың теңіздегі сүт қоректілерге, балықтар мен құстарға әсерін болдырмайтындай немесе азайтатындай етіп таңдалуы керек.

19. Жобада әсер ету аймағында арнаулы талаптар көзделмеген автомобиль жолдарын және желілік инфрақұрылымдардың өзге де түрлерін тартуға тыйым салынады.

20. Шағын суларда жұмыс жүргізу үшін су түбінде топтасып өнімді уылдырық

шашудың сақталуын қамтамасыз ететін көлік құралдары қамтамасыз пайдаланылуы керек. Ерекше сезімді аудандарда қажет жағдайда (қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг өткізу) топырақ-өсімдік жамылғысының және қызмет етуші биоценоздың тұтастығын неғұрлым аз бұзатын жалпақ шынжыртабанды, бастау үрілген шиналары, әуе көпшіктері және т.б. бар арнаулы көлік құралдарын пайдалануға жол беріледі.

21. Бұрғылық және тампондық сұйықтар құрамында қазақстандық немесе халықаралық сапа және қауіпсіздік сертификаттары жоқ және техникалық жоба құрамында келісілмеген заттар қолданылмауы тиіс. Өзге заттарды пайдаланған кезде жер қойнауын пайдаланушы оларды қолдануды уәкілетті мемлекеттік органдармен к е л і с е д і .

22. Бұрғылау қондырғылары Пайдаланылған тұншықтыратын газдың межелі мәні жөніндегі халықаралық теңіз ұйымдарының талаптарына жауап беретін іштен жану двигательдерімен жабдықталуы тиіс.

23. Энергия қондырғысы іштен жану двигательдерімен немесе қосарлы отын тұрбаларымен (дизельді отын-газ) жабдықталуы тиіс.

24. Теңіз бұрғылық іздеу-барлау жұмыстарын жүргізу, қоршаған ортаға әсерді бағалау толық көлемінде бағалауды қоса алғанда, әлемдік тәжірибе ескеріле отырып, жобалау жұмыстарының алдын алуы тиіс. Шаруашылық қызметке көзделетін бұрын зерделенген ауданның қазіргі жай-күйін талдау табыс етілгенге дейін кем дегенде төрт жыл бұрын өткізілген далалық зерттеу қорытындыларына негізделуі керек.

25. Қоршаған әсерді бағалау кезінде, теңіз акваторийі мен теңіз жағалауы аймақтарының айтарлықтай осал учаскелерін теңіздік іздеу-барлау мақсатында бұрғылаудан бас тартуды қоса алғанда, міндетті элемент ретінде балама талдау қажет.

26. Су қорғау аймағында және теңіз жағалауындағы тереңдігі 5-10 метрге дейінгі шағын су учаскелерінде ұңғыма бұрғылау сыртқы желілерден электр сымдары арқылы бұрғылау қондырғыларының көмегімен жүзеге асырылады. Егер бұрғылау дизельді май мен дизельді тетігі бар генератордан бұрғылау қондырғысымен жүргізілсе, онда мұндай құрылғылардан тазартылмаған шығару газдарының атмосфераға шығуын аз деңгейге төмендейді.

### **278-бап. Геофизикалық жұмыстарға қойылатын экологиялық талаптар**

1. Іске асырылған жобалардың бұрын келісілген шегінен шығып кеткен сейсмикалық барлау жұмыстары кезінде пайдаланылатын өршіту көздерін қолданудың экологиялық параметрлері (қуат, сынау тереңдігі) тәжірибе-әдістемелік жұмыстардың қорытындысымен айқындалады және оны қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

2. Сейсмикалық толқындардың жару көздері мен ихтиофауна мен олар мекендейтін орталарға теріс әсер ететін параметрлі пневматикалық көздерді пайдалануға тыйым с а л ы н а д ы .

3. Қауіптілігі құжаттармен немесе тәжірибелік геофизикалық жұмыстармен расталмаған аппаратуралар мен әдістерді қолдануға тыйым салынады.

4. Теңізде сейсмикалық шығанақтарды, олардың бөлініп қалуы мен шайылып кетуін , сондай-ақ оларда су түбімен сүйреуді болдырмау үшін, қараусыз қалдыруға тыйым салынады .

5. Каспий итбалығының популяциясын сақтау мақсатында қазан айы мен мамыр айы аралығында сейсмикалық жұмыстар мен басқа да шаруашылық қызметті жүргізу аңдардың шоғырланған жерінен аралдағы және мұздақтардағы жатақтарға дейін кемінде 1 теңіз милі қашықтығында сейсмикалық бөліктер бөліп берумен үйлестіріледі. Жатақтардың жиі орын ауыстырылатыны ескеріле отырып, аңдардың көп шоғырланған жерлерін анықтау үшін алдын алу әуе ұшулары көзделуі тиіс.

6. Сейсмикалық барлау процесінде балықтарды жұмыс аймақтарынан шошыту құралдарын пайдалану көзделуі мүмкін.

**279-бап. Іздеу-барлау бағалау мақсатында жүргізілетін  
бұрғылау мен өндіруге арналған экологиялық  
шектеулер**

1. Ұңғымаларды бұрғылау мұнай операцияларын жүргізген кезде қоршаған ортаны қорғау саласында халықаралық практикада қабылданған алдыңғы қатарлы тексеруден өткен принциптермен және әдістермен жүзеге асырылуы керек.

2. Теңіз бұрғылау платформаларын келісімшарт аумақтары шегінде орналастыруға арналған орын балық шаруашылығы кәсіпшілігі үшін перспективалық маңызы бар теңіз аудандарын, балықтардың бағалы түрлерін сақтау мен өсіруді барынша сақтау мүмкіндігін ескере отырып таңдалуы тиіс.

3. Бұрғылау жұмыстарын бұрғылау баржасымен немесе кемемен жүзуге болатын акваторийді мұз басып жатқан платформада жүргізу көмірсутегінің төгілу ықтималдығын болдырмау үшін қажетті жабдықталған мұз жарғыш үлгісіндегі корабльдер тұрақты болған кезде жүзеге асырылуы керек. Осы тармақта көрсетілген талап жасанды аралдардан жүргізілетін бұрғылауға қолданылмайды.

4. Астын қалың мұз басқан белдеулерді ашу және қысымы және күкіртті сутегі көп болуы ықтимал ұңғымаларды қалың мұз басқан теңізде сынау ұсынылмайды.

5. Каспий теңізінің қорық аймағының экожүйесінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін бұрғылық негіздер құрылысы, ұңғымаларды сынау мен кемеде жүзу б а р ы н ш а ш е к т е л е д і .

6. Платформадан және жасанды аралдардан бұрғылау кезінде өкілетті мемлекеттік органдар Төтенше жағдайларға әзірлікті ескерту мен оны қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын және Каспий теңізінде мұнай операцияларын жүргізу кезінде төтенше жағдайларды байқау жоспарын әзірлеп, бекітеді. Жер қойнауын пайдаланушы судың авариялық құйылуларын ескеру, шектеу және жою жөніндегі барлық іс-шараларды қамтамасыз етуі тиіс.

## **280-бап. Құбырмен тасымалдауда қойылатын экологиялық талаптар**

1. Құбырлар салу кезінде теңіз түбінің мейлінше аз көлемде бұзылуын қамтамасыз ететін техникалық құралдар мен жабдықтар қолданылуы тиіс.
2. Құбырларды салу кезінде су қабатында ілінген заттардың таратылуын болдырмайтын технологиялар мен әдістер пайдаланылады.
3. Каспий теңізінің қорық аймағында құбырларды олардың жылжымалы мұздармен, кемелер зәкірімен және техногендік сипаттағы басқа да сыртқы әсермен зақымдануынан қорғауды қамтамасыз ететін тереңдікте тарту міндетті болып табылады.
4. Құбырларды және оларға ілеспе объектілерді теңіздің толқынды тербеліс әсер ететін аймағында жобалау мен салу олардың ең жоғары шайқалу шегі ескеріле отырып жүргізілуі тиіс.
5. Құбырларды гидрологиялық сынақ кезінде ақаба суды тастау қорық аймағынан тыс жерлерде жүргізілуі керек.
6. Қорғаныс аймақтары құбыр бойымен су кеңістігі учаскелері түрінде құбырдың шығып тұрған жерінен екі жағынан да 500 метр қашықтықта, қатар қабаттар арасында орналасатындай етіп белгілеу керек.
7. Теңіз шельфінде құбырлар арқылы көмір сутегісін тасымалдауды құбырларға автоматты ілмек жылжығыштар қондыруды жоспарлау кезінде құбырдың тұтастығының осындай жылжығыштар қондырудан бұзылу ықтималдығына байланысты қауіптің ескерілуі мен бағалануына орай, әлемдік мұнай индустриясында қалыптасқан құбырлар салу мен пайдаланудың үздік практикасына сүйене отырып және құбырда авария болған кезде көмірсутегісі шығуының ықтималдығы мен оның мөлшерін мейлінше азайту үшін ең жаңа халықаралық стандарттар мен технологияларды пайдалана отырып жүргізу қажет.

## **281-бап. Жағалаудағы жабдықтау базалары мен жағалау маңындағы мұнай кәсіпшіліктеріне арналған экологиялық талаптар**

1. Жағалауда базалар, оның ішінде: жану-жағу материалдары қоймаларын, көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету станцияларын және т.б. салу, порттар мен аймақтарды қоспағанда, тиісті инфрақұрылымдар барынша көп пайдаланыла отырып, Каспий теңізі жағалауының су қорғау аймағынан тыс жүргізілуі тиіс. Су қорғау аймағында құрылыс объектілері жұмыстарды орындаудың арнаулы талаптары орындалып салынуы мүмкін.
2. Жаңа жану-жағу материалдары қоймаларын, көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету станцияларын салуға ескілерін реконструкциялауға және өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды, уытты және басқа да зиянды және ластаушы заттарды теңіз деңгейінің әсер ететін толқынды тербеліс аймақтарына, объектілердің қорғанысы



мен қауіпсіздігі қамтамасыз етілмеген арнаулы гидротехникалық құрылыстарды пайдаланбай су басатын аумақтарға орналастыруға тыйым салынады.

3. Айлақтар мен жабдықтау базаларын жабдықтау, техникалық қызмет көрсету мен май құю жөніндегі операциялар қоршаған орта мен халықтың денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін барлық талаптар сақтала отырып жүзеге асырылатындай етіп жоспарлануы тиіс.

4. Жағалаудағы инфрақұрылым объектілері жұмыс істеуін тоқтатқаннан және олар демонстрацияланғаннан кейін уәкілетті мемлекеттік органдардың келісімімен жобалау құжаттамаларына сәйкес жерге құнарландыру жүргізілуі тиіс.

### **282-бап. Кеме жүзуге қойылатын экологиялық талаптар**

1. Каспий теңізіне жануарлар және өсімдіктер дүниесінің кірме түрлерінің еніп кетуін болдырмау үшін бұрын өзге су бассейндерінде жұмыс істеген, мемлекеттік экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық сараптамадан өтпеген жабдық пен аппаратураны, сондай-ақ көлік кемелері мен өндірістік кемелерді пайдалануға тыйым салынады.

2. Әуе, су, автомобиль көліктерімен жүзеге асырылатын орын ауыстырудың барлық түрі жобалау алдындағы және жобалау құжаттамалары құрамында көрсетілуі керек. Егжей-тегжейлі жобалау сатысында және жұмысты ұйымдастыру кезінде маусым бойынша кесте айқындалуы және картографиялық материалдарда кемеңнің жүзу маршруттары көрсетілуі тиіс. Орын ауыстыру маршруттарын таңдаған кезде гидрометеорологиялық жағдайлар, мұздақты жағдайларды қоса, сондай-ақ бағалы балық түрлерінің уылдырық шашу және көшу мерзімдері мен орындары, итбалықтардың жатақтары, құстардың ұя салуы ескерілуі керек.

3. Барлық су көлігі құралдары отынмен жабық сүйреу жүйелерімен, ашық су айдынына шығарындылардың тасталуына мүмкіндік бермейтін ластанған сулар мен тұрмыстық қалдықтарды жинау жөніндегі ыдыстармен, жабдықтаушы қондырғылармен жабдықталуы керек.

4. Сусыма материалдарды, химиялық реагенттер мен қауіпті жүктерді тасымалдау олардың қоршаған ортаға жайылуын болдырмайтын ашық контейнерлермен және арнаулы ыдыстармен жүзеге асырылады.

5. Кемелердің, жүзуші құралдардың, теңіз бұрғылау қондырғылары мен платформаларының корпустары қазіргі заманғы сертификатталған коррозияға ұшыратпайтын материалдармен жабылуы керек.

6. Теңізде кемелерге май құю отын мен жанар-жағар май материалдарының төгілуі мен ақауларын болдырмайтын жүйелердің көмегімен жүзеге асырылады.

7. Қамтамасыз етуші кемелер мен арнаулы мақсаттағы кемелердің барлық түрлеріндегі шу мен діріл теңіз кемелері үшін санитариялық-гигиеналық ережелермен белгіленген шу деңгейінде жол беріледі.

8. Арнаулы мақсаттағы кемелердің құрылыс жабдықтары шу мен діріл деңгейін

азайтуға арналған құралдармен толықтырылуы керек.

9. Көмірсутегілерін және өзге қауіпті заттарды танкермен тасымалдау үшін Каспий теңізі акваториясында қосарланған корпусты танкерлерді айрықша пайдалануға көшіру тәртібі белгіленуі тиіс.

10. 10 наурыз бен 30 маусым аралығында жыл сайын, балықтар мен уылдырық шашатын жас ірі жыртқыш балықтардың уылдырық шашатын кезеңінде Жайық өзенінің төменгі бойында өндірістік мақсаттарда кеме жүзу шектеледі. Шұғыл жағдайларда кемелердің қозғалысы жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті органның келісімімен шешіледі.

11. Кемелер және өзге де жүзу құралдары кеме палубаларының мұнай өнімдерімен ластануына, су айдындарына ластанған ақаба сулардың қосылуына жол бермейтін жабдықпен, тұзды су мен құрғақ қоқысты жинауға жабдықталған арнаулы ыдыспен жараталуы тиіс.

12. Тұзды суды кемелерде тазарту жүйесі пломбылануы, отынмен жабық сүйреу қамтамасыз етілуі керек.

13. Суда жүзу режимі балық аулау органдарының және су қорын пайдалану мен қорғауды реттеу жөніндегі органдардың келісімімен белгіленеді.

### **283-бап. Ұңғымаларды консервациялау мен жою үшін қойылатын экологиялық талаптар**

1. Көмірсутегі шикізатын өндіру жөніндегі объектілерді консервациялау мен жою Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Ұңғымалар консервацияланатын жағдайда жер қойнауын пайдаланушы сынақ аяқталған соң оны консервациялау жөніндегі жұмысты жүргізуге, бұрғылау негіздерінің сақталуы мен ұңғымалардың берік бітелуін жұмыс қалпына келтіргенге дейін қамтамасыз етуге міндетті.

3. Толтыру негізінде бұрғыланған ұңғымаларды (су асты бермалары немесе аралдары) жою кезінде жер қойнауын пайдаланушы олардың саңылауларының бекітілуін және оның көмірсутегімен және өзге де химиялық заттармен ықтимал ластанудан алдын ала тазарта отырып, жасанды негіздегі жай-күйіне бақылауды қамтамасыз етуге міндетті. Аралды (берманы) су шайып кеткенде жер қойнауын пайдаланушы негіздемені түбегейлі тегістегенге дейін оны қадамен немесе қалқымамен белгілеуге міндетті.

4. Платформада кез келген үлгіде бұрғыланған ұңғымаларды жою кезінде олардың конструкциялары толықтай демонтаждалуы және алып тасталуы, ал саңылаулары бекітілген ұңғымалардың шығып тұрған шеттері балық шаруашылығына және кемеде жүзуге кедергі келтірмеуі үшін түбіне дейін кесіп тасталуы тиіс.

5. Пайдаланудан шығарылған өнім өндірілетін үйінді аралдар осы талаптарға сәйкес жойылады. Металл немесе бетон конструкциялар пайдаланылған жағдайда соңғысы

алып тасталуы, ал металл конструкциялары теңіз түбі белгісінен 1 метр төмен кесілуі  
т и і с .

6. Батырылған және батып кеткен ескі ұңғымаларды консервациялау мен жою заңнамаға сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдардың мемлекеттік сараптамадан өткен жобалар бойынша (ҚОӘБ) орындалады. Бұл ретте міндетті түрде Мұнайдың төгілуінің авариялық жағдайын байқау жоспары әзірленіп, бекітілуі керек. Мұнайдың төгілуінің авариялық жағдайын байқау жоспарына сәйкес, оларды қажетті жабдықтармен, мамандармен, көліктермен және авариялық жағдайды болдырмау мен байқау жөніндегі өзге де құралдармен қамтамасыз етіп алмай жұмыс жүргізуге жол берілмейді.

### **284-бап. Авариялық жағдайлардың алдын алу мен олардың салдарларын жою жөніндегі экологиялық талаптар**

1. Мұнай операцияларын жүргізетін жер қойнауын пайдаланушылар Каспий теңізінде мұнай операцияларын жүргізу кезінде төтенше жағдайлардың алдын алу және әзірлікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың жоспарын әзірлеуі тиіс. Оны төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, сондай-ақ өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді, бұл ретте қоршаған отаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен алдын ала келісіледі. Мұнай операцияларын жүргізу кезінде төтенше жағдайлардың алдын алу және әзірлікті қамтамасыз ету жөніндегі операцияларды қамтамасыз ету үшін жер қойнауын пайдаланушыларға қажетті қызметкерлері, көлік құралдары мен кешенді жабдықтары, осы жұмыстарды орындауға тиісті лицензиялары бар ұйымдар тартылады.

2. Жер қойнауын пайдаланушы теңізде төтенше жағдайларды тиімді байқауды қамтамасыз ету үшін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, сондай-ақ өнеркәсіп, өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен, техникалық жарақталуы міндетті табельге сәйкес қажетті материалдық база жасауға  
м і н д е т т і .

3. Жер қойнауын пайдаланушы Каспий теңізінің қорық аймағында мұнай операцияларын жүргізу кезінде төтенше жағдайлар жөніндегі іс-әрекеттің тәртібін әзірлеуге және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, сондай-ақ өнеркәсіп, өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органда бекітуге, бұл ретте қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен алдын ала  
к е л і с у г е м і н д е т т і .

4. Жер қойнауын пайдаланушы Каспий теңізі қорық аймағында мұнай операцияларын жүргізу кезінде өндірістік қызметкерлердің дайындық тәртібін әзірлеуге және төтенше жағдайлардағы іс-әрекеттерді пысықтау жөнінде оқулар  
ө т к і з у г е м і н д е т т і .

5. Ойластырылғаннан тыс жағдайлар (қауіп туғызатын) туындаған кезде, жер

қойнауын пайдаланушы арнаулы уәкілетті мемлекеттік органға дереу хабарлап, уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілдерін оқиға болған жерге кедергісіз жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс.

**285-бап. Каспий теңізінің қазақстандық секторы  
солтүстік бөлігінің қорық аймағындағы қоршаған  
ортаның мониторингі**

1. Каспий теңізінің қорық аймағындағы мұнай операциялары мұнай операцияларының қоршаған ортаға тікелей, жанама және өзге де әсер ету салдарын қадағалау, анықтау, талдау және есебін жүргізу мақсатында қоршаған ортаның міндетті мониторингін (бұдан әрі - мониторингін) ілестіре жүргізуі тиіс.

2. Өзінің шаруашылық және өзге қызметін қорық аймағында жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы қоршаған орта мониторингін жүргізуге міндетті.

3. Мұнай операцияларының әрбір кезеңінің Қоршаған ортаға әсер етуді бағалау материалдарына мониторинг жүргізу көзделуі тиіс, ол:

1) мұнай операциясының әрбір кезеңі басталғанға дейін қоршаған ортаның жай-күйінің (геофизикалық зерттеулер, барлау бұрғылауы, көміртегілерді өндіру, сондай-ақ объектіні жойғаннан кейін) жалпылама зерттелуін;

2) ластану көздерінің мониторингін;

3) қоршаған ортаның жай-күйінің мониторингін;

4) авариялық жағдайлардағы мониторингті қамтиды.

4. Қажет болған жағдайда және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның талап етуімен жер қойнауын пайдаланушы қоршаған ортаның жай-күйіне қосымша зерттеулер жүргізуі тиіс.

5. Жер қойнауын пайдаланушы қоршаған орта мониторингінің кез келген қосымша зерттеулерін жүргізе алады.

6. Мониторинг жүйесі жер қойнауын пайдаланушының өнеркәсіптік өндірісінің технологиялық элементі болып табылады, оның қаражаты есебінен уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіпке сәйкес жасалады және пайдаланылады.

7. Мониторинг бағдарламасы қоршаған ортаны қорғаудың аумақтық органымен келісілуі, жер қойнауын пайдаланушы қол жеткізген нәтижелердің салыстырмалылығы мен сабақтастығы қамтамасыз етілуі тиіс.

8. Жер қойнауын пайдаланушы қазіргі заманғы ғылыми жетістіктерді ескере отырып, уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіпке сәйкес қоршаған ортаның жай-күйінің сипатын, түрлері мен қадағалау әдістерін айқындайды.

9. Мониторинг өткізу кезінде жер қойнауын пайдаланушы өткен жылдардағы қадағалаулардың нәтижелерін ескеруі және қадағалауды ұзақ мерзім қатарынан жалғастыру мақсатында жұмыс алаңында (келісімшарт аумағы шегінде) және оның айналасында орналасқан, жұмыс істеп тұрған станциялардың көрсеткіштерін п а й д а л а н у ы т и і с .

10. Авариялық жағдайлар туындаған кезде уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіпке сәйкес, дереу қоршаған ортаның авариялық ластану салдарының арнаулы мониторингі ұйымдастырылуы тиіс.

11. Мониторинг қорытындысы міндетті түрде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға беріледі.

12. Өндірістік мониторинг өткізуге тартылған ғылыми және жобалау ұйымдарының жобалауға, нормалауға және экологиялық сараптама саласындағы жұмыстарға лицензиясы болуы және қадағалаудың орындалуын уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен және өлшемдерді әдістемелік, метрологиялық және техникалық қамтамасыз етуі тиіс.

13. Қоршаған ортаға өндірістік мониторинг: қоршаған ортаны ластаушы заттар көздерінің эмиссиялары мониторингін; өндіріс және тұтыну қалдықтарын қоршаған ортаға орналастыру мониторингін; радиациялық ластану мониторингін; ықпал ету мониторингі - кәсіпорындар , және экологиялық жүйеге ықпал ету аймағына ( атмосфералық ауаға, суға, топыраққа, өсімдіктер және жануарлар дүниесіне), сондай-ақ гидрометеорологиялық, гидрохимиялық, гидробиологиялық, микробиологиялық, уыттылық және түпкі қалдықтарды геохимиялық зерттеулердің және флора мен фаунаның жай-күйінің серпінін қамтитын ластаушы заттар деңгейінің мониторингін қамтиды .

14. Өнеркәсіптік мониторинг бағдарламасы көзделген жұмыстардың қоршаған ортаға әсерін бағалау негізінде әзірленеді. Өнеркәсіптік мониторинг бағдарламасы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісіледі және оны кәсіпорын басшылығы бекітеді. Өндірістік мониторингтің ұзақтығы әсердің ұзақтығына байланысты болады .

15. Қоршаған ортаға өндірістік мониторинг қорытындысы бойынша есептілік мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға табыс етіледі.

**41-тарау. Атом энергиясын пайдалану мен радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы экологиялық талаптар**

**286-бап. Радиоактивтік материалдар мен радиоактивті материалдар қалдықтарын Қазақстан Республикасының аумағына трансшекаралық орын ауыстыру**

1. Қазақстан Республикасынан әкеткен радиоактивті-ластаушы материалдарды басқа елдерде қайта өңдеу нәтижесінде жасалған радиоактивті қалдықтарды қоспағанда , басқа мемлекеттердің радиоактивті қалдықтарын сақтау немесе көму мақсаттарында Қазақстан Республикасына әкелуге тыйым салынады. Сондай-ақ радиоактивті қалдықтар мен материалдарды радиоактивті заттардың қоршаған ортаға түсуін

болдырмау жөніндегі іс-шараларды өткізбей жердің жоғарғы қабатына және жер қойнауына көмуге (орналастыруға) тыйым салынады.

2. Радиоактивті материалдарды, жартылай фабрикаттарды, шикізаттарды, жинақтаушы бұйымдарды Қазақстан Республикасына әкелу Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік экологиялық сараптаманың алдын ала оң қорытындысына сәйкес қаулысының негізінде жүзеге асырылады.

3. Радиоактивті материалдарды трансшекаралық орын ауыстыруы кезінде табиғат пайдаланушы осындай орын ауыстыру міндетті күші бар халықаралық-құқықтық ережелер сақтала отырып жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қабылдайды.

Бұл ретте:

1) табиғат пайдаланушы орын ауыстыруды тек алдын ала хабарлану арқылы және мемлекеттің тағайындау келісімімен рұқсат етілуін және өткізілуін қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қабылдайды;

2) транзит мемлекет арқылы трансшекаралық орын ауыстыру нақты пайдаланылатын көлік түріне сай келетін халықаралық міндеттемелер орындалған кезде ғана жүзеге асырылады;

3) пайдаланылған отында немесе радиоактивті қалдықтарды сақтау мен көму үшін оңтүстік ендіктің 60 градус оңтүстігіне таман болатын орнына жөнелтуге тыйым салынады.

### **287-бап. Радиоактивті материалдарды пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Жеке және заңды тұлғалар радиоактивті материалдарды өндірудің, сақтаудың, тасымалдаудың, пайдаланудың, кәдеге жаратудың, жоюды және көмудің белгіленген ережелерін сақтауға, барынша қолжетімді радиациялық әсер деңгейі нормативтерінің бұзылуына жол бермеуге, қоршаған ортаның радиациялық ластануын алдын алу мен оны жою жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

2. Қоршаған ортаның радиациялық ластануы байқалған жағдайда жеке және заңды тұлғалар бұл туралы атом энергиясы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдарға дереу хабарлауы тиіс.

3. Радиоактивті материалдарды қолдану кезінде табиғат пайдаланушылар:

1) радиоактивті материалдарды пайдаланылу мерзімі ішінде оларға әсер етуі мүмкін барлық тиісті факторларды бағалауды;

2) радиоактивті материалдардың халық денсаулығына және қоршаған ортаға әсерін бағалауды;

3) жұртшылыққа радиоактивті материалдарды пайдалану қауіпсіздігі туралы ақпараттар берілуін және олардың сауалдары бойынша оларға қауіпсіздікке әсер ету ықтималдығын бағалау үшін олар туралы қажетті деректер берілуін;

4) радиациялық қауіпсіздік нормаларының және Қазақстан Республикасының халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы заңының негізгі принциптерін ескере

отырып, халық денсаулығына және қоршаған ортаға ықтимал радиациялық, оның ішінде авария нәтижесіндегі әсерді шектеу үшін тиісті шараларды;

5) жобалау сатысында перспективалық жоспарлардың жасалуын және қажет жағдайда радиоактивті қалдықтарды жоюға және көмуге қатысты техникалық шешімдердің шығарылуын қамтамасыз етуі;

6) радиоактивті қалдықтардың құралуының іс жүзінде қолжетімді деңгейде аз болуын қамтамасыз етуі тиіс.

### **288-бап. Радиоактивті материалдар мен қалдықтарды сақтау мен көму кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Қазақстан Республикасы аумағында қордаланған барлық радиоактивті қалдықтар олардың айтарлықтай қауіп төндіруі мүмкін бүкіл кезеңі ішінде халық пен қоршаған ортаның радиациядан қорғалуын қамтамасыз ететіндей жағдайда көмілуі тиіс.

2. Радиоактивті қалдықтарды орналастыру жобалау және техникалық құжаттама - радиоактивті қалдықтардың құралуына әкелетін қызметтің кез келген түрінің міндетті кезеңі ретінде көзделуі тиіс. Радиоактивті қалдықтарды жинау, сақтау, тасымалдау және көму тәртібі мен оларды ұйымдастыру осы Кодексте көзделген экологиялық талаптарды ескере отырып, Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Радиоактивті материалдар мен қалдықтарды сақтау мен көму кезінде табиғат п а й д а л а н у ш ы :

1) өздігінен өндірілетін ядролық реакциялардың туындау және жылудың мөлшерден көп бөліну ықтималдығын болдырмауды;

2) халықаралық деңгейде мақұлданған өлшемдер мен нормалар ескерілген тиісті қорғану әдістерін қолдану арқылы жекелеген адамдардың, тұтас алғанда қоғамның және қоршаған ортаның тиімді қорғалуын;

3) радиоактивті материалдар мен қалдықтарды сақтаумен байланысты болуы мүмкін биологиялық, химиялық және басқа да қауіптің есебін;

4) келер ұрпақ үшін бұрынғы ұрпаққа қатысты жол берілген салдарға қарағанда қауіптірек салдардың болмауын;

5) көму жүргізілген жерге, конструкциясы мен ұсталған объектісіне қатысты есеп құжаттарының сақталуын;

6) қажет болған жағдайда белсенді бақылау мен радиоактивті материалдарға санкцияланбаған қол жеткізуді шектеу, сондай-ақ радиоактивті материалдардың қоршаған ортаға жоспарланбаған шығарындысының қауіп анықталған кезде араласу шараларын қабылдауды қамтамасыз етуі тиіс.

### **289-бап. Радиоактивті материалдар мен қалдықтарды тасымалдау кезінде қойылатын экологиялық**

**талаптар**

1. Радиоактивті материалдар мен қалдықтарды тасымалдау Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық келісімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

2. Радиоактивті материалдар мен қалдықтарды тасымалдау ережелері жүк жөнелтушілердің, жүк тасушылардың және жүк қабылдаушылардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, қауіпсіздік шараларын, дене қорғанысын, көлік оқиғаларына жол бермеу жөніндегі келісілген шаралар жүйесін, орап-бууға таңбалауға және көлік құралдарына қойылатын талаптарды, ықтимал авариялардың салдарын жою жөніндегі іс-шараларды көздеуі тиіс.

**290-бап. Ядролық объектілерді және радиоактивті материалдарды пайдалану объектілерін орналастыру мен пайдалануға қойылатын экологиялық талаптар**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметіне радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге арналған ядролық қондырғылар мен объектілерді орналастыруға қатысты ұсыныстарды мемлекеттік билік және өзін-өзі басқару органдары, жекелеген заңды және жеке тұлғалар енгізуге құқылы.

2. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге арналған ядролық қондырғылар мен объектілерді орналастыру туралы мәселені қарау үшін оны мәлімдеуші белгіленген тәртіппен дайындалған, осындай қондырғыны немесе объектіні салу қажеттігі негізделген және кемінде оларды орналастыруға арналған алаңның балама нұсқасын береді.

3. Берілген материалдарда міндетті түрде:

1) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге арналған ядролық қондырғы немесе объект орналастырылуы ықтимал аудандағы қоршаған ортаның сипаттамасы;

2) белгіленген объектіні салу, пайдалануға беру, пайдалану, пайдаланудан алып тастау және жабу жөнінде жоспарланған жұмыстардың адамға және қоршаған табиғи ортаға әсеріне жасалған баға;

3) қоршаған ортаға теріс әсерді болдырмау мен оны азайтуға қатысты жобада көзделген іс-шаралар;

4) қоғамдық тыңдаулардың қорытындылары міндетті түрде ескерілген мемлекеттік экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық оң қорытынды болуы тиіс.

4. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге арналған ядролық қондырғыны немесе объектіні салу туралы шешімді аумағында осы объектілерді салу жоспарланатын жергілікті мемлекеттік билік және өзін-өзі басқару органдарының пікірлерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

5. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге арналған ядролық қондырғыны немесе объектіні орналастыру үшін жер учаскелерін және жер қойнауын беру жер заңнамасымен, Қазақстан Республикасының жер қойнауы және қоршаған табиғи



ортаны қорғау туралы заңнамасымен айқындалатын тәртіппен және жағдайда жүзеге асырылады.

6. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге арналған ядролық қондырғыны немесе объектіні орналастыруға қатысты шешімдер қабылдау кезінде өңірді әлеуметтік-экономикалық дамыту бағытталған қосымша іс-шаралар көзделуі тиіс. Осы шараларды жүзеге асыру көлемі мен тәртібін әрбір нақты жағдайда ғылыми-экономикалық негіздемелер негізінде жергілікті мемлекеттік билік және өзін-өзі басқару органдарының келісімімен Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

7. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге арналған ядролық қондырғыны немесе объектіні пайдалануға қабылдауды мемлекеттік қабылдау комиссиялары жүзеге асырады.

8. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге арналған ядролық қондырғыны немесе объектіні пайдалануға қабылдау өндірістік және тұрмыстық мақсаттағы объектілер жобасында көзделген кешенде жүзеге асырылады.

9. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге арналған ядролық қондырғыны немесе объектіні пайдаланудан алып тастау және көмуге арналған қойманы жабу тәртібі жобада ядролық энергияны пайдалану саласындағы нормаларға, ережелер мен стандарттарға сәйкес көзделуі тиіс.

10. Бұл жағдайда қаржыландыру шығындарын оның иесі жүзеге асырады.

11. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге арналған ядролық қондырғыны немесе объектіні пайдаланудан мерзімінен бұрын алу және көмуге арналған қойманы жабу туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді және аталған іс-шаралар басталғанға дейін екі жылдан кешіктірмей пайдаланушы ұйымдар мен мамандандырылған кәсіпорындардың назарына жеткізеді.

12. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге арналған ядролық қондырғы немесе объект орналасқан жерлерде ерекше режим аумағы айқындалуы мүмкін. Ерекше режим аумағын айқындау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

13. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге арналған ядролық қондырғы немесе объект орналастырылған жерлерде санитариялық-эпидемиологиялық аймақ және қадағалау аймағы белгіленеді.

14. Осы баптың 13-тармағында көрсетілген аймақтардың мөлшерлері мен шекаралары ядролық энергияны пайдалану саласындағы нормаларға, ережелер мен стандарттарға сәйкес жобада белгіленеді. Санитариялық-қорғаныш аймағында және бақылау аймағында радиациялық жағдайды бақылау жүзеге асырылуы тиіс.

15. Санитариялық-қорғаныш аймағында тұрғын үйлер мен қоғамдық құрылыстар, балаларға арналған және емдеу-сауықтыру мекемелерін, сондай-ақ өнеркәсіп орындарын, қоғамдық тамақтану объектілерін, қосымша және басқа радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге арналған ядролық қондырғы немесе объект қызметімен

байланысты емес құрылыстар салуға тыйым салынады.

16. Санитариялық-қорғаныш аймағында орналастырылған жер мен су айдындарын халық шаруашылығы мақсатында пайдалануға жүргізілетін өнімдерге радиологиялық бақылау міндетті түрде жүргізілген жағдайда жол берілуі мүмкін.

### **291-бап. Құрылыс материалдары радиоактивтілігінің рұқсат етілетін деңгейі**

1. Құрылыс материалдары радиоактивтілігінің рұқсат етілетін және бақыланатын деңгейі ретінде табиғи радионуклидтің тиімді белсенділік үлесі (Аэфф) есептелетін м ы н а д а й :

$A_{эфф} = A(Rn) + 1,31 A(Tn) + 0,085 A_k$  формуласы бойынша,  $A(Rn)$  және  $A(Tn)$  формуласы бар жерде радийдің белсенді үлесі - 226, уран және торий ұялас қалған мүшелерімен тепе-теңдікте болатын торий - 232,  $A_k$  формуласы бойынша калийдің белсенді үлесі 40 Бк/кг формуласы бойынша есептеледі.

2. Салынатын және реконструкцияланатын тұрғын үйлер мен қоғамдық құрылыстарда пайдаланылатын шикізат пен материалдар үшін Аэфф мәні 370 Бк/кг-дан (I сынып) аспауы тиіс.

3. Елді мекендер шегіндегі жол құрылысында және перспективалы құрылыс аймақтарында, сондай-ақ өндірістік құрылыстар мен ғимараттар көтеру кезінде пайдаланылатын материалдар үшін Аэфф мәні 740 Бк/кг-дан (II сынып) аспауы тиіс.

4. Елді мекендерден тыс жол құрылысында пайдаланылатын материалдар үшін Аэфф мәні 1500 Бк/кг-дан (III сынып) аспауы тиіс.

5. IV сыныпты құрылыс шикізаты мен материалдарын пайдалану жөніндегі мәселе (1500 Бк/кг < Аэфф < 4000 кБк/кг) әрбір жағдайда халықтың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның келісімімен жеке шешіледі.

### **292-бап. Минералдық тыңайтқыштар мен мелиоранттардың радиоактивтілігінің рұқсат етілетін деңгейі**

1. Фосфор тыңайтқыштары мен мелиоранттардың радиоактивтілігінің рұқсат етілетін және бақыланатын параметрі ретінде уранның белсенділік - 238 (радийдің - 226) және торийдің белсенділік 232 (торийдің - 228) жиынтық үлесі белгіленеді.

$A(U) + 1,5 A(Tn)$  формуласы бойынша - уранның белсенді үлесі - 238 (радий - 226) және торийдің белсенді үлесі - 232 (торий - 228) болып есептеледі.

2. Уранның белсенді үлесінің жиынтығы 238 (радийдікі - 226) және торийдікі - 232 (торийдікі - 228) фосфорлы тыңайтқыштар мен мелиоранттарда 4000 Бк/кг-дан аспауы тиіс.

### **293-бап. Көмірдің рұқсат етілетін радиоактивтілік деңгейі**

1. Көмірдің радиоактивтілігінің рұқсат етілетін және бақыланатын параметрі ретінде көмірді жағу кезінде радионуклидтердің шоғырлану коэффициентіне тиімді

белсенділік үлесін жүргізу белгіленеді.

$A_{эфф} \times K_k = (A(Rn - 226) + 131(Th - 232) + 0,085 Ak - 40) \times K_k$  радионуклидтердің күл қалдықтарында шоғырланған  $K_k$  коэффициенті көмір күлінің  $K_3\%$  ( $K_k = 100\% K_k\%$ ) кері сандық көлеміне тең болады.

2. Тиімді белсенділік үлесінің көлемі бойынша және шоғырлану коэффициентіне қарай радионуклидтер барлық көмірді жағу кезінде 4 сыныпқа бөлінеді.

3.  $A_{эфф} \times K_k$  кезінде 370 Бк/кг-ға дейін (I сынып) көмір өнеркәсіптік және тұрмыстық қажеттілік үшін энергетикалық шикізат ретінде пайдаланылуы мүмкін, ал күлдің қалдығы құрылыста шектеусіз пайдаланылады.

4.  $A_{эфф} \times K_k$  кезінде 370 Бк/кг-дан 740 Бк/кг-ға дейін (2 сынып) көмір өнеркәсіптік және тұрмыстық қажеттілік үшін энергетикалық шикізат ретінде пайдаланылуы, ал күлдің қалдығы өнеркәсіп және жол құрылысы үшін пайдаланылуы мүмкін.

5.  $A_{эфф} \times K_k$  кезінде 740 Бк/кг-дан 2800 Бк/кг-ға дейін (3 сынып) көмірді оны ұйымдастырылған қалалық немесе кенттік қоқыстарда кәдеге жарата отырып, күлді жинаудың орталықтандырылған жүйесімен жабдықталған өнеркәсіптік және тұрмыстық қондырғы үшін энергетикалық шикізат ретінде пайдалануға болады, ал күлдің қалдығын жол құрылысы үшін пайдалануға болады.

6.  $A_{эфф} \times K_k$  кезінде 2800 Бк/кг-дан жоғары (4 сынып) көмірді тек өнеркәсіптік қондырғыларда орталықтандырылған күл бөлу жүйесімен энергетикалық шикізат ретінде ғана пайдалануға болады, күлдің қалдығын кез келген құрылыста пайдалануға тыйым салынады, олар радиациялық қауіпсіздік сақталған жағдайда кейін рекультивациялана отырып, кәсіпорынның күл үйінділерінде кәдеге жаратылуы тиіс.

### **294-бап. Газ-мұнай шикізаттарын барлау, өндіру, тасымалдау және ұқсату кезінде рұқсат етілетін радиоактивтілік**

1. Барлау, өндіру, тасымалдау және ұқсату, мұнай және мұнай-су суспензиясы технологиясы техникалық жабдықтардың және қоршаған ортаны қорғау объектілерінің табиғи радионуклидтермен радиациялық қауіпсіздік және санитариялық ережелердің қолданыстағы нормаларымен көзделген деңгейден жоғары болу ықтималдығын болдырмайды. Мұнайды 740 Бк/кг-дан астам  $A_{эфф}$ -пен тек ол тазартылғаннан кейін п а й д а л а н у ғ а б о л а д ы .

2. Мұнай өнімдерін өндіру процесінде мұнай-газ қабаттарынан айдалған жер қыртысы сулары табиғи радионуклидтерді ұстауы бойынша нормаланбайды. Оларды сулы қабаттарға айдаған кезде немесе оларды жергілікті жер қыртысы бойынша шығарып тастаған кезде оларда табиғи радионуклидтердің шоғырлануы қолданыстағы радиациялық қауіпсіздік нормалары су үшін белгілеген 6 Дкб-дан аспауы тиіс. Сумен толтырылған алқап буланып құрғатылғаннан кейін радиоактивті қалдықтар көміліп, қ ұ н а р л а н у ы т и і с .

3. Мұнай өндіру кезінде радиоактивтік ластануы мүмкін мынадай объектілерге:

- 1) табиғи радионуклидтер құрайтын кәсіпшілік суларға;
- 2) табиғи радионуклидтермен ластанған мұнайгаз өндіруші және ұқсатушы ұйымдардың аумақтарына (аумақтың жекелеген учаскелеріне);
- 3) технологиялық жабдықтарда, ұйымдардың аумақтарында және жұмысшылардың үй-жайларының үстіңгі қабаттарында табиғи радионуклидтерінің жоғары тұз ж и н а л у ы н а ;
- 4) табиғи радионуклидтер артық ұсталған өнеркәсіптік қалдықтарға;
- 5) жөнделетін, тазартылатын және уақытша сақталатын жерінде табиғи радионуклидтермен ластанған көлік құралдары мен технологиялық жабдықтарға;
- 6) табиғи радионуклидтері жоғары судың тұмандануымен байланысты технологиялық процесстерге;
- 7) буланудың айтарлықтай тиімді алаңы бар (ашық қойма мен булану алабы, өнім бұзылатын жер мен технологиялық сулар, резервуарлар мен өнім қоймалары) және мұнайдың жекелеген топтарының, аэрациялық судың жедел булануы ықтимал технологиялық учаскелерге радиациялық мониторинг ұйымдастырылуы тиіс.

**295-бап. Елді мекендер аумақтарындағы, тұрғын үйлер мен қоғамдық құрылыстардағы радиациялық жағдайға, құрылыс материалдарының, минералдық тыңайтқыштардың, отын-энергетикалық шикізаттың радиациялық сапасына және мұнай операциялары кезінде бақылау ұйымдастыру**

1. Радиациялық бақылау ұйымдастыру өздерінің алдына радиациялық қауіпсіздіктің белгіленген нормативтік ауқымнан аспауына жол бермеу, сондай-ақ халыққа мөлшерлік жүктемені төмендету жөнінде іс-шаралар әзірлеу және енгізу міндетін қ о я д ы .

2. Елді мекендер пункттерін салуға, тұрғын үй-тұрмыстық объектілерге, өнеркәсіп орындарына, демалыс және рекреация аймақтарына, бау-бақша серіктестіктеріне жер учаскелері бөлініп берілген кезде, міндетті іздестіру жұмыстары көлеміне бөлініп берілген учаске аумағындағы сыртқы гамма-сәуленің экспозициялық мөлшерінің қуатын өлшеу енгізілуі тиіс. Нәтижелері учаскені құрылысқа таңдау жөніндегі комиссияға тапсырылатын хаттамамен ресімделеді.

3. Сыртқы гамма-сәуленің экспозициялық мөлшерінің қуаты әрбір пәтерде, әрбір подъездің бірінші қабатындағы пәтерлердің бірінде радонның шоғырлануы өлшенеді. Радонның рұқсат етілген шамадан тыс шоғырлануы байқалған кезде зерттеу үйдің барлық пәтерінде жүргізіледі.

4. Сыртқы гамма-сәуленің мөлшерлік қуатын өлшеу жердің немесе үй-жайдың еденінің үстіңгі бетінен 1 метр жоғары өткізіледі.

5. Радонның белсенділігінің баламалық тепе-тең көлемінің ұсталуына бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің әдістемелік нұсқауларына

және басқа да белгіленген тәртіппен аттестатталған әдістемелермен жүзеге асырылады.

6. Пайдалануға берілетін құрылыс объектілеріндегі өлшеулердің нәтижелері радиациялық тексеру актісі түрінде ресімделеді, бір данасы объектіні пайдалануға беру жөніндегі мемлекеттік қабылдау комиссиясының актісіне тіркеледі. Өлшеуді өткізу жауапкершілігі, меншік нысанына қарамастан, объектіні салған және оны пайдалануға берген кәсіпорынға (мекемеге) жүктеледі.

7. Үй-жайларда гамма-фонды төмендету жөніндегі іс-шараларды өткізу мүмкіндігін, қажеттілігін, ауқымы мен мерзімін және радонның ұсталуын мемсанэпидқызметі және қоршаған ортаны қорғау органдары өкілдерінің міндетті қатысуымен жергілікті мемлекеттік басқару органдарының комиссиялары айқындайды.

8. Құрылыс материалдарының, минералдық тыңайтқыштардың, мелиоранттардың және көмірдің тиімді белсенділік үлесін айқындау қолданыстағы мемлекеттік стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

9. Кәсіпорын құрылыс материалдары, минералдық тыңайтқыштар, мелиоранттар және отын-энергетика шикізаты кен орындарын әзірлеуді бастағанға дейін олардың радиациялық қауіптілік деңгейі мен оларды пайдалану шарттары туралы санитариялық-гигиеналық қорытынды алуы тиіс. Қорытындыны геологиялық-барлау жұмыстарының нәтижелері бойынша пайдалы қазбаларды радиациялық-гигиеналық бағалау бөлімі енгізілетін, кен орындарын әзірлеу жобасының негізінде мемлекеттік экологиялық санитариялық сараптама органдары береді.

10. Кен орындарының радиациялық-гигиеналық бағасы болмаған кезде, сондай-ақ пайдалы қазбалардың құрамы әртүрлі болған кезде кен орындарын әзірлеу жобасында радиациялық бақылау қызметін ұйымдастыру көзделуі тиіс.

11. Кәсіпорынның радиациялық бақылау қызметі кен орындарын әзірлеу жөніндегі жобаның талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді, радиациялық бақылау нәтижелері құжатпен ресімделеді.

12. Өнімнің радиациялық сапасы аттестатталған зертханалар орындаған зертханалық зерттеулер негізінде мемлекеттік бақылау органдарының қорытындысымен расталады. Өнімнің сапасын растау тәртібі мен мерзімділігі кен орындарын әзірлеу жобаларына сараптаған кезде белгіленеді.

### **296-бап. Металл сынықтарын радиациялық бақылауды қамтамасыз етуге қойылатын талаптар**

1. Металл сынықтарын өндірістік радиациялық бақылау:

1) дайындау ұйымдарына келіп түсетін барлық металл сынықтарын олардың радиациялық ластануын не онда жергілікті гамма-сәуле көздерінің бар-жоғын анықтау мақсатында жүргізілетін радиациялық бақылауды;

2) металл сынықтарының беткі тобына немесе бөлшектеріне жақын радиациялық фонның жоғарылығы анықталған кезде гамма-сәуле мөлшерінің қуаттылығын өлшеуді

қ а м т и д ы .

2. Өндірістік радиациялық бақылаудың әдістемесі мен аппаратурасы:

1) металл сынықтарының беткі тобына жақын гамма-сәуле деңгейінің табиғи фоннан 0,05 мкЗв/с астам жоғары жағдайларын дұрыс анықтауды;

2) металл сынықтары тобынан (көлік құралдарынан) 10 см қашықтықта 0,2 мкЗв/с астам МЭД гамма-сәулесін құрайтын жергілікті көздердің металл сынықтары тобында болатын барлық анықтауды;

3) металл сынықтары тобынан 10 см қашықтықта 1 мкЗв/с астам МЭД гамма-сәулесін құрайтын жергілікті көздердің металл сынықтары тобында болатын барлық кепілді анықтауды қамтамасыз етуі тиіс.

3. ЗРБ жүргізген металл сынығы тобын радиациялық бақылау:

1) металл сынықтарының гамма-сәуле жергілікті көздері тобын анықтауды;

2) металл сынықтарының жоғарғы бетіндегі тобының МЭД гамма-сәуленің өлшенуін жүргізуді;

3) металл сынықтарының жоғарғы бетінің альфа- және бета белсенді радионуклидтермен ластануының бар-жоғын іріктеп тексеруді;

4) металл сынықтарын тасуға арналған бос көлік құралдарына радиациялық тексеру жүргізуді, сондай-ақ жүк тиелген көлік құралының үстіңгі қабатының МЭД гамма-сәулесін өлшеуді қамтиды.

4. ЗРБ жүргізген металл сынықтары тобына өндірістік радиациялық бақылаудың әдістемесі мен аппаратурасы:

1) 0,05 мкЗв/с артық емес МЭД гамма-сәулені айқындаудың төменгі шекарасындағы сенімгерлік мәнде металл сынықтарында болатын гамма-сәуленің бар-жоғын дұрыс анықтау;

2) металл сынықтары тобының (көлік құралдарының) үстіңгі бетіндегі (табиғи фонның үстіндегі) 0,2 мкЗв/с астам МЭД гамма-сәулесін құрайтын жергілікті көздердің металл сынықтары тобында болатын барлық анықтауды;

3) металл сынықтары көздерінен 10 см қашықтықта 1 мкЗв/с астам МЭД гамма-сәулесін құрайтын жергілікті көздердің металл сынықтары тобында болатын барлық кепілді анықтауды;

4) 0,04 альфа- бөлшек көп болатын ( $\text{см}^2 \times \text{с}$ ) альфа ағысы тығыздығының бар-жоғына іріктеп өлшеу жүргізу орындарын дұрыс анықтауды;

5) 0,04 бета- бөлшек көп болатын ( $\text{см}^2 \times \text{с}$ ) бета ағысы тығыздығының бар-жоғына іріктеп өлшеу жүргізу орындарын дұрыс анықтауды қамтамасыз етуі тиіс.

### **297-бап. Радиациялық авариялар кезінде іс-шараларды жүзеге асыру тәртібі**

1. Радиоактивті материалдарды тасымалдау кезінде авариялар мен инциденттер болған жағдайда адамдарды, мүліктер мен қоршаған ортаның қорғалуын қамтамасыз

ету мақсатында тиісті ұлттық және (немесе) халықаралық ұйымдардың авария жағдайына белгіленген ережелері сақталуы тиіс.

2. Авариялық рәсімдерде авария болған жағдайда ұсталған жүктің қоршаған ортамен өзара іс-әрекеті салдарынан басқа қауіпті заттардың құралу ықтималдығы ескерілуі тиіс.

### **298-бап. Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қадағалау мен бақылау**

Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қадағалау мен бақылау атом энергиясын пайдалану туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

**42-тарау. Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттарды, генетикалық түрлендірілген өнімдер мен организмдерді өндіру және оларды пайдалану кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

### **299-бап. Ықтимал қауіпті химиялық заттарды пайдалану кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

Ықтимал қауіпті химиялық заттарды өндіру мен пайдалану жөніндегі операциялар барысында :

- 1) өндіру, сақтау, тасымалдау және пайдалану процесінде қоршаған ортаға шекті-қолжетімді әсер етудің белгіленген нормативтерінің орындалуы;
- 2) оларды қолданудың адам денсаулығы мен қоршаған табиғи орта үшін зиянды салдарының алдын алу шараларының орындалуы қамтамасыз етілуі тиіс.

### **300-бап. Қоршаған табиғи ортаны зиянды және бақыланбайтын биологиялық әсерден қорғау**

Ықтимал қауіпті биологиялық заттарды, оның ішінде гендік модификацияланған организмдер (ГМО) мен өнімдерді өндіру мен пайдалану жөніндегі операциялар барысында :

- 1) өндіру, сақтау, тасымалдау және пайдалану процесінде қоршаған ортаға шекті-қолжетімді әсер етудің белгіленген нормативтерінің орындалуын;
- 2) оларды қолданудың адам денсаулығы мен қоршаған табиғи орта үшін зиянды салдарының алдын алу шараларының орындалуын;
- 3) гендік модификацияланған өнімдерді пайдалану тек қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдар пайдалануға рұқсат берген тізбе аясында қамтамасыз етілуі тиіс.

### **301-бап. Гендік-инженерлік қызметті жүзеге асыру тәртібі**

1. Гендік модификацияланған организмдер мен өнімдер мен организмдерді өндіру мен пайдалану жөніндегі операциялар барысында мынадай талаптар сақталуы тиіс:

- 1) табиғат пайдаланушылар гендік модификациялар - өнімдер қайдан және қайда түсетінін айқындайтын жүйелер мен рәсімдерді игеруі тиіс;
- 2) қоршаған ортаға шығару ниетіне арналған гендік модификациялар үшін табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға өнімде

сақталатын жеке гендік модификацияланған организмдердің ерекшеліктері туралы егжей-тегжейлі ақпарат беруі тиіс;

3) тағамға, жемге немесе ұқсатуға арналған гендік модификацияланған организмдердің үшін табиғат пайдаланушылар не жоғарыда аталған егжей-тегжейлі ақпарат беруге, немесе өнімде болатын гендік модификацияланған организмдердің ерекшеліктерімен бірге, өнімнің тек тағам немесе жем немесе ұқсату өнімдері ретінде пайдаланылуы тиіс декларация тапсыруға тиіс;

4) гендік модификацияланған организмдерден алынатын тағам және жем өнімдеріне қатысты табиғат пайдаланушылар желідегі келесі объектіні өнімнің гендік модификацияланған организмдерден алынғаны туралы хабардар етуге тиіс;

5) табиғат пайдаланушылар ақпаратты 5 жыл бойы сақтауға және оның алғашқы талап ету бойынша қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдарға х а б а р л а у ы т и і с .

2. Ауыл шаруашылығының табиғат пайдаланушылары кез келген сатып алушыға өзінің астығының трансгендік өнім екендігін хабарлауы, және өзінің өнімін беретін сатып алушылардың тізілімін жүргізуі тиіс.

3. Мемлекеттік органдар барлық трансгендік тамақ өнімдері мен жемге таңба қою туралы қолданыстағы ережені таратады, гендік модификацияланған организмдерді қамтитын, тұратын немесе содан алынған барлық өнімдер мен жемдер де солай таңбаланатын болады. Мақсат - тұтынушылар мен фермерлерді олардың саналы түрде таңдау жасай алуы үшін өнімнің немесе жемнің шынайы табиғаты мен құрамы туралы х а б а р д а р е т у .

4. Гендік модификацияланған организмдердің таңбалаудың қолданыстағы жүйесі трансгендік ДНК немесе түпкі тағамдық өнімдегі белокты табу ықтималдығына н е г і з д е л г е н .

5. Тағамдық ингредиенттер болып табылмайтын өнімдерді (ұқсату кезінде пайдаланылатын құралдар; генетикалық түрлендірілген жем немесе дәрі жеген малдан алынған өнімдер) гендік модификацияланған таңбалау талап етілмейді.

**43-тарау. Өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

**302-бап. Өндіріс және тұтыну қалдықтары мен олардың түрлері**

1. Қалдықтар қауіпті және инерциялы қауіптілік деңгейі бойынша бөлінеді.

2. Инерциялы қалдықтар деп қауіптілік қасиеті жоқ және қоршаған ортаға онша әсер ете алмайтын қалдықтар танылады.

3. Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамаға сәйкес техногендік минералды түзілімдерге жатқызылған пайдалы қазбаларды барлау, өндіру және өңдеу кезінде пайда болған қалдықтар қалдық ретінде қараудан алып тасталады.



### 303-бап. Қалдықтарды қауіптілік қасиеттеріне қарай жіктеу

1. Қауіпті (радиоактивтілерден басқа) қалдықтар қауіптілік қасиеттерінің болуына қарай мынадай :

- 1) жарылғыш заттар ;
  - 2) жеңіл тұтанатын сұйықтар ;
  - 3) жеңіл тұтанатын қатты сұйықтар ;
  - 4) өздігінен жанатын заттар мен қалдықтар ;
  - 5) қышқылданатын заттар ;
  - 6) органикалық пероксидтер ;
  - 7) улы заттар ;
- 8) созылмалы және тұрақты ауру туғызатын уытты заттар ;
- 9) жұқтырушы заттар ;
  - 10) коррозиялаушы заттар ;
  - 11) экоуытты заттар ;

12) сумен байланыс кезінде тұтану қаупі бар газдар бөлетін заттар немесе қалдықтар ;

13) ауамен немесе сумен байланыс кезінде уытты газдар бөлуі мүмкін заттар мен қалдықтар ;

14) шығарылғаннан кейін жоғарыда аталған қасиеттердің бірін иеленетін басқа материалдарды құрауға қабілетті заттар мен материалдар топтарына жіктеледі.

2. Қауіпті қалдықтар тасымалдау, кәдеге жарату, сақтау және көму мақсатында 3 деңгей :

- 1) Ж а с ы л - G индексі
- 2) Я н т а р л ы қ - А индексі
- 3) Қ ы з ы л - R индексі белгіленеді.

3. Қалдықтарға код белгілегенде қалдықтар құралатын білім беру саласы, қоймаға қою (көму) тәсілі, кәдеге жарату немесе регенерация тәсілі, ықтимал қауіпті құрамдас элементтері, қауіптілік түрлері, халық шаруашылығы салалары ескеріледі.

4. Тасымалдау мақсатында қалдықтардың қауіптілік және код белгілеу деңгейін анықтау қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган бекіткен қалдықтарды жіктеу негізінде жүргізіледі. Жіктеушіде қалдықтардың осы түрі болмаған кезде қауіптілік және код белгілеу деңгейі әрбір нақты жағдайға негізделеді және мемлекеттік экологиялық сараптамамен келісіледі.

5. Қалдықтардың қауіптілік және код белгілеу деңгейін айқындау технологиялар өзгерген кезде немесе өзге шикізат ресурстарына көшкен кезде, сондай-ақ қалдықтардың қауіпті қасиеті өзгеруі мүмкін басқа кез келген жағдайларда жүргізіледі.

6. Қалдықтарды белгілі бір код белгілеуге жатқызуды кәсіпорын жеке жүргізеді немесе табиғат қорғауға арналған жобалау, нормалау және экологиялық аудит жұмыстарына лицензиясы бар заңды және жеке тұлғалар жүзеге асырады.

**304-бап. Өнеркәсіптік және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу кезінде қойылатын жалпы экологиялық талаптар**

1. Шаруашылық қызметі процесінде қалдықтар құралатын жеке және заңды тұлғалар олармен қауіпсіз жұмыс істеу жүйесін көздеуі, экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтауға және оларды кәдеге жарату, залалсыздандыру және қауіпсіз бөлу жөніндегі іс-шараларды орындауға міндетті.

2. Қалдықтарды қоймаға қою, жою және көму жергілікті атқарушы органдардың қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органдармен және Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау функцияларын жүзеге асыратын өзге де уәкілетті органдармен келісім бойынша шешімімен айқындалатын орындарда жүргізіледі.

3. Қалдықтарды қоймаға қою орындары қалдықтарды қалпына келтіргенге немесе өндегенге дейін үш жылдан аспайтын мерзімге немесе оларды көмгенге дейін бір жылдан аспайтын мерзімге қауіпсіз сақтауға арналады.

4. Қалдықтарды ұқсату, көму немесе сақтау үшін Қазақстан Республикасына әкелу тек олармен айналысуға техникалық (технологиялық) мүмкіндіктері болған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ғана жүзеге асырылады.

5. Қалдықтардың иелері өндірістік циклдың барлық сатысында олардың құралу көлемін қысқартуды, оның ішінде өндірістік процестерді жетілдіру, қалдықтарды қайталап немесе балама жолмен пайдалану (рециклинг), қалдықтарды оларды пайдалануға мүдделі кәсіпорындарға беру арқылы бірте-бірте қысқартуды қамтамасыз етуді тиіс.

6. Қалдықтарды залалсыздандыру, бөлу немесе орналастыру тәсілдері мен орнын таңдау кезінде, сондай-ақ қалдықтарды ұқсату, бөлу немесе орналастыру жөніндегі кәсіпорындарды айқындау кезінде қалдықтардың иелері олардың құралу көздерінен қалдықтардың барынша аз көшірілуін қамтамасыз етуі тиіс.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы уәкілетті орган өнімдердің белгілі бір түрлерін жеткізушілерден пайдаланылған бұйымдарды немесе материалдарды келесі кәдеге жарату немесе бөлу үшін қайтару мақсатында қажетті жағдайлар жасалуын талап ете алады.

8. Біржолғы өнімдерді әкелу, егер қалдықтардың құралуына әкеп соқтыратын, кәдеге жарату жоғары экологиялық тәуекелді қажет ететіндей немесе экономикалық жағынан тиімсіз болса, шектелуі немесе оған толық тыйым салынуы мүмкін.

9. Пайдалану нәтижесінде қауіпті қалдықтар, Қазақстан Республикасында оларды залалсыздандыру немесе бөлу технологиясы жоқ өнімдер импорты шектелуі немесе оған толық тыйым салынуы мүмкін.

### **305-бап. Қалдықтардың қауіптілік паспорты**

1. Қалдықтардың қауіптілік паспортын шаруашылығы қызметінде қалдықтар құралатын заңды және жеке тұлғалар жасайды және бекітеді.

2. Қалдық қауіптілігі паспорты:

1) қауіптілік қасиеттері осы Кодекстің 112-бабының 3-тармағында атап тізілген қалдықтар ;

2) гауһардан және қызыл тізімдерден құралған қалдықтар құрайды.

3. Қалдықтардың қауіптілік паспортына мынадай міндетті бөлімдер:

1) қалдықтардың атаулары ;

2) қалдықтар шығарушылар - кәсіпорындардың атауы мен деректемелері;

3) қалдықтардың шығу көздері ;

4) қалдықтардың қауіпті сипаттамаларының тізбесі ;

5) қалдықтардың химиялық құрамы және олардың компоненттерінің қауіпті қасиеттерінің сипаттамасы ;

6) қалдықтарды ұқсатудың ұсынылатын тәсілдері ;

7) қалдықтармен жұмыс істеу кезінде сақтанудың қажетті шаралары ;

8) қалдықтарды тасымалдауға және тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізуге қойылатын талаптар ;

9) төтенше жағдайлардың алдын алу мен салдарларын жою жөніндегі шаралар ;

10) қосымша ақпараттар енгізілуі тиіс.

4. Қалдық паспортының нысанын қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы құзыретті орган бекітеді және қалдықтардың әрбір түрін жеке толтырады.

5. Паспорт паспортталған қалдықтардың бірінші тобын не тобының кез келген бөлігін қалдықтар құралған кәсіпорындар шегінен тыс, бастапқы әкету алдындағы мерзімде жасалады және тіркеледі.

6. Міндетті бөлімге енгізілген, деректердің толықтығы мен дұрыстығын өсіретін қосымша ақпараттардың түсуіне орай паспорт жаңартылуы және қайта тіркелуі тиіс.

7. Тіркелген паспорттардың көшірмелері қалдықтардың осы тобын немесе тобының кез келген бөлігін тасымалдайтын кәсіпорынға, сондай-ақ қалдықтардың осы тобының (тобының бөліктерінің) әрбір жүк алушысына міндетті түрде табыс етіледі.

8. Қалдықтардың алынған тобын кез келген өңдеуді, оны басқа материалдармен араластыруды қоса алғанда, жүк алушы өз кәсіпорнынан тыс тасымалдаған жағдайда қалдықтардың осы тобына (топ бөлігіне) жаңа паспорт ресімдеуі және оны тіркетуі тиіс.

9. Осы қалдықтарды құраған процестің технологиялық регламентінің өзгеруі тудырған қалдықтардың қауіпті қасиеті өзгерген жағдайда паспорттың күші жойылған

д е п

е с е п т е л е д і .

10. Қалдықтың компонентті құрамы сандық химиялық талдау жүргізуге аккредиттелген зертханаларда орындалған талдаулардың нәтижелері негізінде көрсетіледі. Өзінің тұтыну қасиетін жоғалтқан тауарлар (өнімдер) түрінде берілген қалдықтар үшін техникалық жағдайларға және басқаларына сәйкес бастапқы тауардың (өнімнің) компонентті құрамы туралы мәліметтер көрсетіледі.

11. Қалдықтардың қауіптілік паспортында нәтижесінде қалдықтар құралған технологиялық процестің немесе нәтижесінде тауар (өнім) өзінің тұтыну қасиетін жоғалтқан процестің атауы, бастапқы тауардың (өнімнің) атауы көрсетіле отырып көрсетіледі.

12. Қалдықтардың қауіптілік паспортында осы қауіпті қалдықтармен, оның ішінде тасымалдаумен, тиеумен және түсірумен байланысты төтенше жағдайлардың алдын алу мен оны жою жөніндегі қажетті шаралар көрсетіледі.

13. "Қосымша талаптарда" қалдықтар иелеріне хабарланғаны жөн кез келген маңызды ақпарат (мысалы әдеби сілтеме, құжаттарға сілтеме) көрсетіледі.

### **306-бап. Қалдықтармен жұмыс істеуді жобалау кезінде қойылатын талаптардың есебі**

1. Пайдалану процесінде қалдықтар құралатын объектілерді жобалау кезінде жеке және заңды тұлғалар:

1) жобалау құжаттамасының құрамдас бөлігі ретінде қалдықтармен ластанудың/басқарудың алдын алу бағдарламасын әзірлеуге;

2) Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны және адамның денсаулығын қорғау саласындағы заңнамасында белгіленген экологиялық, санитариялық-эпидемиологиялық және өзге де талаптарды ескеруге;

3) оларда құралған қалдықтарды пайдалану, залалсыздандыру туралы техникалық және технологиялық құжаттама болуы міндетті.

2. Тұрғын үйлерді, сондай-ақ пайдалану процесінде қалдықтар құралатын кәсіпорындарды, үйлерді, құрылыстарды, ғимараттар мен өзге де объектілерді жобалау кезінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган белгілейтін қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы ережелерге, нормативтер мен талаптарға сәйкес осындай қалдықтарды жинауға арналған жерлер (аландар) көзделуі қажет.

### **307-бап. Қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты кәсіпорындар, үйлер, құрылыстар, ғимараттар мен өзге де объектілер салу мен пайдалану кезінде қойылатын талаптар**

1. Қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты кәсіпорындарды, үйлерді, құрылыстарды, ғимараттар мен өзге де объектілерді пайдалану кезінде жеке және заңды тұлғалар:

1) экологиялық, санитариялық және Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны

қорғау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамада белгіленген өзге де талаптарды сақтауға;

2) қалдықтардың құралуын азайту мақсатында қалдықтарды орналастыруға арналған қалдықтардың құрылу нормативтері мен лимиттері жобаларын әзірлеуге;

3) ең жаңа ғылыми-техникалық жетістіктер негізінде қалдықты аз шығаратын технологиялар мен қалдықтардың пайда болуын төмендету жөніндегі ұйымдастыру шараларын енгізуге;

4) қалдықтар мен оларды орналастыратын орындарды мүкәммалдауға;

5) қалдықтар орналастырылған объектілердің аумақтарында қоршаған табиғи ортаның жай-күйіне мониторинг өткізуге;

6) қалдықтармен жұмыс істеу салаларына белгіленген тәртіппен қажетті ақпараттар беруге;

7) қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты авариялардың алдын алу талаптарын сақтауға және оларды жоюдың кейінге қалдырылмайтын шараларын қабылдауға;

8) қоршаған табиғи ортаға, жеке адамдардың денсаулығына немесе мүлкіне, не заңды тұлғалардың мүлкіне залал келтіретін немесе зиян келтіруі мүмкін қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты авариялар туындаған және қауіп төндірген жағдайда, бұл туралы қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органға және жергілікті мемлекеттік басқару органдарына дереу хабарлауға міндетті.

2. Қалдықтарды орналастыру объектілері салынатын жерлерді анықтау мемлекеттік экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде арнаулы (геологиялық, гидрогеологиялық және өзге) зерттеулер негізінде жүзеге асырылады.

3. Қалдықтарды орналастыру объектілерінің иелері, сондай-ақ иеленуінде және пайдалануында қалдықтарды орналастыру объектілері болатын адамдар осы объектілерді пайдалануға беру аяқталғаннан кейін олардың жай-күйі мен қоршаған табиғи ортаға әсеріне және пайдаланудан қалған жерлерді қалпына келтіруге бақылау жүргізуге міндетті.

4. Қалалық аумақтарда және басқа да елді мекендер, орман саябақтар, курорт, емдеу-сауықтыру аумақтарында, рекреациялық аймақтарда, сондай-ақ су күзету аймақтарында, ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау мақсаттарында пайдаланылатын жерасты су объектілерінің бас су тоғаны алаңдарында қалдықтарды көмуге тыйым салынады.

5. Пайдалы кен қазбалары жатқан жерлерге және, егер пайдалы қазбалар жатқан жерлердің ластануына және тау-кен жұмыстарын жүргізудің қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жағдайларда тау-кен жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

**308-бап. Елді мекендер аумақтарында қалдықтармен жұмыс істеуге қойылатын талаптар**

1. Бағалы компоненттерді бөлек жинау көзделетін қалдықтарды жинаудың ұтымды жүйесін ұйымдастыру, тұтыну қалдықтарын уақытша сақтау, ұдайы тасып әкету мен залалсыздандыру, сондай-ақ елді мекен аумақтарын тазарту жауапкершілігі жергілікті атқарушы органдарға, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жүктеледі.

2. Елді мекендер аумақтарында қалдықтармен жұмыс істеу тәртібін бақылауды жергілікті мемлекеттік басқару органдары және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау мен бақылауды жүзеге асыратын органдар қамтамасыз етеді.

3. Жергілікті атқарушы органдар шағын және орта бизнес субъектілері болып табылатын кәсіпорындарда қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау, кейіннен пайдалану, полигондарда түпкілікті көму үшін қажетті инфрақұрылымды құруға және олардың жұмыс істеуін көздеуге тиіс.

4. Қалдықтарды сақтау және қайта өңдеу үшін белгіленген орынға тасымалдауды қалдық иелерінің есебінен арнайы ұйымдар жүзеге асырады.

5. Жергілікті атқарушы органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары өз аумақтарында :

1) елді мекендердің қалдықтардан ұдайы тазартылуын;

2) қайтара пайдаланылатын қалдықтар (шыны, қағаз, металл және пластмасса сынықтары, тоқыма және басқалары) тобы жеке жиналуы мен кәдеге жаратылуын жүзеге асыруы ;

3) органикалық қалдықтарды бөлек жинауға және хабардар ету және кеңес беру арқылы олардың компастарына ынталандыруды;

4) құрылыс қалдықтарын тікелей құрылыс алаңдарында немесе арнаулы орында қалдықтардың басқа түрлерінен міндетті түрде бөлек жинауды, сондай-ақ құрылыс қоқыстарын төгінділер мен полигондардағы басқа қоқыстармен араластырылмауын;

5) тасымалдау, кәдеге жарату және орналастыру жөніндегі қолданыстағы нормаларға сәйкестікке қол жеткізу мақсатында қалдықтардың бір түрін екінші бір түрімен немесе арнаулы қоспалармен араластыруға тыйым салуды;

6) муниципалдық қалдықтардың рұқсат етілмей жағылуына жол бермеуді;

7) өнеркәсіптік, коммерциялық немесе қызмет көрсетуші кәсіпорындар иелерінің қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі өз міндеттемелерін осы қалдықтарды ұқсатушы объектілердің иелеріне беру мүмкіндігін қамтамасыз етуді;

8) муниципалдық қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі дұрыс ақпараттарды бақылаушы мемлекеттік органдарға уақтылы берілуін қамтамасыз ете отырып, муниципалдық қалдықтармен жұмыс істеу талаптарын сақтауы тиіс.

6. Жергілікті атқарушы органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарын салу мен пайдалануға жауапты коммуналдық кәсіпорындарды ұйымдастырады. Қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарын орналастыру мен салу жобалары осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге

де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізілуі тиіс.

### **309-бап. Қауіпті қалдықтармен жұмыс істеу кезінде қойылатын талаптар**

1. Қызметі процесінде қауіпті қалдықтар құрайтын жеке және заңды тұлғалар олардың құралуының тоқтатылуына немесе қысқартылуына және/немесе олардың уыттылығының азайтылуына бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруы тиіс.

2. Жеке және заңды тұлғалардың процесінде қауіпті қалдықтар құрайтын қызметі қоршаған ортаны қорғау үшін және қауіпті қалдықтармен айналысатын адамның денсаулығына қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүмкіндігі болмаған кезде шектелуі немесе оның тоқтатылуы мүмкін.

3. Қауіпті қалдықтармен жұмыс істеуге жіберілген қызметкерлер қауіпті қалдықтармен жұмыс істеу құқығы куәлігімен (сертификаттармен) расталған арнаулы кәсіби дайындықтан өтуі тиіс.

4. Қауіпті қалдықтардың иесі қауіпті қалдықтардың қауіптілік қасиеттерін көрсете отырып, қауіпті қалдықтар тиелген контейнерлердің таңбалануын қамтамасыз етуі тиіс. Мұндай қалдықтарды басқа адамдарға белгілі бір мерзімге беру кезінде осы қалдықтардың қауіпті қасиеттері туралы және олармен айналысу кезіндегі сақтық шаралары туралы оларды жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

5. Өндіру, жинақтау, тасымалдау, орналастыру процесінде қауіпті және қауіпті емес қалдықтарды өзара араластыруға тыйым салынады.

6. Қауіпті қалдықтарды арнайы жабдықталған жерлерге орналастыруға рұқсат етіледі және олармен айналысуға қатысты лицензиялық талаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Қауіпті қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты емес басқа қызмет түрлерін оларды орналастыру үшін бөлінген аумақтарда жүзеге асыруға тыйым салынады.

7. Қауіпті қалдықтарды жинауды, кәдеге асыруды, тасымалдауды және орналастыруды жүзеге асыратын кәсіпорындар төтенше және апатты жағдайлар кезіндегі іс-әрекет жоспарларын әзірлейді.

8. Меншігінде немесе пайдалануында қауіпті қалдықтармен айналысатын бір объектісі болса да, шаруашылық қызметі субъектісінің жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, міндетті сақтандыруға жатады.

### **310-бап. Қауіпті қалдықтарды тасымалдауға қойылатын талаптар**

1. Қауіпті қалдықтардың құралуы мен олардың тасымалдануы барынша азайтылуы тиіс.

2. Қауіпті қалдықтарды мынадай жағдайларда:

1) тасымалдау мақсатында қауіпті қалдықтар тиісінше орап-буылған, таңбаланған және этикеткасы қойылған болса;

2) арнайы жабдықталған және арнаулы белгілермен жаратқандырылған көлік құралдары болса ;

3) қауіпті қалдықтар паспорты және тасымалдауға және тасымалданатын қауіпті қалдықтардың саны, қауіпті қалдықтарды тасымалдау мақсаты мен орны көрсетіле отырып, оларды беруге арналған құжаттамалары болса;

4) қауіпті қалдықтарды көлік құралдарында тасымалдаудың, сондай-ақ тиеу-түсіру жұмыстарының қауіпсіздік талаптары сақталса тасымалдауға жол беріледі.

3. Қауіпті қалдықтарды тасымалдау мақсатында орап-буу және таңбалау тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның келісімімен қалдықтармен айналысу саласындағы құзыретті орган әзірлейді.

4. Қалдықтарды көлік құралдарымен тасымалдау тәртібін, тиеу-түсіру жұмыстарын және экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды көліктің тиісті түріндегі қауіпсіздікті қадағалау жөніндегі мемлекеттік органдар әзірлеген және бекіткен және қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы орталық атқарушы органдармен келісілген мемлекеттік стандарттарда (нормалар мен ережелерде) айқындалады .

5. Қалдықтарды тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдар мен жеке тұлғалардың қалдықтарды көлік құралдарына тиеу мен қабылдап алуынан бастап олардың белгіленген жерге дейін көлік құралдарымен қауіпсіз айналымы үшін заңдық жауапкершілік осы көлік құралы тиесілі көлік ұйымдары мен адамға жүктеледі.

### **311-бап. Қалдықтардың трансшекаралық орын ауыстыруы**

1. Қалдықтарды трансшекаралық орын ауыстыру мақсаты үшін мына қалдық топтары :

1) ауруханаларда, емханаларда және клиникаларда пациенттерге дәрігерлік күтім нәтижесінде алынған медициналық қалдықтар;

2) фармацевтикалық өнімдерді өндіру мен қайта өңдеу қалдықтары;

3) қажет емес фармацевтикалық тауарлар, дәрілер мен препараттар;

4) биоцидтер мен фитофармацевтикалық препараттарды өндірудің, алу мен қолданудың қалдықтары ;

5) ағаш консерванттарын өндірудің, алу мен қолданудың қалдықтары;

6) органикалық еріткіштерді өндірудің, алу мен қолданудың қалдықтары;

7) цианидті қамтитын материалдарды жылумен өңдеу және шектеу қалдықтары;

8) бастапқы жоспарланған қолдануға жарамсыз қажетсіз минералдық майлар;

9) майлар/сулардың, көміртегілер/ сулардың қоспалары және эмульсиялары түріндегі қалдықтары ;

10) полихлорлы бифенилдерді және/немесе полихлорлы терфенилдерді және/немесе полибромды бифенилдерді немесе олардың қоспаларын қамтитын қажетсіз заттар мен өнімдер ;



- 11) айдау, дистилляциялау немесе кез келген пироликалық өңдеудің қара майлы қажетсіз қалдықтары;
- 12) сияларды, бояғыштарды, пигменттерді, бояуларды, лактарды, олифтерді өндірудің, алу мен қолданудың қалдықтары;
- 13) синтетикалық қара майлар, латекстер, пластификаторлар, желімдер/байланыстырғыш материалдар өндірудің, алу мен қолданудың қалдықтары;
- 14) ғылыми-зерттеу жұмыстары немесе оқу процесі барысында алынған, табиғаты әлі айқындалмаған және/немесе жаңа болып табылатын және адамға және/немесе қоршаған ортаға әсері әлі белгісіз қажетсіз химиялық заттар;
- 15) жарылу қаупі бар сипаттағы және өзге заңнаманың аясына жатпайтын қалдықтары;
- 16) фитохимикаттарды немесе фитоматериалдарды өңдеуге арналған материалдарды өндірудің, алу мен қолданудың қалдықтары;
- 17) металл және пластмасса беттерді өңдеу қалдықтары;
- 18) өндіріс қалдықтарын жою жөніндегі операциялардан қалған қалдықтар;
- 19) металдардың карбонилдері;
- 20) бериллий, бериллийдің қосындысы;
- 21) алты валентті хромның қосындылары;
- 22) мыстың қосындылары;
- 23) мырыштың қосындылары;
- 24) мышьяк, мышьяқтың қосындылары;
- 25) селен, селеннің қосындылары;
- 26) кадмий, кадмийдің қосындылары;
- 27) сурьма, сурьманың қосындылары;
- 28) теллур, теллурдің қосындылары;
- 29) сынап, сынаптың қосындылары;
- 30) таллий, таллийдің қосындылары;
- 31) қорғасын, қорғасынның қосындылары;
- 32) фторлы кальцийді қоспағанда, фтордың органикалық емес қосындылары;
- 33) органикалық емес цианидтер;
- 34) қышқыл ерітінділер немесе қатты күйдегі қышқылдар;
- 35) негізгі қосындылар немесе қатты негіздер;
- 36) асбест (ұнтақ және талшық);
- 37) фосфордың органикалық қосындылары;
- 38) органикалық цианидтер;
- 39) фенолдар, хлорфенолды қоспағанда фенолдық қосындылар;
- 40) эфирлер;
- 41) галогендірілген органикалық еріткіштер;
- 42) алогендірілген еріткіштерді қоспағанда, органикалық еріткіштер;

- 43) полихлорлы дибензофуран үлгісіндегі кез келген материалдар;  
44) полихлорлы дибензопидиоксин үлгісіндегі кез келген материалдар;  
45) осы тізбеде көрсетілген заттардан басқа органогалогендік қосындылар қауіпті  
д е п е с е п т е л е д і .

2. Қалдықтарды пайдалану (кәдеге жарату, ұқсату, рециклингі) мақсатында Қазақстан Республикасына әкелу қоршаған ортаны қорғау жөніндегі орталық атқарушы органның келісімімен қалдықтарды басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган беретін арнаулы рұқсат бойынша жүзеге асырылады.

3. Қауіпті қалдықтарды өздерінің заңнамасы аясында бүкіл импортқа тыйым салған Базель конвенциясы мемлекеттері-тараптарына және дамушы елдерге не, осы қалдықтарды пайдалану экологиялық негіздерде жүзеге асырылмайды деп ойлауға негіз болса, сондай-ақ оңтүстік ендіктің 60 градус оңтүстігіне жағындағы аудандарға экспорттауға тыйым салынады.

4. Қалдықтарды трансшекаралық орын ауыстыру кезінде табиғат пайдаланушылар мүдделі мемлекеттерге шартты түрде ұсынылып отырған тасымалдың адам денсаулығы және қоршаған орта үшін салдары айқын көрсетілетін ақпараттарды табыс етуге міндетті.

5. Қауіпті және басқа қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау кезінде олар орап-буу, таңбалау және тасымалдау саласындағы жалпы танылған халықаралық ережелер мен нормаларға сәйкес оралып-буылуы, таңбалануы және тасымалдануы тиіс.

### **312-бап. Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік есеп**

1. Қалдықтардың иесі өзінің билігіндегі қалдықтардың түрі, саны мен шығу тегі туралы, сондай-ақ қасиеті және адамның денсаулығына немесе қоршаған ортаға қауіптілігі туралы қажетті ақпараттардың есебін жүргізеді.

2. Қалдықтармен операциялар жасауға рұқсаты бар адамдар және қалдықтардың мемлекеттік тізілімінде тіркелген адамдар, қауіпті қалдықтар өндірушілер, тұрмыстық қалдықтарды қоспағанда, өздерінің қызметі процесінде құралған, жиналған, тасып әкелінген, кәдеге жаратылған немесе орналастырылған қалдықтар түрлерінің, санының, қасиетінің жүйелі есебін жүргізуге міндетті.

3. Қалдықтардың иелері қалдықтардың есебі жөніндегі деректерді бес жыл бойы сақтауы тиіс.

4. Қалдықтардың иелері оларды қалдықтардың мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы өзінің қызметі туралы жыл сайын қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне есеп береді. Есеп берудің нысаны мен тәртібі қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен белгіленеді.

5. Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері өнім өндірушілер мен оны импорттаушылардан және өзге ұйымдардан

дайындалатын бұйымдар мен осы ретте құралатын қалдықтар туралы деректерді талап е т у г е қ ұ қ ы л ы .

6. Қалдықтар саласындағы статистикалық есептер Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

### **313-бап. Қалдықтарды кәдеге жарату және олардың құралу көлемін азайту жөніндегі іс-шараларға**

#### **ынталандыру**

1. Қалдықтарды кәдеге жарату және олардың құралу көлемін азайту және қалдықтардың құралу көлемін азайтуға бағытталған технологияларды енгізетін, өнімдерді өндіру процесінде (жұмыстарды орындау, қызмет көрсету) қалдықтарды кәдеге жарататын, оларды жинау мен дайындауды, кәсіпорындар мен цехтар салуды жүзеге асыратын, сондай-ақ қалдықтарды кәдеге жарату үшін жабдықтау өндірісін ұйымдастыратын, қалдықтарды кәдеге жарату және олардың құралу көлемін азайту жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруға пайлық үлеспен қатысатын шаруашылық қызметі субъектілерінің қауіптілік деңгейін төмендету жөніндегі іс-шараларға ынталандыру мақсатында ынталандыру жүзеге асырылады.

2. Жергілікті атқарушы органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары қалдықтарды кәдеге жаратуға және олардың құралу көлемін азайтуға ынталандырумен байланысты қосымша іс-шаралар белгілей алады.

### **44-тарау. Қалдықтарды көму полигондарына және ұзақ мерзімді сақтау қоймаларына қойылатын экологиялық талаптар**

#### **314-бап. Қалдықтарды сақтау және көму орындары**

1. Қалдықтарды сақтау арнайы жабдықталған жерлерде (алаңдарда, көмбелерде, қоймаларда) кейін кәдеге жарату мақсатында қалдықтардың әр түрі үшін белгіленген к е з е ң г е с а қ т а л а д ы .

2. Қалдықтарды көму оларды алып қою ниетінсіз және олардың қоршаған ортаға әсеріне тұрақты мониторинг өткізу қажет болмаса олардың тұрақты орналасатын орны болып табылады. Қалдықтарды көму арнайы жабдықталған полигондарда жүргізіледі.

3. Қалдықтарды ұзақ уақыт сақтау олардың кейін орнының ауыстырылуы және (немесе) олардың қоршаған ортаға әсеріне тұрақты мониторинг жүргізілуі ықтимал тұрақты орналасатын орны болып табылады. Қалдықтар ұзақ уақыт сақталатын қоймаларға қойылатын экологиялық талаптар полигондарға қойылатын талаптарға ұқсас болады, бұл ретте оларды алып қою, тасымалдау, кейін кәдеге жарату немесе түпкілікті көму үшін техникалық мүмкіндік қамтамасыз етілуі тиіс.

4. Қалдықтарды сақтау мен көму шаруашылық жүргізудің қауіпті түріне жатады. Қалдықтарды сақтау мен көму орындары қауіпті өндірістік объектілер болып табылады.

### **315-бап. Қалдықтарды орналастыру полигондарының сыныптары**

1. Қалдықтар орналастырылатын әрбір полигон мынадай сыныптардың біріне:  
1) 1-сынып - инертті қалдықтар орналастырылатын полигон;  
2) 2-сынып - қауіпті қалдықтар орналастырылатын полигон сыныптарына  
с ы н ы п т а л а д ы .

2. Әртүрлі сыныптағы полигонда орналастыру үшін қалдықтардың тізбесін және оларға қойылатын нақтыланған талаптарды қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган айқындайды.

### **316-бап. Қалдықтарды орналастыру полигондарына қойылатын экологиялық талаптар**

1. Алдын ала өңдеусіз көмуге инертті қалдықтар ғана жатқызылуы мүмкін.

2. Қауіпті қалдықтар залалсыздандырылуға, қалыпты жағдайға келтірілуіне және әртүрлі қауіпті қасиетін төмендететін әдістермен өңделуге тиіс.

3. Полигондарда қауіпті және инертті қалдықтарды бірге орналастыруға тыйым  
с а л ы н а д ы .

4. Қалдықтарды белгілі бір сыныптағы полигонда қабылдау өлшемі:

1) қоршаған ортаны және халықтың денсаулығын қорғау (әсіресе жер асты және  
ж е р б е т і с у л а р ы ) ;

2) қалдықтарды полигон шегінде қалыпты жағдайға келтіру процестерін  
қ а м т а м а с ы з е т у ;

3) негізгі құрамды білу жөніндегі талаптар;

4) қалдықтардың органикалық компоненттерінің биологиялық бұзылуына қойылатын санына және икемділігіне байланысты талаптар мен шектеулер;

5) аталған өте зиянды/қауіпті компоненттердің санына қорғаныс өлшемдеріне  
с ә й к е с қ о й ы л а т ы н ш е к т е у л е р ;

6) қалдықтар мен құралатын сүзінділердің экоуыттылық қасиеттері тұрғысынан  
а й қ ы н д а л а д ы .

5. Қалдықтарды кездейсоқ қоқыстарда бақылаусыз орналастыруға тыйым салынады

6. Полигонның меншік иесі коммуналдық қалдықтар болған жағдайда олардың шығу тегін, әкеліну күнін, шығарушысын немесе жинаушысын бірдейлендіріп, ал қауіпті қалдықтар болған жағдайда, полигондағы нақты орналасу орнын көрсете отырып, орналастырылған қалдықтардың саны мен сипаттамасының есебін жүргізуді қамтамасыз етуге тиіс. Бұл ақпарат полигонның бүкіл жұмыс істеу кезеңінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға және статистика жөніндегі органдарға қ о л ж е т і м д і б о л у ғ а т и і с .

7. Әрбір полигон олардың қоршаған ортаға теріс әсерінің алдын алу үшін атмосфералық шығарындылардың (қоқыс газ), сүзудің және сақтауға қойылған қалдықтарда құралатын ақаба судың мониторинг жүйесімен жабдықталуы тиіс.

8. Полигонда көмуге арналған қалдықтардың саны және қауіпті қасиеттері тиісінше

азайтылуы, қалдықтармен жұмыс істеу техникалық жағынан жеңілдетілуі және оларды қалпына келтіру үлесі арттырылуы тиіс.

9. Полигондарда биологиялық ірітетін қалдықтарды көму көлемін азайту және қоқыс газдарды бақылау мен кәдеге жарату жүйесін енгізу жөнінде талаптар қою арқылы метан өндіруді азайтуға арналған шаралар қабылдануы қажет. Биологиялық ірітетін қалдықтарды көму жөнінде қабылданатын шаралар да биологиялық ірітетін қалдықтарды бөлек көмуге, сорттауға, қалпына келтіру мен рециклингін енгізуі тиіс.

10. Қоршаған ортаға қауіпті болдырмау үшін полигонның иесі қалдықтарды сыныптау негізінде, қалдықтар есебінің жүйесін, ал қажет болған жағдайда сынама алу мен талдау жүйесін қоса, қабылдаудың бірізделген рәсімін енгізуі тиіс.

11. Полигонның қоршаған ортаға ықтимал қолайсыз салдарларын анықтау үшін полигонның операциялық кезеңі мен рекультивациялау сатысында жалпы бақылау рәсімі, қалдықтарды көму полигонының жұмыс істеу мерзімі, сондай-ақ полигон иесінің қайта құнарландыру кезеңі ішіндегі міндеттері мен жауаптылығы көзделеді.

12. Жұмыс істеп тұрған қалдықтарды көметін полигонның қызметі уәкілетті органдармен келісілген кезең шегінде олардың осы кодекстің талаптарына бейімделуі жөнінде қажетті шаралар қабылдау үшін учаскеге сәйкес келтіру жөніндегі жоспар негізінде реттелуі тиіс.

13. Полигонның меншік иесі полигонды жапқаннан кейін жерлерді рекультивациялау жөнінде іс-шаралар жүргізу және қоршаған ортаға әсердің мониторингі үшін жою қорын құрады.

14. Қалдықтарды қабылдаудың стандартты рәсімі мен көму үшін қабылданатын қалдықтардың стандартты сыныптамасын уәкілетті органның келісімімен полигон иесі белгілейді.

15. Полигондарда қалдықтарды орналастыруға және полигонның құрамына қойылатын талаптардың сақталуын бақылауды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

### **317-бап. Полигондардың қабылдауына келмейтін қалдықтар**

1. Полигондарда мынадай қалдықтарды:

1) сұйық қалдықтарды;

2) полигон жағдайында айқындалғандай, жарылатын, коррозиялы, тұзданатын, өрт қаупі жоғары немесе өрт қаупі бар қауіпті қалдықтарды;

3) сумен реакцияға түсетін қалдықтарды;

4) жұқпалы медициналық немесе ветеринариялық мекемелердің ауруханалық және басқа клиникалық қалдықтарын;

5) тұтас пайдаланылған шиналарды, оларды рекультивациялау кезінде қалыптастырушы материал ретінде қолдануды қоспағанда;

6) жойылмайтын органикалық ластаушыларды құрайтын қалдықтарды;

7) п е с т и ц и д т е р д і ;

8) қабылдау өлшемін қанағаттандырмайтын қалдықтарды көмуге қабылдауға т ы й ы м с а л ы н а д ы .

2. Қабылдау өлшемін орындау мақсатында қалдықтарды араластыруға тыйым с а л ы н а д ы .

3. Жергілікті атқарушы органдар биологиялық ірітетін қалдықтарды көмуді азайту үшін, олардың рециклингi, компостерлеу, өнім немесе энергия өндіру мақсатында биогаз өндіру және (немесе) пайдалану жөніндегі шараларды қоса, бағдарламалар ә з і р л е у і т и і с .

4. Полигондарға осы Кодекстің 14-қосымшасында көрсетілген қатты тұрмыстық қалдықтардың, қатты және шламтәріздес өнеркәсіптік қалдықтардың түрлерін орналастыруға тыйым салынады.

**318-бап. Қауіпті қалдықтар полигондарына арналған ортақ талаптар**

1. Қауіпті қалдықтарды көму полигондары орналасатын жерлерде:

1) учаске шекарасынан тұрғын үй және рекреациялық аймақтарға, су жолдарына, су және басқа да ауыл шаруашылығы объектілеріне немесе қалалық аумақтарға дейінгі қ а ш ы қ т ы қ қ а ;

2) жер асты, жоғарғы қабаттағы сулардың немесе қорғалатын табиғи аумақтардың с а қ т а л у ы н а ;

3) геологиялық және гидрогеологиялық жағдайларға;

4) учаскені су басу, температураның төмендеуіне, шөгінді немесе сел қаупіне;

5) табиғи-мәдени қорлар объектілерін қорғауға қатысты талаптар ескерілуі тиіс.

2 . Т и і с т і ш а р а л а р :

1) судың полигонға қапыда құйылуын бақылау;

2) жоғарғы қабаттағы және (немесе) жер асты суларының қалдықтар көмілген жерге құ й ы л у ы н б о л д ы р м а у ;

3) ластайтын суды жинау және сүзгіден өткізу;

4) полигоннан жиналған суды өңдеу және талап етілетін тиісті стандартқа жеткізілгенге дейін сүзгіден өткізу үшін полигонның сипаттамасына және метеорологиялық жағдайларға байланысты қабылдануы тиіс.

3. Топырақты, жер асты суларын және жоғарғы қабаттағы суларды қорғауға полигон жабылғаннан кейін геологиялық кедергі мен жоғарғы экранның (жабу) пайдаланылуы мен қисындасуы кезеңі ішінде полигонның геологиялық кедергісі мен негіздеу экранының қисындасуы арқылы қол жеткізілуі тиіс.

4. Геологиялық кедергі полигонның төменгі және жақын учаскесіндегі топыраққа және жер асты суларына әлеуетті қауіпті болдырмау үшін босаңсымауға жеткілікті қабілетті қамтамасыз ететін геологиялық және гидрогеологиялық жағдайлармен а й қ ы н д а л а д ы .

5. Полигонның негізі мен қабырғасы топырақтың, жер асты сулары мен жоғарғы қабаттағы сулардың қорғалу уақыты бойынша бірлескен эффектісімен бірге су өткізбеу және қалыңдық талаптарын қанағаттандыратын минералдық қабаттан тұрады.

6. Табиғи геологиялық кедергі жоғарыда аталған жағдайларды орындамайтын учаскелерде оның жасанды құрылысы салынуы және балама қорғанысын қамтамасыз ететін басқа қосымша құралдармен бекітілуі мүмкін. Қолдан жасалған геологиялық кедергінің қалыңдығы кем дегенде 0,5 метр болуы тиіс.

7. Қоқыс газды жинау, өңдеу және пайдалану қоршаған ортаға келетін залалды немесе оның нашарлауын және халықтың денсаулығына қауіпті барынша азайтады.

8. Қалдықтар көмілетін полигондардың жұмыс істеуінің нәтижесі болып табылатын :

1) иістер мен шаңдардың эмиссиясын;

2) жел айдап әкелетін материалдарды, құралымдар мен аэрозолды;

3) шу мен қозғалысты;

4) құстарды, паразиттер мен құрт-құмырсқаларды;

5) өртті барынша азайту шаралары қабылдануы тиіс.

9. Қалдықтар орналастырылатын полигон лас учаскеден қоғамдық жолдармен және жақын маңдағы аумаққа шығарылмайтындай етіп жабдықталуы тиіс.

10. Полигон учаскесі басқа тұлғалардың еркін кіруінен қорғалуы тиіс. Әрбір техникалық құралға бақылау жасау және қол жеткізу жүйесі құралдардың заңсыз пайдаланылуын байқап, оған кедергі келтіру шараларының бағдарламасын қамтуы тиіс.

11. Қалдықтар орналастырылатын полигондарды басқаруды полигонды пайдалануға техникалық құралдары бар, кәсіби және техникалық білімді және полигонның қызметкерлер құрамын тренингпен қамтамасыз ететін жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады.

12. Рұқсат етілетін әсер ету деңгейі полигон орналасатын жердегі арнаулы гидрогеологиялық жағдайлар және қалдықтарды көму полигоны жобасының негізінде жер асты суларының сапасы назарға алына отырып, рұқсат етілген құжатта айқындалатын болады.

13. Рұқсат берілгеннен кейін полигонға Қазақстан Республикасының қалдықтардың мемлекеттік кадастрына енгізілген жеке тіркеу нөмірі беріледі. Полигон иесі полигонға қабылданған қалдықтардың есебін жүргізуге арналған құжат айналымы жүйесін әзірлеуге тиіс.

14. Қалдықтар орналастырылатын полигонының жобасында ол жабылғаннан кейін, жабу, рекультивациялау және ластануға мониторинг пен бақылау жүргізу үшін жою қорын құру көзделеді. Жою қорын қалыптастыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

15. Полигон иесі жыл сайын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға

көмілетін қалдықтардың түрлері мен саны туралы және жоспарлы бақылаудың нәтижелері туралы хабарлауға міндетті.

### **319-бап. Қалдықтарды қабылдау рәсімі**

1. Қалдықтарды полигонға тапсыратын қалдықтардың иесі полигонның иесіне қалдықтарды оның белгілі бір түріне жатқызуды растайтын, олардың сандық және сапалық сипаттамалары туралы және оның ішінде қалдықтың қауіптілік паспортының көшірмесі ілесе жүретін дұрыс ақпарат табыс етуге міндетті.

2. Полигондардың иелері осы полигонға орналастыруға рұқсат етілген, ол экологиялық рұқсатпен расталған қалдықтардың түрлерін ғана қабылдауға құқылы.

3. Полигондардың иелері басқа ұйымдардан қалдықтар қабылдаудың мынадай р е с і м д е р і :

1) қалдықтардың қауіптілігі паспортын қоса алғанда, қалдықтардың құжаттамаланын тексеру ;

2) қалдықтарды, тергеу ретінде, кіреберісте және орналастырылатын жерде рұқсатнамалық тінту ;

3) қалдықтар иесі берген құжаттамадағы мазмұндалған сипаттаманы тексеру;

4) муниципальдық қалдықтар жағдайында және қауіпті қалдықтар жағдайында орналастырылған қалдықтардың шығутегі, жеткізу күні, өндірушінің немесе жинаушының ұқсастыруы көрсетіле отырып, олардың саны мен сипаттамасының, полигонға орналастырылған дәл орнының тіркелуін (тізілуін) жүргізу рәсімдері сақталды ;

5) полигонға радиоактивті заттардың келуін болғызбау үшін әрбір қалдық жиынтығына дозиметрлік бақылау жүргізу қажет.

4. Полигонның иесі учаскеде қабылданған әрбір жеткілімнің алынғанын жазбаша расталуын тұрақты түрде қамтамасыз етуге және осы құжаттаманы кем дегенде 5 жыл сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

5. Түсетін қалдықтардың массасын анықтау үшін қабылдау пункттерінде өлшеуіш аспаптар қойылады.

### **320-бап. Полигонды пайдалану сатысындағы бақылау мен мониторинг**

1. Полигонның иесі қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға қоршаған ортаға әсердің мониторингін жүргізу туралы есеп береді.

2. Полигонның иесі бақылау жасау мен мониторинг жүргізу нәтижесінде анықталған, қоршаған ортаға айтарлықтай қолайсыз әсер еткен шартты түрдегі кез келген әсер туралы уәкілетті органды хабардар етуге, уәкілетті орган қабылдаған түзетуші шаралардың сипаты мен мерзімдері жөніндегі нұсқауларын назарда ұстауға тиіс .

3. Бақылау жасауды, мониторинг және (немесе) саралау жүргізуді аттестатталған зертханалар орындауы тиіс .



4. Сүзгі сынама мен жер бетіндегі су сынама репрезентативті пункттерде алынуы тиіс. Сүзгіні іріктеу және оның көлемі мен құрамын өлшеу сүзгі бөлініп шығатын әрбір пунктте жеке орындалуы тиіс.

5. Жер бетіндегі су мониторингі екі пунктте кемінде екі рет, бірі полигоннан жоғары ағысы бойынша және екіншісі төмен ағысы бойынша орындалуы тиіс. Газ мониторингі полигонның әрбір секциясы үшін ұсынылуы тиіс.

6. Іріктеу мен саралауды жүзеге асырудың жиілігі қалдықтар полигонын орналастыруға берілген рұқсатқа тіркелген мониторинг бағдарламасына негізделеді.

7. Өлшенетін параметрлер мен қайта талданатын заттар - орналастырылатын қалдықтардың құрамына қарай түзетіледі.

8. Жер асты суларынан алынған, сынамада талданатын параметрлер сүзгінің күтіліп отырған құрамымен және осы жердегі жер асты суларының сапасымен қамтамасыз етілуі тиіс. Талдама есебі үшін параметрлерді таңдау процесінде жер асты суларының жылдамдығы мен ағыс бағыты анықталуы керек. Параметрлер су сапасындағы бұрын анықталған өзгеріске кепілдік беру үшін индикативтік көрсеткіштерді қамтуы мүмкін.

### **321-бап. Жабу және кейін күтім жасау (рекультивациялау) рәсімдері**

1. Қалдықтарды және оның бөлігін көму полигон жабу рәсімін оған экологиялық рұқсат алғаннан кейін бастауға тиіс.

2. Қалдықтарды көму жөніндегі полигон немесе оның бөлігі уәкілетті орган жергілікті жерде қорытынды тексеру жүргізгеннен кейін, полигон иесі берген барлық хабарламаларды бағалап, полигонды жабуды өзінің мақұлдағаны, рұқсат шарттары орындалмаған кезде полигон иесінің қайсыбір тәсілмен жауапкершілігін төмендетпеуі туралы хабардар еткен соң айқын жабылған болып есептеледі.

3. Қалдықтарды көму жөніндегі полигон жабылғаннан кейін полигон иесі аумаққа кейінгі күтім жасауды (рекультивациялауды) жүзеге асырады және 1-сыныптағы полигондар үшін 20 жыл ішінде, 2-сынып полигондары үшін 30 жыл ішінде қоқыс газ шығарудың сүзіндінің мониторингін жүргізеді.

4. Полигонның иесі мониторинг рәсімдеріне сәйкес анықталған, қоршаған ортаға айтарлықтай шартты кез келген қолайсыз әсер туралы уәкілетті органдары хабардар етуге және полигонның қалдықтарды көмуге қоршаған ортаға ықтимал қауіп тудыратын мерзімі ішінде уәкілетті органдардың түзетуші шаралардың сипаты мен жүзеге асыру бөлігіндегі шешімдерін орындауы тиіс.

5. Полигон иесі жобаның шарттарына сәйкес полигонды рекультивациялау жұмысын орындағаннан кейін және уәкілетті органдардың қатысуымен орындалған жұмыстар қабылдау комиссиясының актісімен қабылданғаннан кейін полигон иесі қоршаған ортаға мониторинг жүргізуді тоқтатады.

**45-тарау. Радиоактивті қалдықтарды сақтау және көму пункттеріне қойылатын экологиялық талаптар**

## 322-бап. Радиоактивті қалдықтар және оларды сыныптау

1. Радиоактивті қалдықтарға одан әрі пайдалануға келмейтін, кез келген жай-күйдегі мынадай заттар:

1) радионуклидті сіңіруі нормативтік құқықтық актілерде белгіленген деңгейден жоғары болатын материалдар, бұйымдар, жабдық, шығу тегі биологиялық тұрғыдағы объектілер;

2) пайдаланылған, қайта өңделуге келмейтін ядролық отын;

3) өзінің ресурсын тауысқан немесе зақымданған радионуклидті көздер;

4) жер қойнауынан алынған және үйінділерге және жер қыртыстарына қоймаланған тау жынысы, кендер мен байыту қалдықтары және радионуклидті сіңіруі нормативтік актілерде белгіленген деңгейден жоғары болатын сілтісіздендіру кендері жатады.

2. Радиоактивті қалдықтарды сыныптау негізіне радионуклидтің агрегаттық жай-күйі, шығу тегі, радиоактивті деңгейі, жартылай жойылу кезеңі жатады.

3. Агрегаттық жай-күйіне қарай радиоактивті қалдықтар сұйық және қатты қалдықтарға бөлінеді. Сұйық радиоактивті қалдықтарға органикалық емес заттардың ерітінділері, сүзгілік материалдардың пульптері, органикалық сұйықтар жатады, Қ қатты қалдықтарға бұйымдар, машинаның және механизмдердің бөлшектері, материалдар, биологиялық объектілер, егер радионуклидтің оларда сақталған белсенділік үлесі осы Кодекстің 15-қосымшасында келтірілген ең аз мәнді белсенділік үлесінен мәнділігі жоғары болса, ал радионуклидтің құрамында белгісіз белсенділік үлесі:

1) бета- сәуле түсіруші радионуклид үшін - 100 кБк/кг;

2) альфа- сәуле түсіруші радионуклид үшін - 10 кБк/кг;

3) трансурандық радионуклид үшін - 1кБк/кг көп болса, радиоактивті сәулелердің пайдаланылған көздері жатады.

4. Радиоактивті қалдықтар құралу көздері бойынша:

1) тау-кен өнеркәсібі қалдықтарына;

2) зерттеу және энергетикалық ядролық қондырғылар қалдықтарына;

3) ядролық жарылыс қалдықтарына;

4) халық шаруашылығы салалары бойынша радиоизотопты өнімдерге сыныпталады

Радиоактивті қалдықтардың сипатты параметрлері осы Кодекстің 16-қосымшасында келтірілген.

5. Радиоактивті қалдықтар радиоактивтілік деңгейі бойынша:

1) белсенділік үлесі (кБк/кг): бета- сәуле түсіруші радионуклид үшін - 1000-нан кем; альфа- сәуле түсіруші радионуклид үшін - 100-ден кем; трансурандық радионуклид үшін - 10-нан кем қалдықтар белсенділігі төмен қалдықтарға;

2) белсенділік үлесі (кБк/кг): бета- сәуле түсіруші радионуклид үшін - 1000-нан 10000000-ға дейін; альфа- сәуле түсіруші радионуклид үшін - 100-ден 1000000-ға дейін;

трансурандық радионуклид үшін - 10-нан 10000-ға дейінгі қалдықтар белсенділігі  
о р т а ш а қ а л д ы қ т а р ғ а ;

3) белсенділік үлесі (кБк/кг): бета- сәуле түсіруші радионуклид үшін - 10000000-нан астам; альфа- сәуле түсіруші радионуклид үшін - 1000000-нан астам; трансурандық радионуклид үшін - 10000-нан астам қалдықтар белсенділігі жоғары қалдықтарға сыныпталады.

### **323-бап. Радиоактивті қалдықтарды сақтау және (немесе) көму пункттерін сыныптау**

1. Радиоактивті қалдықтарды сақтау және (немесе) көму пункттеріне радиоактивтерді сақтауға және (немесе) көмуге пайдаланылатын қарапайым (табиғи) немесе жасанды алаңдар, ыдыстар немесе үй-жайлар жатады.

2. Көму пункттеріне радиоактивті қалдықтарды көму пункттеріне қалдықтарды алып кету көзделмей орналастырылатын пункттер жатады.

3. Радиоактивті қалдықтарды сақтау пункттері радиоактивті қалдықтарды:

1) табиғи радионуклидті басым құрайтын геологиялық барлау, тау-кен өндіру және тау-кен ұқсату қызметтерінен;

2) табиғи радионуклидті басым құрайтын ядролық энергетикадан, ядролық жарылыс пен радиоизотопты өнімдерден қабылдау бойынша бөлінеді.

4. Радиоактивті қалдықтарды жинау алаңының ауқымы бойынша РҚСП локальды (жергілікті) және өңірлік пункттер болып бөлінеді. Өңірлік РҚП-не әртүрлі қызмет қалдықтарын немесе бір әкімшілік ауданнан артық болмайтын аудан қалдықтарын орналастыруға арналған пункттер жатады.

### **324-бап. Радиоактивті қалдықтарды сақтау пункттеріне және радиоактивті қалдықтарды көму пункттеріне қойылатын экологиялық талаптар**

1. Барлық радиоактивті қалдықтарды сақтау пункттері және радиоактивті қалдықтарды көму пункттері жобалары мемлекеттік экологиялық сараптамадан, сондай-ақ мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық сараптамадан өткізілуі тиіс. Жобалау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

2. Ерекшелігі ескеріле отырып, жобада:

1) радиоактивті қалдықтардың құралу көздері, радиоактивті қалдықтардың сандық және сапалық сипаттамасы, табиғи орта параметрлері, радиоактивті қалдықтарды сақтау пункттері және радиоактивті қалдықтарды көму пункттері болжамды әсер ету радиусында қоршаған ортаға радиоактивті әсер етудің басқа да көздері;

2) ұйымдық құрылым, өндірістік радиациялық бақылау жүргізу тәртібі;

3) халыққа дозалық жүктеменің есептері, радиоактивті қалдықтардың қоршаған ортаға болжамды әсер ету радиусында радиацияның барлық рұқсат етілген және бақыланатын әсер ету көздерінің деңгейі мен бағасы көрсетілуі тиіс.

3. Жобада халықтың күйзелісті тобына дозалық жүктеме бағасын қамтитын, қоршаған ортаға әсер ету ескерілген геотехникалық және экономикалық бағалау негізінде баламалық қатарда пункт құрылысы орнын таңдау негізделуі тиіс.

4. Инженерлік іздестіру, геодезиялық, геологиялық және гидрометеорологиялық іздестірулерді қоса, негіздеу үшін жеткілікті:

1) пункт орналастырылатын орынды таңдау және оның табиғи және техногендік факторлардың қолайсыз ықпалынан инженерлік қорғанысының;

2) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралардың бастапқы деректерін қамтуы т и і с .

5. Радиоактивті қалдықтарды сақтау пункттері және радиоактивті қалдықтарды көму пункттері жобаларында дезактивация немесе басқа қызметтен кейін бүлінген жерлерді рекультивациялау көзделуі қажет.

6. Радиоактивті қалдықтарды сақтау пункттері маңында радиусы 1000 метр, өзгерісі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылуы мүмкін санитариялық-қорғаныс аймағы белгіленеді.

7. Радиоактивті қалдықтарды сақтау мен көму пункттеріне орналастыруға:

1) тұрғын үй құрылысы аумақтарында;

2) аумақтық жер қойнауын қорғау геологиялық басқармалары мен инспекцияларының келісімінсіз пайдалы қазбалар жатқан алаңда;

3) белсенді карст аймақтарында;

4) шөгінділер, сел мен қар көшкіні аймақтарында;

5) батпақтанған жерлерде;

6) ауыз судың жер асты суларымен қосылған аймақтарында;

7) курорттардың санитариялық қорғаныс аймақтарында;

8) қалалардың жасыл аймақ аумақтарында;

9) қорғалатын табиғи объектілер аумақтарында;

10) шаруашылық-ауыз сумен жабдықтаушы жер асты және жер беті көздері санитариялық қорғаныс аймақтарының I, II, III белдеуі, су тазалайтын құбырлар құрылысы, магистралдық су тасу аумағында;

11) су бөлу аумағында;

12) ормандар, орман саябақтары және басқа жасыл екпелер өсірілген немесе өсіруге арналған, қорғаныс және санитариялық-гигиеналық функцияларды орындайтын және халықтардың демалатын орындары болып табылатын жерлерде жол берілмейді.

8. Жер учаскесін құрылысқа таңдау кезінде мынадай шарттарды:

1) ауыз суға және техникалық сумен жабдықтауға жарамсыз грунт суларды м и н е р а л д а у б о й ы н ш а ;

2) сорбцион-сыйымдылығы жоғары араласушы тау жынысы;

3) жер асты сулары жатқан айтарлықтай тереңдік (60 метр және одан да жоғары);

4) грунт судың радиоактивті қалдықтар пункттері түбінен 4 метрден бергі айдынды

т е р е н д і к т і ;

5) су жүретін белдеулер болып табылмайтын және төмен жатқан су жүретін белдеулермен гидравликалық байланысы жоқ геологиялық қабатты;

6) сейсмикалық қауіпті опырылудан 40 шақырым қашықтыққа дейін опырылмалы тектониканың және тез жарылуға бейімдіктің болмауын;

7) тастанды сулар құрауға, отыруға, құлауға өте төмен сезімталдықты;

8) эрозияның болмауын;

9) геоморфологиялық тұрақтылықты;

10) қатты және өте тығыз топырақ және іргетас жынысын;

11) іргетастың мықтылығы 10 метрден асатын, су өтпейтін жынысын;

12) 5 %-тен аспайтын еңісті шағын қыратты жерді;

13) жақын маңдағы жер асты және жер беті сулары бас тоғанына дейінгі немесе жер беті маңындағы су көздеріне дейінгі қашықтықтың 4 шақырымнан бері болмауы;

14) іс жүзінде пайдалану айтарлықтай экономикалық тиімділік бермейтін жерді, әлеуетті пайдаланудың да танылған бағасы болмайтын жерді;

15) 4 шақырым қашықтықта айтарлықтай мәдени және ұлттық құндылықтар болмас а ;

16) туристік мәнділігі жоқ және жақын орналасқан елді мекендердің тұрғындар сирек баратын жерлерді сақтау қажет.

9. Осындай шарттардың бірі сақталмаған кезде қоршаған ортаны пунктке зиянды әсерден қорғау жөніндегі іс-шаралар немесе пунктті табиғи және техногендік ф а к т о р л а р д а н :

1) суды аз өткізетін және сорбцион-сыйымды материалдардан (полиэтиленнен, бетоннан, керамикадан, саздан, цеолиттен) инженерлік кедергілер жасау;

2) жер бетіндегі, грунттық және жер асты суларының пункттерді айналып өтуін қамтамасыз ететін дренаждық жүйелер жасау арқылы қорғау жөніндегі іс-шаралар ә з і р л е у і т и і с .

10. Белсенділігі төмен уран және уран емес тау-кен өндіру және ұқсатушы кәсіпорындар үшін радиоактивті қалдықтарды аэрация аймағынан төмен орналастыра отырып және сорбцион-сыйымдылық қасиеті жоғары (радионуклидтердің пункттен тыс көшу ықтималдығын болдырмайтын) басқа тау жыныстары арасында бұрын алынған кен өнімдерін пайдалануы мүмкін.

11. Белсенділігі орташа уран және уран емес тау-кен өндіру және ұқсатушы кәсіпорындар үшін, сондай-ақ саздан, цеолиттен және басқа радионуклидті материалдардан жасалған техникалық кедергілердің қосымша құрылысымен бірге бұрын алынған кен өнімдері де пайдаланылуы мүмкін.

12. Рельфтегі табиғи төмендеу су өткізбейтін жыныстардан немесе басқа материалдардан жасалған табиғи және жасанды төсеніш болған кезде белсенділігі төмен сұйық қалдықтарды ұзақ мерзімге орналастыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

13. Сұйық қалдықтарды көмуге тыйым салынады. Сұйық қалдықтар қоршаған ортада жұмсақ тау жынысы ылғалданғанға дейін сорғытылуы немесе жойылуы тиіс.

14. Белсенділігі орташа қалдықтар үшін міндетті түрде қорғаныс іс-шаралары мен сигнал беру, белсенділігі төмен радиоактивті қалдықтарды сақтау пункттері және радиоактивті қалдықтарды көму пункттері үшін жеткілікті іс-шаралар көзделеді.

15. Радиациядан қорғану жөніндегі дозалық жүктеменің есебі мен тиімді шаралар әзірлеу халықтың сыни тобы бойынша ұжымдық дозаның есебі негізінде жүзеге асырылады. Сыни топ (немесе бірнеше топ) радиоактивті заттар халықтың осы тобы арқылы жететін сыни жолды талдау және анықтау негізінде айқындалады.

16. Жер беті, грунт және жер асты суларының радиациялық ластану есебі су сиятын тау жыныстары ерітінділерінің сүзгіден өту жылдамдығын және ластануын, олардың көшу қабілетін және сорбциондық мүмкіндіктерін айқындау үшін орындалатын арнаулы гидрологиялық және гидрогеологиялық зерттеулер жүргізу негізінде о р ы н д а л а д ы .

17. Радиациялық залал авариялық оқиғалар кезінде рекультивация жұмыстарын жүргізу жөніндегі қорғаныш шараларын орындауға арналған іс-шаралардың құны бойынша алғаш жақындасумен бағаланады.

#### **46-тарау. Парник газдарының эмиссиясы мен сіңірілуі саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу**

##### **325-бап. Климатты және Жердің озон қабатын қорғаудың негізгі принциптері**

Климатты және Жердің озон қабатын қорғау мынадай принциптерге:

1) адамның өмірі мен денсаулығын қорғаудың басымдығы, климаттың өзгеру және Жердің озон қабатының күйзеліске ұшырау салдарларын (ғаламдықты қоса алғанда) болдырмау және жеңілдету, қоршаған ортаға, табиғат ресурстарына және адам денсаулығына қолайсыз әсерді болдырмау;

2) экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қолайсыз экологиялық жағдайдағы аумақтарда бұзылған табиғи экологиялық жүйені қалпына келтіру;

3) климаттың қалпына келмейтін өзгерісіне және Жердің озон қабатының тозуына ж о л б е р м е у ;

4) парник газдардың және атмосфераға озон бұзушы заттардың шығарындыларын, сондай-ақ озон бұзушы заттарды өндіруді, олардың импорты мен экспортын және тұтынылуын мемлекеттік реттеудің міндеттілігі;

5) климаттың өзгерісі мен Жердің озон қабатының тозуы туралы ақпараттардың толық және дұрыс жариялылығы;

6) климат пен Жердің озон қабатын қорғаудың ғылыми негізділігі, жүйелілігі және к е ш е н д і к ө з қ а р а с ы ;

7) экологиялық заңнама талаптарын сақтаудың міндеттілігі және оны бұзғаны үшін жауаптылықтың болмай қоймайтыны принциптеріне негізделеді.

### **326-бап. Климатты және Жердің озон қабатын қорғау саласын мемлекеттік басқару**

Климатты және Жердің озон қабатын қорғау саласындағы мемлекеттік басқаруды Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы жүзеге асырады.

### **327-бап. Климат пен Жердің озон қабатын қорғау бағдарламалары және оларды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар**

1. Климат пен Жердің озон қабатын қорғау саласындағы уәкілетті атқарушы орган және басқа мемлекеттік басқару органдары немесе олардың аумақтық органдары парник газдардың атмосфераға шығарылуын және озон бұзушы заттардың тұтынылуын азайту жөніндегі іс-шараларды, парник газдар шығарындыларының мониторингі деректерін, парник газдар шығарындыларын бақылау және озон бұзушы заттарды тұтыну нәтижелерін ескере отырып, тиісті мемлекеттік, салалық органдар жергілікті өкілді және атқарушы органдардың келісімімен климат пен Жердің озон қабатын қорғау жөніндегі өңірлік мақсатты бағдарламалар мен іс-шаралар әзірлейді.

2. Климат пен Жердің озон қабатын қорғау бағдарламаларының жобалары климаттың өзгеруі мен Жердің озон қабатының күйзеліске ұшырауын болдырмау және оларды жеңілдету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау мен жүзеге асыру кезінде азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің пікірлерін ескеру мақсатында, солардың т а л қ ы л а у ы н а   ұ с ы н ы л у ы   м ү м к і н .

3. Климат пен Жердің озон қабатын қорғау бағдарламаларын қаржыландыру және оларды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

### **328-бап. Парник газдарын шығарудың рұқсат етілген шегі (нормативтер мен квоталар) және озон бұзатын заттардың тұтынылуын регламенттеу**

1. Парник газдарын шығарудың рұқсат етілген шегі және озон бұзатын заттардың тұтынылуын регламенттеу мақсатында парник газдарын шығаруға және озон бұзатын заттар тұтынуға шекті рұқсат (нормативтер немесе квоталар) етілген шығарындылар б е л г і л е н е д і .

2. Парник газдардың шекті рұқсат (нормативтер немесе квоталар) етілген шығарындыларын, парник газдары шығарындылары көздерінің жекелеген түрлері үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті атқарушы органы белгілейді.

3. Озон бұзатын заттарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, қоршаған ортаны қорғау саласында уәкілетті органның рұқсаты негізінде жүзеге асады.

### **329-бап. Парник газдар мен реттелетін заттар шығаруға жол беретін шаруашылық және өзге қызметтерге қойылатын ортақ талаптар**

1. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген климат пен Жердің озон қабатын қорғау талаптарына жауап бермесе, жаңа техникаларды, технологияларды, материалдарды, заттарды және басқа да өнімдерді енгізуге, сондай-ақ техникалық жабдықтарды және басқа техникалық құралдарды қолдануға т ы й ы м с а л ы н а д ы .

2. Озон бұзатын заттарды және олардан құралатын өнімдерді Қазақстан Республикасына әкелу және Қазақстан Республикасынан әкету, сондай-ақ озон бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыс істеу озон бұзушы заттар құрайтын жабдықтарды жөндеу, монтаждау, оларға қызмет көрсету шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлері болып табылады.

3. Қалалық және өзге де құрылыстар маңдарындағы шаруашылық және өзге де қызмет объектілерін жоспарлау, орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру парник газдарының өте аз шығарылуы және сіңіру абсорбциясы сақталуы ескеріле отырып жүргізіледі.

4. Озон бұзушы заттарды өндіру, оларды импорттау мен пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

### **330-бап. Климат пен Жердің озон қабатына зиянды әсер ететін көздердің мемлекеттік есебі**

1. Климат пен Жердің озон қабатына әсер ететін, атмосфераға парник газдарын шығаратын және озон бұзушы заттары бар заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекеттік есепке алынуы тиіс.

2. Климат пен Жердің озон қабатын қорғау саласында белгіленген тәртіппен статистикалық қадағалауды жүзеге асыратын ұйымдардың тізбесін мемлекеттік статистика саласындағы органдардың келісімімен Қазақстан Республикасының климат пен Жердің озон қабатын қорғау саласындағы уәкілетті органы айқындайды.

### **331-бап. Озон бұзушы заттардың мемлекеттік есебі және мемлекеттік кадастры**

1. Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасы бойынша халықаралық міндеттемелер мен есептіліктің орындалуына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жыл сайын Монреаль хаттамасымен реттелетін, озон бұзушы заттарды тұтынудың мемлекеттік кадастрын ұйымдастырады.

2. Озон бұзушы заттардың мемлекеттік кадастрын дайындау үшін озон бұзушы заттарды әкелетін және тұтынатын заңды тұлғалар жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың екінші тоқсанынан кешіктірмей, қоршаған отаны қорғау саласындағы уәкілетті органға озон бұзушы заттардың жылдық тұтынылуы туралы деректерді табыс е т е д і .

3. Озон бұзушы заттардың мемлекеттік кадастрының деректері ашық және белгіленген тәртіппен жариялануы тиіс.



### **332-бап. Парник газдардың мемлекеттік инвентаризациясы және мемлекеттік кадастры**

1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 333-бабының 1-тармағында аталғандарын қоспағанда, барлық парник газдардың көздерінен және сіңіру абсорбцияларынан шығарылған антропогендік шығарындылар кадастрын жыл сайын әзірлеу үшін парник газдар эмиссиясы мен сіңірілуінің мемлекеттік инвентаризациясының өткізілуін ұйымдастырады.

2. Парник газдардың эмиссиясы мен сіңірілуінің инвентаризациясын өткізу үшін парник газдардың көздері мен сіңірушілері бар заңды тұлғалар жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдан кешіктірмей, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға парник газдардың эмиссиясы мен сіңірілуінің инвентаризациясы мен кадастрын жүргізу үшін қажетті бастапқы ақпараттарды табыс етеді.

3. Парник газдардың эмиссиясы мен сіңірілуі мемлекеттің кадастрының деректері ашық және белгіленген тәртіппен жариялануы тиіс.

### **XI бөлім. Төтенше экологиялық жағдай және экологиялық апат аймақтары**

#### **47-тарау. Төтенше экологиялық жағдайлар және экологиялық апат аймақтарын құқықтық реттеу**

##### **333-бап. Төтенше экологиялық жағдай және экологиялық апат аймағы**

1. Төтенше экологиялық жағдай - аумақта туындаған экологиялық жағдай, онда шаруашылық және өзге де қызмет немесе жаратылыс табиғи процестер нәтижесінде қоршаған ортада халықтың денсаулығына, табиғи экологиялық жүйелердің, өсімдіктер мен жануарлардың генетикалық қорларының жай-күйіне қауіп төндіретін тұрақты теріс өзгерістер жүреді.

2. Экологиялық апат - аумақ учаскесінде туындаған экологиялық жағдай, онда шаруашылық және өзге де қызмет немесе жаратылыс табиғи процестер нәтижесінде халықтың денсаулығының едәуір нашарлауына, табиғи экологиялық жүйелердің бұзылуына, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі жай-күйінің нашарлауына әкеп соқтырған қоршаған ортаның терең орны толмас өзгеруі жүреді.

3. Стихиялық апаттар (жер сілкіну, сел, цунами), авариялық жағдайлар (жарылыс, мұнайдың төгілуі, өрт), геохимиялық аномалиялар төтенше экологиялық жағдайға және экологиялық апатқа жатайды.

4. Халықтың денсаулығына қауіп деп қоршаған ортаның ластануына байланысты денсаулықтың қайталама бұзылу жиілігінің артуы түсініледі.

Халық денсаулығының едәуір нашарлауы деп қоршаған ортаның ластануынан туындаған денсаулықтың өмірмен сыйыспайтын орны толмас бұзылуының артуы, өлім себептері құрылымының өзгеруі және ерекше өзіндік аурулардың пайда болуы, сондай-ақ қоршаған ортаның ластануына байланысты денсаулықтың қайталама бұзылуы

жиілігінің артуы түсініледі.

5. Аумақтарды төтенше экологиялық жағдай және экологиялық апат аймақтарына жатқызу экологиялық жағдайларды нашарлататын көздер мен факторларын анықтау және экологиялық қолайсыздық деңгейін тұрақтандыру мен төмендету, қоршаған ортаға шаруашылық және өзге де қызметтің әсер ету деңгейін төмендету, табиғи ресурстарды қалпына келтіру және халықтың денсаулығына әсер ету салдарларын барынша азайту жөнінде негізделген кейінге қалдырылмайтын шаралар әзірлеу мақсатында жүзеге асырылады.

**334-бап. Жекелеген аумақтарды төтенше экологиялық жағдай және экологиялық апат аймағы деп жариялау тәртібі**

1. Өзінде төтенше экологиялық жағдай және экологиялық апат болжанатын аумақты зерттеу мақсатында комиссия құрылады.

2. Жергілікті атқарушы органдар және өзге де мемлекеттік органдар:

1) болжанатын қолайсыз экологиялық жағдайы бар аумақта тұратын тұрғындардың;

2) өкілді органдар депутаттарының;

3) қоғамдық бірлестіктердің;

4) мемлекеттік органдардың өтініштері бойынша комиссия құруға бастамашы болуға құқылы.

3. Комиссия құрамына қоршаған ортаны қорғау, білім және ғылым, денсаулық сақтау, индустрия және сауда, энергетика және минералдық ресурстар, ауыл шаруашылығы, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы, төтенше жағдайлар жөніндегі уәкілетті органдардың, қаралып отырған өңірдің жергілікті атқарушы органдарының, жұртшылық пен басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен мекемелердің өкілдері кіреді.

4. Комиссия:

1) аумақтың экологиялық жай-күйін;

2) қолайсыз экологиялық жағдайдың туындау себептерін;

3) қайсыбір тозу деңгейіне ұшыраған аумақтардың шекараларын;

4) болжанатын қолайсыз экологиялық жағдайдың залалын, кеңею мүмкіндігін;

5) болжанатын қолайсыз экологиялық жағдайды жою жөніндегі қажетті шараларды;

6) болжанатын қолайсыз экологиялық жағдайдың туындауын негіздейтін факторларды жою мақсатында оны жоюға қажетті құралдарды;

7) болжанатын қолайсыз экологиялық жағдайдың туындауын негіздейтін шаруашылық қызмет түрлерін айқындау мақсатында материалдарды жинау мен талдауды жүзеге асырады.

5. Қолда бар материалдар жеткіліксіз болған жағдайда, комиссия тиісті мемлекеттік

органға қосымша зерттеулер жүргізу қажеттігі туралы ұсыныс енгізеді.

6. Аумақты зерттеу материалдары денсаулық сақтау және ғылым салаларындағы уәкілетті органдардың қорытындысымен бірге мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға беріледі.

7. Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысында аумақты экологиялық жағдай және экологиялық апат аймағына жатқызу не жатқызбау туралы тұжырым  
б о л у ғ а т и і с .

8. Аумақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік экологиялық сараптамасының оң қорытындысы, сондай-ақ денсаулық сақтау және ғылым салаларындағы уәкілетті органдардың қорытындылары негізінде:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен - төтенше экологиялық жағдай а й м а ғ ы ;

2) Қазақстан Республикасының заңымен экологиялық апат аймағы деп ж а р и я л а н а д ы .

9. Осы баптың 8-тармағында аталған нормативтік құқықтық актілерде:

1) экологиялық жағдай немесе экологиялық апат аймақтарының шекаралары;

2) экологиялық жағдай және экологиялық апат аймағы деп жариялау мерзімдері;

3) экологиялық жағдай немесе экологиялық апат аймақтарының құқықтық режимі;

4) тиісті аумақтағы қолайсыз экологиялық жағдайды тұрақтандыру және дәрежесін азайту жөніндегі шаралар не оны әзірлеу жөніндегі сілтеме;

5) экологиялық жағдай немесе экологиялық апат салдарынан зардап шеккен халықты әлеуметтік қорғау шаралары көрсетіледі.

10. Табиғи ресурстарды молайту, қоршаған табиғи ортаны сауықтыру, халыққа медициналық көмек көрсету жөніндегі іс-шаралар Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен республикалық мақсатты бағдарламаларға сәйкес саралана жүзеге асырылады.

### **335-бап. Аумақтардың экологиялық жағдайын бағалау**

1. Аумақтағы экологиялық жағдайды бағалау өлшемдердің қосымша немесе көмекші түрлерін пайдалану арқылы өлшемдердің басты түрлерінің негізінде жү р г і з і л е д і .

2. Аумақтағы экологиялық жағдайды бағалау өлшемдері - халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаның жай-күйінің нашарлауын сипаттауға мүмкіндік беретін к ө р с е т к і ш т е р ж и ы н т ы ғ ы .

3. Төтенше экологиялық жағдайлар және экологиялық апат аймақтарын айқындау барынша жоғары экологиялық қолайсыздық деңгейін көрсететін бір немесе бірнеше негізгі және қосымша көрсеткіштермен жүзеге асырылады.

4. Экологиялық жағдайды бағалау өлшемдері осы Кодекске 18-қосымшада келтірілген.

### **336-бап. Төтенше экологиялық жағдайлар және экологиялық апат аймақтарындағы құқықтық режим**

1. Белгілі бір аумақта төтенше экологиялық жағдайлар мен экологиялық апаттың құқықтық режимі енгізілген жағдайда мынадай іс-шаралар:

1) қолайсыз экологиялық жағдайдың туындауын негіздейтін объектілер қызметін тоқтату немесе шектеу;

2) табиғи ресурстарды қалпына келтіру (молықтыру), қоршаған ортаны сауықтыру жөнінде жедел шаралар;

3) халыққа тұрақты немесе уақытша тұруы үшін, оларға мекендейтін үй-жайлар бере отырып, оларды тұруға қауіпті жерлерден алып кету;

4) карантин белгілеу және басқа да санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды;

5) ауырған, өлу қаупі туған жағдайда жануарларға көмек беру жөнінде қажетті жұмыстар жүргізу;

6) келу және кетудің ерекше режимін белгілеу, көлік құралдарының қозғалысын шектеу;

7) жаңа құрылыс салуға және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар мен басқа да объектілерді кеңейтуге, төтенше экологиялық жағдайларды жоюмен және халықтың тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз етумен байланысты емес қызметке уақытша тыйым белгілеу;

8) тамақ өнімдерін және халық арасында алғаш тұтынылуы қажет заттарды бөлудің ерекше тәртібін енгізу;

9) жоғары экологиялық қауіп төндіретін объектілерді салу мен олардың жұмыс істеуіне тыйым салу;

10) осы аймақта экологиялық жағдайды ушықтыруы мүмкін ерекше қауіпті заттар (химиялық, радиоактивті, уытты, жарылғыш, тұзданушы, жанатын, биологиялық агенттер және сол сияқтылар), өсімдіктерді қорғау құралдары, қасиеттерінің жиынтығына;

11) санитариялық-курорттық орындардың жұмыс істеуіне;

12) адамдарға, өсімдіктер, жануарлар дүниесіне және басқа табиғи объектілерге жоғары экологиялық қауіп бар басқа да қызметтерді жүзеге асыруға тыйым салынады.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары төтенше экологиялық жағдайлар мен экологиялық апат аймақтарындағы құқықтық режимді және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді.

### **337-бап. Төтенше экологиялық жағдайлардан және экологиялық апаттан зардап шеккен адамдардың зиянын өтеу**

1. Төтенше экологиялық жағдайлардан және экологиялық апаттан зардап шеккен адамдарға келтірілген материалдық зиянның орны толтырылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен басқа да қажетті көмек көрсетіледі.

2. Төтенше экологиялық жағдайлар және экологиялық апат аймақтарында іс-шараларды, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда, авариялық-құтқару жұмыстарын орындауға тартылған азаматтарға қолданыстағы заңнамаға сәйкес еңбек ақыға кепілдік беріледі.

**338-бап. Төтенше экологиялық жағдайлар және экологиялық апат аймақтарында қоршаған табиғи ортаның жай-күйін қадағалау**

1. Төтенше экологиялық жағдайлар және экологиялық апат аймақтары аумағында, сондай-ақ олардың маңайындағы аумақтарда мемлекеттік нысаналы бағдарламалар шеңберінде табиғи ресурстардың және халықтың денсаулығының жай-күйіне арнайы қадағалау мен зерттеулер жүргізіледі.

2. Қадағалау мен зерттеулер объектілері:

1) төтенше экологиялық жағдайлар және экологиялық апат тудырған қауіпті ф а к т о р л а р ;

2) төтенше экологиялық жағдайлар және экологиялық апат аймағы аумақтарында қоршаған ортаның, табиғи ресурстар мен адамның денсаулығына әсер еткен теріс өзгерістер болып табылады.

**339-бап. Төтенше экологиялық жағдайлар және экологиялық апаттың құқықтық режимін өзгерту және қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату**

Төтенше экологиялық жағдайлар және экологиялық апат аймақтарында құқықтық режимнің қолданылуы мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы және тиісті аумақта экологиялық жағдайдың қалыпты болуы туралы куәландыратын зерттеу материалдары негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысын және (немесе) Қазақстан Республикасының заңын қабылдау арқылы тоқтатылуы мүмкін.

**340-бап. Төтенше экологиялық жағдайлар және экологиялық апат аймақтарында құқық режимінің бұзылғаны үшін жауаптылық**

Төтенше экологиялық жағдайлар және экологиялық апат аймақтарында құқық режимінің бұзылуына кінәлі заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

**ХІІ бөлім. Қорытынды және өтпелі ережелер**

**48-тарау. Қорытынды және өтпелі ережелер**

**341-бап. Өтпелі ережелер**

1. Табиғат пайдаланушылардың осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін алған табиғат пайдалануға рұқсаттары олар берілген мерзімдері ішінде қолданылады.

2. Жеке және заңды тұлғалар табиғат пайдалануға рұқсаттардың қолданылу мерзімі біткеннен кейін экологиялық рұқсат алуға міндетті.

3. Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы реттеу мен

басқару функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар кешенді экологиялық рұқсат беру ережесін оларды 2007 жылғы 1 қазанға дейін келісіп алу тәртібін көрсете отырып әзірлеуді қамтамасыз етуге міндетті.

4. Қалдықтарды көму полигондарының және қалдықтарды ұзақмерзімді сақтау орындарының иелері 2007 жылғы 1 қазанға дейінгі мерзімде полигонды осы Кодекстің 44-тарауында көзделген экологиялық талаптарға сәйкес келтіру жоспарларын әзірлеуге және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісіп алуға тиіс.

#### **342-бап. Осы Кодексті қолдану тәртібі**

1. Осы Кодекс ол қолданысқа енгізілгеннен кейін табиғи ресурстарды пайдалануға және қоршаған ортаға әсер етуге байланысты шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезінде қоршаған ортаны қорғау, қалпына келтіру мен сақтау, табиғи ресурстарды пайдалану мен молықтыру саласында туындаған құқықтық қатынастарға қ о л д а н ы л а д ы .

#### **2 . О с ы К о д е к с :**

1) 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 86-бапты;  
2) 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 93-баптың 2-тармағын қоспағанда ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін қабылданған осы баптың 1-тармағында аталған қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілер осы Кодекске қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

#### **4. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:**

1) "Экологиялық сараптама туралы" 1997 жылғы 18 наурыздағы N 85-І Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 6, 67-құжат; 1998 ж., N 24, 443-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; 2003 ж., N 14, 112-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат);

2) "Қоршаған ортаны қорғау туралы" 1997 жылғы 15 шілдедегі N 160-І Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 17-18, 213-құжат; 1998 ж., N 24, 443-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 13-14, 171-құжат; N 23, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2004 ж., N 10, 57-құжат; N 23, 137-142-құжаттар; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; N 14, 57-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат);

3) "Атмосфералық ауаны қорғау туралы" 2002 жылғы 11 наурыздағы N 302-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 5, 54-құжат; 2005 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат)

*Президенті*

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Экологиялық кодекске*

*N 1-қосымша*

## Залалдың экономикалық бағалауын есептеу

### 1. Залалдың экономикалық бағалауын жанама әдіспен есептеу

1. Атмосфералық ауаның тұрақты көздерден  $i$ -ингредиенті бойынша белгіленген нормативтерден тыс ластануынан келетін залалды экономикалық бағалау мына формула бойынша айқындалады:

$$U_i = (c_{\text{факт}}^i - c_{\text{норм}}^i) \times 3600/1000000 \times A_i \times T \times C_{\text{выб}} \times 10 \times K_1 \times K_2$$

м ұ н д а :

$U_i$  - атмосфералық ауаның тұрақты көздерден  $i$  ингредиентімен ластануынан келетін залалды экономикалық бағалау, теңге;

$c_{\text{факт}}^i$  - мемлекеттік бақылау барысында анықталған  $i$  ластаушы затының нақты шығарындысы, г/сек;

$c_{\text{норм}}^i$  -  $i$  ластаушы заты шығарындысының нормативі, г/сек;

$A_i$  -  $A_i = 1/\text{ШРК}_{\text{сс}}$  формуласы бойынша анықталатын салыстырмалы қауіптілік коэффициенті:

мұнда  $\text{ШРК}_{\text{сс}}$  - атмосфералық ауадағы жол берілетін шекті орташа тәуліктік концентрация;

$T$  - залал келтірілген кезең ішіндегі жабдықтың жұмыс уақыты, бұл соңғы тексеруден кейін өткен уақыт ретінде алынады, бірақ 90 күннен аспайды (сағатпен);

$C_{\text{выб}}$  - ағымдағы жылға белгіленген тәртіппен бекітілген, атмосфералық ауаға тұрақты көздерден шығатын ластаушы заттардың 1 шартты тонна шығарындысы үшін төлем ставкасы, теңге/шартты тонна;

10 - жоғарылататын коэффициент;

$K_1$  - экологиялық қауіптілік коэффициенті, 20-қосымша;

$K_2$  - экологиялық тәуекел коэффициенті 21-қосымша.

2. Су ресурстарының  $i$ -ингредиенті бойынша белгіленген нормативтерден тыс ластануынан келетін залалды экономикалық бағалау мына формула бойынша айқындалады:

$$U_i = (c_{\text{факт}}^i - c_{\text{норм}}^i) \times V_{\text{факт}} \times A_i \times C_{\text{сбр}} \times 10 \times K_1 \times K_2$$

м ұ н д а :

$U_i$  - су ресурстарының  $i$  ингредиентімен ластануынан келетін залалды экономикалық бағалау, теңге;

$c_{\text{факт}}^i$  - ағынды сулардағы  $i$  ластаушы заттарының нақты концентрациясы, мг/л.;

$c_{\text{норм}}^i$  - ластаушы заттары төгіндісінің нормативі, мг/л.;

$V_{\text{факт}}$  - соңғы тексеруден кейін өткен уақыт ретінде алынатын, бірақ 90 күннен

аспайтын кезеңдегі су бұру көлемі, млн.куб.м;

$A_i - A_i = 1/ШРК_B$  формуласы бойынша анықталатын, салыстырмалы қауіптілік коэффициенті:

мұнда ШРК<sub>B</sub> - осы түрдегі су объектісіндегі ластаушы заттың жол берілетін шекті концентрациясы;

$C_{выб}$  - ағымдағы жылға белгіленген тәртіппен бекітілген, ластаушы заттардың 1 шартты тонна төгіндісі үшін төлем ставкасы, теңге/шартты тонна;

10 - жоғарылататын коэффициент;

$K_1$  - экологиялық қауіптілік коэффициенті, 20-қосымша;

$K_2$  - экологиялық тәуекел коэффициенті 21-қосымша.

3. Өндіріс және тұтыну қалдықтарының і түрін белгіленген нормативтерден тыс орналастырудан келетін қауіптілік сыныбына қарай экономикалық бағалау мына формула бойынша айқындалады:

$$U_i = (F_{факт}^i - F_{норм}^i) \times C_{отх} \times 10 \times K_1 \times K_2$$

м ұ н д а :

$U_i$  - өндіріс және тұтыну қалдықтарының і түрін белгіленген нормативтерден тыс орналастырудан келетін қауіптілік сыныбына қарай экономикалық бағалау, теңге;

$F_{факт}^i$  - өндіріс және тұтыну қалдықтарының і түрін қауіптілік сыныбына қарай белгілі бір уақыт кезеңінде орналастырудың нақты көлемі, тонна немесе мың текше м.;

$F_{норм}^i$  - өндіріс және тұтыну қалдықтарының і түрін қауіптілік сыныбына қарай белгілі бір уақыт кезеңінде орналастырудың нормативтік көлемі, тонна немесе мың текше м. ;

$C_{отх}$  - ағымдағы жылға белгіленген тәртіппен бекітілген, өндіріс және тұтыну қалдықтары і түрінің 1 тоннасын немесе 1 мың текше метрін қауіптілік сыныбына қарай орналастырғаны үшін төлем ставкасы;

10 - жоғарылататын коэффициент;

$K_1$  - экологиялық қауіптілік коэффициенті, 20-қосымша;

$K_2$  - экологиялық тәуекел коэффициенті 21-қосымша.

4. Атмосфералық ауаның автотор отынының і түрі бойынша жылжымалы көздерден белгіленген нормативтерден тыс ластануынан келетін залалды экономикалық бағалау мына формула бойынша айқындалады:

$$U_i = (C_{факт} - C_{норм}) / C_{норм} \times R_{факт}^i \times C_{выб}^i \times 10$$

м ұ н д а :

$U_i$  - атмосфералық ауаның автотор отынының і түрін жаққан кезде жылжымалы



көздерден ластануынан келетін залалды экономикалық бағалау, теңге;

$C_{\text{факт}}^i$  - мемлекеттік бақылау барысында анықталған, ластаушы заттың нақты концентрациясы не шығатын газдардағы түтін көрсеткіші, көлемдік үлесі немесе %;

$C_{\text{норм}}^i$  - ластаушы зат концентрациясының нормативі не шығатын газдардағы түтін көрсеткіші, көлемдік үлесі немесе %;

$R_{\text{факт}}^i$  - соңғы тексеруден кейін өткен уақыт ретінде алынатын, бірақ 90 күннен аспайтын, залал келтірілген кезеңдегі автотранспорт отынының  $i$  түрінің шығыны, тонна;

$C_{\text{выб}}$  - ағымдағы жылға белгіленген тәртіппен бекітілген, атмосфералық ауаға жылжымалы көздердің автотранспорт отыны  $i$  түрінің 1 тоннасын жағу кезіндегі ластаушы заттардың шығарындысы үшін төлем ставкасы, теңге/шартты тонна.

5. Қоршаған ортаны өздігімен ластау салдарынан келген залалдың экономикалық бағалануын анықтау кезінде осы Қосымшаның 1-3-баптарына сәйкес есеп формуласы қолданылады, мұнда стационарлық көздерден атмосфераға ластаушы заттар шығарындылар нормативтері, қоршаған ортаға ластаушы заттарды төгу, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру көлемі нөлге тең жағдайда қабылданады.

Қоршаған ортаны өздігімен ластау деген стационарлық көздерден атмосфераға шығарындылар, ағынды су төгінділері, қалдықтар мен өзге де кез келген ластаушы заттар, қоршаған ортаға жеке және өзге де тиісті рұқсатсыз әсер ету, сонымен қатар, апаттық және келісілмеген залпты шығарындылар (төгінділер). Экологиялық рұқсатта белгіленген қалдықтарды орналастыру сыныбы мен лимитті қадағаламау да қалдықтарды өздігімен орналастыру болып қарастырылады.

6. Қоршаған ортаға радиоактивті қалдықтарды, сондай-ақ иондаушы сәулелену көздерін нормативтен тыс орналастырудан келетін залал неғұрлым кең тараған радиоактивті зат - табиғи уранның белсенділігі бойынша радиоактивтік қалдықтарды орналастырғаны үшін төлем нормативі негізге алынып белгіленеді, оның 1 тоннасы қауіптілігі жөнінен 12 Гигабеккерель (ГБк) радиоактивтілікке теңестіріледі.

Трансуранды элементтерді қоспағанда, 12 ГБк жиынтық альфа сәулесін шығарушы радионуклидтерді орналастырғаны үшін төлем нормативі қоршаған ортаға уыттылығы 2-сыныптағы 1 тонна өнеркәсіп қалдықтарын орналастырғаны үшін төлем нормативіне теңестіріледі. 12 ГБк трансуранды элементтерді орналастырғаны үшін төлем нормативі қоршаған ортаға қауіптілігі бірінші сыныптағы 1 тонна өнеркәсіп қалдықтарын орналастырғаны үшін төлем нормативіне теңестіріледі.

1 ГБк трансуранды элементтерді орналастырғаны үшін төлем ставкасы мынаған тең болып қабылданады:  $C_{\text{РАОt}} = C_{\text{T1}} / 12$ .

1 ГБк альфа радиоактивті қалдықтарды орналастырғаны үшін төлем ставкасы мынаған тең болып қабылданады:

$$C_{PAO a} = C_{T2} / 12 .$$

1ГБк бета радиоактивті қалдықтарды орналастырғаны үшін төлем ставкасы мынаған тең болып қабылданады:

$$C_{PAO b} = C_{T2} / 12 \times 0,01$$

м ұ н д а :

$C_{T1}, C_{T2}$  - жергілікті өкілді органдар ағымдағы жылға бекіткен, қауіптілігі тиісінше 1 немесе 2-сыныптағы 1 тонна өнеркәсіп қалдықтары үшін төлем ставкасы;

0,1 - бета сәулесін шығаратын радионуклидтер үшін ең төмен мәнді белсенділік (ЕТМБ) альфа сәулесін шығаратын радионуклидтер үшін ЕТМБ-пен салыстырғанда 10 есе кем екендігі негізге алынған, бета радиоактивті қалдықтар үшін төмендететін коэффициент .

Радиоактивті қалдықтарды немесе трансуранды элементтерді нормативтерден тыс орналастырудан келетін залалды экономикалық бағалау мына формула бойынша айқындалады:

$$U = (F_{\text{факт}} - F_{\text{норм}}) \times C_{PAO a,b,t} \times 10 \times K_1 \times K_2$$

м ұ н д а :

$U$  - радиоактивті қалдықтарды нормативтерден тыс орналастырудан келетін экономикалық залал (теңге);

$F_{\text{факт}}$  - орналастырылған радиоактивті қалдықтардың нақты радиоактивтілігі, ГБк;

$F_{\text{норм}}$  - орналастырылған радиоактивті қалдықтардың нормативтік радиоактивтілігі

, Г Б к ;

$C_{PAO}$  - тиісінше радиоактивті қалдықтарды немесе трансуранды элементтерді орналастырғаны үшін төлем ставкасы, теңге/ГБк;

10 - жоғарылататын коэффициент;

$K_1$  - экологиялық қауіптілік коэффициенті, 20-қосымша;

$K_2$  - экологиялық тәуекел коэффициенті 21-қосымша.

Қоршаған ортада орналастырылған құрылыс материалдары, тау-кен өндірісінің қалдықтары мен шламдары, жасанды және табиғи радионуклидтер санитарлық нормадан жоғары болып, 0,3 кБк/кг-ден асатын, бірақ альфа сәулесін шығаратын радионуклидтер үшін 10 кБк/кг және бета сәулесін шығаратын радионуклидтер үшін 100 кБк/кг-ден аспайтын ағынды және кен орындарының сулары радиоактивті қалдық болып табылмайды, шектеулі пайдалану заттарына жатады және өнеркәсіп қалдықтарын көметін орындарға орналастыруға жатады. Мұндай материалдардан келетін нормадан жоғары залал осы Кодекстің 3-тармағына сәйкес қауіптіліктің 4-сыныбы болып айқындалады.

## **2. Табиғат ресурстары жеке түрлерінің ластанудан келген залалын экономикалық бағалануын есептеу**

7. Жер асты суларын ластанудан келетін залал оларды тазалау іс-шараларының құны бойынша, не жанама әдіспен ағынды суларды өз бетімен төгу не қалдықтарды өз бетімен орналастырудың нақты көлемі ескеріліп, осы Қосымшаның 5-тармағына сәйкес тікелей әдіспен айқындалады. Бұл орайда жер асты суларына түскен ластаушы заттардың абсолютті мөлшері ластаушы заттардың концентрациясы немесе және жер асты тасқындарының шығыны, не бұрғылау өнімділігі бойынша қабылданған әдістермен айқындалады.

8. Гидрографиялық желінің жобалық және жобадан тыс бөгеттердің, бөгендердің, жолдардың бұзылуы салдарынан ластану, сондай-ақ шаруашылық қызметінен болған шұңқырлар мен жыралардың салдарынан топырақпен ластануынан болған залал гидрографиялық желіге тасталған қалқыма бөлшектердің авариялық төгіндісі ретінде белгіленеді. Мұндай залалды экономикалық бағалау осы Қосымшаның 2-тармағына сәйкес белгіленеді.

9. Жердің барлық санаттары үшін, топырақ жамылғысына оны жою, көму немесе ластау топырақтың жоғалған сапасын жаңғырту бағасы бойынша тікелей әдіспен белгіленеді, не ағынды суларды өз бетімен төгудің нақты көлемінен не осы Қосымшаға сәйкес қалдықтарды өз бетімен орналастыру көлемінен залал келтірудің экономикалық бағалануы шығады.

Мұнда топырақ жамылғысын жою деген жердің арнайы шаруашылық, ландшафты-рекреционалдық және экожүйелік (су реттеуші, топырақ қорғаушы) құндылықтарын толық жоғалту зардаптарын әкелген, жаңғыртуға мүмкін емес, не арнайы жұмыстарды (жерді қалпына келтіру, орман отырғызу және өзге жұмыстар) қажет ететін қызметтер түсінік береді.

10. Жалпы танымал пайдалы қазбаларды өз бетімен алу залалы табылған пайдалы қазбалардың және (немесе) осы қазбалардан алынған, өндірілген өнімнің құны мөлшерінде анықталады. Жалпы танымал пайдалы қазбалардың және өндірілген тауарлы өнімнің құны бұзушылықтың анықталған күнінен бастап, тауар өнімінің тоқсан күннен ары емес нарықтық сатылу құнымен белгіленеді.

Тауар өнімінің нарықтық сатылуы жоқ жағдайда жалпы танымал пайдалы қазбалардың құны, берілген әкімшілік-аумақтықта ұқсас қызмет ететін, бұзушылық анықталған кварталдың алдындағы квартал үшін бірлікте табиғатты пайдаланушыларда қалыптасқан, орташа нарықтық құнымен анықталады.

Қажетті ақпараттар топырақты зерттеу және қолдану жөніндегі уәкілетті органдардан не тікелей табиғатты пайдаланушылардан сұралаынады.

11. Жер және орман ресурстарына ауыл және орман шаруашылығына байланысты емес мақсатта ауылшаруашылық және орман алқаптарын алу, сонымен қатар заңсыз өндіру, дайындау, жануарларды зақымдау мен жою арқылы жануарлар мен өсімдік

әлеміне залал келтірудің экономикалық бағасы, жерге, орманға байланысты заңнамалар , сонымен қатар жануарлар әлемін қорғау, пайдалану және көбейту жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес белгіленеді.

Жануарлар және өсімдіктер әлеміне, балық қорлары мен гидробионттарға залал ластану, жер, су және өсімдіктер ресурстарын жою немесе зақымдау арқылы болса, жер , су және өсімдіктер ресурстарына келтірілген залал жиынтық көлемінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамалардың бұзылуын ескере отырып, экономикалық залалды бағалау нәтижесінде белгіленеді.

Қазақстан Республикасының  
экологиялық кодексіне

2-қосымша

**Экологиялық заңнаманы бұзудан туындаған экологиялық қауіп деңгейін анықтау өлшемдері**

Өлшемдер	Экологиялық қауіп деңгейінің коэффициенті
Қоймаға жинақтауға арналған кәсіпорындар аумағында қалдықтарды орналастыру, жетілдірілген қоқыс орындары, полигондар, қоймалар, көң сақтайтын орындар және қоймаға жинақтау мен көму үшін рұқсат етілген басқа да аумақтар (экологиялық талаптарға сай объектілер); су айдындарына жинақтап төгетін төгінділер және жинақтағыштар; шығарындылардың жинақталған көздері	1
Кәсіпорынның жайластырылмаған аумағында қалдықтарды орналастыру; ағынды суларды қарапайым жинағыштарға, технологиялық тұрғыдан негізделген жинақталған көздерге төгу	1,5
Технологиялық тұрғыдан негізделмеген шығарындылар және кәсіпорындар аумағындағы төгінділер; ауыл шаруашылығы алқаптарының және мемлекеттік орман қорының орманы жоқ жерінің аумағында қалдықтарды орналастыру	2,0
Мемлекеттік орман қорының орманды жерінің аумағында, қалалық елді мекендер аумағында және ерекше қорғалатын аумақтарда, су қорғау аймағында және су айдындарының акваторияларында (құрғап қалғандарды қоса алғанда), ауыз сумен қамтамасыз ету көздерінің санитарлық қорғау аймағының 1 және 2-белдеуі, курорттардың санитарлық қорғау округінің 1 және 2-белдеуі аумағында шығарындылар, төгінділер, қалдықтарды орналастыру	3,0

Қазақстан Республикасының  
экологиялық кодексіне

3-қосымша

**Қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы бұзудан туындаған экологиялық қауіп деңгейін анықтау өлшемдері**

Өлшемдер	Экологиялық қауіп деңгейінің коэффициенті
Заңнаманы бұзушылық соңғы үш жыл ішінде кінәлі тарапынан осы түрдегі бірінші бұзушылық болып табылады	1
Соңғы үш жыл ішінде кінәлі тарапынан осы түрдегі бірден үшке дейінгі бұзушылық орын алды	1,1

Соңғы үш жыл ішінде кінәлі тарапынан осы түрдегі төрттен онға дейінгі бұзушылық орын алды	1,5
Соңғы үш жыл ішінде кінәлі тарапынан осы түрдегі оннан астам бұзушылық орын алды	2

**Қазақстан Республикасының  
экологиялық кодексіне**

**4-қосымша**

**Топырақтағы химиялық заттардың рұқсат  
етілген шекті концентрациясы**

Заттың немесе құрамы тұрақты күрделі қоспалардың атауы	ШРК, ауа-құрғақ массаның мг/кг	Шектейтін көрсеткіш
Бензол	0,3	Ауада таралатын
Бенз(а)пирен	0,02	Ауада таралатын
	0,15	Транслокациялық
Марганец	1500	Жалпы санитарлық
Марганец+ванадий	1000+100	-
Мыс	3,0 (рН 4,8 ацетатты-аммоний ерітіндісінен алынатын қозғалмалы нысандар үшін)	Жалпы санитарлық (биологиялық белсенділікке және топырақ микробиоценозына әсер етуі)
Мышьяк	2,0	Өсімдіктерге өтуі
Никель	4,0	Жалпы санитарлық
Нитраттар	130,0	Суға жылысталған
Сынап	2,1	Өсімдікке өтуі
Қорғасын	20,0	Жалпы санитарлық
Сурьма	4,5 (жалпы құрамы)	Суға жылысталған
Толуол	0,3	Ауаға таралған және транслокациялық
Формальдегид	7,0	Жалпы санитарлық
Фосфор (P2O5)	200	Өсімдіктерге өтуі
Алты валентті хром	0,05	Сондай
Цинк	23,0 (рН 4,8 ацетатты-аммоний буферлі ерітіндісінен алынатын жылжымалы нысандар үшін )	Транслокациялық

**Қазақстан Республикасының  
экологиялық кодексіне**

**5-қосымша**

**Жердің химиялық заттармен ластану деңгейінің көрсеткіштері**

Элемент, қосылыс	Ластану деңгейіне сәйкес келетін мөлшер (мг/кг)			
	2 - деңгей төменгі	3 - деңгей орта	4 - деңгей жоғарғы	5 - деңгей өте жоғарғы

	1-деңгей рұқсат етілген				
Органикалық емес қосылыстар					
Кадмий	<ШРК	ШРК-дан 3-ке дейін	3-тен 5-ке дейін	5-тен 20-ға дейін	>20
Қорғасын	<ШРК	ШРК-дан 125-ке дейін	125-тен 250-ге дейін	250-ден 600-ге дейін	>600
Сынып	<ШРК	ШРК-дан 3-ке дейін	3-тен 5-ке дейін	5-тен 10-ға дейін	>10
Мышьяк	<ШРК	ШРК-дан 20-ға дейін	20-дан 30-ға дейін	30-дан 50-ге дейін	>50
Мырыш	<ШРК	ШРК-дан 500-ге дейін	500-ден 1500-ге дейін	1500-ден 3000-ға дейін	>3000
Мыс	<ШРК	ШРК-дан 200-ге дейін	200-ден 300-ге дейін	300-ден 500-ге дейін	>500
Кобальт	<ШРК	ШРК-дан 50-ге дейін	50-ден 150-ге дейін	150-ден 300-ге дейін	>300
Никель	<ШРК	ШРК-дан 150-ге дейін	150-ден 300-ге дейін	300-ден 500-ге дейін	>500
Молибден	<ШРК	ШРК-дан 40-қа дейін	40-тан 100-ге дейін	100-ден 200-ге дейін	>200
Қалайы	<ШРК	ШРК-дан 20-ға дейін	20-дан 50-ге дейін	50-ден 300-ге дейін	>300
Барий	<ШРК	ШРК-дан 200-ге дейін	200-ден 400-ге дейін	400-ден 2000-ға дейін	>2000
Хром	<ШРК	ШРК-дан 250-ге дейін	250-ден 500-ге дейін	500-ден 800-ге дейін	>800
Ванадий	<ШРК	ШРК-дан 225-ке дейін	225-тен 300-ге дейін	300-ден 350-ге дейін	>350
Суда еритін фтор	<ШРК	ШРК-дан 15-ке дейін	15-тен 25-ке дейін	25-тен 50-ге дейін	>50
Органикалық қосылыстар					
Хлорланған көмірсутектері (соның ішінде хлоры бар пестицидтер ДДТ, ГХЦГ, 2,4,-Д және т.б.)	<ШРК	ШРК-дан 5-ке дейін	5-тен 25-ке дейін	25-тен 50-ге дейін	>50
Хлорфенолдар	<ШРК		1-ден 5-ке дейін	5-тен 10-ға дейін	>10
Фенолдар	<ШРК		1-ден 5-ке дейін	5-тен 10-ға дейін	>10

Полихлорбифенилдер	<ШРК		2-ден 5-ке дейін	5-тен 10-ға дейін	>10
Циклогексан	<ШРК		6-дан 30-ға дейін	30-дан 60-қа дейін	>60
Пиридиндер	<ШРК		0,1-ден 2-ге дейін	2-ден 20-ға дейін	>20
Тетрагидрофуран	<ШРК				>40
Стирол	<ШРК	ШРК-дан 5-ке дейін	5-тен 20-ға дейін	20-дан 50-ге дейін	>50
Мұнай және мұнай өнімдері	<ШРК	1000-нан 2000-ға дейін	2000-нан 3000-ға дейін	3000-нан 5000-ға дейін	>5000
Бенз(а)пирен	<ШРК	ШРК-дан 0,1-ге дейін	0,1-ден 0,25-ке дейін	0,25-тен 0,5-ке дейін	>0,5
Бензол	<ШРК	ШРК-дан 1-ге дейін	1-ден 3-ке дейін	3-тен 10-ға дейін	>10
Толуол	<ШРК	ШРК-дан 10-ға дейін	10-нан 50-ге дейін	50-ден 100-ге дейін	>100
Альфаметилстирол	<ШРК	ШРК-дан 3-ке дейін	3-тен 10-ға дейін	10-нан 50-ге дейін	>50
Ксилолдар (орто-, мета-, пара-)	<ШРК	ШРК-дан 3-ке дейін	3-тен 30-ға дейін	30-дан 100-ге дейін	>100
Нитраттар	ШРК	-	-	-	-
Күкіртті қосылыстар	<ШРК	ШРК-дан 180-ге дейін	180-нен 250-ге дейін	250-ден 380-ге дейін	>380

- Е с к е р т у

- ШРУ немесе СРК; бейорганикалық қосылыстардың ШРК (СРК) болмаған кезде - СРК үшін ластанбаған топырақтағы элементтердің екі еселенген өңірлік фондық мөлшері қабылданады.

2. Күкіртті қосылыстар күкіртке есептеліп берілді.

Қазақстан Республикасының  
экологиялық кодексіне

6-қосымша

**Топыраққа түсетін пестицидтер мен химиялық заттарды қауіптілік сыныптарына жатқызу**

Қауіптілік сыныбы	Пестицидтердің атауы	Химиялық заттардың атауы
1-сынып	А т р а з и н Г е к с а х л о р б у т а д и е н Г р а н о з а н Г Х Ц Г Г е п т а х л о р Д Н О К	М ы ш ь я к К а д м и й С ы н ы п С е л е н Қ о р ғ а с ы н М ы р ы ш

	Д Д Т К а р б а т и о н М е т а ф о с П Х К П Х П С е в и н Т о р д о н Т и о д а н ТМТД	Ф т о р Бенз(а)пирен
2-сынып	А г е л о н Д а л а п о н К а р б о ф о с К у п р о з а н К е л ь т а н Н и т р а ф е н П р о п а н и д С и м а з и н Т р е ф л а н Х л о р о ф о с Я л а н Рогор	Б о р К о б а л ь т Н и к е л ь М о л и б д е н М ы с С у р ь м а Хром
3-сынып	Б а н в е л                     Д Д а к т а л Д и л о р М и л ь б е к с П о л и д и м П о л и к а р б а ц и н П р о м е т р и н Н а т р и й д ің             ү ш х л о р а ц е т а т ы Т е д и о н	Б а р и й В а н а д и й В о л ь ф р а м М а р г а н е ц С т р о н ц и й Ацетофенон

**Қазақстан Республикасының  
экологиялық кодексiне**

**7-қосымша**

**Топырақтың жай-күйін бағалаудың экологиялық өлшемдері**

Көрсеткіштер (концентрациялар мг/л берілген)	Параметрлер		Салыстырмалы түрде қанағаттанарлық жағдай
	Экологиялық апат	Төтенше экологиялық жағдай	
<b>Негізгі көрсеткіштер</b>			
Жердің тозуы салдарынан ауыл шаруашылығы айналымынан шығарылған жердің ауданы, алқаптың жалпы ауданынан %	50-ден астам	30-50	5-ке дейін
Қарашірінді горизонтының жойылуы	A+B	А п а х (A1)	0,1 А-дейін
Топырақтың беткі қабатының абиотикалық үйінділермен толығуы	20-дан астам	10-20	жоқ
Топырақ тығыздығының артуы, тең салмақты еселігі	1,4 артық	1,3-1,4	1,1-ге дейін



Грунт сулары деңгейінің жоғарылауы, ең шекті шамадан %	50-ден астам	25-50	жол берілетін деңгей
Радиоактивтік ластану, Ки/км <sup>2</sup> : цезий - 137 стронций - 90 плутоний (изотоптар жиыны)	40-тан жоғары 3-тен жоғары 0,1-ден жоғары	15 - 40 1 - 3 0,1-ден жоғары	20-ға дейін 1-ге дейін
10 жыл кезең ішіндегі жыртылатын топырақтағы қарашіріндінің шығыны, салыстырмалы, %	25-тен астам	10-25	5-ке дейін
А+Б жыныстарында жылдам еритін тұздар мөлшерінің артуы, г/100г	0,8 астам	0,4-0,8	0,1-ге дейін
Алмасатын натрий үлесінің артуы, КАС-дан %	25-тен астам	15-25	5-ке дейін
Химиялық заттардың ШРК жоғарылауы			
Қауіптілігі 1-сыныпты (бенз/а/пиренді, диоксинді қоса алғанда)	3-тен астам	2-3	1-ге дейін
Қауіптілігі 2-сыныпты	10-нан астам	5-10	1-ге дейін
Қауіптілігі 3-сыныпты (мұнай және мұнай өнімдерін қоса алғанда)	20-дан астам	10-20	1-ге дейін
Белсенді микробтық масса деңгейінің төмендеуі, еселік	100-ден астам	50-100	5-ке дейін
Топырақтың фитоулылығы (өсімділер санының төмендеуі), фонмен салыстырғанда еселі	2-ден астам	1,4-2,0	1,1-ге дейін
Қосымша көрсеткіштер			
Ластанған негізгі ауыл шаруашылығы өнімдерінің үлесі. Тексерілген көлемнен %	50-ден астам	25-50	5-ке дейін

Ескерту: КАС - катион алмасу сыйымдылығы.

Қазақстан Республикасының  
экологиялық кодексіне

8-қосымша

**Аумақты бағалаудың биохимиялық өлшемдері**

Көрсеткіштер	Параметрлер		Салыстырмалы түрде қанағаттанарлық жағдай
	экологиялық апат	төтенше экологиялық жағдай	
Негізгі көрсеткіштер			
С : N арақатынасы - топырақта,	4-тен кем	4-8	8-20
- беткі суларда,	4-тен кем немесе 20-дан астам	8-ден кем немесе 16-20	8-12
- өсімдіктерде	4-тен кем	4-8	8-12
- өсімдік текті мал азығында	4-тен кем немесе 16-дан астам	4-тен кем немесе 12-16	4-8
	10-нан астам	5-10	1,1-1,5

<p>Шабылған шөп пен өсімдік текті мал азығындағы химиялық элементтердің мөлшері: сынап, кадмий, корғаныс, мырыш, сурьма, никель, хром, ЕЖРД</p> <p>а р т у ы б о й ы н ш а :</p> <p>- селен, ауадағы құрғақ заттың мг/кг,</p> <p>- фтор, ауадағы-құрғақ заттың мг/кг,</p>	<p>0,02-ден аз немесе 0,5-тен астам</p> <p>2-ден кем немесе 200-ден астам</p>	<p>0,02-0,05</p> <p>2-10 немесе 50-200</p>	<p>0,1-0,5</p> <p>10-20</p>
<p>- мыс, ауадағы-құрғақ заттың мг/кг,</p> <p>- талий, бериллий, барий, фоннан жоғарылауы бойынша</p>	<p>3-тен кем немесе 100-ден астам</p> <p>10-нан астам</p>	<p>3-5 немесе 80 - 100</p> <p>5-10</p>	<p>10-20</p> <p>1,5-тен кем</p>
Қосымша көрсеткіштер			
<p>Аномальды ландшафт ауданын есепке алғандағы мал азығындағы (алымы) Са:Р арақатынасы, % (бөлімі)</p>	<p>0,1-ден кем немесе 10-нан астам/ 20-дан астам</p>	<p>0,4-0,1 немесе 10/ 20 -дан астам</p>	<p>1-2/ 20-дан астам</p>
<p>Аномальды ландшафт ауданын есепке алғандағы өсімдіктер мен мал азығындағы (алымы) Са:Sr арақатынасы, % (бөлімі)</p>	<p>1-ден кем/ 20-дан астам</p>	<p>10-1 кем/ 20-дан астам</p>	<p>100-ден астам/ 100-ге дейін</p>
<p>Шабылған шөп пен өсімдік текті мал азығындағы химиялық элементтердің мөлшері:</p> <p>- алюминий, қалайы, висмут, теллур, вольфрам, марганец, галлий, германий, индий, иттрий, фоннан жоғарылауы бойынша йод, ауа-құрғақ заттың мг/кг,</p>	<p>50-ден астам 0,5-тен кем немесе 20-дан астам</p>	<p>10-50 0,05-0,1 немесе 2,0-20-дан астам</p>	<p>1, 5 - 2</p> <p>0,2-2,0</p>
<p>Шабылған шөп пен өсімдік текті мал азығындағы биологиялық маңызды микроэлементтердің мөлшерінің деңгейі, ауа-құрғақ заттың мг/кг,</p> <p>- мырыш</p> <p>- темір</p> <p>- молибден</p> <p>- кобальт</p> <p>- бор</p>	<p>10-нан кем немесе 500-ден астам</p> <p>20-дан кем немесе 500-ден астам</p> <p>0,2-ден кем 50-ден астам</p> <p>0,1-ден кем немесе 50-ден астам</p> <p>0,1-ден кем немесе 300-ден астам</p>	<p>10-30 немесе 1000-500</p> <p>20-50 немесе 2000-500</p> <p>0,2-2 немесе 10-50</p> <p>0,1-0,3-тен астам немесе 5-50 0,1-</p> <p>0,3 немесе 30-300</p>	<p>30-60-тан астам</p> <p>50-100-ден астам</p> <p>2-3-тен астам</p> <p>0,3-1,0-ден астам</p>

Ескерту - ЕЖРД - ең жоғарғы рұқсат етілген деңгей.

Қазақстан Республикасының  
экологиялық кодексіне

9-қосымша

**Қала салынған аумақтардағы жердің экологиялық  
жай-күйінің өлшемдері**

Көрсеткіштер	Параметрлер		Салыстырмалы түрде қанағаттанарлық жағдай
	Экологиялық апат	Төтенше экологиялық жағдай	
<b>Негізгі көрсеткіштер</b>			
Топырақ бетінен 1 м деңгейдегі экспозициялық дозаның қалыңдығы, мкР/сағ	400-ден астам	200-400	200-ден кем
Радиоактивтік ластану, Ки/кв. км цезий-137	40-тан астам	15-40	20-ға дейін
стронций-90	3-тен астам	1-3	1-ден кем
плутоний	1-ден астам	1-0,1	0,1-ден кем
Химиялық ластанудың жиынтық көрсеткіші (Zc)	128-ден артық	32-128	0,3-ке дейін
<b>Қосымша көрсеткіштер</b>			
1 кг топырақтағы гельминттер жұмыртқаларының мөлшері	100-ден астам	10-100	10-нан кем
1 г топырақтағы патогендік микроорганизмдер саны	10-6-дан астам	105-10-6	жоқ
Коли-титр	0,01-0,001	0,001-ден кем	104-тен кем

Ескерту - топырақ үшін коли-титр - 1 ішек таяқшасы болатын топырақтың граммен алынған ең аз массасы.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
э к о л о г и я л ы қ                      к о д е к с і н е

7	Актиномицеттер КОЕ/дм <sup>3</sup> - 1 дм <sup>3</sup> судағы колониялық бірліктің болуы	10 000-нан астам	100-10 000	Жоқ

#### 2. Рекреациялық сулар

8	Патогенді ішек қарапайымдылары:			
9	- лямблия, дизентериялық амеба, балантидия, криптоспоридия цисталары <sup>1</sup>	100-ден астам	1-100	Жоқ
10	Геогельминты: - аскаридалар, власоглавтар, трихостронгилидалар жұмыртқалары	5-тен астам	1-5	Жоқ
	Биогельминттер:			
11	Описторхида, дифиллотриида жұмыртқалары	100-ден астам	1-100	Жоқ
12	Тениида жұмыртқалары	10-нан астам	1-10	Жоқ
13	Шистосоматида жұмыртқалары (циркориоз коздырғыштары)	10-нан астам	1-10	Жоқ
14	Актиномицеттер КОЕ/дм <sup>3</sup> - 1 дм <sup>3</sup> судағы колониялық бірліктің болуы	1 000 000-нан астам	1000-1 000 000	Жоқ, жекелеген бірліктері кездеседі
<sup>1</sup> 1 дм <sup>3</sup> судағы коздырғыштар саны (цисталар, жұмыртқалар).				

#### 4. Елді мекендер топырағының ластануы

Қалалық елді мекендер аумақтары топырағының радиоактивтік ластануын экологиялық бағалау мынадай негізгі көрсеткіштер: жер бетінен 1м деңгейдегі экспозициялық мөлшердің қуаты (мкР/сағат) және жекелеген изотоптар бойынша радиоактивтік ластану дәрежесі ( $K_u/\text{км}^2$ ).

Топырақтың химиялық ластануы химиялық ластанудың жиынтық көрсеткіші ( $Z_c$ ) бойынша бағаланады. Химиялық ластанудың жиынтық көрсеткіші ( $Z_c$ ) қауіптілік сыныбы әртүрлі тексерілетін аумақ топырағының химиялық ластану дәрежесін сипаттайды. Бұл көрсеткіш ластанудың жекелеген компоненттерінің концентрациясы коэффициенттерінің сомасы ретінде мына формула бойынша айқындалады

$$Z_c = K_{c1} + \dots + K_{cn} - (n-1),$$

мұнда:  $n$  - айқындалатын элементтердің саны;  $K_{ci}$  - ластағыш компоненттердің  $i$ -концентрациясының коэффициенті, ол ауыр металдар үшін  $i$ -заттың ластанған және "фондық" топырақтағы массалық үлесін бөлуден шыққан бөліндіге тең.

Табиғи емес сипаттағы ластағыш заттар үшін концентрация коэффициентін ластағыш заттардың массалық үлесі мен оның жол берілетін шекті концентрациясын бөлуден шыққан бөліндіге тең. Қала салынған аумақтардағы топырақтың экологиялық жағдайының қосымша көрсеткіштеріне геноуыттылық және биологиялық ластану көрсеткіштері жатады (патогенді микроорганизмдер саны, коли-титр, гельминт жұмыртқаларының болуы).

Елді мекендер топырағының санитарлық-эпидемиологиялық жағдайын бағалауға арналған көрсеткіштер

№	Көрсеткіш	Параметр		Салыстырмалы түрде қанағаттанарлық жағдай
		экологиялық апат	төтенше экологиялық жағдай	

1	Радиоактивті заттармен ластану көрсеткіші, миллиЗиверт - бұдан әрі мЗв	50-ден астам	5-50	1-5
2	1 кг топырақтағы гельминт жұмыртқалары	100-ден астам	11-100	10-нан кем
3	Анаэробтар титры	0,0001	0,001-0,0001	0,001-0,1
4	Коли-титр	0,001-ден кем	0,01-0,001	0,01-1,0
5	Шыбын личинкалары мен қуыршақтарының саны 0,25 м <sup>2</sup>	100-ден астам	10-100	1-10
6	Экзогенді химиялық заттармен ластану көрсеткіші - ШРК-ның асып кету еселігі	100-ден астам	10-100	1-10
7	Топырақтың өздігінен тазару көрсеткіші - термофилдер титры	0,00001-ден кем	0,00001-0,00002	0,001-0,0002-
8	Хлебниковтың санитарлық саны <sup>1</sup>	0,7-ден кем	0,7-0,85	0,85-0,98

<sup>1</sup> «Хлебниковтың санитарлық саны» - топырақтағы белоктық азот санының (100 грамм мүлдем құрғақ топыраққа миллиграмм есебімен) органикалық азот санына қатынасы (100 грамм мүлдем құрғақ топыраққа миллиграмм есебімен).

## 5. Радиациялық қауіпсіздікті бағалауға арналған көрсеткіштер.

Ластанған аумақта тұратын адамның радиоэкологиялық қауіпсіздік дәрежесін сипаттайтын негізгі өлшем - иондаушы сәулеленудің барлық көздерінен, оның ішінде табиғи көздерден шығатын әсерлі дозаның жылдық орташа мәні.

Әсерлі дозаның бірлігі зиверт болып табылады (Зв). Ласталған аумақта тұрған жағдайда халықтың сәуле алуының жалпы салдарларын бағалау үшін ұжымдық әсерлі дозасы пайдаланылады, ол адамдар тобы бойынша орташа әсерлі дозасының осы топтағы жеке адамдар санына көбейтіндісін білдіреді. Радиологиялық медицина бойынша халықаралық комиссия (РМХК) халықтың сәуле алу дозасының шегі ретінде жылына 1 мЗв-ға тең дозаны алуды ұсынады (0,1 бэр/жыл).

Адамның сәуле алуының қосымша (табиғи фоннан тыс) әсерлі дозасының жылдық орташа мәні 1 мЗв-дан аспайтын, ал табиғи көздер есебінен сәуле алуының әсерлі дозасының жылдық орташа мәні 30 мЗв-дан аспайтын аумақтар салыстырмалы түрде қанағаттанарлық жағдайдағы аумақтарға жатады.

Сәуле алудың (табиғи фоннан тыс, қосымша) әсерлі дозасының жылдық орташа мәні 5 мЗв-дан асуы мүмкін және 10 мЗв-ға дейінгі доза диапазонында болатын аумақтарды - төтенше экологиялық жағдайдағы аумақтарға, ал 10 мЗв-дан астам болса экологиялық апат аумақтарына жатқызу қажет.

Иондаушы сәулеленудің табиғи кездері есебінен сәуле алудың әсерлі дозасының жылдық орташа мәні 50 мЗв-дан асуы мүмкін және 100 мЗв-ға дейінгі доза диапазонында болатын аумақтарды - төтенше экологиялық жағдайдағы аумақтарға, ал 100 мЗв-дан астам болса экологиялық апат аумақтарына жатқызу қажет.

N	Көрсеткіштер	Параметр		Салыстырмалы түрде қанағаттанарлық жағдай



		экологиялық апат	төтенше экологиялық жағдай	
1	Радиоактивті заттармен ластану көрсеткіші, миллиЗиверт - бұдан әрі мЗв	50-ден астам	5-50	1-5
2	1 кг топырақтағы гельминт жұмыртқалары	100-ден астам	11-100	10-нан кем
3	Анаэробтар титры	0,0001	0,001-0,0001	0,001-0,1
4	Коли-титр	0,001-ден кем	0,01-0,001	0,01-1,0
5	Шыбын личинкалары мен көбелектерінің саны 0,25 м <sup>2</sup>	100-ден астам	10-100	1-10
6	Экзогенді химиялық заттармен ластану көрсеткіші - ШРК-ның асып кету еселігі	100-ден астам	10-100	1-10
7	Топырақтың өздігінен тазару көрсеткіші - термофилдер титры	0,00001-ден кем	0,00001-0,00002	0,001-0,0002-
8	Хлебниковтың санитарлық саны <sup>1</sup>	0,7-ден кем	0,7-0,85	0,85-0,98

<sup>1</sup> «Хлебниковтың санитарлық саны» - топырақтағы белоктық азот санының (100 грамм мүлдем құрғақ топыраққа миллиграмм есебімен) органикалық азот санына қатынасы (100 грамм мүлдем құрғақ топыраққа миллиграмм есебімен).

## 6. Табиғи ортаның өзгеру өлшемдері

1) Атмосфералық ауаның жер бетіндегі өсімдіктер мен су экожүйесіне әсер ететін заттар бойынша ластануын бағалауға арналған көрсеткіштер.

Ластаушы заттардың ең шекті жүктемесі мен ең шекті деңгейі атмосфералық ауа ластануының табиғи ортаға (өсімдіктер, топырақ, жер бетіндегі және жерасты сулары) әсерін сипаттайтын негізгі көрсеткіштер болып табылады. Бұлар арқылы атмосфералық ауаға түсетін ластаушы заттардың немесе тиісінше ластаушы заттардың концентрациясының ең жоғары мәні түсініледі, олар ұзақ мерзім тұрғысынан экожүйенің құрылымына және функциясына зиянды әсер етуге әкеп соқпайды.

Заттар	Параметр		Мөлшері	Әсер ету уақыты
	экологиялық апат	төтенше экологиялық жағдай		
<b>Жер бетіндегі өсімдіктердің ең шекті деңгейі</b>				
Күкірт қос тотығы	>200	100-200	<20	Орташа жылдық
Азот қос тотығы	>300	200-300	<30	Орташа жылдық
Фторлы сутегі	>20	10-20	<2-3	Ұзақ мерзімді әсер ету
Озон	>1500	1000-1500	<150	1 сағат ішінде ең жоғары
Озон	>600	400-600	<60	3 сағат ішінде орташа
Озон	>500	300-500	<50	Жыл сайын 1 сәуір - 30 қыркүйек аралығындағы кезеңде әр күні 9-16 сағат аралығында орташа
<b>Орман және су экожүйесі үшін ең шекті жүктеме</b>				

Күкірт қосылысы, жылына г/м <sup>2</sup>	>5,0	3,0-5,0	<0,32	Солтүстік және орталық аудандар
Азот қосылысы, жылына г/м <sup>2</sup>	>4,0	2,0-4,0	<0,28	Солтүстік және орталық аудандар
Сутегі иондары, жылына кг/м	>300	200-300	<20	Солтүстік және орталық аудандар

Экожүйенің сезімталдығына қарай түрлі ингредиенттер үшін ең шекті деңгейлер мен жүктемелердің 10-15 есе асып кетуі экологиялық апат аймағын бөліп алуға арналған өлшем бола алады.

Табиғи ортаның жай-күйін бағалау үшін атмосфералық ауадағы ластаушы заттар концентрациясының өлшенген мәнін немесе түсу қарқындылығының U мәнін кестенің тиісті деректерімен салыстыру керек. Қышқыл түзетін заттар үшін U өлшенген мөлшері күшті қышқылдар сомасының бейтараптандырылмаған бөлігі үлесінің мәніне мына арақатынаста түзетілуге тиіс:

$$L = DU,$$

мұнда: L - атмосфералық жүктеме мәні, ол ең шекті жүктемемен салыстырылады, ал B былайша айқындалады

$$0 < R < 1 \text{ болған кезде } D = 1 - R$$

$$R > 1 \text{ болған кезде } D = 0$$

мұнда B = A/K аниондардың молярлы концентрациясы сомасының

$$A = [CL] + [NO_3] + 2\{SO_4\}$$

катиондардың молярлы концентрациясының сомасына қатынасы

$$K = [NH_4] + [K] + [Na] + 2[Ca] + 2[Mg]$$

2) Жер беті суларының химиялық ластану дәрежесін бағалауға арналған көрсеткіштер.

Жер беті суларының жай-күйін бағалауға арналған көрсеткіштер ретінде уытты, басым ластаушы заттар, оның ішінде гидробионттар ағзалары мен тіндері жинақталатын кумулятивті қасиеттері бар заттар таңдап алынды (2.13-кесте).

Төтенше экологиялық жағдайдағы және экологиялық апат аймағын бөліп алу кезінде су объектілері ластануының қауіпті деңгейін жинақтап бағалау үшін химиялық ластанудың формальді жиынтық көрсеткішін пайдалану ұсынылады ХЛК (10). Бұл көрсеткіш химиялық ластану бірнеше заттар бойынша байқалатын аумақтар үшін аса маңызды, ол заттардың әрқайсысы жол берілетін деңгейден (ШЖК) бірнеше есе асып кетеді.

Қосымша көрсеткіштерге судың құрамы мен сапасы жөнінде жалпы мағлұмат беретін, жалпыға бірдей қабылданған физикалық-химиялық және биологиялық

сипаттамалар енгізілді. Бұдан басқа, қосымша сипаттамаларға ластаушы заттардың су түбіне (СЖК) және гидробионттарға ( $K_H$ ) жиналу қабілетін ескеретін көрсеткіштер енгізілді.

P/c	Көрсеткіш	Параметр		Салыстырмалы түрде қанағаттанарлық жағдай
		экологиялық апат	т ө т е н ш е экологиялық жағдай	
1	2	3	4	5
<b>Негізгі көрсеткіштер:</b>				
1	Химиялық заттар, ШЖК қауіптілігі 1-2-сынып	10-нан астам	5-10	<5
2	қауіптілігі 3-4-сынып	100-ден астам	50-100	<50
	ХЖ(Ю)			
	қауіптілігі 1-2-сынып	80-нен астам	35-80	<35
	қауіптілігі 3-4-сынып	500-ден астам	100-500	<100
<b>Қосымша көрсеткіштер:</b>				
	Иісі, ерекше дәмі, баллдары	4-тен астам	3-4	<3
	Жүзбелі қоспалар: мұнай және мұнай өнімдері	Көзжететін алаңның 2/3 мөлшерін алып жатқан, қошқыл бояулы қабыршақ	Ашық жолақтар немесе көмескі бояулы дақтар	жоқ
	Орта реакциясы, рН	5,0-5,6	5,7-6,5	>6,5
	Оттегін химиялық тұтыну (фонға қатысты антропогенді құрамы), мг/дм <sup>3</sup>	20-30	10-20	<10
	Еріген оттегі, қанығу проценті	10-20	20-50	>50
	Биогенді заттар:			
	Нитриттер ( $NO_2$ ), ШРК	10-нан астам	10-5	5-1
	Нитраттар ( $NO_3$ ), ШРК	20-дан астам	20-10	10-1
	аммоний тұздары ( $NH_4$ ) ШРК	10-нан астам	10-5	5-1
	Фосфаттар ( $PO_4$ ), мг/дм <sup>3</sup>	0,6-нан астам	0,6-0,3	0,03-0,05
	Минералдану, мг/дм <sup>3</sup> (өңірлік деңгейден асып кету)	3-5	2-3	Өңірлік деңгей
	СЖК (су түбіне жиналу коэффициенті)	п-10 <sup>4</sup> -тен астам	п-10 <sup>3</sup> -п-10 <sup>4</sup>	п-10
	$K_H$ (гидробионттарда жинақталу коэффициенті)	п-10 <sup>5</sup> -тен астам	п-10 <sup>4</sup> -п-10 <sup>5</sup>	п-10 <sup>4</sup>

Аймақтарды бөліп алу үшін ұсынылатын көрсеткіштер параметрлері осы аумақта ең төменгі кезеңі кемінде 3 жыл болатын айтарлықтай ұзақ мерзім бойына байқалуға

тиіс. Сладечек модификациясында Пантле және Буку бойынша сапробтылық индекстерін пайдалану кезінде түрлердің индикаторлық мәні түрлі климаттық аймақтарды әртүрлі болуы мүмкін екенін ескеру қажет, Вудивистің биотикалық индексі пайдаланған кезде оны пайдалану өңірлік ерекшеліктерді ескеруді қажет ететінін ескеру керек, "таксономикалық топтардың" салмақтық мәні түрлі өңірлердегі су объектілерінің жай-күйіне байланысты болуы мүмкін.

Су экожүйесінің жай-күйін бағалау кезінде ихтиофауна бойынша көрсеткіштердің, әсіресе бірегей, ерекше қорғалатын су объектілері мен бірінші және екінші балық шаруашылығы санатындағы су айдындары үшін маңызы зор. Кестеде келтірілген көрсеткіштерді өңірлік ерекшеліктер, су айдындарының санаты мен трофикалық мәртебесін ескеріп қарау керек.

Міндетті тізбеге кірмеген, бірақ су экожүйесінің жай-күйін неғұрлым толық сипаттау үшін қажетті мәліметтер беретін кез келген қосымша көрсеткіштерді пайдалану ұсынылады. Мәселен, планктонды және су түбіндегі хайуанаттар қоғамдастығының жай-күйін жинақтап бағалау ретінде қоғамдастық өнімінің (Pb) оның құрамына кіретін барлық хайуанаттарға алмастыруға жұмсалатын жиынтық шығынға (Rb) қатынасы сияқты көрсеткішті де пайдалануға болады. Ол жүйеден (хайуанаттар қоғамдастығынан) шығарда пайдалы энергия мен хайуанаттар алмасу процестерінде жылу түрінде шығаратын энергия арасындағы арақатынасты білдіреді.

### 3) Тұщы су экожүйесінің жай-күйін бағалауға арналған көрсеткіштер.

Рет саны	Көрсеткіш	Параметр		Салыстырмалы түрде қанағаттанарлық жағдай
		экологиялық апат	төтенше экологиялық жағдай	
1	2	3	4	5
<b>Негізгі көрсеткіштер:</b>				
	Фитопланктон	Балдырдың немесе түрлердің жекелеген санының болмауы	Көк-жасыл қабыршақ, жіп сияқты балдырлар шоғыры, балдырлардың басқа топтарының жекелеген түрлері	Фитоплан-ктонның табиғи дамуы
	"а" хлорофилінің концентрациясы, мкг/л	50-ден астам	50-30	30-10
	фитопланктонның орташа жылдық биомассасы, мг/дм <sup>3</sup>	100-ден астам	100-50	50-10
	Фитомасса нитчатых водорослей, кг/м <sup>2</sup>	3-тен астам	3,0-2,6	<2,6
	Зоопланктон	тас қабықты коловраткалардың жекелеген саны, олардың қысқы жұмыртқалары	тас қабықты коловраткалар санының күрт азаюы, төменгі	

			топтағы шаян тұқымдастардың жекелеген саны	Зоопланк-тонның табиғи дамуы
	Зообентос	Оттегін онша қажет етпейтін құрттардың кейбір түрлерінің ғана болуы (тубифицид)	Су түбі хайуанаттар ысаны мен түрлерінің күрт қысқаруы, тубифицидтер (олигохет) және таниподин (хирономид) (олигохет) и таниподин (хирономид)	Зообентостың өңірлік деңгейде дамуы
	Вудивис бойынша биотикалық индекс (өңірлік ерекшеліктер ескеріліп), балл	1-ден кем	1-2	2-ден астам
	Олигохеттік индекс, олигохет санының барлық зообентос санына қатынасы, процент	100-ден астам	100-86	86-дан кем
	Балушкина бойынша хирономидтік индекс	9,0-ден астам	6,5-9,0	6,5-тен кем
0	Ихтиофауна	Бағалы және сирек кездесетін балық түрлерінің жоғалып кетуі, кәсіптік балық қорының болмауы	Бағалы және сирек кездесетін балық түрлерінің олардың қорына шаққанда 50-25 % кемуі, кәсіптік балықтың олардың қорына шаққанда 50-25 % кемуі	Ихтиофаунаның табиғи жай-күйінің сақталуы; аулау мөлшері балықтардың табиғи молығуын бұзбайды
1	Балықтардың созылмалы токсикозға байланысты ауруы (миопатия, жара ауруы және т.б.), жылдық аулаудың %	50-ден астам	50-ге дейін	Белгілердің болмауы
2	Су сапасының интегралды көрсеткіші: шаян тектестерге биотестілеу (дафниялар мен	100 және одан артық есе суға араластырған кезде байқалмайды	50-ден 100 есеге дейін суға араластырған кезде байқалмайды	Араластырылмаған суда өліп қалады

	периодафниялар), өлімі 50 % және одан артық		
	Шаяндарды тиісінше 96 және 48 сағат	100 және одан артық есе	50-ден 100 есеге дейін

**Қосымша көрсеткіштер:**

	Пантле және Буку бойынша сапробтылық индекстер (Сладечек модификациясында)	4-тен астам	4-3	
	Олегохеттік индекс: - Цанер бойынша, мың. экз/м <sup>2</sup> тубифицидтер	50-ден астам	50-10	<10
	лимнобрилюстер	100-ден астам	100-50	<50
	- Парел бойынша	0,8-ден астам	0,8-0,5	<0,5

**4) Су ресурстарының азаюын бағалауға арналған көрсеткіштер.**

Су ресурстарының азаюын бағалаудың негізгі көрсеткіштері ретінде жер бетіндегі ағындының қайтарымсыз алыну нормасы алынды. Норма ретінде жер бетіндегі ағындының қайтарымсыз алынуының жол берілетін шекті көлемі алынды, ол табиғи ағындының көп жылдық орташа мәнінің 10-20 %-ы болады. Жер бетіндегі ағындының қайтарымсыз алынуына коммуналдық шаруашылықта, өнеркәсіпте, жылу энергетикасында, ауыл шаруашылығын сумен қамтамасыз етуде, суаруда және өнеркәсіптік балық шаруашылығында қайтарымсыз су пайдалану кіреді, бұл ретте булануға кететін шығын, өзен ағындыларын бассейнаралық бұру және т.б. есепке алынады. Жер бетіндегі ағындыны алудың жол берілетін шекті нормасы су экожүйесінің экологиялық тұрақты жай-күйін сақтау, олардың өзін-өзі реттеу және өзін-өзі молықтыру мүмкіндігіне жәрдемдесу мақсатында белгіленуі керек.

Көрсеткіш	Параметрі		Салыстырмалы түрде қанағаттанарлық жағдай
	экологиялық апат	төтенше экологиялық жағдай	
Жер бетіндегі ағынды су көлемін қайтарымсыз алу, рұқсат етілген нормадан артық есе саны	2-ден астам	2-ге дейін	рұқсат етілген норма

**5) Су акваториясының экологиялық жай-күйін бағалауға арналған көрсеткіштер.**

Су акваториялары үшін төтенше экологиялық жағдай және экологиялық апат аймақтарын анықтау көп жылғы байқаулар нәтижелерін талдау және қорытындылау негізінде химиялық және биологиялық негізгі көрсеткіштер бойынша жүргізіледі. Концентрацияларды ШРК-дан артық бірнеше ластаушы зат анықталған жағдайда, теңіз суының химиялық ластануының қауіпті деңгейін жинақтап бағалау үшін, тұщы су сияқты мұнда да химиялық ластанудың формальды жиынтық көрсеткішін - ХЖ (10) қолдану ұсынылады (ШРК-дан асып кетуі бойынша басым 10 ластаушы заттың ішінен). Бұл көрсеткіш төтенше экологиялық жағдай және экологиялық апат аймақтарын

анықтау үшін ғана қолданылады. Химиялық ластану бойынша қосымша көрсеткіштерге БПК-5 және еріген оттегі жатқызылды. Биологиялық көрсеткіштер бойынша төтенше экологиялық жағдайды бағалау үшін бактериялық, фито- және зоопланктонның, бентос пен ихтиофаунаның, сондай-ақ жекелеген таксондар мен гидробионттардың түрлері пайдаланылады.

Теңіз экожүйесінде экологиялық апат қоғамдастықта әлі де болса қалған түрлердің саны мен биомассасының күрт өзгеруімен, ал теңіз акваториясының эвтрофикациясы кезінде балдырлардың күшті "гүлдеуімен" (мысалы, "қызыл тасқын"), су түбі флорасы мен фаунасының жоғалуымен, индикаторлық микроорганизмдер концентрациясының күрт артуымен сипатталады. Тіпті жүктеме азайған кезде де құрылымдық-функциялық байланыстың бұзылу процесі жалғаса береді. Экожүйелердегі өзгерістер қайтарымсыз сипат алады. Теңіз экожүйесінің жай-күйін бағалаудың биологиялық қосымша көрсеткіштеріне "гидробионттардың морфологиялық өзгерісі" деген көрсеткіш ж а т қ ы з ы л д ы .

Көрсеткіштердің негізгі тізіліміне кірмеген бірақ қолайсыз жағдайдың сипаты, себептері және дәрежесі туралы қосымша мәлімет беретін кез келген өзге де көрсеткіштерді пайдалану ұсынылады. Ұсынылатын көрсеткіштерге мыналар жатады:

1. Теңіз суы мен су түбі шөгінділерінің тест-объектілерде мутагендік әсері бар заттармен (микроорганизмдердің стандартты штаммдары) ластануын интегралды бағалау. Мутагендік әсер стандартты штаммдардың мутациясын туғызатын сынамалардың пайызымен көрсетіледі. Салыстырмалы түрде қанағаттанарлық жағдай 5 %-дан кем деңгейде сипатталады. Төтенше экологиялық жағдай - 20-30 %, экологиялық апат - 30 %-дан астам. Су түбі шөгінділерінің мутагенді қосылыстармен ластануын бағалау акваториядағы экологиялық жағдайдың ұзақтығын көрсетеді.

2. Ластаушы заттардың әсер етуінің ең шекті концентрациясы (ЕШК). ЕШК сулы ортаның уытты заттармен ластануының ең жоғары жол берілетін деңгейін (мкг-л) сипаттайды. Төтенше экологиялық жағдай кезінде, теңіз экожүйесінің тіршілігіндегі өзгерісті әлі де болса тоқтатуға болатын кезде, ЕШК 1-ден 2-ге дейін болады. Теңіз экожүйесінің күрт азып-тозуынан көрінетін экологиялық апат кезінде ЕЕЖ 2-3-тен астам болады. Бірқатар ластаушы заттардың ЕШК мәні Б қосымшасында келтірілді.

Р/с	Көрсеткіштер (концентрациялар мг/дм <sup>3</sup> берілді)	Параметр		Салыстырмалы түрде қанағаттанарлық жағдай
		экологиялық апат	Төтенше экологиялық жағдай	
<b>Негізгі көрсеткіштер:</b>				
	Химиялық заттар қауіптілігі 1-2-сынып	10-нан астам	10-5	5-1
	қауіптілігі 3-4-сынып	100-ден астам	100-50	50-10
	ХЛК(10) <sup>1</sup>			
	қауіптілігі 1-2-сынып	80-нен астам	80-35	35-10

	қауіптілігі 3-4-сынып	500 астам	500-100	100-10
<b>Қосымша көрсеткіштер:</b>				
	Оттегін биологиялық тұтыну (ОБТ <sub>5</sub> )	100-ден астам	100-10	10-1
	Ерітілген оттегі, мг/дм <sup>3</sup>	2-ден кем	2-3-тен кем	3-6
ХЛК (10) <sup>1</sup> - ШРК-дан ең көп асып кеткен 10 ластанушы зат үшін судың химиялық ластануының формальды жиынтық көрсеткіші				

б) Шаруашылық объектілерінің учаскелері үшін жер асты суларының ластану дәрежесін бағалауға арналған көрсеткіштер

Шаруашылық объектілерінің ықпал ету аумағындағы учаскелерде жер асты суларының ластануы ластанушы заттардың концентрациясымен және ластанған алаңның мөлшерімен сипатталады.

Р/с	Көрсеткіш	Параметр		Салыстырмалы түрде қанағаттанарлық жағдай
		экологиялық апат	Төтенше экологиялық жағдай	
<b>Негізгі көрсеткіштер:</b>				
	Ластанушы заттардың болуы (нитраттар, фенолдар, ауыр металдар, синтетикалық үстіңгі-белсенді заттар, мұнай) ШРК	100-ден астам	10-100	3-10
	Хлорорганикалық қосылыстар, ШРК	3-тен астам	100-50	1-ден кем
	Канцорегендер, бенз(а)пирен, ШРК	3-тен астам	1-3	1-ден кем
	Ластану облысының көлемі, км <sup>2</sup>	8-ден астам	80-35	3-тен кем
	Минералдану, г/л	100-ден астам	100-10	10-нан кем кем
<b>Қосымша көрсеткіштер:</b>				
	Ерітілген оттегі, мг/дм <sup>3</sup>	1-ден кем	1-4	4-тен астам

7) Топырақтың жай-күйін бағалауға арналған көрсеткіштер.

Топырақтың экологиялық жай-күйін бағалау өлшемдерін таңдау олардың орналасу ерекшелігіне, генезисіне, буферлігіне, сондай-ақ оларды пайдаланудың әртүрлігіне байланысты айқындалады. Топырақтың ластануын туғызатын қызмет түрлерін анықтау тексерілетін аумақтағы ластану ауқымы мен дәрежесі туралы толық мағлұмат береді және көрсеткіштер санын айтарлықтай азайтып, нақтылауға мүмкіндік береді.

Табиғи азып-тозу, химиялық және биологиялық ластану өлшемдері топырақтың экологиялық жай-күйін бағалауда экологиялық қолайсыздық дәрежесінің негізгі көрсеткіштері болып табылады.

Р/с	Көрсеткіш (концентрациялар мг/дм <sup>3</sup> - мен берілді)	Параметрі		Салыстырмалы түрде қанағаттанарлық жағдай
		экологиялық апат	Төтенше экологиялық жағдай	
1	2	3	4	5



**Негізгі көрсеткіштер:**

	Тозу салдарынан ауыл шаруашылығы айналымынан шығарылған жер көлемі, ауыл шаруашылығы алқаптары жалпы көлеміне шаққанда %	50-ден астам	50-30	30-ға дейін
	Қарашірінді қабатын жою	A+B	Апах (A1)	0,1-ге дейін А
	Топырақ үстінің абиотикалық үйінділермен жабылуы, см	20-дан астам	20-10	10-нан кем
	Топырақ тығыздығының артуы, салмағы бірдей сынамаңың еселігі	1,4-тен астам	1,4-1,3	1,3-ке дейін
	Жер асты суы деңгейінің асып кетуі, қалыптан тыс мәніне шаққанда %	50-ден астам	50-25	Жол берілетін деңгей
	Радиоактивтік ластану, Ки/км <sup>2</sup> :			
	цезий-137	40-тан жоғары	40-15	15-ке дейін
	стронций-90	3-тен жоғары	3-1	1-ге дейін
	плутоний (изотоптар сомасы)	0,1-ден жоғары	0,1 - 0,05	0,05-ке дейін
	10 жыл кезеңінде жыртылған жердегі қарашіріндінің жойылуы, салыстырмалы пайызбен	25-тен жоғары	25-10	10-нан кем
	Жылдам еритін тұздардың артуы, г/100 г	0,8-ден астам	0,8 - 0,4	0,4-ке дейін
	Алмасатын натрий үлесінің артуы, ЕКО <sup>1</sup> шаққанда %	25-тен астам	25-15	15-ке дейін
	Химиялық заттардың ШРК артуы:			
	қауіптілігі 1-сынып (бенз(а)пиренді, диоксиндерді қоса алғанда);	3-тен астам	3-2	2-ге дейін
	қауіптілігі 2-сынып;	10-нан астам	10-5	5-ке дейін
	қауіптілігі 3-сынып (мұнай және мұнай өнімдерін қоса алғанда)	25-тен астам	25-10	10-ға дейін
	Белсенді микроб массасын деңгейінің төмендеуі, еселігі	100-ден астам	100-50	50-ге дейін
2	Топырақтың фитоуыттылығы ( өсінділер санының кемуі), фонмен салыстырғандағы еселігі	2-ден астам	2,0-1,4	1,4-ке дейін

**Қосымша көрсеткіштер:**

3	Ластанған негізгі а/ш өнімдерінің үлесі, тексерілген көлемге шаққанда %	50-ден астам	50-25	25-ке дейін
4	Қосымша көрсеткіштерді қараңыз (2.10 -кесте)			

ЕКО - катион алмасу сыйымдылығы

Аумақтың экологиялық жай-күйінің өлшемі ретінде топырақтың тозуы (эрозиясы, дефляциясы, қайталап тұздануы, сортаңдануы, батпақтануы) салдарынан жер пайдаланудан шығарылған алқаптар алаңдарын пайдалану ұсынылады. Бірқатар келеңсіз процестер (пайдалы қазбаларды ашық өндіру, құрылыс жұмыстары кезінде топырақ жамылғысын механикалық жою; адам әрекеті салдарынан болатын су эрозиясы және дефляция) топырақ қабаттарының бүлінуіне әкеп соғады, оның дәрежесі де топырақтың тозу өлшемі ретінде пайдаланылады. Топырақ құрылымының бұзылуы мен қатаю процесінің дамуы топырақтың тығыздық деңгейінің артуымен сипатталады, ол топырақтың тозуының маңызды көрсеткіші болып табылады. Жер асты сулары деңгейінің көтерілуін топырақтың әрбір типі үшін әртүрлі болатын салыстырмалы ең шекті мән ретінде бағалау ұсынылады. Топырақты экоуыттылық бағалау үшін заттың әртүрлі қауіптілік сыныбына сараланған нақты ластағыш заттың шекті рұқсат етілген концентрациясынан (ШРК) асып кету еселігін пайдаланған жөн. Бірқатар ластағыш заттар үшін (мысалы кадмий үшін) ШРК-ның бекітілген мәні жоқ екеніне байланысты топырақтың сұйық фазасындағы (топырақ ерітіндісіндегі) ластағыш заттар құрамының табиғи сулар үшін тиісті ШРК шамасына қатынасын пайдалану ұсынылады.

Фитоуыттылық - ласталған топырақтың тұқымның шығуын, биік өсімдіктердің өсуі мен дамуын тежеу қасиеті (тестілік көрсеткіш), топырақтың ластануының кешенді көрсеткіші ретінде алынады. Топырақ микроорганизмдерінің тіршілік қабілетінің төмендеуі топырақтың биологиялық тозуының белгісі болып табылады, ол жөнінде белсенді микробтық биомасса деңгейінің азаюына, сондай-ақ неғұрлым таралған, бірақ соғұрлым нақты көрсеткіш - топырақтың тыныс алуына қарап айтуға болады. Топырақтың экологиялық жай-күйін өлшемдер мен параметрлер негізінде бағалау, мәні өңірлік ерекшеліктермен айқындалатын, қаралып отырған өлшемнің пайда болу алаңын ескере отырып жүргізіледі. Топырақтағы ластағыш заттардың шекті рұқсат етілген нормасынан асып кету еселігін ең алдымен осы заттардың жылжымалы нысандары бойынша бағалау қажет.

Нақты өнімділікті сипаттайтын ценоздың биологиялық өнімділігі топырақтың экологиялық жай-күйі көрсеткіштерінің бірі қызметін атқарады. Ауыл шаруашылығы аумақтары үшін орташа өнімділік осындай көрсеткіш болып табылады. Осы жергілікті жер мен дақыл үшін агротехникалық және агрохимиялық іс-шаралардың бүкіл кешені жүргізілген ретте, экологиялық апат аймақтары үшін өнімділіктік 75%-тен астам төмендеуін, төтенше экологиялық жағдайлар аумақтары үшін 50-75%-тен астам төмендеуін алу сарапшылық тұрғыдан ұсынылады. Өнімнің сапасына (пестицидтердің, уытты элементтердің, микотоксиндердің, нитраттардың, нитриттердің және т.б. қалдық саны) арналған нормативтік құқықтық құжаттардың талаптарына сәйкес келмейтін өнім үлесі қаралып отырған аумақтың (топырақтың, ауаның, суаратын және жер асты суларының) ластану дәрежесінің индикаторы ретінде қызмет ететін қосымша көрсеткіш болып табылады.

Топырақтың жай-күйі туралы деректерді ластағыш заттардың негізгі көрсеткіштері және компоненттерінің құрамы бойынша ақпаратты қамтитын дәйекті тақырыптық картографиялық материалдар түрінде ұсыну керек.

8) Геологиялық ортаның деформациясы мен өзгеруінің экологиялық қауіптілігін бағалауға арналған көрсеткіштер

Геологиялық ортаның экологиялық салдарлары бар деформациясының геодинамикалық көрсеткіштері литосфераның жоғарғы қабаттарының қазіргі кернеулі-деформацияланған күйінің пайда болу қарқындылығы мен ауқымы түрінде ұсынылуы мүмкін. Бұл көрсеткіштер күтіліп отырған сейсмикалық әсердің деформациясы мен ауқымының ең шекті жылдамдығы параметрлерімен айқындалады. Егер кез келген қатты дененің бүлінуінің шамамен 0,0001 салыстырмалы бірліктегі бастапқы мәнін негізге алсақ, объектілердің барлық типтері үшін шекті геодинамикалық әсер деңгейі ретінде деформацияның 0,00001 салыстырмалы бірлік шамасын пайдалануға болады, ол аномальды техногендік деформацияларды бағалау кезінде қолданылады. Жарықшақтану аймақтарындағы қазіргі деформациялану процестерінің кеңістіктік-уақыттық өзгеруінің белгіленген фактілерін негізге алғанда, жергілікті аймақтарда деформацияның шекті (ең шекті) 0,00001 бірлік деңгейіне 15-30 жыл ішінде қол жеткізілуі мүмкін. Бұл мерзімдер ерекше жауаптылықтағы объектілер мен құрылыстарды пайдаланудың ең аз мерзімімен шамалас болады. Олардың жұмыс істеуінің бұзылуы орны толмас экологиялық зардаптарға әкеп соқтыруы мүмкін. Деформацияның 0,00001 салыстырмалы бірлік деңгейі геологиялық ортаны экологиялық апат аймағына жатқызуға болатын бұзылуға алып келеді.

Экзогендік геологиялық процестердің пайда болуы адам қызметімен байланыссыз жүруі мүмкін. Алайда техногендік факторлар экзогендік геологиялық процестердің пайда болуын күшейтуі немесе әлсіретуі мүмкін. Экзогендік геологиялық процестердің табиғи даму барысына адамның санасыз араласуы олардың апатқа әкеп соғатын белсенділігін туғызып, табиғи ландшафттардың орны толмас өзгеруіне алып келуі мүмкін. Мұндай факторларға көшкін, сел жүру, карстер, жер бетінің отыруы және т.б. жатады.

Р/с	Көрсеткіш	Параметр		Салыстырмалы түрде қанағаттанарлық жағдай
		Экологиялық апат	Төтенше экологиялық жағдай	
	таулы массивтің аномальды техногендік деформациясы (0,00001 салыстырмалы бірліктен астам) және аумақ алаңынан процент түрінде индукцияланған сейсмикалық	40-50-ден астам	40-20	20-ға дейін
	Жер қойнауын пайдалану кезіндегі таулы массивтің механикалық бұзылуы, ол	0,0001		0,000001-ден кем

геологиялық ортаның ластануына, тау жыныстарының аномальды деформациясына алып келеді, салыстырмалы бірлік		0,0001-0,00001	
Техногендік жүктемеге байланысты болған жер бетінің отыруы, көшкіндер, карстер, аумақтың %-і	30-дан астам	30-20	20-дан кем

9) жер бетіндегі экожүйелердің тозуын бағалауға арналған көрсеткіштер

Экожүйелердің тозу дәрежесін бағалау экожүйелердің құрылымы мен жұмыс істеуіндегі теріс өзгерістерді айқындайтын өлшемдер бойынша жүргізіледі және олардың бұзылу дәрежесі бойынша кеңістіктік саралануын, сондай-ақ тозу процесінің ө с у б а р ы с ы н е с к е р е д і .

Табиғи экожүйелер жай-күйіндегі құрылымдық-функционалдық өзгеріс олардың әртүрлі тұрақтылық дәрежесіне қарамастан, біртүрлі көрсеткіштермен сипатталады. Төтенше экологиялық жағдай аймағындағы экожүйелердің жай-күйі негізгі трофикалық топтардың бірінің үлестік массасының 20-50 % шегінде азаюы (ұлғаюы) кезінде олардың арақатынасындағы өзгеріспен сипатталады. Бұл ретте экожүйелердің ішіндегі өзара байланыстар бұзылады, бірақ тозу процестері әлі орны толмас сипат алмайды. Экологиялық апат аймағындағы экожүйелердің жай-күйі трофикалық буындардың бірінің үлестік массасының 50 %-тен астам азаюымен (ұлғаюымен) сипатталады. Экожүйелердің ішіндегі өзара байланыстар бұзылуы қайталанбас сипат алады, экожүйе орта жасаушы және ресурс жасаушы функциясын жоғалтады.

Аумақтардың экологиялық жай-күйін бағалау кезінде зерттелетін аумақтағы келеңсіз өзгерістердің пайда болу алаңы да (өйткені аумақ учаскелерінің тозу дәрежесі бірдей болған кезде қайта қалпына келу мүмкіндігі оның алаңына барабар), тозу дәрежесі әртүрлі учаскелерді бөлудің кеңістік бойынша біртекті еместігін де ескеру қ а ж е т .

Экожүйелердің тозу жылдамдығы 5-10 жылдық бақылау қатары бойынша есептеледі. Әсіресе, экологиялық жағдайдың нашарлауын болжау және оны тұрақтандыру мен жақсарту жөнінде іс-шаралар жүргізу үшін экожүйелердің тозу бағыты мен жылдамдығын шиеленісті экологиялық жағдай кезінде бағалаудың маңызы зор.

N	Көрсеткіш	Параметр		Салыстырмалы түрде қанағаттанарлық жағдай
		экологиялық апат	Төтенше экологиялық жағдай	
1	2	3	4	5
<b>Негізгі көрсеткіштер:</b>				
	Кеңістіктік белгілері			
1.	Тозған аумақтардың көлемі, %			
1.1.		75-тен астам	75-5	5-тен кем

	Адамға тікелей қауіп туғызбайтын (уытты емес жыныстардың үйіндісі; карьерлер, тозған а/ш және орман алқаптары)			
1.2.	Ғимараттар мен құрылғылардың қауіп төндіретін бұзылуы (антропогенді үйінділер, көшкіндер, сынықтар, әскери полигондар, т.б.)	50-ден астам	50-1	1 -ден кем
1.3.	Жер асты суларынан оқшауланған, жер беті су айдындарына және суағарларға ағу арқылы бөлшектері ауаға тарауы мүмкін уытты жыныстардың үйіндісі	20-дан кем	20-0,1	0,1-ден кем
1.4.	Жер асты суларын ластау қауіпі бар уытты жыныстардың карьер ойықтары мен үйінділері (жер асты сулары қорғалмаған)	5-тен астам	5-тен кем	жоқ
2.	Аумақтың жыралармен бөлінуі, км/км <sup>2</sup>	2,5	2,5-0,7	0,7-ден кем
	Динамикалық белгілер			
1.	Жер беті экожүйесінің тозу жылдамдығы; жылына алаңның %-і	4-тен кем	4-0,5	0,5-тен кем
2.	Тапталған жайылым алаңының ұлғаю жылдамдығы, жылына алаңның %-і	8-ден астам	8-2	2-ден кем
3.	Өсімдіктің жылдық өнімінің азаю жылдамдығы, жылына %	7,5-тен астам	7,5 - 3,5	3,5-тен кем
4.	Топырақтың органикалық құрамының азаю жылдамдығы, жылына %	7-ден астам	7-0,5	0,5-тен кем
5.	Шымтезектің түзілу жылдамдығы (минералдану), мм/жыл	40-тан астам	40-1	1-ден кем
6.	Сортаңдалған топырақ алаңының ұлғаю жылдамдығы, жылына %	5-тен астам	5-1	1-ден кем
7.	Эрозияға ұшыраған топырақ алаңының ұлғаю жылдамдығы, жылына %	5-тен астам	5-0,5	0,5-тен кем
8.	Сусымалы құм алаңының ұлғаю жылдамдығы, жылына алаңның %-і	4-тен кем	4-0,5	0,5-тен кем
9.	Қолайсыз агломерациялық жағдайдағы жер көлемінің ұлғаю жылдамдығы, жылына бағалы а/ш алқабы көлемінің %-і	1-ден астам	1-0,1	0,1-ден кем
<b>Қосымша көрсеткіштер:</b>				
	Экожүйе жай-күйінің құрылымдық-функциялық сипаттамасы	Экожүйе ішіндегі өзара байланыс бұзылуының қайтымсыздығы	Экожүйелердегі қайтымсыз процестерсіз қоғамдастық құрылымының бұзылуы	Экожүйелердегі бірқатар құрамдас бөліктердің азып-тозуының жекелеген белгілері болуы мүмкін

Трофикалық құрылым - меншікті массаның өзгеруі	Фитофагтардың меншікті массасының 50 %-ға артуы, зоофагтар мен сапрофагтардың меншікті массасының 50 %-ға кемуі	Фитофагтардың меншікті массасының 20%-ға артуы, зоофагтар мен сапрофагтардың меншікті массасының 20 %-ға кемуі	Тұрақты (тербелу норма шегінде)
--	---	--	---------------------------------

## 10) Аумақтың экологиялық жай-күйінің индикаторы ретіндегі өсімдіктің жай-күйін бағалауға арналған көрсеткіштер

Өсімдік кез келген табиғи экожүйенің биотикалық бөлігі ретінде экожүйенің құрылымдық-функциялық ұйымдастырылуында және оның шекараларын анықтауда шешуші рөл атқарады. Өсімдік қоршаған ортаның бұзылуына аса сезімтал болып қана қоймай, антропогендік әсер ету салдарынан аумақтың экологиялық жағдайының өзгеруін де айқын көрсетеді. Өсімдіктің жай-күйін бағалау өлшемдері географиялық жағдайларға және экожүйе түріне байланысты өзгеріп тұрады. Бұл ретте өсімдік жамылғысының құрылымындағы (тамырлы ассоциациялар көлемінің кемуі, орманды жердің өзгеруі) да, өсімдік қауымдастықтары мен жекелеген түрлер (популяциялар) деңгейіндегі де жағымсыз өзгерістер: түр құрамының өзгеруі, басым түрлердің ассоциациялануының және ценопопуляциясы жас спектрінің нашарлауы есепке алынады.

Анықтаушы түрлер популяциясының тығыздығы - экожүйе жай-күйінің маңызды көрсеткіштерінің бірі, негізгі антропогендік факторларға аса сезімтал. Антропогендік әсер салдарынан теріс индикатор-түрлер популяциясының тығыздығы төмендейтін болады, ал оң индикатор-түрлер - өседі. Анықтаушы түрлер популяциясы тығыздығының 20 %-ға кемуін (немесе артуын) антропогендік жүктеменің бастапқы мәні деп, ал - 50 %-ға кемуін (немесе артуын) ең шекті мәні деп есептеу керек.

Ценопопуляцияның (ЦП) маңызды параметрлерінің бірі жас аспектісі - түрлі жастағы дарақтардың ЦП-ге қатысу үлесі. Жас жағдайы морфологиялық белгілер кешені негізінде не оны анықтау аса қиындық туғызбаған кезде нақты жасы негізінде белгіленеді.

Параметр антропогендік әсердің әртүрлі нысанына - тікелей (мал бағу, кесу, техногендік әсер) әсерге де, экотоптың өзгеруі арқылы да өзгереді.

Өсімдіктердің жай-күйін тіршілік ететін табиғи ортаға антропогендік жүктеме деңгейінің индикаторы ретінде қарауға болады (ағаштардың немесе қылқан жапырақтылардың техногендік шығарындылардан зақымдануы, жайылымдық өсімдіктер жамылғысының және оның өнімділігінің кемуі).

Өсімдіктер жамылғысының өзгеруі оған әртүрлі антропогендік әсердің салдарынан болады, оның ең бастысы фитоценозді механикалық бұзу (мал бағы, рекреация және т.б.) және метоболизм және су теңгерімелігі процестерінің өзгеруі арқылы популяция

түрлерінің тіршілік жағдайын өзгертуге әкеп соғатын химиялық әсер ету.

Орман шаруашылығы қызметінің қанағаттанарлықсыз болуы салдарынан орманның негізі болып табылатын ағаш тұқымдарының кемуі орман экожүйесінің азып-тозу процесін көрсетеді.

Ормандағы өрттер орман экожүйесінің елеулі көлемінің азып-тозуына әкеп соғатын аса қауіпті фактор болып табылады. Кемінде 10 жыл ішінде қалпына келтірілмеген ауқымды өртеңдер экожүйесінің түзелмейтін өзгерісінің белгісі болып табылады. Орман ағаштарының жай-күйін бағалаған кезде аумақтың өңірлік ерекшелігін, ең алдымен орманның табиғи жаңару мүмкіндігін ескеру керек. Агроценоз жай-күйінің кейбір өлшемдері тұтас алған аумақтың экологиялық жағдайының қолайсыздығын көрсетеді: егістіктерді зиянкестердің көбеюі, егістіктің құруы және т.б. Бұл өлшемдерді пайдаланған кезде егістіктің құру себептерін міндетті түрде көрсетіп, картадан жағымсыз өзгерістердің таралу аймағын көрсету керек.

Қорықтардағы өсімдіктердің зақымдануы тіршілік ету ортасының өңірлік сипаттағы өзгерістерін көрсетеді. Өсімдік жамылғысының сапалық және сандық сипаттағы өзгерістері өсімдіктер қауымдастығының табиғи жай-күйімен салыстыра отырып қана түсіндірілуі керек. Бұл ретте фондық деп өзінің табиғи-ландшафттық сипаттамасы бойынша ұқсас, салыстырмалы түрде бүлінбеген учаскелер түсініледі.

Рет саны	Көрсеткіш	Параметр		Салыстырмалы түрде қанағаттанарлық жағдай
		экологиялық апат	Төтенше экологиялық жағдай	
1.	Биоэралуандықтың кемуі (Симпсон эралуандығының индексі, нормадағыдан %)	50-ден астам	50-10	10-нан кем
2.	Түр популяциясының тығыздығы - антропогендік жүктеменің индикаторы, %	50-ден астам (кем)	20-50-ден астам (кем)	20-дан астам (кем)
3.	Тамырлы (немесе квазитамирлы) қауымдастық көлемі, жалпы көлемнен %	5-тен кем	5-80-нен кем	80-нен астам
4.	Табиғи шөпті өсімдіктің түр құрамы	Қайталама түр молшылығының кемуі	Басым түрлер қайталама түрге ауысты	Доминанттардың, субдоминанттардың және осы жерге тән түрлердің табиғи ауысымы
5.	Доминанттар ценопопуляциясының жас өзгешеліктері, салыстырмалы бірлікте жаңаруы	0,1-ден кем		0,3-тен астам

			0,1-0,3	
6	Орманды болу, оңтайлы (аймақтық) көлемнен %	10-нан кем	10-90	90-нан астам
7	Негізгі орман жыныстарының ағаш қоры, қалыпты мөлшерден %	30-дан кем	30-80	80-нен астам
8	Ағаштың техногендік шығарындылардан зақымдануы, жалпы алаңнан %	50-ден астам	50-5	5-тен кем
9	Қылқан жапырақты ағаштардың техногендік шығарындылардан зақымдануы (қарағайдың зақымдануы), %	50-ден астам	50-5	5-тен кем
10	Ағаштың зақымдануы, %	50-ден астам	50-10	10-нан кем
11	Орман дақылдарының жойылуы, орман отырғызу жұмысы алаңынан %	70-тен астам	70-5	5-тен кем
12	Кемінде 10 жыл ішінде ағаш егілмеген өртең көлемі	10 мың. га астам	10-5 мың. га	5-тен кем
13	Зиянкестерден зардап шеккен егістік көлемі, жалпы көлемнен %	50-ден астам	50-10	10-нан кем
14	Егістіктердің жойылуы, жалпы көлемнен %	30-дан астам	30-5	5-тен кем
15	Құрғақ далалы және шөлейтті жайылымдық өсімдіктердің жобаланған жамылғысы, қалыпты мөлшерден %	10-нан кем	10-80	80-нен астам
16	Жайылымдық өсімдіктердің өнімділігі, ықтимал өнімділіктен %	5-тен кем	5-80	80-нен астам
17	Сирек кездесетін түрлердің таралу аумағының өзгеруі	Таралу аумағының жойылуы	Таралу аумағының бөлінуі мен қысқаруы	Жоқ
18	Қорықтар өсімдіктерінің зақымдануы	Формациялар ауысуы	Ассциациялардың ауысуы	Ассциациялардың фенотиптік ауысулары



19	Жасыл екпелер көлемі (ірі қалалар мен өнеркәсіп орталықтарында адамға), нормативті мөлшерден %	10-нан кем	10-30	30-дан астам
----	--	------------	-------	--------------

11) Аумақтың экологиялық жай-күйінің индикаторы ретінде фаунаның жай-күйі мен хайуанаттар генофондының өзгеруін бағалауға арналған көрсеткіштер

Хайуанаттар әлемі жай-күйінің өлшемдері мен көрсеткіштері зооценоз бен жануарлардың жекелеген түрлерінің (популяциясының) деңгейінде қарастырылады.

Тұтас алғанда зооценоздың жай-күйін бағалау өлшемі ретінде әралуандықтың өзгеруін есептеген кезде бұл өлшем хайуанаттар санының кептіне байланысты екендігін, ал көптеген хайуанаттардың саны циклдық өзгерістерге ұшырайтынын ескеру қажет.

Р е т саны	Көрсеткіш	Параметрі		Салыстырмалы түрде қанағаттанарлық жағдай
		экологиялық апат	т ө т е н ш е экологиялық жағдай	
	Биологиялық әралуандықтың кемуі, бастапқы мөлшерден %	50-ден астам	50-5	5-тен кем
	Антропогендік жүктеменің индикатор-түрі популяциясының тығыздығы, %	50-ден астам	50-20	20-дан кем
	Кәсіптік аң аулау хайуанаттары түрлері (оның ішінде киіктер) санының кемуі, қалыпты санынан (тығыздығынан) есе саны	10-нан астам	10-2	2-ден кем

Бағалау үшін 10 жылдық кезеңді салыстыра отырып уақыт аралығын айқындау қажет. Әралуандықты бағалау Симпсон (D) өлшемі бойынша жүргізіледі, ол мына формула бойынша есептеледі:

$$D = \frac{1}{P_1^2 + \dots + P_n^2}$$

мұнда -  $P_1 \dots P_n$  әр түрдің бірлік үшін алынған жиынтықталған молшылығындағы үлесі. Осы бағалауды жүргізу үшін бүкіл фауна бойынша деректерді пайдалану міндетті емес, түрлердің сенімді ақпараты бар топтарының талдауымен шектелсе де б о л а д ы .

Хайуанаттардың шаруашылық-мәнді түрлерінің өзгеруі орташа алғанда 10 жылдық кезеңдегі нақты саны бойынша деректер пайдаланылып бағаланады және статистикалық өңдеуді талап етеді. Мысалы, солтүстіктегі жабайы бұғылар популяциясы санының өзгеруін Қиыр Солтүстіктің саны аз халқы тұратын аумағының экологиялық жай-күйін бағалауға байланысты есепке алу ерекше маңызды. Киіктер популяциясының саны Каспий маңы аумағы экологиялық жай-күйінің маңызды

индикаторларының бірі болып табылады. Антропогендік жүктеме индикатор-түрлерінің популяциясы тығыздығының өзгеруін бағалау кезінде олардың әсер етуге әртүрлі жауабын ескеру қажет: шыдамды түрлердің популяциясы өз санын көбейтеді, ал антропогендік жүктемеге сезімтал түрлер популяциясы кемиді.

## 12) Аумақты бағалауға арналған биохимиялық көрсеткіштер

Биохимиялық тұрғыдан алғанда экологиялық қолайсыз аумақтарды қоршаған табиғи орта компоненттерінің химиялық элемент құрамы күрт өзгереді биохимиялық шет аймақ ретінде қарастыруға болады. Бұл шет аймақтар табиғи ғана емес, техногендік сипатта да болуы мүмкін.

Аумақтың экологиялық жай-күйін бағалау үшін ортаның түрлі компоненттерінде C: N, Ca:P; Ca:Sr болу арақатынасындағы өзгеріс көрсеткіштерін, сондай-ақ сыналатын алаңдағы шабылған өсімдіктердегі уытты және биологиялық белсенді микроэлементтердің болу деңгейін пайдалану ұсынылады.

Рет саны	Көрсеткіш	Параметр	
		экологиялық апат	төтенше экологиялық жағдай
1	2	3	4
<b>Негізгі көрсеткіштер:</b>			
1	Топырақтағы C:N арақатынасы	4-тен кем	4-8
	жер беті суларында	4-тен кем немесе 20-дан астам	4-8-ден кем немесе 20-16
	өсімдіктерде	4-тен кем	4-8
	Өсімдіктен жасалған жем-шөпте	4-тен кем немесе 16-дан астам	4-тен кем немесе 8-16
	өсімдіктер мен өсімдіктен жасалған жем-шөпте химиялық элементтердің болуы: сынап, кадмий, қорғасын, мышьяк, сурьма, никель, хром, ең жоғары рұқсат етілген деңгейден асып кетуі бойынша;	10-нан астам	10-1,5
	селен, құрғақ заттар мг/кг;	0,02-ден кем немесе 0,5-тен астам	0,02 - 0,05
	фтор, құрғақ заттар мг/кг;	2-ден кем немесе 200-ден астам	2-10 немесе 50-200
	мыс, құрғақ заттар мг/кг;	3-тен кем немесе 100-ден астам	3-5 немесе 80-100
	таллий, бериллий, барий, фоннан асып кетуі бойынша	10-нан астам	10-1,5
<b>Қосымша көрсеткіштер:</b>			
	Жем-шөпте Ca:P арақатынасы (алымы), аномалиялық ландшафт көлемін есепке ала отырып, % (бөлімі)	<0,1 немесе > 1 0 ----- >20	0,4-0.1 немесе ----- 5 - 1 0 ----- >20

Өсімдіктер мен жем-шөпте Са:Sr арақатынасы (алымы), аномалиялық ландшафт келемін есепке ала отырып, % (бөлімі)	< 1 ----- >20	< 10 - 1 ----- >20
Шабылған өсімдіктер мен жем-шөпте биологиялық маңызды микроэлементтердің болу деңгейі, құрғақ заттар мг/кг;		
мырыш	10-нан кем немесе 500-ден астам	10-30 немесе 100-500
темір	20-дан кем немесе 500-ден астам	20-50 немесе 200-500
молибден	0,2-ден кем 50-ден астам	0,2-2 немесе 10-50 астам
кобальт	0,1-ден кем немесе 50-ден астам	0,1-0,3 немесе 5-50
бор	0,1 кем немесе 300 астам	0,1-0,3 немесе 30 - 300

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК